

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘӨЖ 1 (574) (092)

Қолжазба құқығында

КЕМЕРБАЙ РАУАН АМАНТАЙҰЛЫ

Асан Қайғы: қилы заман философиясы

6D020100 – Философия

Философия докторы (PhD)

Ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
Философия ғылымдарының
докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі Ғарифолла Есім

саяси ғылымдарының
докторы, профессор
Татьяна Дронзина
(Болгария)

Қазақстан Республикасы

Нұр Сұлтан, 2020

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 «ЗАМАН» ҰҒЫМЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1. «Заман» концептісінің философиялық мәні мен мағынасы: теориялық ұстанымдар	11
1.2. Қазақ халқының тарихи санасындағы «заман», «қилы заман» ұғымдарының өмір мәнділік-тәжірибелік негіздері	32
1.3. Асан Қайғы шығармашылығындағы қоғам мен адамшылдық мәселелер	53
2 «ЖЕРҰЙЫҚ» ИДЕЯСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНО-МӘДЕНИ СИПАТТАМАСЫ	
2.1. «Жерұйық» идеясының этногенезі және әлемдік тәжірибе	88
2.2. «Жерұйық» идеясы мен Мәңгілік Ел идеясының Тәуелсіздік рухымен үндесуі: тарихи-танымдық сабақтастық пен перспективасы	101
Қорытынды	118
Қолданылған әдебиеттер тізімі	122

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық жұмыста қазақ даласында өмір сүрген ойшыл Асан Қайғының (XV ғасырда) ой-толғамдары, оның ішінде, қилы заман ілімі мен Жерұйық идеясы философиялық тұрғыдан зерделеніп, оның қазіргі заманмен сабақтастығы туралы пайымдаулар жасалады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жаһандану заманында ұлттық болмысымыздың бірегейлігін сақтап, басқа өркениетті елдермен тереземізді тең етіп, жоғарғы мәдени-өркениеттік деңгейде қарым-қатынас жасау. Өткенімізге объективті талдау жасап, ұлттық құндылықтарымызды әлемге паш ету рухани саламыздың назарынан тыс қалған емес.

Біріншіден, қазақ халқының руханияты, адами құндылықтардың қайнар көзі оның мәдениеті мен озық ойлы ғұлама-ойшылдарының бай мұрасында жатқаны белгілі. Қазіргі әлемдегі әр түрлі идеологиялардың теке-тіресуінде ұлттық идеяны өрістетіп, оны негізге ала отырып, құндылықтық-дүниетанымдық бағдарлар арқылы ғана ұлттық болмысымызды сақтай аламыз. Осы орайда қазақ халқының тарихи-мәдени бай мұрасын зерттеудің өзектілігі арта түседі. Көптеген ғұлама ойшыл-ақындар, жыраулар мен зиялылардың шығармалары тәуелсіздіктің арқасында жаңа қырынан ашылып, ұлттық ой санамызды қалыптастырып, тарихи бірегейлігіміздің негізін сақтауға үлесін қосатындығы сөзсіз.

Екіншіден, қазіргі күні қазақ философиясын танып-білуде ұлттық философияның төл дүниетанымдымызды тарихи және жаңашылдық тұрғыдан саралау кезек күттірмейтін мәселенің бірі. Әрине, осы уақытқа дейін қазақ философиясы, оның өкілдері туралы біршама қомақты еңбектер жарыққа шықты. Монографиялар, ғылыми зерттеулер, мақалалар жазылып, диссертациялық зерттеулер қорғалды. Яғни, қазақ философиясы маңызды зерттеу объектісіне айналып отырғаны қуантады. Ұлттық кодымызды сақтауда қазақ даласындағы озық ойлы тұлғалардың дүниеге көзқарасын қайта сараптап, тереңірек зерттеу назарға алынған шақта да, біз қарастырып отырған тақырып өзектілігін арттыра түсті.

Үшіншіден, кез-келген ойшылдың шығармашылығына дәйектелген талдау жасаған кезде тарихи дәуірмен, дүниетанымның қалыптасуына ықпал жасайтын сыртқы факторлармен, қоршаған ортадағы қалыптасқан құндылықтық бағдарлармен байланыстыра зерттеу жүргізіледі. Қазақ философиясы Батыс пен Шығыс өркениетінің арасында түркілік мәдениет топырағында өркендеді. Оның табиғаты Еуразиялық өркениетке жақын. Осыған орай, Еуропа мен Азияны біріктіретін Қазақ елінің философиясы, мәдениеті бейне бір екі құрлық арасындағы дәнекер секілді болғандықтан, халқымыздың мәдениеті мен философиясын тереңірек зерделеп, әлемге таныту да заман талабы.

Төртіншіден, Қазақ философиясының тарихын зерттеу егемендік алған жылдардан бері қолға алынып, отыз жылдан астам уақыт ішінде маңызды іргелі ізденістер жүргізілді. Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың, ойшыл, ғұламалардың шығармашылығынан бастап, XIX ғасырдағы философ, ағартушы-ғалымдардың, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылардың еңбектері философиялық тұрғыдан да терең зерттеу объектісіне айналды. Осыған орай, қазақ ойшылдарының еңбектерін жекелей алып талдау сұранып тұрған тақырыптың бірі. Олай болса, біз қарастырып отырған Асан Қайғы толғауларын түбегейлі тереңірек зерттеу ұлттық философияны одан әрі байыта түседі.

Ұлттық философияның тарихы мен қазіргі болмысы - оның болашағын, қазақ халқының мақсат-мұратын, қазақ дүниетанымын, ұлттық идеясын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтанда, ол күн тәртібінен түспеуі заңдылық. Ақын-жырау, ойшыл-ғалымдардың еңбектеріне объективті түрде, цензурасыз сараланып одан әрі зерттеу жұмыстары тоқтамай жалғасуы қажеттілік. Осы орайда, Асан Қайғы дүниетанымын, философиясын, «Қилы заман», «Жерұйық» идеяларының маңызын анықтау өте күрделі де, басты мәселе. Оның идеялары қазіргі Қазақ елінің ұстанып отырған басты мұраттар: Мәңгілік Ел, Ұлы Дала, Рухани жаңғыру бағдарламасымен сабақтастығын ашып көрсету үшін аса құнды ой-толғамдар болмақ.

Қазіргі заманда Рухани жаңғыру мен Ұлы Даланың жеті қырын кеңінен насихаттау ұлттық санамызды оятып, бір идеяның төңірегінде топтасуға ықпалын тигізері сөзсіз. Осы тұрғыда Асан Қайғы бабамыздың алатын орны ерекше. Көп уақыт елеусіз қалып, сыңаржақ саясаттың ықпалымен зерттелмей, жабық тақырып күйінде қалған Асан Қайғы идеяларының бүгінгі қоғам, мемлекетке берері мол. Оның идеясы арқылы тарихи-географиялық түсінігіміз, жер, егемен елу болу, батырлық, адамшылықтың қазақ тарихында үздіксіз толғандырған мәселе екендігіне көз жеткіземіз. Шындығында, қазақ дүниетанымында ел болу, ұйысып мемлекет құру идеясы Асан Қайғыға тиесілі. Ойшылдың жер, су, тау, көлдерге мінездеме беруі Қазақ елінің ел болып қалыптасуына өшпес із қалдырғаны сонша, оның сол заманда берген сипаттамасы бүгінге күннің игілікті ұстанымдарымен де тығыз байланысты. Сол арқылы, біздің зерттеуіміздің құндылығы да арта түспек.

Асан Қайғыны уақыт туғызған. Заман – уақыт пен кеңістіктен тұрады. Олай болса осы кеңістікте Асан Қайғы есімі идеяға айналды. Өзінің тарихи ерліктерімен елдің аузында қалған тұлға. Қазақ халқының мандайына біткен заманның сыйы.

Асан Қайғы қазақтың ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей мен Жәнібек сұлтандардың жанына болып, қолдау көрсетіп, ақыл-кеңесін берді. Қилы заманда қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу, ел-жұрттың жағдайын жақсарту мақсатында Асан Қайғы хан алдына өзінің «ымыраға келу», «әділетті хан», «Жерұйық» теориясын ұсынды. Олай болса, қазақ философиясының қайнар көзінде тұрған Асан Қайғы дүниетанымын, идеяларының мәнін зерделеу, қазақ еліндегі мәдени-философиялық ойлардың мәні мен маңызын қазіргі еліміз қол жеткізген идеялармен байланыстырудың

маңызы зор, өзектілігі жоғары. Біз қарастырып отырған тақырып қазіргі елдік мұраттардың Қазақ хандығы құрылған тұсындағы бастаулары.

Сонымен қатар, Асан Қайғы бабамыз қазақ жер, су, тау атауларының топонимикасын жасаған ғалым. Бұл тақырып әліде терең зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі.

Асан Қайғыны зерттеп, қолжазбамен жұмыс істейтін ғалымдар ең алдымен Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларында кездесетін материалдарды пайдаланады.

Халқымыздың этнографиясын, тарихы мен мәдениетін, эпостары мен жырауларын зерттеген ХІХ ғасырдағы қазақ ойшылы, ғалым Шоқан Уәлиханов Асан Қайғыны «Көшпенділер ойшылы» деп атап, оның еңбектеріне жоғары баға берген.

Григорий Потаниннің «Казах-киргизские и алтайские предание, легенды и сказки» деген еңбегінде оның хан ақылшысы болғандығы туралы азды-көпті пікірлер айтылады.

Асан Қайғының өмір сүрген дәуірі, ноғай, қырғыз, башқұрт, қарақалпақ халықтарына ортақ тұлға екендігіне қалам тартқан алғашқы ғалым-зерттеушілердің бірі Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде: «Асан Қайғыны Қазақ елінің орыс билігіне мойын ұсыну мәселесі әлі туындай қоймаған өз-Жәнібек заманынан беріде, Абылайдың дәуіріне жақын кезеңде өмір сүрген адам» деп есептейді.

Көрнекті әдебиеттанушы, фольклоршы ғалым Сейіт Қасқабасов «Жаназық» еңбегінде: «Асан қайғы – «дербес мемлекет болып, Қазақ хандығы құрылған кездегі аса беделді де көрнекті жырау болған қайраткер Асан Сәбитұлы. Ел арасында және дерекнамаларда оны Асан Қайғы деп атаған. Асан Сабитұлы шамамен 1370-1380 жылдары Еділ жағасында дүниеге келген» деген тоқтамға келеді.

Сондай-ақ, Асан Қайғы туралы тарихи-әдеби зерттеулер жүргізіп, ол туралы мәліметтер мен жырларын жинақтаған: Үшкөлтай Субханбердина, Әлкей Марғұлан, Сәкен Сейфуллин, Әуелбек Қоңыратбаев, Сабит Мұқанов, Мәлік Ғабдуллин, Бейсенбай Кенжебаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Әбсаттар Дербісәлі, Сейіт Қасқабасов, Мұхамедрахым Жармұхамедов, Өтелбай Күмісбаев, Сұлтанғали Садырбаев, Баян Бораш, Жұмат Тілепов, Сейдімбек Ақселеу, Нәзір Төрешұлұлы, Қуандық Шаңғытбаев, Мұхтар Мағауин, Кенжеғали Бейсембаев, Әлібек Қаңтарбаев, Закария Жандарбек тағы басқа ғалымдарымыз да бар.

Әдебиеттанушы Тоқтар Әлібек «Халық әдебиеті және тарихи жад» (2018 жылы, Алматыда) еңбегінде Асан Қайғы шығармашылығына, бүгінгі күні жинақталған аңыз әңгімелер, халық арасында тарап кеткен жазбалармен таныстырады. Аталған зерттеу еңбекте «Асан қайғы туралы аңыздардың қазақ версияларының қолжазба нұсқалары» деген тарауында халық арасында кездесетін аңыздарға сараптама жасайды.

Қазақ философиясының тарихын зерттеу жұмыстарында отандық философтарымыздың орны айрықша: Ораз Сегізбаев, Ғарифолла Есім, Сәбетқазы Ақатай, Нағима Байтенова, Бәтіш Қазыханова, Аманжол Қасабек, Досмұхамбет Кішібеков, Жақып Алтаев, Жақан Молдабеков, Жүсіп Мүтәліпов, Бекет Нұржанов, Гүлжиһан Нұрышева, Әбдімәлік Нысанбаев, Серік Нұрмұратов, Мұханмадияр Орынбеков, Тұрсын Ғабитов, Сәліпұлы Омаров, Нуриля Шаханова, Зейнолла Раев және басқада ғалымдар қазақ философиясына еңбек сіңірде.

Сондай-ақ, Асан Қайғы философиясын зерттеуде қомақты үлес қосқан, жалпы жыраулық дүниетанымды, ақындарымыздың философиялық ойларын саралаған ғалымдарымыздан: Қанат Нұрланова, Қуаныш Әлжан, Бақытжан Сатершинов, Жазира Ошақбаева, Күлзия Қоңырбаева және т.б.

Қилы заман туралы сол дәуірдегі рухани құндылықтардың құлдырауы жөнінде толғаған Батыс Еуропа ғалымдары: Освальд Шпенглер, Фридрих Ницше, Алберт Тойнби, Николай Данилевский, Петр Сорокин, Сэмюэл Хантингтон, Фрэнис Фукуяма, Элвин Тоффлер, Эрик Фромм, Йохан Хейзинг, Хосе Ортега-и-Гассет т.б. Олар қоғамдағы дағдарыстар мен тарихи прогрестің даму бағдарындағы түйткілді тұстарды философиялық, әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеп, өркениеттің құлдырауы, технократияның салдарлары, заманның өзгеруі мен құндылықтар жүйесінің ауысуы туралы өз ойларын ортаға салды.

Заманға байланысты зерттеушілерді және олардың маңызды еңбектерін де атап өтсек: Йозив Ратцингердің «Ценности в эпоху перемен. О соответствии вызовам времени», Вячеслав Степиннің «Философия в эпоху перемен», Владимир Разумовтың «Философия эпохи перемен: о включении философии в реформирование университета» атты ғылыми мақалалары қаралды.

Асан Қайғы туралы арнайы еңбектер жазып ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдарымыздан: Кенжалы Толысбайдың «Асан Қайғы» атты монографиясы, Бахыткүл Мамиеваның «Асан Қайғы туралы аңыздар» атты филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертацияларына шолу жасалды.

Зерттеу жұмысының нысаны – Қазақ дүниетанымы тарихындағы Асан Қайғының орны мен философиясы.

Зерттеу пәні: «Жерұйық», «қилы заман» идеялары және оның қазіргі заманмен сабақтастығы.

Диссертацияның мақсаты – Асан Қайғының философиялық дүниетанымына қазіргі заман тұрғысынан тарихи-философиялық талдау жасау және оны бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің стратегиялық бағыттарымен ұштастыру.

Диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттері:

1. Заман ұғымын әр түрлі тұрғыларда саралап, бұл түсініктің философиялық мәні мен мазмұнын теориялық түрде зерделеу;

2. Қазақ философиясындағы заман ұғымын концепт ретіне қарастырып, негізгі мазмұнын және қазақ халқының тұрмысы мен тарихи болмысындағы тәжірибелік негіздерін ашып көрсету;

3. Асан Қайғы шығармашылығындағы элеуметтік-философиялық түсініктердің құндылықтық мағынасын теориялық негізді саралау;

4. Асан Қайғы дүниетанымының этикалық құндылықтарының тарихи-мәдени және саяси-элеуметтік негіздерін айқындап, оның философиялық-өмір мәнділік астарларына талдау жасау;

5. Жерұйық идеясы мен Мәңгілік Ел идеясының тарихи сабақтастығын зерделей келе, тәуелсіздік рухын нығайта түсудегі маңызын дәйектеу;

6. Асан Қайғының Жерұйықты іздеуінің түпкі мақсаты мен қазіргі заман ұрпақтарына қажетті құндылықтарын негіздеп беру.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негіздері.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік негізін тарихи-философиялық талдаудың қағидалары құрайды. Тарихи-салыстырмалы, тұтастық, объективтілік, логикалық пен тарихилықтың бірлігі әдістеріне сүйендік.

Сондай-ақ, қазіргі пән аралық байланыс, яғни, интегративті ғылыми зерттеу әдістері (бұл әдістің негізінде екі: ғылыми және рухани зерттеулерді қолдану) мен герменевтикалық, феноменологиялық, психоанализдік талдаулар пайдаланылды. Сонымен бірге, тарихи-мұражайлық құжаттар мен ақпараттар, жырау туралы жарыққа шыққан еңбектер негіз болды.

Ең маңыздысы Асан Қайғының жырлары мен толғауларына әдеби, тарихи, философиялық компаративистикалық әдіспен салыстырмалы-талдау жұмыстары жүргізілді. Жіктеу, сипаттау, қорытынды жасау әдістері пайдаланды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:

1. Қазақ халқының тарихи жадысы мен өмір мәнділік тәжірибесіндегі «заман» түсінігін талдау барысында, алдымен, тарихи сананың табиғи-биологиялық, психологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық, экзистенциалдық, элеуметтік, саяси қырларын ашып көрсеттік. Соның нәтижесінде «заман» ұғымының қазақ халқына тән төлтума ұғым екендігіне сараптама жасалды. «Заман» туралы өз анықтамамызды ұсына келе, бұл ұғымның негізгі мазмұны мен мәнін ашып бердік және «заман» ұғымының негізгі параметрлерін халқымыздың рухани мұраларына сүйене отырып талдау жасадық;

2. Тарихи сананың биологиялық-психологиялық, гносеологиялық негіздеріне шолу жасай келе, халқымыздағы «заман» ұғымының ұлттық дүниетанымдағы эволюциялық көріністері сипатталды. Оның мифтер мен эпостардағы, Асан Қайғы мен Бұқар жырау сынды ойшылдар, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Орынбай Бертағылұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Нұржан Наушабаев, Мұрат сынды ақындарымыз бен Хакім Абай және Ғұмар Қараш сияқты ойшылдарымыздың идеяларындағы философиялық қырлары сарапталып негізгі ерекшеліктері жіктеліп көрсетілді;

3. Асан Қайғы шығармашылығындағы қоғам мен адамның өзара байланысындағы құндылықтық-мағыналық қырлары айшықталып, жыраудың ұлттық сананы рулық, жүздік ұғымның шеңберінен асырып, түбі бір тұтас мемлекеттік дәрежеге көтеру идеясы қарастырылды. Сондай-ақ, оның Қазақ Елінің тұтастығы үшін сіңірген еңбектері баяндалды;

4. Асан Қайғы шығармашылығы мен дүниетанымы этикалық мәселелерге шоғырланып, елдің дәстүрлі түсінігімен астасуы, туған елге, туған жерге, отанға деген сезімді оятып, ұлттың әлеуметтік толғанысы мен қозғалысына ұйытқы болуы зерделенді. Ондағы ұлтжандылық идеясының бастауларының сол дәуірдегі қилы замандағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталғандығы анықталады;

5. Жыраудың қилы заман идеясының пессимистік және оптимистік қырлары мен Жерұйық идеясының жалпы мұраттары оның толғаулары негізінде жасалды. Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы Конфуций, Томос Мор, Платон, әл-Фарабидің идеалды қоғам, қайырымды қала сияқты идеяларымен үндестігі, рухани сабақтастығы ойшылдардың көзқарастарындағы өзгешеліктер салыстырмалы түрде талданды;

6. Асан Қайғының қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды іздеуінің бірнеше әлемдік және отандық үлгілері болғандығын талдай келе, оның Мәңгілік Ел идеясымен сабақтастығын ашып көрсетуде халқымыздағы түркілік рухтың мәңгілік өмірді аңсауының негізгі идеяларының тарихи-танымдық маңызы тұжырымдалды. Тәуелсіздік идеясының тарихи, психологиялық, философиялық және мәдени астарлары мен маңызы жаңа қырынан қарастырылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар.

1. Қазақ халқында шынайы өмір болмысын экзистенциалдық түрде бейнелейтін өзіндік төлтума ұғымдары бар. Соның бірі «заман» ұғымы болғандықтан, алдымен, оның логикалық-семантикалық мағынасын» ұғымы қалыптасқан философиялық категория. Ол, әсіресе, жыраулар поэзиясынан тамыр тартатын, өмірдің мағынасы мен мәні, сол дәуірдегі әлеуметтік шындықтың бейнесін сипаттайтын дүниетанымдар тоғысы. XIX ғасырдағы ақындар толғауларына да негіз болды. Заман шындығын әрбір ойшыл өздігінше жырлады, сондықтан, олардың өзіндік ой-толғамдарының төлтума ерекшеліктері бар. Дегенмен, «заман» туралы толғаныстардың мазмұнында сабақтастық пен логикалық жүйе сақталған. Халқымыздың тарихи санасында «заман» туралы байыптаулардың пессимистік және оптимистік қырлары қалыптасқан.

3. Қазақ хандығы кезеңінде өзіндік тарихи орны бар қазақ қауымы қалыптасты. Оның түп негізі рулық, туысқандық, қандастық, түркілік, елдік, батырлық қатынастар құрады. Олар өз халқын өмір, дүние төңірегінде ойлануға жетеледі, сондықтан да, қазақ халқы өмірге деген құштарлығын жоғалтпай, басына түскен қиындықтың бәрін жеңіп шығуға үнемі ұмтылып отырғандығы анық. Жырауларды өз заманы, елдің ішкі жағдайы, сыртқы саясат толғандырды. Асан Қайғы да - саяси-әлеуметтік мәселелерді толғаған данагөй дала ойшылы ретінде тарихта қалғандығы бүгінгі ұрпақтарымыз үшін үлгі тұтарлық тұлғалардың бірі.

4. Адамдар арасындағы этикалық қатынастардың өзара сыйластық тұрғысынан алғанда күйзеліске, қиыншылыққа ұшырауы өмірде жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың өзінше бағыт-бағдар болып таралуына ұйытқы болады. Әлеуметтік шиеленістердің дүниеде тиімді шешімін таба

алмаған мәселелерді Асан Қайғы адамның жеке сана-сезімімен байланыстыру қажеттілігін меңзейді. Жыраудың пікірінше, дүние ойлағандай жақсылықтар мен қуаныштардан құралмайды, яғни, тарихтың кейбір кезеңдерінде әділетсіздіктер мен келеңсіздіктерден құрылған үрдістер де басымдық танытады. Оның жырларында өзіндік қазақи этикалық (адамшылық) ұстанымдар мен ұғымдар жүйесі қамтылды.

5. Асан Қайғының заман туралы толғаныстары қилы заманнан зар заманға қарай ойысады. Сол кезеңнен бастап, бүгінгі таңға дейінгі қоғам мен әлеуметтік болмыс туралы пайымдаулардың шынайы философиялық үлгісін бере алды. Осындай толғаныстар Тәуелсіздік рухымен келіп үндеседі, себебі, ол жасампаздық пен заманның қиын сәттерін бергендіктен, қазақ қоғамының нақты өмірлік тәжірибелерін, оның қолайсыз тұстарындағы кемшіліктерді жойып, игілікті қырларын арттыра беруге өз кезегінде септігін тигізетін тарихи-әлеуметтік танымның айқын бейнесі.

Конфуций, Платон, әл-Фараби еңбектеріндегі қоғам, мемлекет туралы ойлары көш ілгері. Айталық, Платонның идеалды мемлекет туралы тұжырымдарымен біреулер келіседі, кейбіреулері келіспеуі мүмкін. Себебі идеалды мемлекетте Платонның айтуы бойынша бәрі ортақ болуы тиіс. Соның ішінде, әйел, балада. Ал, Конфуций философиясында адами құндылықтарға өте көп мән береді. Әр адам өз әрекетіне жауап беруі тиіс. Өзіне қаламағанды, өзгеге істеме ұстанымын бірінші орынға қояды. Әл-Фараби еңбектерінде қоғамды екіге бөліп, ізгі қала теориясын ұсынады. Адамды ізгілікке шақырып, бақытты болудың жолдарын көрсетеді.

Асан Қайғы бабамыздың жыр жолдары ойдан шыққан қиял, аңыз емес. Нақты заманның көрінісінен туындаған шынайы ойлар. Сол жырлардың ішінде жүрген, көзімен көрген. Асан Қайғы идеясының ерекшелігі «Жерұйықты» өзі үшін емес, қазақ хандығының халқы үшін іздеді. Олардың бақытты ғұмыр кешуін көздеді.

6. Мәңгілік Ел идеясының тарихи тамырлары көне түркілік дәуірден бастау алып, кейіннен, қазақ халқының рухында сақталғандығымен құнды. Бұл сабақтастық феномені арқылы жалғасын табатындығы күмәнсіз. Мәңгілік Ел идеясы мен Жерұйық идеясының сәйкестенетін деңгейлері: ұлттық қауіпсіздікті сақтауға құрылғандығы, экономикалық өрлеу мен халықтың әл-ауқатын жақсартуға ұмтылғандығы, елдің ішкі тұрақтылығы, рухани-мәдени өрлеу, әділетті ел басқару ісі қашанда оптимизм мен өміршеңдік сарындарын бар екендігі, түптеп келгенде, ұлттық идеяға келіп тоғысады.

Зерттеудің теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы.

Зерттеу жұмысында дәйектелген ғылыми тұжырымдамалар мен ойтүйіндерді қазақ философиясын тереңірек зерттеуге бағытталған еңбектерді жазуда, сонымен бірге жоғары оқу орындарында «Философия», «Мәдениеттану», «Дінтану» және тағы басқа да мамандықтарының бакалавриат, магистратура және PhD докторантурасы бойынша білім алушыларға, элективті курс ретінде философия мамандығындағы студенттерге дәріс беруде пайдалануға болады, әсіресе, «Қазақ философиясы» пәнін оқытуда қолдану өз

нәтижесін береді. Жыраулар философиясы, Асан Қайғы философиясы атты элективті пәндерді оқу бағдарламасына енгізуде негізгі әдістемелік құрал ретінде пайдалануға болады. Жалпы Асан Қайғының жырлары мен толғаулары көпшілік оқырмандарға оқып, сусындауына да болатындығын баса айтар едік.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлданыуы. Диссертациялық жұмыс Лев Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті философия кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде (№4 хаттама, 27 қараша, 11 желтоқсан, 2019 жыл), талқыланып мақұлданды. Диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша бірнеше мақалалар мен материалдар жарияланды. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық институт жанындағы «Қоғам және дәуір» журналында, Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетіне қарасты Философия, саясаттану және дінтану институты жанындағы «Адам әлемі» журналында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Философия, мәдениеттену және саясаттану» хабаршысында жарияланды. Сонымен қатар, диссертация тақырыбы бойынша Скопус базасына кіретін «European Journal of Science and Theology» (February 2020, Vol.16, No.1, 131-139) журналында (Румыния) мақала шықты. Бірнеше мақалалар халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинақтарында жарық көрді.

Ғылыми жұмысты жазу барысында Асан Қайғы жырлары мен толғауларын бір кітапқа жинақтауды жоспарлаған болатынбыз. Сол идеямыз жүзеге асып Асан Қайғының тарыдай шашырап жатқан мұрасын, жырларын, толғауларын жинақтап, жеке кітап ретінде баспадан шығардым (кұрастырушы Рауан Кемербай, «Академия Абай», ЖШС, 2020 ж.-177 бет).

Диссертациялық еңбектің құрылымы: Диссертациялық жұмыс тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кіріспеден, әрқайсысы екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 «ЗАМАН» ҰҒЫМЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Заман» концептісінің философиялық мәні мен мағынасы: теориялық ұстанымдар

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін басталған ұлттық философияны зерделеу тереңдей түсіп, әлемдік философиядан кем түспейтіндігін дүние жүзіне жария еттік. Қазақ философиясы деген ұғым қалыптасты. Бұл зерттеулер әр жылдар сайын ұлттық дүниетаным негізінде діліміздегі ой толғам ерекшеліктерін, оның төлтумалылығын ашып берумен жалғасын табуда. Бастапқыда белгілі бір кезең тұтасымен зерттелсе, қазіргі таңда бір ғана ойшылдың, оның ішінде, бір ғана еңбегі мен немесе ұстанған бағыттарының ішіндегі біреуі ғана философиялық тұрғыдан зерттеуге жол ашылды. Біз қарастырып отырған, зерттеуде Асан Қайғы бабамыздың «заман» туралы толғауларын негізге алдық. Ұсынылған «Заман» ұғымын зерделеудің теориялық-методологиялық негіздері» атты бірінші тараудың «Заман» концептісінің философиялық мәні мен мағынасы деп аталатын бөлімінде, алдымен, «заман» ұғымын зерттеу және оның ішкі мағынасын ашып көрсету жолға қойылған. Біз бұл тұста, қойылған мәселені саралау үшін оған әр түрлі тұрғыдан келіп, бұл түсініктің мазмұнын теориялық түрде толығырақ байыптауды жөн көрдік.

«Асан Қайғы: қилы заман» тақырыбын зерттеу үшін тақырыпты құрылымды түрде қарастырсақ, алдымен, негізгі түйінді ұғымдарды ажыратып, әр қайсысына жеке-жеке тоқталып өтуіміз маңызды. Бұл тұста, негізінен мынадай төрт ұғым жинақталғандығын бағамдаймыз: «Заман», одан туындайтын «Қилы заман», «Асан Қайғы», «Асан Қайғының заман туралы толғаулары». Осы жеке ұғымдардың аясында қарастырылатын мәселелер ауқымының жүйесін былайша анықтап аламыз.

«Заман» ұғымы бойынша: оны концепт ретінде қарастыру және этимологиялық семантикалық шығу тегі; «заман» сөзінің түрленуі, олардың мәні; философиялық мәнін ашу үшін жан-жақты тұрғылардан келдік. Гносеологиялық, аксиологиялық, әлеуметтік, саяси, экзистенциалдық, психологиялық және тағы басқа аспектіде жалпы ғылыми әдістерді қолдандық. Уақыт пен заманның ара байланысы ашылды. Бұл ұғымның күнделікті қолданыстағы көріністеріне талдау жасай келе, философиялық мазмұнын саралау, тарихи сана, тарихи санадағы діл мен дүниетаным негізінде қарастырылды. «Заман» ұғымының қолданылу аясы, бұл түсініктің ұлттық дүниетанымдағы бейнесі, «заман» ұғымының тарихи-рухани, мәдени кеңістігіміздегі сабақтастығы қазіргі заман тұрғысынан талданады.

«Қилы заман» түсінігі негізінде: халқымыздағы заман ұғымының әр қилы мағынада қолданыс табуы, қилы заманның поэтикалық бейнесіндегі философиялық астарлары, қилы заманның тарихи тағдырымыздың нақты көріністері, оның экзистенциалдық мәні ашылады.

Асан Қайғының өмірі мен шығармашылығы, тұлғалық бейнесі, жалпы дүниетанымы, қоғамдық-саяси қызметтері, қазақ қоғамындағы алатын орны, оның өмір сүрген дәуірінің тарихи шынайы келбеті, бабамыздың кейінгі ұрпақтар үшін сіңірген еңбегі сараланады.

Асан Қайғының философиясы, қоғам мен адам мәселесі, оның этикалық көзқарастары, Жерұйық идеясы, оның этногенезі мен әлемдік тәжірибесі, «заман» туралы философиялық пайымдаулары, Асан Қайғы идеяларының Мәңгілік ел идеясымен сабақтастығы, Асан Қайғы философиясының жас ұрпақ үшін не беретіндігі зерттеледі.

«Заман» ұғымын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан зерделеу, қойылып отырған диссертация тақырыбын ашып берудің алғышарты болып табылатындығы сөзсіз. Кез-келген іргелі зерттеулер алдымен, теориялық-әдістемелік саралаудан өтуі тиіс, бұл нені, қалай зерттеу қажеттігінің және негізгі мәселені саралаудың алғашқы баспалдағы.

Ғабит Мүсірепов: «Заман – деген бір күнде орнап, сол күні-ақ бар мазмұнын айқындап беретін, базар емес, ұлы да ұзақ сұрыпталатын кезең. Оның ділін-дінінен бастап философиялық мазмұнын бір күнде ұғыну қиын» [1, 442 б.] – деген болатын.

Әрбір халықтың өзіне тән дүниетанымы, философиясы, ділі мен қоғамдық психологиясына орай, өзіндік бір әлем мен қоғам туралы көзқарастар жүйесі қалыптасады, одан белгілі бір деңгейде түйінді де, мәнді ұғымдар құрылады, оларды біз концепт ретінде қарастырамыз. Бұлардың бір ерекшелігі басқа тілдерге нақты, шынайы мағынасымен сәйкестендіріліп аударыла бермейді, тек оған жақын ұғымдар арқылы ғана түсіндіреміз. Бұндай төлтума сөздер көптеген халықтарда бар. Қазақ халқында, осындай төлтума дүниетанымдық, әрі тұрмыстық-философиялық мағынаға ие бола алатын ұғымдар жүйесі қалыптасқан: «кұт», «кұт-береке», «ырыс», «айналайын», «дидарласу», «ождан», «ынсап», «ар», «ізгілік». Сондай ұғымдардың бірі – «заман». Ендеше, «заман» ұғымын концепт және философиялық категориялардың бірі ретінде қарастыра отырып, оның мәнін ашып алуымыз маңызды. «Заман» – ұғымының ұзақ жолдан өтіп, халық санасында орныққан негізгі ұғымы екендігін көреміз.

Дегенмен, алдымен, шартарапта кездесетін «заман» ұғымына барынша сәйкес келетін идеяларға шолу жасап өтсек.

Біріншіден, адамзат арғы заманда адамдардың өзіндік өркениетіне, еңбек құралдарын жасап пайдалануына, табиғат байлықтарын игеруіне және оны қалай өндіргендігіне байланысты тарихшылардың дәуірлерге бөлетіндігі белгілі. Айталық, тас дәуірі: (палеолит, мезолит, неолит), темір дәуірі, қола дәуірі, мыс дәуірі.

Одан бергі Совет заманында қоғамдық-экономикалық формацияларға бөлуді білеміз. Карл Маркс қоғамның дамуын мынадай кезеңдерге бөлді: алғашқы қауымдық құрылыс, құл иеленушілік құрылыс, феодалдық құрылыс, капиталистік құрылыс, социалистік немесе коммунистік құрылыс.

Американдық ғалым, этнограф, археолог, алғашқы қауымдық қоғамды зерттеуші тарихшы Льюис Генри Морган көне тарихты көптеген негіздерді

басшылыққа алып жіктеді: туыстық-тайпалық, отбасылық, басқару, жабайылық т.б. [2]. Ал, американдық белгілі социолог Даниель Белл қоғамды индустриалдыққа дейінгі, индустриалдық, постиндустриалдық деп үшке бөліп, бұл кезеңдердің ерекшеліктерін сипаттап көрсеткен болатын [3]. Соңғы көрсетілген постиндустриалдық қоғамға әр түрлі түсіндірмелер берілген. Айталық Курт Флекснердің «Ағартушы қоғам» (Просвещенное общество), неміс әлеуметтанушысы Ульрих Бектің «қатер қоғамы» (Общество риска), американдық ғалым Питер Друкер «пост капиталистік қоғам», американдық қаржыгер Джордж Сорос «ашық қоғам», американдық философ Элвин Тоффлердің «Үшінші толқын» еңбегіндегі «ақпараттық қоғам» туралы ойлары өте маңызды. Осы тұста айта кететін жайт. Аталған әр түрлі қоғамдарды кей жағдайда сипаттауда «заман» ұғымымен белгілі бір мағынада қолдануға болатындығын атап өткіміз келеді.

Сонымен қатар қоғамдық ғылымдарда аймақ пен дәуір бойынша: Ежелгі Шығыс, Грек, Орта ғасыр, Қайта өрлеу дәуірі, Жаңа заман, Қазіргі заман, Заманауи деген атаулармен уақыт аралығын ажырату ғылыми танымдық кеңістікте кең қолданылады.

Карл Ясперс тарихи прогресті: Тарихқа дейінгі, Ұлы өркениеттер, Тарих, Әлемдік өркениет заманы деп ажыратады да, «Белдеулік уақыт» теориясын ұсынады. Ол б.э.б. 800-б.э.б.200 жылдар аралығын қамтитын адамзаттың мәдениетінің қуатты және әлемдік деңгейде қатар дамыған ұлы заманы деп түсіндіреді [4].

Мұндай идеяларды көптеп кездестіреміз. Бірақ бұлардың ешқайсысы халқымыздағы «заман» ұғымының мазмұны мен мәнін толық ашып бере алмайды. Жоғарыда атап өткен дәуірлер тек тарихи хронология мен адамзаттың өткенін жүйелеп, бөліп көрсетуге арналған тұжырымдар. Оларды қоғамның даму классификациясы деп қабылдаймыз.

Біз қандай-да болмасын объектіні зерттеуде ғылым философиясынан белгілі болғандай, зерттеу әдістерінің көп жағдайда, философиялық, жалпы ғылыми, жеке ғылыми, арнаулы ғылыми болып бөлінетіндігін ескерген жөн. Өртүрлі идеяларды басшылыққа ала отырып «заман» ұғымын – лингвоанализдік-семантикалық, формальды логикалық, онтологиялық-гносеологиялық, тарихи, психологиялық, әлеуметтік-саяси, экзистенциалдық тұрғылардан жан-жақты қарастырамыз. Бұндай әдістерді қолдану «заман» ұғымның мазмұны мен мәнін толықтай ашып беруге септігін тигізеді.

Қазіргі ғылыми танымда, интеграциялық зерттеу, одан соң пәнаралық байланыс деген сияқты тәсілдер кеңінен қолданылады. Осыған орай, біз, алдымен, «заманды» әдебиеттану мен философияның түйісер тұсында қолданылатын концепт түсінігімен байланыстырамыз:

1. Заманды лингвоанализдік-семантикалық аспектіде қарастыру.

Түсіндірмелерге жүгінсек, «Философиядағы концепт – ұғымның мазмұны, атаудың мағыналық көрінісі. Сол белгінің өзінен және оның пәндік мағынасынан ерекшеленеді. Ұғым мен сигнификатқа сәйкес келеді» [5].

Лингвист Анна Вежбицкая: «Атауды иеленетін және адамның әлем «Шынайылық» туралы белгілі бір деңгейде анықталған мәдени-шартталған ұғымын бейнелейтін «Идеялдылықтан» келген объект» - деп пайымдаған [6, 308 б.].

Орыс ғалымы, филология ғылымдарының докторы, фразеология саласындағы маман Вероника Телия: «Концепт – объект туралы білімдердің толық жинағы. Ол жалпы семантиканың жеке мағынасының нақтыланғандығын қамти отырып, өзіне абстракцияның ең жоғарғы семантикалық категориясын енгізеді», - деген түсіндірме берсе [7, 66 б.], Анатолий Бабушкин: «Тіл өкілдерінің халықтық жадысында вербальді түрде сақталатын идеалдық әлем немесе ұжымдық сананың мазмұнды, дискретті бірліктері» [8, 186 б.], – деген қорытынды жасаған. Орыс ғалымы, лингвист Владимир Колесов: «Концепт сөздің семантикасын қамтамасыз ететін бастапқы нүкте және бір уақытта дамудың соңғы қыры» екендігіне тоқталған [9, 16-25 б.].

Жоғарыда келтірілген концепт анықтамалары заман ұғымы туралы білімді молайтып, мән, маңызын ашуға көмектесетін инструмент ретінде қолдандық.

«Заман» сөзі туралы лингвистикалық зерттеу еңбектерінде көп айтыла бермейді, дыбыстық өзгеріске түскен көне түркі сөзі болуы ықтимал, шығу тегі мен этимологиясы туралы да мағлұматтар берілмейді.

«Заман» сөзінің түрленуіне келсек қазақ дүниетанымындағы теориялық және қоғамдық қарапайым санада заман концептісі кең ұғым. Ол әр түрлі тіркестермен қолданыла береді. Бұның арнайы әдеби мақамдарда қолданылуының жиі кездесетін түрлерін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» былайша анықтама береді:

«Заман 1. Дәуір, кезең; 2. Уақыт, мезгіл, кез;...Заманақыр: тар кезең, зобалаң шақ; Заманы бір – бір дәуірде өмір сүрген адамдар, «Заманы жүріп тұр [туды] дегеніне жетті, күні туды. Заманы өтті – күні бітті, дәурені өтті. Замана – ғасырлар, тұтас дәуір; Заманауи – әр заманға тән, осы заманғы; Заманғы – белгілі кездегі, дәуірдегі; Замандас – қатар өскен, заманы бір; Замандастық – заманы бір, қатар өскендік; Замандық – мезгілдік, дәуірлік; Зар заман – Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан Қазақ хандығындағы бұрынғы ел басқару жүйесінің жойылып, халықтың саяси, экономикалық және рухани езгіге ұшыраған кезең; Зар заман ақындары – Қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет (1927) Мұхтар Әуезов енгізген термин, Зар заман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зарымен жырлаған ақындар шоғыры; Зар-зар; зар-зар етті – еңіреді, дауыстап жылады» [10, 65-67 б.б.].

Бұл анықтама, әдеби тұрғыдан берілген. Толық мәнін ашпайды. Сондықтанда, біз «заман» сөзін концепт ретінде қарастыратын боламыз. Бұл ұғымның семантикасы мен философиялық мағынасына келер болсақ, оның төлтумалылығын түйсініп, қазақ философиясын зерттеуші отандық ғалымдарымыз бірнеше анықтамалар мен түсініктемелер берген. Қазақ халқының осындай айрықша, басқа халықтарда қайталанбайтын ұғымдар жүйесі бар екендігін алғаш ұсынғандар қатарында профессор Ізбасар Ерғалиев пен профессор Ғазиз Телебаев былайша сипаттама береді: «Философиялық

дүниетанымына ең жақыны заман мәселесі уақыттың барлық түрін қамтитын, дүниенің ең негізгі, түпкі өзгерісін, өмірдің, тіршіліктің не бір елеулі кезеңдерін бейнелейтін ұғым» [11, 36 б.].

«Заман» – сол уақыттағы қоғамның ахуалы мен мән-жайын сипаттайтын, әлеуметтік болмыстың жағдайы мен адамның мақсат-мұраттары сияқты құндылықтарды қоса қамтитын қоғамдық-тарихи үдерістің нақты бір кезеңін бейнелейтін қазақ дүниетанымындағы маңызды философиялық ұғым (категория). Ол тарихи-әлеуметтік шындықтың сол дәуірдегі тұрмыстық-өмір мәнділік сипатын тұтас бейнелеу үшін қолданылады. Бұл ұғым басқа бір кезеңмен салыстыру үшін сол кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтарына баса назар аудару арқылы толыға түседі. «Заман» ұғымында сол дәуірдегі ұлт тағдыры, тіршіліктің келбеті, өмірдің салты, тұрмыстың қалпы тағыда басқа ахуалдар тұтас қарастырылады.

Осыған орай, «заман» ұғымы тарихи санада сабақтасқан әлеуметтік философияның құрамдас бөлігі. Жас ғалым Сайраш Сапарғалиева: «Заман өзгерісінің бірден-бір себепшісі халық екені рас, дегенмен, осы халықтың басын біріктіретін негізгі күш – мемлекет. Демек, заман ағымы екі сыңайлы: бірі мемлекетке, екіншісі халыққа байланысты. Бұл түсінікте біздің адамына қарай заманы дейтін пікірімізді қолдап тұрғандай. Бұл тұжырымның мағынасын жете ұғыну үшін адамның заманға тәуелділігі мен заманның адамға тәуелділігін анықтауымыз шарт. Бұл екеуінің өзара өте тығыз байланысты өмір сүретіндігі белгілі. Заман табиғилықтан гөрі жасандылыққа көп бой ұрады, сондықтан да заман талабы әрқашанда өзгермелі. Бір сөзбен айтқанда заманды ақтайтын да, қаралайтын да – адам. Сондықтан да адам мен заман өзара үйлесімділікте бола отырып, үнемі даму, жетілу, жаңару, өркендеу үстінде болуға тиіс [12, 60 б.]. Ғалым, заман мен адамның өзара байланыста, өзгерісте болатындығын дәйектейді.

Ендеше, жоғарыда келтірілген анықтамалар мен түсініктемелерді негізге ала отырып, заман ұғымына мынадай өз анықтамамызды ұсынамыз.

Заман дегеніміз – шартты түрде кеңістік пен уақыт аясындағы белгілі бір кезеңнің хал-ахуалын, оқиғалары мен халықтың оны қабылдауының тұтас бейнесін сипаттауға арналған қазақ халқына тән концептуалды ұғым. Олай болса, «заман» ұғымының мәнін ашу мақсатында әртүрлі тұрғыдан қарауға көшейік:

Формальді-логикалық аспект. «Заман» ұғымын - формальді-логикалық тұрғыдан сараласақ, жеке және туыстас ұғымдарды, оның жалпы мәнін ашып беретін атрибуттарын былайша ұсынуымызға болады: уақыт, мезгіл, кезең, сол кездегі өмір, нақты ғұмыр кешкен сәттер, ғасырлар мен жылдар, шартты әлеуметтік уақыт, қоғамдағы сыртқы және ішкі ықпалдардан туындайтын жалпы келбет.

Заман – уақытқа қарағанда жеке ұғым. Өйткені, заман уақытқа тікелей қатысты және тәуелді, соның аясында ғана айтылады. Уақыт болмаса, заман деген ұғымда да болмайды, заман деген ұғым болмаса, уақыт бола береді. Уақыт – шексіз, аяқталмайтын, басталмайтын, үздіксіз және қайталанбайтын үдеріс,

өткеннен болашаққа қарай жүреді. «Заман» уақыттың шартты бір бөлігі ғана. Уақытты шартты түрде абсолютті, геологиялық, әлеуметтік деп бөлінеді. «Заман» көп жағдайда әлеуметтік уақыттың шеңберінде ғана болғандықтан, жалпы мен жеке, бүтін мен бөлшек қатынасында, «заман» жеке дара ұғым болып табылады. Бірақ, бүтін мен дара қатынасына орай, тұтас әлеуметтік уақыт замандардың жиынтығынан құралады.

Дәуір де ғылыми айналымда, күнделікті сөздік қорымызда әр түрлі мағынада айтыла береді, бірақ көп жағдайда, уақыттың ұзақ және тым көлемді бір бөлшегі бар. Мәселен, адамзат тарихында «Тас дәуірі», «Мұз басу дәуірі» деген атау логикалық-семантикалық мағынада ақылға қонымды. Бұндай қолданыстарда, заманға қарағанда дәуір жалпы ұғым. Яғни, заманды дәуір өз шеңберінде қамтиды.

Дәуірдің уақыттың ықшамдау бөлігін қамтитын қолданыстарында заман жеке ұғым. Көне түркі дәуірі, Алтын Орда дәуірі дегендей. Бірақ «арғы заманда», «бағзы заманда» ұғымдарының аясында жалпы мен жекелік қатынастың өзі салыстырмалы болып шығады.

Кезең де уақыттың бір бөлігімен шектелген, басталатын және аяқталатын бөлігіне қатысты айтылады. Көлемі жөнінен ол да әртүрлі уақыттарды қамтиды. Олай болса, кезең мен заман бір-біріне жақын ұғымдар, заманға барынша синонимдес.

Ал, мезгіл «заманға» қарағанда жеке ұғым, мәселен, қыс мезгілі, жаз мезгілі мағыналарында «заман» уақытынан тар. Заманның, дәуірдің, кезеңнің қарама-қарсы ұғымы жоқ, дегенмен, оларға «сәт», «мезет» т.б. уақыттың тым қысқа бөлігін білдіретін ұғымдар барынша бір-біріне жақын.

Бірақ, бұлардың ешқайсысында уақыттың қатаң хронологиялық өлшемі болмайды. «Заманның» мазмұны хронологиялық өлшем мен уақыттан гөрі басқаша сипат алады және эмоциональдық мағынада қолданылады. Кезең, дәуір, мезгіл, мезет өз мазмұнында керісінше эмоциональдылық көрініс байқалмайды. Дегенмен, «заман» сөзінің кейбір түрленген формаларында сезімдік мазмұн жойылады, мысалы замандас, заманауи, заманы бір дегенде.

«Заман» абстракциялау және нақтылау операцияларынан тыс, оның өзі жалпы абстрактілі ұғым, сонымен қатар, заманды ұғым ретінде бөліп алып қарастырсақ, бірнеше мазмұнды қамтитын кең түсінік. «Заман» абстрактілі ұғым болғанмен, субъект-предикат қатынасында барынша нақтыланады. Мәселен, Зар заман (ақындары) – ХІХ ғасыр, ақыр заман – тіршіліктің аяқталған сәті, заманауи – ХХ-ХХІ ғасырлар.

Жеке мен жалпы қатынасын алғанда, заманды мынадай шеңберлер тізбегімен көрсетуімізге болады: белгілі бір топтар мен ұйымдарға қатысты заман, халықтар мен ұлттарға қатысты заман, аймақтарға байланысты туындайтын заман, жалпы адамзатқа қатысты айтылатын геологиялық заман және ғарышқы қатысты – Ақыр заман.

Онтологиялық-гносеологиялық аспект. Бұл тұрғы да «заман» ұғымының танымдық және мағыналық қыры кең ауқымды, кеңістік пен уақытқа қатынасын зерделеп алуды қажет етеді. Шындығында да, заманда белгілі бір кесілген нақты

хронологиялық уақыт болмайды (Әйтсе де ол уақытқа байланысты түсінік). Мәселен, жыл – 365 күн, ғасыр – 100 жыл, мың жылдық – әрбір мың жыл басталғаннан бергі кезеңдерді қамтиды. Ал, көне тарихтағы мыс, қола, темір дәуірлерге мерзім белгілеу үшін оларды шамамен көрсетеді, себебі, олар арғы замандарда болып өткен шартты кезеңдер.

Ал, «заман» ұғымы бүгінгі күнде жиі қолданылады, бірақ оның нақты хронологиялық күндері белгіленбеген, өйткені, халқымызда уақыт пен кеңістік аясы кей жағдайда шартты түрде есептеледі. Тіптен, «елу жылда ел жаңа» деген мәтелдің өзінде жыл нақты көрсетіліп тұрса да, 50 жылдың өзі шартты, белгілі бір кезең сайын әлем мен қоғамның жаңарып отыратындығын білдіретін диалектикалық ұстаным болып шығады, басталған және аяқталған уақыты айтылмайды.

Сондай-ақ, кеңістік те айтылмайды, ол қазақ қоғамынан бастап, белгілі бір ұлыс немесе тіпті адамзат қоғамының даму эволюциясына да қатысты болуы ықтимал. Мәселен, «қазіргі заманғы - адамзат қоғамы» деген сипаттамада да қай ғасыр және қай жер екендігі нақты көрсетілмейді, «қазіргі» деген сөздің өзі шартты. Егер де, «қазіргі заманғы өркениеттік кезеңде» дейтін болсақ, Африка, Үнді елдеріндегі артта қалған ұсақ тайпалар мен бірлестіктер қамтылмай қалады, бірақ, бұл жалпы адамзатқа қарата айтылып тұрғандай.

«Заман» жай ғана шартты уақыт емес, феноменалды кезеңнің өзіне тән ерекшеліктерінде сипаттайтын тарихи-әлеуметтік ұғым. Бұнда халықтың көңіл-күйі, эмоциясы, қайғылы және қуанышты оқиғалары, сол кезеңнің тұтас тарихи келбеті де аңғарылады. Егер уақыт басталмаған және аяқталмайтын болса, заман басталады және аяқталады, кейде басталуы бар болғанмен, аяқталмауы мүмкін.

Дегенмен, «заман» үнемі белгілі бір уақыттардан кейін ауыспалы. Қилы заман мен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманның өзі салыстырмалы. Кейде, белгілі бір халық үшін геноцидтің болуы қилы заманның шегіне жеткен көрінісі, ал экономикалық қиыншылықтарға уақытша тап болуын қилы заманның жеңілдеу түрі. Яғни, заманның жағымды және жағымсыз түрлері де салыстырмалы. Мәселен, XVIII ғасыр аяғы мен XIX ғасыр басындағы жоңғарлардың жер бетінен жойылып кетуі олар үшін қилы заман ғана емес, ақырзаманға айналды.

Демек, заманның сипаттамасы салыстырмалы түсінік, оның объективтілігі мен субъективтілігі туралы көзқарастарды заманның саяси-әлеуметтік қырларында толығырақ талдап көрсететін боламыз.

Заман құбылысы негізінен «ретроспекция-интроспекция-перспектива» жиілігі арқылы танылады. «Заман» сөзінің қашан, қай ғасырда пайда болғандығы белгісіз, бірақ, заман деген атау пайда болмастан бұрын да заманның келбеті және оған берілетін халықтың бағасы болғандығы ақиқат. Мәселен, «көне түркілердің дәуірлеп тұрған заманы», «көк бөріні құрмет тұтқан заман», «көк түріктер заманы» - деп те айтылады.

Заманның интроспекциясы оның өзін-өзі ашатындығымен, өзін-өзі айқындайтындығымен шартты. Бірақ заман тұйық, өз сырын ішіне бүккен, имманентті емес, керісінше, ашық және үнемі өзін-өзі жариялап отыратын сол

дәуірдің немесе кезеңнің шынайы сипаттамасы. Бір қарағанда, адам заманда өмір сүріп тұрса да, оны аңдып, объективті баға беру оңайға соқпайды, сондықтан, оған үңіліп, асығыс қорытынды жасамай, рефлексиялап барып шынайы бағасын беру маңызды. Мәселен, тек бір ғана құбылысқа қарап «заман сондай екен» деген қорытынды шығару асығыстық. Қазіргі таңда біздің елімізде, басқа да кейбір аймақтарда идеологиялық кеңістікте әр қилы идеялар ағымының бәсекелестік алаңы жүруде. 300 жылға жуық уақыт бойы Ресейдің отаршылдық саясатының сарқыншақтары әлі де сақталуда. Әлі күнге дейін русофилдер көбеймесе азаймады. Еуропашылдық көзқарастағы азаматтардың ықпалыда күшеюде. Ислам дінін насихаттауды желеу еткен – арабтандыру саясаты да бар. Әр жақтан келіп жатқан ағымдардан ұлттық иммунитетімізді күшейтіп, ұлттық философиямыз мен мәдениетімізді қорғаныш ретінде қолдануымыз кезек күттірмейтін мәселе. Сонымен қатар, табиғи эволюция дағы заңды үдеріс және болмай қоймайтын қажеттілік, бірегейленуге деген ұмтылыс – қайта қазақтандыру (реэтнизация) идеологиясы мен ұлттық идеясы тағы бар. Осы тұста, басты мәселе туындайды: қай идеологияның ықпал өрісі қуатты болса, сол бәсекелес идеологиялар арасынан жеңіп шығады. Бұл өте үлкен мәселе. Қазақ болып қалу қыл үстінде. Болашақтағы заманның келбеті қазір айқындалып қалуы әбден мүмкін деген сөз. Ойланатын дүние.

Заман перспективтілік, болашақты бағалау мен болжауға құмар, осы шақты бағамдап, оның беталысын аңдап, болашақтың бейнесін сипаттауға ұмтылады. Мәселен, зар заман ақындарының болжамдары нақ осындай әдісті негізге алды. Сол кездегі заманның негізгі ұстанымдарын анықтап алған соң, келер заман туралы толғануға мүмкіндік алды деген сөз.

Тарихи аспект. Адамзаттың және белгілі бір халықтар мен этностардың эволюциясындағы хронологиясы шартты кезең болса, ол «өткен-қазіргі-болашақ» тұтастығын қамтиды.

Тарих ғылымдарының кандидаты Эльмира Телеуова атап өткендей: «Ең алдымен, тарих ғылымы қоғамның тарихи танымы мен тарихи санасын қалыптастыру керек. «Халыққа арналған тарих» деген ұғым бүкіл әлемдік тәжірибеде бар. Қоғамның тарихи білімін жоғарлатып, қызығушылығын жоғарлату үшін, оны дәріптеу қажет. Тарихи тақырыпқа жазылған шығармалар халықтың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етеді» [13]. Тарихты жазу бір бөлек те, оны халыққа жеткізу, санаға сіндіру, қоғамның тарихи санасын қалыптастыру одан да маңызды мәселе. Осы орайда, тарихшы мамандар мен оқу ордаларына түсер салмақ ауыр.

Тарихи сана – әрбір заманның шынайы келбетін ғана емес, эмоционалды көңіл күйлерін де қоса қамтиды. Бірақ заман тек қана көңіл күйдің ғана емес, кейде рационалды-теориялық деңгейінде анықтайды. Мәселен, «Қазіргі заманғы өзекті мәселелер», «Заман сұранысына сәйкес», «Заманауи бағдарлар мен ұстанымдар» деген сұрақтарға да жауап қайтарады. Тарихтың өз философиясы барында ұмытпаған жөн. Кез-келген тарихи оқиғаның астарында қаншама дүниетаным, ой жатқандығы анық.

Заманның тарихи мағынадағы қолданыстарына шолу жасап өтсек. «Есте

жоқ ескі заманда» деген тіркес негізінен көне заман, тіпті одан да арғы деген мағынаны білдіретін эстетикалық түсінік, мүмкін арғы тарих дегенді де меңзейтіндей. Хронологиялық уақытты анықтаудың өзі қиын 1000 жыл, әлде 10 000 жыл бұрын ба, белгісіз. Ал, Ақсақ темір заманында деп айтылса, оның уақыты барынша нақты. Бірден түсінуге жеңіл.

«Ұлттық сананың жетілуіне тікелей түрткі болатын – тарихи сана. Тарихи санасы һәм тарихи жадысы өшкен ұлт өзінің ұлттық мақтанышынан айырылып, өзін-өзі менсінбей, өзінен-өзі қорлана бастайды. Осындай жиіркенішті сезімнен бойды да, ойды да тазартатын, ұлттық мақтаныш пен ұлттық сананы қалпына келтіретін – тарихи сана» [14, б. 206].

Қазақ халқының тарихи санасының өшпей, сақталып бізге жетуі таңғажайып дүние. Жер көлемінің кең болуына қарамастан бір диалектіні сақтау оңай емес. Оңтүстік пен Солтүстік, Шығыс пен Батыс өңірінің арасын жалғап бір бағытта, бір ойды ойлағандығы тұтастықты сақтауға өте үлкен әсер етті.

Қоғамның жағымды жаңалығы жалпы адамзаттық эволюцияның қателіктері мен жетістіктерін өзінің өн бойына «эволюциялық жады» арқылы сіңіргендігінде. Ендеше, өткен тарих пен бүгінгі прогресті және келешектегі болашақты бір ғана организмнің өмірі, бағдары, нысаны, мақсаты мен міндеттері деп түйсінген абзал. Осы мәселенің теориялық жағын онтологиялық тұрғыдан Бақытжан Сатершинов былайша ашып көрсетеді: «Осылайша «өткен шақ-осы шақ» оппозициясы өзінің «осы шақ - болашақ», «өткен шақ - келешек» сынды модификацияларына ие болады»[15, 67 б.]. «Заман» концептісі тарихи сананың бір келбеті, себебі, «заман» ұғымы – бөлек-бөлек түгелдей өткенді, қазіргі заманды және болашақты қамтитын кең ұғым. Яғни, қазақтардың дүниетанымында үнемі өзін-өзі қайталайтын форматтар.

Ендеше, «өткен – осы - болашақтың» тұтастануы адамзат тарихының органикалық бірлігінің уақыт бүтіндігі аясындағы жеке екендігін паш етеді. Болашақты заман арқылы бейнелеуде қалыптасқан пессимистік үлгілердің бірі – «Ақыр заман» немесе «заманақыр». Иудаизм, Христиан, Ислам сияқты авраамдық діндерде, болашақта болмай қоймайтын, әйтеуір келуі тиіс, тіршіліктің, адамзаттың бәрі тұтасымен жойылатын «Апокалипсис» жүзеге асады деген түсінік. Бұны «Ақыр заман» немесе «Заманның ақыры» деп атаймыз. Бірақ «заманның ақыры» деген түсінікте адамзаттың тұтасымен алғандағы тіршілігі – заман ұғымына сыйғыздырған, яғни, алмасып, кезектесіп келіп тұратын әлеуметтік уақыт аяқталады, заман таусылады дегенге келеді.

«Ақыр заман» сол апокалипсистың өту кезеңі, әуелі оны кіші белгілері байқалады, одан соң үлкен белгілерінен көрінеді. Оған ешбір адам баласы мен ешқандай өркениет қарсы тұра алмайтындығы туралы сөздер діни мәтіндерде және бұқаралық санада, болашақты пессимистік түрде болжаушыларда үрей түрінде қабылданатын құбылыс. Міне, осы діни ақыр заман кейіннен, қазақ халқында, басқа да халықтарда мәдени-рухани кеңістікте, «болашақ тарихтың» бейнесі ретінде жалғасын тауып, әдебиет пен өнер салаларында кездеседі.

«Халқымыздың дүниетанымындағы ақыр заман деген түсініктің мәні: қазіргі діни танымдағы адамзаттың сөзсіз жоғалып кететіндігі туралы

апокалипсис, дүниенің қиайтындығы хақындағы катаклизм, тұңғыық үмітсіз құлдырау емес, дәстүрлі өркениеттің қасіретті ақырының келіп жететіндігі мен ұлттық құндылықтардың орнын батыстық және ресейлік құндылықтардың кейбір жағымсыз жақтары басып, ұлтымыздың тұрмысы мен таным-түсінігінің өзгеруінің келеңсіз көріністерінің туындауы туралы болып келеді» [16, 115 б.].

Ақыр заман түсінігі діни тұрғыдан бұл өмірден кейін басқа өмір болатындығы, әлемнің жойылып жоқ болуына әкеледі. Бұл өмір өткенші, сынақ екендігі Құран Кәрімде айтылады. Дегенмен, қазақ халқының түсінігінде адам о дүниеде емес, осы өмірде биік жетістікке жетіп, бақытқа кенеле алатындығын жақсы түсінеді. Мәселен, «заман» ұғымын қандай тұрғыдан қарайтындығына байланысты мазмұны мен мәні ауыспалы екендігін ескеру қажет.

Психологиялық аспект. «Заман» ұғымының психологиялық феномен екендігін алғаш зерттеген ғалым Гүлжихан Нұрышева мен Берік Аташ былай атап өтеді: «Халқымызда, «заман» түсінігі оптимистік (жаңа заман, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман), пессимистік (зар заман, ақыр заман) және бейтарап (заман өзгерді) жазықтықта ұғындырылады». Содан соң, «Заман дегеніміз – тарихи-әлеуметтік шындықтың сол дәуірдегі тұрмыстық-өмір мәнділік жалпы сипатының концептуалдық көрінісі» [17, 150 б.]. Яғни, эмоционалды тұрғыдан берілген «заман» концептінде халықтың мұңы мен қайғысы, қуанышы мен шаттануы, үміті мен зерігуі, өмірдегі және сол қоғамдағы алар орны анықталады. Сонымен қатар, оқшаулығы, жалғыздығы өзіне-өзі үңілуі, алаңдауы мен таңдануы, қорқынышы мен сенімсіздігінен туындайтын ішкі толғаныстары мен сезімдерімен астасып жататындығымен заманның тұтас көңіл-күйі шығады.

Біздіңше, заман психологиялық ұғым ретінде ұжымшылдықпен және бейсаналы ұжымшылдықпен байланысты. Бұны Карл Юнгтің ұжымдық бейсаналық теориясына көшірсек, ата-бабаларамыздың санасындағы қайғылы және қуанышты сәттері кейінгі ұрпақтарының бейсанасында күңгірттеу түрде қылаң беріп отырады және ол ұмытылмай, сақталып қалып, кейінгі ұрпақтарының да бейсанасында қайтадан оянады, осылай жалғаса береді. Жалпы дүниетанымның бұндай сарқыншақтарын, ол архетиптер деп атаған [18, б. 26].

Мәселен, «Ақыр заман» туралы мәтіндердің мазмұнымен танысқан сәтте, біздің санамызда және бейсанамызды үрей мен қорқыныш, үмітсіздік пен қайғы бірге орын алады. Өйткені, бұл түсінік біздің ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бойғы дүниенің ақыры туралы саналы толғаныстарының бірте-бірте жинақталған қатпарларының біздің санамызда сарқыншақтарының сақталып қалуы және бейсанадан тамыр тартып қайта түлеуін айтамыз.

Сондай-ақ, мәселен, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі үдере көшкен ел туралы жырлаған «Елім-ай» әніндегі халықтың мұң-зарынан психологиялық көңіл-күйді көреміз:

«Мына заман, қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болсайшы, тағы заман.
Мына заман, қай заман, қысқан заман.

Бақыт құсы басымыздан ұшқан заман», – деп толғанады. Осы толғаныстардан, біз, трагедиялық сарындарды саналы түрде ұғынамыз, бейсаналы түрді түйсінеміз. Біздің көңіл, күйіміздегі қайғыру аймағы сол дәуірдегі мұң-зарды қабылдайды, терең ішкі сезіммен түйсіндіріп, көз алдымызға елестетеді. Яғни, психикалық процестер іске қосылады. Сәйкесінше, шат-шадыман, бейбіт заманда нақ осындай ұжымдық бейсаналықпен қабылданады.

Бірақ, халқымызда бұндай қайғылы сәттерде, өмір сүру қиын қоғамда, аласапыран бей-берекетсіз әлеуметтік жүйеде оған үнсіздікпен мойынсұна бермей, өз бетінше әрекет етіп, оған бейімделу керектігі айтылады. Рухтанып қайғы-қасіретпен күресіп, оны жеңіп шығу туралы да өнегелі өсиеттер бар. Өйткені, әрекетсіздік адам өмірін тұйыққа апарып тірейтін жаман қасиет.

Заман қиыншылықтарымен күресу немесе оны алдап соғу, айналып өту, бейімделуден басқа психологиялық тәсілдерді қолданып, қалыпты тіршілік ету де халқымыздың ғұмыр кешуінің өзіндік ұстанымдардың бірі болған. Мәселен, Ресейдің отаршылдық саясаты кезінде де бірнеше ғасырлар бойы қилы заман үстемдік етті. Қазақ халқының тағдырында ұлт ретінде болу немесе болмау мәселесі тұрды. Сол замандарда XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырларда қазақ халқы тарапынан отаршылдыққа қарсылық ретінде 200-ден астам бас көтерулер орын алған. XX ғасыр басында қазақ зиялылары отаршылдық заманды бейбіт, демократиялық жолмен шешуді жолға қойып, мерзімді басылымдар арқылы халықтың сауатын ашып, әр түрлі құрылтайлар мен съездерде автономия жариялап, заманға қарсы шықты.

Сондай-ақ, заман қулық пен сан құбылатын түлкі бұлаңға салынса, оны да жеңе білу керектігін біліп «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деп қысқаша қайырған. Бұл бір қырынан, «заманды жеңе біл» деген ұстаным болса, екінші жағынан заманға бейімделу қажеттігі туралы толғаныстан шыққан түйін. Бейімделу алдымен психологиялық үдеріс, сол заманның оңды, тиімді, жағымды жақтарын қабылдап, өзінің жеке қолайсыздықтарын тиімділікке айналдыру дегенге келеді.

Мәселен, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, нарықтық экономика заманы басталды. Социалистік санадан, нарықтық санаға бірден ауысу, заманның ыңғайына қарай бейімделу, дүниеге көзқарасты аз уақыт ішінде өзгерту, жоспарлы экономикадағы стереотиптерді жою көпшілікке бірден оңай тиген жоқ.

Өткен заманды аңсаушылар Советтік дәуірдің май-шелпегінің қайтып келетіндігіне сенді. Кейбіреулер нарық заманының бет алысын алдын ала біліп әрекетке көшті. Нарық заманының талаптарын мүлде түсінбей, бастапқыда нарықтық заңдылықтарды теріске шығарып, коммерциямен айналысқандарды халықты қанаушылар, алыпсатарлар, алаяқтар деп көрсетті.

Пысық, іскер азаматтар заманға тез бейімделді де, өздерінің нарық қоғамындағы өмір сүру қағидаларын құра білді. Мемлекетке емес, өз күшіне сенді. Нарық, бәсекелестікке төтеп беру керектігін түсініп, амалы жеткенше өз

күнін өзі көруге бейімделе бастады. Заманының түлкі екендігін сезініп, тазы болып айласын жасады.

XX ғасыр соңындағы жаһандану, вестернизация салдары қоғамның әр саласына ене бастады. Заманның бағытын оптимистік және пессимистік тұрғыдан қабылдау болып қоғам екіге бөлінді. Қазақ халқы ұлттық салт-дәстүрін сақтап қалу жолында дабыл қағып, жаһанданудың теріс жағын күн тәртібіне қойа бастады.

Қилы заманға тап болған халықтың психологиялық мінез-құлқын былайша жіктеп көрсетуімізге болады: мойынсұнушылар (түңілушілер мен үміттенушілер), бас сауғалаушылар (өзге мекенге немесе өзге мемлекетке қоныс аударушылар) мен оқшауланушылар, қарсы күресушілер (физикалық, күш қолдану мен саяси-психологиялық идеологиялық тәсілдер арқылы).

Мойынсұнушылардың бастан өткізер психологиялық үдерістер сатысын біз танатологияда өлім құбылысына қатысты психологияны зерттеуші Кюблер-Росстың мынадай сатыларды көрсететіндігіне сүйене отырып, «терістеу, ашу-ыза, тайталасып қарау, қабылдау» [19, 226 б.] сияқты осындай сатылардан да өтетіндігі туралы тұжырым жасаймыз.

Демек, қилы заманға көндігу түптеп келгенде, оны қабылдаумен аяқталады. Мәселен, 1932-1933 жылдары ашаршылық заманында о дүниелік болған адамдардың басынан өткізген қиын кезеңдер. Қолдан жасалған саясаттың құрбаны болып кете барды.

Саяси-әлеуметтік аспект. Заман, алдымен, әлеуметтік ұғым. Ол көбінесе, табиғатқа немесе басқа да тіршілік иелеріне қатысты айтыла бермейді, жеке адамға қатысты да қолданылмайды. Кемі екі, немесе одан да көп адамға «замандас» деген түрленген форматта айтылады. Дегенмен, заманның, жалпы алғанда, «халықшылдық» деп атауға болатын әлеуметтік жағы басым.

Қоғам дамуының жалпы бейнесін, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әлауқатын әр түрлі қоғамдық үдерістерді қамтуына қатысты болып келетіндігімен байланысты. Заман концептісі сол кезеңге берілген бағалаудың субъектісі ретінде қолданылады. Белгілі бір уақыттағы әлеуметтік болмысқа берілген көпшілік сананың бағасы: «Кер заман», «Азған заман», «Бейбіт заман», «Жаугершілік заман» деген ұғымдармен бағаланады.

Бірақ қоғамның өзгеріске түсуі жалпылама бейнесіне берген баға ондағы ұлттарға әлеуметтік қабаттарға, топтарға, әр түрлі ұйымдарға, тіпті жынысқа қатысты субъективті сипат алуы да мүмкін.

Сондай-ақ, дәулетті, бақытты адамдар, жоғары лауазымды шенеуніктер үшін бүгінгі қазақ қоғамын «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманға теңейді, ал материалдық жағдайы төмен, мемлекеттен әлеуметтік көмек ала алмайтындар бақытсызбын деп санайтындар үшін бұл кезең «тығырыққа тірелген» немесе «ақырзаман» деп қабылдайды. Немесе, Қазан төңкерісі кезінде бастапқы жылдары жұмысшылар мен шаруалардың заманы оңынан туса, байлар мен дәулетті адамдар үшін аласапыран, байлықтан айырылған тар заманға айналды.

XVIII-XIX ғасырлардағы Еуропадағы феминистік қозғалыстың басталып, олардың өз талаптарын орындатуынан кейін әйелдердің заманы туды: олар сайлау құқына, ерлермен бірдей жалақы алу мүмкіндігіне, яғни теңдікке қол жеткізді. Яғни, бұл заманның әлеуметтік гендерлік сипаты күшейді. Немесе, ғылыми тілмен сипаттасақ, патриархат – ерлердің заманы, матриархат әйелдердің заманы. Әділетті жүргізілген гендерлік саясатта мұндай қатаң әлеуметтік дихотомия әлсіреп, жынысқа қатысты айтылатын заман өзінің мағынасын жояды.

Саяси оқиғалар мен мемлекет ұстанған ішкі және сыртқы саясаттың әсеріне байланысты заманда түрленіп тұрады. Өтіп жатқан саяси өзгерістер мен құбылыстар сол заманды айғақтап береді, егер іргелі саяси өзгерістер орын алса, онда заман ағымы да түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Сонымен қатар, бұндай өзгерістер арқылы заман басқаша құрылады. Мәселен, Қазан төңкерісі заманның ағымын мүлде басқа бағытқа бұрып жібергені тарихтан белгілі.

Заманға берілген баға бұл тұста қоғамның саяси өміріне байланысты. Мәселен, зар заман ақындарының толғаулары, негізінен, сол кездегі халқымыздың тіршілігін саяси-әлеуметтік негізде бағалаудан туындап жатты. Заманның зар болатын себебінің түпкі мәні – орыс отаршылдығының күшейіп келе жатқандығы. Бұл көріністі Мұрат ақын былай сипаттайды:

«Еділді келіп алғаны,
Етекке қолды салғаны,
Жайықты келіп алғаны,
Жағаға қолды салғаны,
Үргеніш пен Бұқарға
Арбасын сүйреп барғаны,

Қоныстың бар ма қалғаны», – деген толғаныстары [20, 317 б.] ақыр заманның саяси сипатын, яғни, тәуелсіздіктен айрылып бара жатқанымызды бейнелейтін сарын.

Совет одағы тұсындағы коммунистік идеология да сол замандағы бақытты, бейбітшіл, әділетті, теңдік орнаған, әрбір ұлт пен ұлыстарға өз мәдениеттерін сақтауға ерік берілген. Бұқара халық, шындығында да, бірнеше жылдан кейін коммунизмге аяқ басқанда, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманға» кенелеміз деген сенімде болды, мемлекетке өмір бойы адал қызмет етті. Әрине, ол кезде, «кемелденген социализм» тұсында, тұрғын үй, білім беру, балабақша ақысыз, тегін қамтамасыз етілген заман болатын. Бұл шамамен 1960-1990 жылдар аралығы.

Заманды саяси-әлеуметтік тұрғыдан саралаудағы күрделі мәселелердің бірі, парадоксты және герменевтикалық шеңберге алып келетін сауал: «Заманды адам (халық, көпшілік) билей ме, әлде адамды заман билей ме?» деген сауал?

Бірінші сауал бойынша халқымызда екі түрлі көзқарас қалыптасқан: біріншісі, заман шынайы құбылыс, ол адамды билейді; екіншісі, заман адамға тәуелді немесе заманды жасайтын сол адамның өзі.

Заман болмай қоймайтын объективті құбылыс, оның өзіндік беталысы бар, оны заман ағымы деп атайды. Заман кез-келген адамды ерікті-еріксіз түрде өзінің

ағысына ілестіріп әкетеді. Егер де заман пессимистік мағынада қолданылатын болса, онда бұқара халық оған қарғыс айтады (қарғыс атқыр заман-ай), көнгісі келмей қарсыласады, түптеп келгенде, онымен келіседі. Себебі, заман баршаны қамтитын мәдени-әлеуметтік беталыс, өз ырқымен жүріп отырады. Артур Шопенгауэрдің әлемдік ерік идеясын [21] негізге алып, оны заманға қатысты қолдансақ, мынадай түйін жасай аламыз: Заман белгілі бір аймаққа, белгілі ұлтқа немесе жалпы адамзатқа қатысты болған жағдайда әлемдік еріктің адамзатқа байланысты іске асқан бөлшегі, ол да стихиялар арқылы жүзеге асады және адамға бағына бермейді, өзінің қалаған ырқы бойынша әрекет етеді.

XIX ғасырдағы ақындардың толғауларында заман барынша объективті сипатталып, заманның қиын болатындығын болжап кеткен. Хакім Абайдың көзқарасы бойынша да заман ағымы объективті, ол өзінің «Тоты түсті көбелек» деп аталатын өлеңінде өз ойын поэтикалық тілмен былайша жырлап береді:

«Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек» [22, 246 б.].

Бұл өлеңнің әрбір тармағы да заманның объективтілігін сипаттап тұрғандай. Өлең жолдарынан төмендегідей ой тарқатуға болады:

а. Заман өмір толқыны мен тағдыр тәлкегі сияқты адамды қалауы болмаса да сүйрелеп жүреді. Сонымен қатар, ол тек жеке бір адамның тағдырына қатысты емес, әркімді, барлығын да күшпен сүйрелейді.

ә. Заманды кім билейді, оны кім өз еркіне бағындыра алады? Егер заман азып бара жатса, оны кім түзейді, ондай күш халықта немесе адамзатта бар ма, әлде жоқ па? Бүгінгі заманды кім билеуде?! Мәселе, қалай билеуде.

б. Жамандар сол заманға жағымпазданып, оның қатерлі және жағымсыз жақтарына қолдау білдіреді. Оны түзеу немесе терістеу түгілі жақтап шығады. Заманның ыңғайына жығылады, заманға қарсы күреспейді, оған күйлейді.

в. Сол сәтте ол заман оны өзіне бағындырып, қандай қылғысы келсе, сондай қылып илеп алады. Ермексиз сияқты сол жаманды өзінің ыңғайына қарай өзгертіп алады да, өзіне қызмет еттіреді.

Бірақ бұл тұста, Хакім Абайдың көзқарастары заманның таза объективтілігін, болмай қоймайтын қажеттілігін немесе баршаны, бүкіл адамдардың барлығын толықтай өзіне бағындыра алмайтындығы туралы да пікірлері қылаң беріп қалады. Демек, заман оны илей алмайды деген логикалық қортынды шығады.

Жоғарыда заманның психологиялық қырын талдауда көрсеткеніміздей, «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген нақыл сөзде де, заманның объективтілігі, адам еркінен тыс екендігі туралы ұғым қысқаша тезиспен берілген.

«Заманды адам (халық, көпшілік) жасай ма, әлде адамды заман билей ме?» деген сауалға орай, бұған керісінше көзқарастар да қалыптасқан. Заман өз ыңғайымен, өзінің ағымымен, бір қалыпты жүріп отыратын адамзаттың немесе белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмірі. Әсіресе, қоғамның

экономикалық, рухани-мәдени саласы сол кезде ғұмыр кешкен адамдарға тікелей қатысты, тіпті оған тәуелді болып та келеді. Заманды жасайтын сол дәуірдің адамдары емес пе?

Экзистенциализм өкілі Жан Поль Сартр бұл ағымды талдай келе, тағайындалған адам болмысы деген болмыс болмайды, адам болмысы өзі жасап, өзі қалыптастыратын болмыс, қандай болғысы келсе, сондай болуға мүмкіндігі мол, адам – қандай болуын қалап, оны іске асыратын жоба деген сияқты пікірлерін ұсынады [23, 323 б.].

Мәселен, XIX ғасырдағы Қазақстандағы күрделі мәдени-әлеуметтік өзгерістердің, құндылықтардың ауысуының жағымсыз бағытқа бет бұруы, адами-рухани құлдыраулар кезеңіне сәйкес, «Осы адам азды ма, әлде заман азды ма?» деген сауалға, сол дәуірде өмір сүрген Мұрат ақын былайша жауап қатқан екен:

«Заман азып не қылсын –
Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады.
Мұның бәрі адамнан...
Адамның азған белгісі –
Екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды,
Екі айырып арасын.
Шапағат, қайыр қалмады,
Жақын-жуық жараннан.
Атқа мінген жігітке
Қалмады нәрсе қарардан» [24, 56 б.].

Мұрат ақын сол дәуірдегі рухани-адамшылық құндылықтардың құлдырауын заманға жаппай, адамның өзіне тікелей қатысты екендігін алға тартады.

«Адам жаман болайын деп болмайды, оны жаман ететін – тағдыр талқысы. Таңдырды жеңетін қуат әркімде бар ма, бар болса әркім емес, тұлға болмақ. Заманды билемекке қарекет ететін – тұлғалар. Абай тұлғалардың үш түрін айтады, олар: пайғамдарлар, әулиелер, хакімдер. Заманды билемек болатындар осылар. Олар – артық жандар, олар ешуақытта жаман жандар қатарына қосылмақ емес. Олар – өз тәуелсіздігіне өздері ие азаматтар.

Жаман адам – ол да адам. Адамды жаман қылып тұрған заман болса, адамның кінәсі неде? Ол да ойланатын мәселе. Заманды билегендегі мақсаттың өзі сол заманды сүйреп, илеп жүрген әркімдердің, жамандардың қамы емес пе?!» [25, 154 б.].

Француз ойшылы, философ, социолог Шарль де Монтескье адамның мінез-құлқы мен жалпы болмысының қалыптасуына сыртқы климат, қоршаған орта табиғаты әсер етеді деп санайтын географиялық детерминизм бағытын ұсынады [26, 351-389 б. б.]. Мұнда, адамды қалыптастыратын сыртқы орта екендігі, бұл идеяны әлеуметтік салаға көшірсек, адамды қалыптастыратын, өзгертетін сол өмір сүріп тұрған заманның өзі, тіпті қоршаған орта деген тұжырым жасайды.

Бұл жерде заман адамды билейтін объективті де, адам билейтін субъективті де емес екендігі туралы баяндалған. Сонымен бірге заманға сай әрекет ету туралы қарапайым түсінікте бар.

Қоғамда белгілі бір топтар мен ұйымдар немесе жеке адамдар заман ағымын мүлде өзгертіп жіберсе, онда заман ыркы адамға тәуелді болып шығады. Мәселен, мемлекетімізде жерді шет елдіктерге сату мәселесі қойылған кезде, бұқара халық оған қарсы шығып, нәтижесінде, қазақ жері шет ел азаматтарына сатылмайтын, жалға берілмейтіндігіне тоқтады. Егер де жер сатыла қалған жағдайда, 200-300 жылдан кейін не болатындығы туралы ойлаудың өзі қорқынышты. Осы тұста, заманның бағытын анықтайтын адам екендігіне тоқтам жасаймыз. Демек, заман ағымының объективті де, субъективті де қырлары бар. Ал субъективті қырына келер болсақ, онда жоғарыда қойылған екінші сауал алдымыздан шығады: Егер адам заманды билейтін болса, ол халық па, әлде жеке адам ба?». Жоғарыдағы жер туралы мысалда, заманды түзеуге айтарлықтай ықпал еткен ол – халық екендігін көрдік.

Кейбір сарапшылар қоғам дамуын, тарихи прогресті жеке адамдар жасайды десе, кейбір көзқарастар оны халықтың күші ғана өзгерте алады деп санайды. Бұны да екі жақты қарастырамыз. Әлемдегі әйгілі патшалар, хандар, қолбасшылар тарих бетбұрысын өзгертіп жібергенін тарих беттерінен көрдік.

Қазіргі таңда, Мемлекет Басшыларының бір өзі басқа мемлекеттер үшін заман ағымын өзгертіп жіберуге толық мүмкіндігі бар. Тоталитарлық жүйеде бір ғана адам бүкіл мемлекет пен халықты қатаң тәртіппен, бір идеологиямен басқарды. Сөз еркіндігі мүлдем болмады. Барлық жерде цензура үстемдік етті. Владимир Лениннің бір өзі КСРО халықтары үшін 70 жылдық өзгеше бір заманды құрды. Ол тек қазіргі ТМД елдері ғана емес, басқа да социалистік лагерь құрамына енген дүниежүзіндегі мемлекеттерге де ықпалын жүргізді. Социализм заманын насихаттады.

Аксиологиялық аспект. Заман қоғамдағы құндылықтарға да баға береді. Ол құндылықтарды бейтараптандырады, өзгертеді, сақтайды және түрлендіріп те отырады, бағалайды.

Макс Шелер құндылықтарды саралауда, Франц Brentanoның мынадай жіктеулеріне сүйенеді: «әлдебір жағымды құндылықтардың болуының өзі жағымды құндылық; әлдебір жағымсыз құндылықтардың болуының өзі жағымсыз құндылық; әлдебір жағымды құндылықтардың болмауының өзі жағымсыз құндылық; әлдебір жағымсыз құндылықтардың болмауының өзі жағымды құндылық» [27, 259-260 б.]. Ол осындай софистикаға ұқсас келетін жіктеулерді әрі қарай жалғастыра отырып, өзіндік ойларын былайша сабақтайды: «Бір құндылық жағымды да, жағымсыз да бола алмайды; керісінше, кез келген жағымсыз емес құндылық жағымды, ал кез келген жағымды емес құндылық жағымсыз. Сонымен қатар, «баға принципі бар: бір құндылықтық әрі жағымды, әрі жағымсыз деп есептеу мүмкін емес», -деп байыптайды [27, 262 б.].

Заман өзгерген сайын ондағы құндылықтар да өзгереді. Құндылықтарды сол заман өзгерткендей. Сәйкесінше, құндылықтардың ауысуы мен түрленуі заман ағымын басқа арнаға қарай бұрады. Құндылықтардың мәнін анықтайды және

құндылықтардың тұрақтылығына да баса көңіл аударады. Құндылықтарды тұрақтандыру заман ағымының басты қызметі емес, заман олардың жалпы келбетін сипаттаушы болып қана қалады. Кей замандарда халықты идеология емес, құндылықтар біріктірген. Заманауи заманның құндылықтары ауыспалы, күнде өзгеріп тұратындығын ұмытпаған жөн.

Мәселен, осыдан 40-50 жылдай бұрын қайтыс болған адамның сау, жарамды, мығым дене мүшелерін алып, оны ауру адамға ауыстырып салатын биоэтикалық мәселелердің бірі – плантациялау ақылға сыйымсыз, тіпті аморальді болып көрінген. Одан кейін бірнеше жылғы ғылыми, діни, бұқаралық дискурстардан кейін бұндай эвтаназиялық мәселе шешімін тапты. Қазіргі көптеген дүниежүзі халықтарында плантация мойындалған, игілікті және жағымды, гумандық сипат алатын құбылыс. Өйткені, заман өзгерді, адамзаттың құндылықтарға баға беруі туралы түсініктері де ауысты. Медицинадағы жаңалық технологияның қарышты дамуынан ақылға сыйымсыз дүние, қалыпты жағдайға айналды.

Жоғарыда айтқандай, Совет одағы дәуірінде тауарларды арзанға алып, қымбатқа сатушыларды, «спекулянт» деп атап, олар қылмыстық жазаға тартылды, ал қазір оларды кәсіпкер, бизнесмен деп атадық. Іскерлік оңды, тіпті өмір мәнділік параметр бойынша материалдық жоғары құндылыққа айналды, яғни, жағдай керісінше жағына қарай ауысты. Себебі, заман өзгерді. Алдыңғысы басқа, ескі заман болса, соңғысы оған ұқсамайтын мүлде басқа өркениетті жаңа заманға ұласты. Заман құндылықтарды өзгертіп, тіпті, қарама-қарсы жағына қарай ауыстырып жібергендей көрінеді.

Осы тұста, орыс философы-идеалист, интуитивизм және персонализмнің өкілі Николай Лосскийдің құндылықтарды абсолютті және салыстырмалы, объективті және субъективті деп бөлетіндігіне де сүйенуімізге болады. Ол абсолютті жағымды құндылық біреу ғана, ол жалпы маңызды, объективті және өзіндік құндылық болып табылады. Күнәһарлану әлеміне дейінгі, алғашқы жаратылыс әлемінде өзіндік құндылықтар ғана тіршілік еткен деп санаған ойшыл, күнәһарланумен бірге, әлемде зұлымдық және салыстырмалы құндылықтар, яғни, бір мәндік қатынаста жақсылық, басқасында – зұлымдық болып табылатын құндылықтар пайда болды. Салыстырмалы түрде жағымды құндылықтар пайда болды, яғни, субъектілердің белгілі бір қауымы үшін жақсылық; басқа қауым үшін зұлымдық болып табылатын құндылықтар туындады. Субъективті құндылық, бұл – қандай да бір субъект үшін маңыздылыққа ие құндылық. Керісінше, объективті құндылық – бұл жалпыға маңызды, яғни, кез келген субъект үшін маңызды. Жағымсыз құндылықта, яғни зұлымдықтың сипатында (этикалық емес, кең мағынада) болмыстың абсолютті толықтығына қол жеткізуге кедергі болатынның бәрі бар [28, 249 б.] деген пікірлерін ұсынады.

Абсолютті және объективті құндылықтар заманның ауысуынан тыс. Қаншама заман ауысса да ол құндылықтар сақталып қала береді. Демек, бұл тұста заман осы құндылықтарды тұрақтандырушы және сақтаушы қызмет атқарғандай. Мәселен, «кісі өлтірме», «ұрлық жасама» деген адами құндылықтар

адамзаттың этикалық кезеңге аяқ басқаннан бері сақталып келе жатқан абсолютті рухани құндылықтары, ол заманның өзгеруінен, ауысуынан тыс дүние. Әрине, релятивистік ұстаным бойынша таза абсолютті ешнәрсе болмайды, заман кері кетсе, ол құндылықтар да, бірнеше мыңжылдық, тіпті миллиондаған жылдардан кейін өзгеруі де мүмкін, Себебі, мүмкін емес нәрсе болмайды.

Асан қайғының:

«Әй, Жәнібек ойласаң,

Қилы-қилы заман болар,

Суда жүрген ақ шортан

Қарағай басын шалар», – деп ой толғауының өзі осыған келіп саяды.

Формальді логикалық тұрғыдан келгенде, табиғат заңдылықтары аясынан қарастырғанда, судағы шортанның қарағай басына шығуы мүмкін емес. Дегенмен, шортан бұл жерде метафора. Жалпы қазақ философиясының мазмұны метафорадан тұрады. Қазақ халқының метафорасы мәдени-ұлттық дүниетанымға негізделген. Метафора – қазақ халқының бүкіл жан дүниесін бір жерге тоғыстырған танымның әмбебаптылағы. Дүниені метафора арқылы бейнелеп, оны түсінудің құралы ретінде санаған.

Ал, қилы-қилы заман дегені заманның қиын болғанын көрсетіп тұр. Ол дәуірдің тұрғысынан қарайтын болсақ, заманның тұрақсыздығын ру, тайпалар арасындағы қырға қабақ соғыстардың толастамағанын көзге елестету қиын емес. Асан Қайғы осы қиыншылықты терең түсінгенін және оны өзінің жыр жолдарына қосып жырлағаны заңдылық.

Зар заман ақындарының толғауларындағы ақырзаман ұғымы апокалипсис емес. Ол дәстүрлі көшпелі өркениеттің мәңгілікке жоғалуы немесе орыстардың отаршылдық саясатының күшеюі деп қабылдаған. Ең бастысы халқымыздың діліне, дініне, мәдениетіне жат еуропалық және ресейлік адами құндылықтардың халқымыздың өмір салтына да еніп кету қаупінен сақтанған. Бұл өз кезегінде дәстүрлі құндылықтарымыздың құлдырауына әкелуде мүмкін. Дана халқымыз «Қалпыңнан айырылсаң да, салтыңнан айырылма» деген өсиетін ұмытпаған абзал. Дәстүрімізден ажырамай, қазақи салтымызды келесі ұрпаққа мирас етіп қалдыруды ойлаған артық болмас.

Қазақ халқының мыңдаған жылдар бойы сақталып келе жатқан рухани құндылықтарының өзгеруіне, аяқ асты жойылуына жол бермеуіміз қажет. Заман өзгеріп, қоғамның экономикалық, саяси салалары да түрленіп, рухани-адами қасиеттер аяқасты болып жатқаны өкінішті. Қазақ халқы тұрмысының төмендеп, болмайтын дүниеге бірін-бірі өлтіріп, жазықсыз нәрестелер о дүниелік болып жатқаны туралы қайғылы жағдайлар көбейді. Кейде бәріне заман кінәлі деп, заманға ысыра салатындарда табылады.

Кез келген халық – өзіндік дәстүрмен қалыптасқан халық. Бұл арада, үйреншікті әдетпен «ой, аналар өйтпейді ғой», «мыналар бүйтпейді ғой» деп қипақтап, өзге халықтар тірлігіне қарап жалтақтаудың қажеті жоқ. Олардың дәстүрі басқа, соған сай жасар іс-әрекеті де басқа. Халықтық дәстүрін сақтауда әр халық өзінше дара [29, 53 б.]

Қазақ елі дамыған 30 елдің қатарына еніп, заманауи өркениетті елдер қатарына қосылу стратегиясын мақсат етті. Өркендеген елдердің қатарына енеміз деп жүргенде ұлттық болмысымыздан айырылып, адами құндылықтарымызды жоғалтып алмайық. Әрине, Еуропадағы стандарттар, адамның лайықты өмір сүруіне жасалған дүниелерден қашып тұрғанымыз жоқ. Біздің қазақилығымыз, құндылықтарымыздан ажырап қалмаудың амалы. Өйткені, қазақ халқы біраз дүниесінен айырылып, енді ғана етек, жеңін жинап келе жатқан жас мемлекет.

Совет заманында қазақ халқы 70 жылдан астам уақыт аралығында тіл, дін, әдет-ғұрып, дәстүр, рухани кодтарымызды жоюға қарай жетелеген заманды басынан өткізді. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана өз аузымызға қолымыз жеткенде рухани жаңғырып жоғалған дүниемізді түгендей бастадық. Егемендіктің туын желбіреткен сәттен бастап, заман да, қоғам да, адамдарда айтарлықтай өзгерді. Тәуелсіздік заманы туды. Бұл тұста, заман құндылықтарды реставрациялаушы қызметін атқарғандай.

Құндылықтар трансформацияға ұшырай бастады. Ол әсіресе ұлттық мемлекетті құру кезінде күшейе түсті. Тәуелсіздікке жеткен мемлекеттерде ұлттық құндылықтарға деген қызығушылық артады. Азаматтар құндылықтармен өмір сүре бастады. Оларға ең керегі күнделікті өмірге қажетті құндылықтар иерархиясы. Осыған байланысты, мемлекетімізге ұлттық идеология емес, халықтың басын біріктіретін қарапайым құндылықтар қажет деген ойға келеміз.

Сонымен, қорыта айтқанда, құндылықтың басты белгісі оның бойында адамға игі ықпал ететін қасиеттердің болуымен сипатталады. Адамшылдық құндылықтармен айналысатын саланы гуманистік аксиология деп атауға болады.

Бостандық, азаттық, тәуелсіздік идеясы жаратылысынан еркіндік сүйгіш қазақ халқының өмірінің мәнін, негізін құрайтыны анық. Соңғы екі-үш ғасырда отаршыл саясатқа қарсы жүргізілген үш жүзден астам көтерілістің өзі нені көрсетеді? Құдайға шүкір, халқымыздың аңсаған ұлттық тәуелсіздігіне де қол жеткізіп, бүкіл әлем мойындаған дербес елге айналдық. Алайда, қазіргі жаһандану заманында бәсекелестікке төтеп беру де оңай шаруа емес. Ұлттық намыс пен жігерді жани, ұлттық рухты асқақтата түсу керек деп ойлаймын. Бұл үшін өз қазанының ішінде қайнап қана қоймай, одан асып төгіліп, өзіміздің тамаша ұлттық құндылықтарымызды сыртқы әлемге де таныта білуіміз керек. Қазіргі қазақ философиясының мәні барлық жағынан алғандағы еркіндік және еркін ойлайтын тұлғаны қалыптастыру мәселесімен астасып жатады [30, 47 б].

Белгілі психолог, зерттеуші, американдық кәсіби және ғылыми психологиялық қоғамдардың мүшесі Абрахам Маслоу адами қажеттіліктерді де төмендегідей пирамида үлгісіне салған: «бірінші – қоректену, азықтану сияқты физиологиялық қажеттіліктер, екінші – адамдардың қорғанышы мен өзін сақтау үшін болатын қауіпсіздік қажеттілігі, үшінші – сезім мен сенімді, өзгелермен қарым-қатынасты қажет ететін махаббат қажеттілігі. Төртінші – адам өзінің бастапқы үш қажеттілігін қанағаттандырып алғаннан кейін, өзін өзгелерге мойындатуы, өзін құрметтеу сияқты – мойындаушылық қажеттілігін туындата

алады, одан соң адам өзінің мақсаты мен міндеттерін орындау үшін – өзін-өзі ашу қажеттілігіне кезігеді, алтыншысы – әсемдікке ұмтылу мен ішкі рухани дүниесін қанағаттандыруды мақсат ететін – эстетикалық қажеттілігі» [31, с. 44]. Абрахам Маслоу оларды пирамида түрінде орналастырғандықтан, біріншісі, ең соңғы, соңғысы ең жоғарғы болып, яғни, төменнен жоғарыға қарай көрсетілді.

Осы қажеттіліктерді құндылықтар рөлімен алмастырсақ, қоғамдағы әлеуметтік құндылықтарды да осылай иерархияға орналастырамыз. Мәселен, аскеттік өмір стилін ұстанатындарда ең жоғары құндылық рухани құндылық. Капиталистік жүйеде, прагматизм, оның ішінде утилитаризм ағымында ол - материалдық құндылық, яғни ақша мен байлық бірінші орында.

Заман өзгерген сайын құндылықтар да ауыса түсетіндігін ескерсек, Совет одағы тұсында бізде капитал басты құндылық болған жоқ. Ол кездерде бәрі мемлекет алдында тең, жеке меншік деген болмады. Жоспарлы экономика, бір партиялық жүйенің өмірі ұзаққа созылмады. Бірақта, адами қасиеттер, құндылықтарға көбірек мән берілді. Барлығы тең, мемлекеттің қамқорлығында болып, халықты масылдыққа, жалқаулыққа үйретті. Ал, нарықтық экономикада ақша мен байлық бірінші орынға шықты.

1937 жылдардағы ашаршылық заманда Абрахам Маслоудың атап өткен ең төменгі бірінші және екінші құндылықтары: қоректену, азықтану сияқты физиологиялық қажеттіліктер, адамдардың қорғанышы мен өзін сақтау үшін болатын қауіпсіздік қажеттілігі жоғары баспалдаққа көтеріліп, аса маңызды құндылықтарға айналды. Ал ең жоғары тұрған эстетикалық қажеттілік, керісінше, ең төменгі сатыға түсті. Әрине, ол уақытша, өтпелі заманға байланысты. Бұл жерде заман құндылықтардың иерархиясын да өзгертіп жіберді.

Ақпараттық қоғамда басты құндылық ақпарат көзі. Ақпарат кімде болса, билік сонда деген түсінікте бар. Бірақ, нанотехнология мен цифрлық даму, жасыл экономика, интеллектуалдық пен креативтілік ХХІ ғасырдың атрибутына айналды. Бұлардың барлығы әр сәт сайын өзгеріп отыруы ықтимал. Болашақта табиғат қорларының сарқылған заманында жасыл экономика ең басты құндылыққа айналары сөзсіз. Себебі, ақыр заман мифі абстрактілі мүмкіндіктен реалды мүмкіндікке айналып, адамзаттың алдында болу мен болмау мәселесін қойды.

Антропологиялық-экзистенциалдық аспект.

Бұл жерде заманның тек халыққа, яғни, оны құрайтын субъектілер – адамдарға ғана байланысты екендігінде. Адамдардың заманды қабылдауы олардың санасынан тыс бола алмайтындығында. Қоғам келбеті, оған деген ұмтылыс бір сәт те санасынан шықпайды. Адамзат мың құбылып жатқан әрбір құбылыс пен қоғамдағы өзгерістерді тұтастандырып, «заман» түсінігімен берген.

Заман қазақ халқы түсінігіне орай, экзистенциалдық мәнде. Зерттеуші, философия ғылымдарының докторы, профессор Гүлжиһан Нұрышева атап өткендей, «Қазақ философиясының сипаты негізінен алғанда, экзистенциалдық, яғни, өмір мәнділік мәселелер мен ғұмыр кешудің сан алуан қырларына көбірек арналады» [32, 15 б].

Қазақ философиясының өзегі өмір сүру. Қазақ халқы өмір сүргенге өте ұқыптылықпен қараған. Өмір сүрудің өзі құндылық. Жай ғана өмір сүру емес, адамша өмір сүруді мұрат еткен. Өмірге қажетті қарапайым қажеттіліктерді қадірлеп, бағалаған. Өмір сүруден туындайтын өмір мәнділік мәселелерді күн тәртібінен түсірген емес.

Әрине, заман ұғымын тұтастай батыстық экзистенциалдық негізде сараптауға да болмайды. Дегенмен, сәйкес келетін қырлары мен ұлттық экзистенциализмді қатар қойып зерделеу де қисынға келеді.

Жаугершілік заман таза өмір мәнділік экзистенция. Ол – елі мен жерін қорғау үшін жауға аттанып, қайтып оралуы мен оралмауы қыл үстінде тұрған және тұтқиылдан шапқан жаулардан қорғану үшін өлім мен өмірдің алдында тұрған жанпидалық заман. Жаугершілік заманда, ержүректілік, намыс, қайсарлық, ептілік пен айлакерлік, төзімділік басты құндылықтар. Дүниеге келген әрбір ер баланы «болашақ әскер», «батыр» ретінде қабылдады. Ол кезде жау қолынан ерлікпен қаза табу да жоғары мәртебе. Содан болар қазақ халқы «Еркек тоқты құрбандық» деген мақалды бекер айтпаған.

Сонымен қатар, батыс экзистенциализміне қарағанда, жоғарыда айтқандай, заман кей сәттерде, оптимистік тұрғыда қолданылады. Демек, жоғарыдағы талдауларға сүйене отырып, заманның экзистенциалдық қырларын былайша жинақтап көрсетеміз;

- қазақ халқы үшін заман ғұмыр кешіп отырған кеңістік пен уақыттың шартты өлшемі, оның ұрпақтар шеңберіндегі тұтастығы, онда халқымыздың тарихы мен өмір мәнділік ұстанымдарын ыр;

- заманды тағдыр ретінде де мойындау: өлім мен өмір, болу мен болмау, демек, ол адамдарға берілген мүмкіндік қана, ал оның шындыққа айналуы адамдар еркінен тыс күшке бағындырылған. Яғни, адамдар тағдыр сыйлығына, заман тәлкегіне даяр болуы керек.

«Өмір – ол үлкен жол. Өмір адамға бір – ақ рет берілген үлкен сый. Өмірдің мәні адалдық, адамдықта. Өмір арнасы кең өзен, сол өзеннен өз арнамызды тауып ағу біздің басты мақсатымыз. Ал өз мақсатымызға жету оңай емес, ол үшін қандай да бір қиындықтарға, кедергілерге кездесуіміз мүмкін. Енді біреулерге қиындықтар кездеспеуі де мүмкін. Сондай кездерде біреулерге қызғаншақтық, көре алмаушылық танытпай, өз мақсатымыз үшін күресе білуіміз керек. Өзіміздің күшті жақтарымызды көрсетіп, әлсіздік, шарасыздық танытпауымыз да. Біз өз өміріміз үшін өмір сүруге тиіспіз» - [33]. Өмір туралы бұл толғаныста өмірдің бірақ рет берілетіндігін ескеріп, өмір үшін күресудің оңай еместігіне мән берілген. Алдына мақсат қойып сол үшін күресу адамның өзіне байланысты. Қазақи дүниетанымда қамшының сабындай қысқа өмірде алдына мақсат қойып, оған жетудің маңыздылығына өмір мәнділік баға берілген.

Демек, заман мен өмір ұғымдары бірін-бірі толықтыратын жақын ұғымдар. Заман ағысы ұнамаса оған наразылық білдіру, сөйтіп, заманды жөндеудің үлгісін Доспамбет жырау, Ақтамберді жыр жолдарынан кездестіреміз, бұл сарын ер Махамбет дүниетанымында өз жалғасын табады. Заманға қатысты қазақ тарихында ақын-жазушылардың жырлары көптеп кездеседі.

Заман - халыққа жарқын болашақ сыйлайды. Сондықтан, келер заман, болашақ заман, үмітті үкілеген заманға айналады деген түсінік қазақ халқының дүниетанымына берік орныққан. Мысалға, Асан Қайғының «Жерұйығы» болашақтан үміт күттіретін идея. Асан Қайғының идеясын салыстырмалы түрде Томаза Кампанелла, Томас Мор, Роберт Оуэн сияқты утопист философтардың еңбектерімен салыстыруға да, жеке бөліп қарастыруға да әбден болады. Бірақта, Асан қайғы утопист емес, ол, реалист ретінде қазақ халқына шұрайлы, жанға жайлы құтты қоныс іздеуімен құнды. Ең бастысы құтты мекенді тапты. Ол қазақ елі - Қазақстан!

«Заман» ұғымы сан қырлы, жан-жақты ұғым. Тек әдеби тұрғыдан емес, тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени және философиялық жағынан қарастыруға болатын әмбебап категория. Заман ұғымын саяси тұрғыдан қарайтын болсақ, заманның құндылықтарына, сол кезде өмір сүрген ойшыл, қайраткерлердің шығармаларына қарап, биліктің кейпін, басқарушы хан, көшбасшылардың саяси жүйесін көреміз. Сол арқылы заманның заңдылықтарын, ой даму бағытын білеміз. Биліктің басқару жүйесі мен заң шығарушы органдардың құрылымын, тетіктерінен хабар береді.

«Қилы заман» концепциясы әншейін айтылған метафора емес. Бұл ескерту. Адамзатты қауіптен сақтандыру. Болашаққа бекем болу. Ертең бүгінгідей бола бермейді. Ертеңгі күн өз санасымен келеді. Ертеңгі күннің кейіпкері де бөтен, бөгде демек ертеңгінің түсінігі де, өзгеше болмақ [34, 259 б.].

Қазақ халқы өмірін үнемі болашақпен сабақтап, одан үміт күткен. Бүгінгі күн, ертеңгі күннен әлде қайда жақсы болатындығына сенген. Болашақ үшін, барын жинап, тығып, ертеңгі күнді ойлау тек қазаққа ғана тән әдет шығар. Асан Қайғы алда осындай қиын күн тұрғанын біліп, қазақ хандығының басындағы сұлтандарға ескерту жасайды, қара халықтың мұң-мұқтажын елеп, ескертуін ескермеген ханды сынады.

Бұл бөлімді қорытындылайтын болсам, заман ұғымы қазақ халқының дүниетанымында жиі қолданылатын ұғым екендігіне көз жеткіземіз. Содан болар, көне көз қарияларымыз заманынан озып туған бала деп жатады. Кей кездері заманның көшінде қалғыр деп қарғап та алады. Мәселе, заманның ағынынан қалмай, заманның талабымен адами өмір сүру маңызды деп білеміз. Заманына қарай философиясы қалыптасатын қоғамда өмір сүргендіктен, ойшылдарымызда заманның соққан лүпілін, тынысын түсініп көпшілік халыққа бағыт-бағдар, кеңес, өсиет беріп отырғаны абзал.

Ең маңыздысы заманның соққан бағытына қарай замандасқа ой салу біздің міндетіміз.

1.2 Қазақ халқының тарихи санасындағы «заман», «қилы заман» ұғымдарының өмір мәнділік-тәжірибелік негіздері

Қойылып отырған мәселені талдау үшін, алдымен, «халқымыздың тарихи санасы», одан соң «заман» ұғымының ұлттық ділдегі концептуалдық негіздерін анықтаймыз. Одан кейін бұл ұғымның тарихи танымдық және тәжірибелік

жақтарын таразылап, қазақ ойшылдарының идеялары арқылы дәйектеу мәселесін анықтадық.

Тарихи сана түсінігі тым жалпы және кең ұғым болғанмен, оның белгілі бір нақты параметрлері мен шарттары, өзіндік қызметі мен сабақтастығы орныққан психологиялық-әлеуметтік құбылыс. Біздіңше, тарихи сана туралы да әртүрлі деңгейде, әртүрлі бағытта қарастыратын көзқарастарға сүйенеміз.

«Қазақ халқының тұтастығын, оның күретамыры болып табылатын ұлттық ойларды философиялық деңгейге көтеруде, рухани дүниеміз тегісінен ұлттық сипатта болуы тиіс, оның тұтастығын бұзып алмауды әруақытта ойлауымыз керек деген Ағын Қасымжановтың мына пікірін келтіреді: «жалпы алғанда бір халықтың өмір сүру салтын, заңдылықтарын екінші бір халыққа телу деген өте бір ауыр, қиын құбылыс» [35, 83 б.].

Ресей патша үкіметі, одан бергі Совет заманында ұлттық сипатымызға орасан зор қастандық жасалды. Өзіміздің табиғи болмысымыздың ерекшелігін ескермей күштеп біраз дүниелерді енгізді. Біреудің киімі, екінші адамға келмейтіндігін естерінен шығарып алғандай. Тарихқа қарап отырсақ, біздің ата-бабаларымыз ешқашанда жаулап алған елдердің салт-ғұрыптарын қабылдамаған. Бұл өте маңызды мәселе.

Біз ең алдымен, тарихи сана мәселесін қазіргі тәуелсіз ел тұрғысынан зерттеп, қайтадан бағасын беруіміз қажет. Әлі күнге дейін өткен тарихымызға баға берілген жоқ. Советтік заманда қорғалған диссертациялар, зерттеулер, ғылыми монографиялар ғылыми айналымнан шықпай, әліде пайдаланылуда. Балтық жағалауындағы мемлекеттер өз тарихын қайтадан қарап, сүзгіден өткізіп алды. Советтік заманда жарияланып, жарыққа шыққан зерттеулердің күшін жойып, әрқайсысының бағасын берді. Бізде бұндай шаралар қабылданбады. Айталық, Владимир Ленин, Сталинді мадақтап жазылған еңбектер том-томдап кітапхана сөрелерінде, ескерткіштерде облыс орталықтары, аудандарда әліде тұр.

Сондықтанда, тарихи санамызды жаңғыртып, ұлттық мүдде, тәуелсіздік тұрғысынан зерттеу күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Жалпы гуманитарлық ғылым салаларын бір ізділікке салып, практикалық жағын күшейтетін сәт туды. Елдің бірлігіне, болашағына қызмет ететін идеяларды насихаттап, түсіндіру жұмыстарын жүргізген абзал. «Қоғамда тарихи сана дұрыс қалыптаспай, ұлттық сананың жаңғыруы мүмкін емес. Өйткені, ұлттық танымның өзегі – тарихи сана. Ал тарихи сананың қалыптасуында ақиқатты арқау еткен шынайы тарих пен халықтың байырғы қайнарынан сусындап, салт-дәстүрдің алтын арқауына байланған руханияттың рөлі зор. Өткен замандарға көз жіберсек: тарихи санасы жансызданған этностың белгісі – өзінің даму үрдісіндегі ақиқат болмысын парықтау қабілетінен айырылып, асылын бағалай алмайтын, басқаның жасығын малданатын, санасы қортық, өзін басқадан кем санайтын, кембағал түсінік сияқты сипаттары болады екен» [36].

Тарихи санамыз сан тарапта. Тәуелсіз ел болғанға дейінгі жазылып, хатталған дүниелерден айырылмай, көтеріп соларды әліде өмірімізде пайдаланып келеміз. Керегі бар ма? Оған бас қатырып жатқан ешкім жоқ.

Тарихымызды теріс оқытып келген тарихи кітаптарды айналымнан алу мүмкін болмай тұр. Еріккеннің бәрі тарих жазып, кітап дүкендеріне, одан қалса мектептерге таратуда. Бұл жерде мемлекеттік білім беру мекемелерінде сараптамадан өткен, оң бағасын алған зерттеулер ғана таратуға рұқсат берілсе жөн болар еді.

Тарихи санаға қатысты арнаулы ғылыми әдебиетте, бұқара көпшілік әдебиетте де өте көп айтылғанымен, қазіргі зерттеушілік ахуал осы тарихи сана мазмұнының айқын, нақты түсінігін бере алмайды. «Тарихи сана» ұғымының бұлыңғырлығы мен көпқырлылығы оны талдауға біршама қиындықтар тудырады. Бұл қиыншылықтар осы мәселені шешудің жалпы тұжырымдамалық негізінің болмауымен, бұл рухани феноменнің мазмұнын, «шектерін», уақыттық сипаттамаларын анықтаудың күрделілігімен сипатталады. Мұндай жағдайда тарихи құбылыстар мен үдерістерді талдаудың философиялық әдіс-тәсілдерін пайдалану анағұрлым тиімді көрінеді. Философиялық тәсіл тарихи сананың алуан түрлі формаларының мәнін түсіндіріп, оның қоғамдық сана жүйесіндегі орны мен ролін анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, оның әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі қырын ашуға да септігін тигізеді - [15, 13 б.].

Автор бұл еңбегінде тарихи сана - мифология, фольклор, эпос, көркем туындылар, жылнама, шежіре негізінде қалыптасатындығын талдап көрсетеді. Қазақ халқының тарихи санасында кездесетін әлеуметтік-утопиялық идеяларға мән беріп, халықтың көңіл күйінен белгі беретін аңыз, қиссалармен түсіндіреді. Ақиқатын айтқанда, тарихи санамызды қалыптастыратын ежелгі әдеби, эпостық, мифологиялық, тарихи көркем шығармалар екендігіне көз жеткіземіз. Қазақтың аңыз, афсаналарын тереңірек талдап, ертегілерімізді көбірек насихаттау қажет. Айталық, Ертөстік ертегісінің кейбір сәттерінде көркем образдарды жаман көрсетіп жіберген. Бұндай мысалдар көптеп кездеседі. Ғалым тарихи сананы талдай келе мынандай қорытындыға келеді: «Қазіргі тарихи сананың өзгерісінде тарих ғылымы үлкен рөл ойнауы тиіс. Тарихи таным мен тарихи сананың диалектикалық арақатынасында тарихи сананың мазмұнын нақты толтыратын тарихи таным алдыңғы орында болады. Тарих ғылымын бүгінгі әдіснамалық хаостан шығару үшін әлемдік тарих ғылымын, ондағы танымдық құралдар мен тәсілдерді терең әрі жүйелі талдап зерттеу қажет. Ғылымды жаңарту қоғамды жаңартудан бір де кем түспейтін ұзақ та күрделі үдеріс» [15, 264 б.].

Ұлттық тарихи сананы адам танымына қарай қарастырған жөн. Тарихи сананы қайта қарастыру үрдісінде тарихтың ролін арттырып, өткен тарихи оқиғаларға объективті баға берілсе. Тарих - даталар мен оқиғалардың тізбесі емес. Бұл жерде тарих философиясының алатын орны айрықша. Себебі кез-келген тарихи құбылыс немесе оқиғаның өз мәні мен маңызы бар. Себеп пен салдарында ұмытпаған жөн. Тарихи сана - тарихи таным ізденісінің көкжиегін арттырады. Шындығында да, ұлттық тарихи сана сол халықтың бүкіл өмір сүрген кезеңдерінің тұтас жиынтығын жадыда сақтайтын ғылыми және күнделікті-тұрмыстық танымы. Бұл жай ғана өткенді игеріп, оны зерттеп, жаттап алу емес, өзі ұлтының және өзінің тегін, арғы түп негіздерін тану арқылы, болашаққа бой сермейтін психологиялық үдеріс. Сондықтан да, ұлттық тарихи

сана – ұлттық таным, ұлттық ділдің сабақтасуы, ұлттық бірегейлікті сақтау деген сөз. Тарихи сана өз тарихын танудың кепілі ғана емес, оны терең түйсінудің, сезінудің ақиқат форматтарымен келіп қабысады.

Осыған орай, отандық зерттеуші, философия ғылымдарының кандидаты Үмбетхан Сәрсембин өз ойын былайша түйіндейді: «Жеке адамның танымында, ой-өрістің шеңберінде орын алып отыратын тарихи сана құбылысының басты белгілері тарихтың рухын бағалау, тағылымын ескеру, тәжірибесін иелену, оны өмірде дұрыс пайдалана білу, қарапайым жанашыр болу. Яғни тарихи сана - деп адамның ой-өрісі мен тағылымының тарих тәжірибесіне сүйенуін айтамыз» [37].

Тарихи сана мен тарихи жады түптеп келгенде, сол этностың басынан өткізген оқиғалары мен нақты өмірі болуымен қатар, өзара байланыста болатын, бірін-бірі толықтырып тұратын халықтың ділі мен дүниетанымының жиынтығы мен оны сақтауы.

Яғни, тарихи оқиғалар мен халықтың дүниетанымы бірінен-бірі туындайтын экспозициялар. Олай болса, біз қарастырып отырған тарихи санадағы «заман» түсінігі ұлтымыздың дүниетанымындағы төлтума ұғым болғандықтан, сол халықтың дүниетанымын толығырақ зерттей түсумен өз мәнін кеңірек аша түседі.

Ендеше, келесі кезекте, біз, халқымыздың тарихи санасындағы заман ұғымына философиялық талдаулар жасаймыз. Әрине, бұл ұғымның әрбір кезең мен уақыт сайын әр түрлі мағыналарда құбылып отыратындығы анық. Дегенмен, сол кезеңнің тынысына байланысты түрлі мағыналар айқындалады.

«Фольклор – әлемдегі барша халықтардың ұлттық мәдениетінің қайнар бұлағы, тарихи жадының, дәстүрлі дүниетанымының алтын қоры, рухани жан дүниесінің айнасы. Елдің ежелгі дүние танымын саралауда, өмір салты мен рухани әлемін бағамдауда одан өткен қазына, құнды да құнарлы дерек көзі жоқ. Сондықтан да ол қай халықтың болмасын этникалық тек тамырын танып, ұлттық келбетін айқындап, келешекке бағдар түзеуде ұсынатын темір қазығы болып табылады» [38, 5 б.].

Әдебиет зерттеушісі, ғалым Кенжехан Матыжанов отбасында күнделікті қолданып жүрген әдет-ғұрыптардың астарында терең ой, тағылым жатқанын кейде түсіне бермейміз дейді. Қазақ халқының ертегі, әфсана, батырлар жыры, эпостық жырлар өткен заманның қандай да бір белгілер немесе тарихи оқиғалардан хабар береді.

Фольклорлық сана – өткен заманның бір күні емес, қазақ дүниетанымының бір көрінісі ретінде бүгінгі күндеде жаңғырып қолданылуда. Шығармашылық ізденістің биік деңгейін көрсететін мәңгілік мұра. Осындай рухани бәйтерегімізден аластатуға қаншама қадамдар жасалды.

Ерте замандарда халқымыздың тұрмыс тіршілігі жоғарыда айтқан фольклорлық санада жатталып, бізге жетті. Тарихи санамызды жаңғыртуда осындай аңыздардың алатын орны зор. Бұндай ертегі, әфсаналардың ауызша тарап келе жатқанына бірнеше ғасырдың жүзі болғаны анық. Себебі, олардың пайда болған хронологиялық нақты уақыттары белгісіз. Бірақ белгісіздіктің өзі заманға тылсымдық мағына беріп мәтін мазмұнының эстетикасын арттыра

түседі.

Осыған байланысты, тағы бір сөздің басын анықтап алуды жөн санадым. Қазіргі лексикамызда, тарих ғылымында «біздің дәуірімізге дейінгі кезең (б.д.д)» деген сөз тіркесін «арғы заман», «байырғы заман» деп атасақ (Abai.kz сайтында жарияланған мақала). Себебі арғы заман деп, қазіргі жыл санауымызға дейінгі кезеңді толықтай осылай атауға толық негіз бар.

Ата-бабаларымыз сонау арғы (байырғы) замандарда деген сөз тіркестерді жиі айтқан. Арғы ата-бабаларымыз немесе арғы-бергі тарихымызда деген сөз тіркестерін айтып жатамыз. Өмірдің арғы жағы немесе бергі жағы деген ұғымдарда кездеседі. Хакім Абайда арғы заман деген сөзді қолданған. Демек, бертінгі, қазіргі заман болса «арғы заман» болуы заңды. Біздің арғы ата-бабаларымыз сақ, ғұн болған деп жатамыз. Адамның арғы тегі қайдан шыққандығы туралы сөзде бар. Арғы тегің қайдан шыққан деген сауалдарға да жауап іздейміз. Демек, біздің өмірімізге дейінгі кезеңді бір сөзбен «арғы заман» деп атасақ. Арғы заманның өз ерекшелігімен қатар, тарихы бар үлкен кезең. Бұдан шығатын қорытынды Советтік заманда рухани өмірімізге, лексикамызға, оқулықтарға еніп кеткен «біздің дәуірімізге дейінгі кезең», «көне дәуір» деген ұғымдардан арылып, қазақтың қанында, дүниетанымында сайрап жатқан «арғы заман» ұғымын ендігі шығатын оқулықтарға енгізуді қолға алған жөн.

Советтік заманда тарихымыз ең әуелі орыс тілінде, одан кейін қазақшаға аударылғанын ескерсек, қазаққа тән ұғымдар мен сөздің мәнінен алшақтап қалғанымыз байқалады. Аударма сөз бен қолдан жасалған тарихтың құнары, салмағы, дәмі болмайтыны тағы бар. Содан болар, қазіргі заманда кез-келген сөздің тамырына мән беріп, арғы мағынасын іздейтіндігіміз шындық. Өміріміз тылсымға толы. Сол тылсым халық ауыз әдебиеттерінде, эпостық жырларда тұнып тұр. Негізінен, қазақи дүниетанымда тылсым өмірдің жұмбақтары өте көп. Адамның ақыл-ойы түсіндіріп бере алмайтын дүниені тылсым деп атаған. Тылсым дүниелер күнделікті өмірде жиі кездеседі. Оның мән, маңызын түсіндіруде қиын. Жұмбағы көп, жауабы жоқ, тылсым дүниелердің сырын әлі күнге дейін ашу мүмкін болмауда. Дүниенің тылсымға толы болғаны осындай ізденістерге түркі болып, елдік сананы, тарихи сананы жаңғыртты.

«Жалпы, Шығыстың бай философиялық және әлеуметтік ойы, оның ішінде қазақ халқының философиялық-дүниетанымдық ойы батыстағыдай қалыптасқан негізінен рационалдық жүйелерде емес, поэзияда, фольклорда, ауыз әдебиетінде, мифологияда, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде, халықтық салт-дәстүрлерде және ұлттық ырымдарда жатыр. Адам мен әлемнің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануы, сөйтіп өзін басқаға танытуы, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан философия» - деп атаған [39, 55 б.].

Әрине, Батыстық христиандық ойлау жүйесі мен Шығыстық мұсылмандық

философияны салыстыру мүмкін емес. Әрқайсының өзіндік өзгеше белгілері мен парадигмалары мүлдем басқа. Айталық, Қазақ философиясы таза исламдық дүниетаным емес. Біздің түсінік түркілік, дәстүршілдікке жақын. Ата-бабаларымыз дінді дәстүр ретінде қабылдап өмір сүрген. Қатты діншілдікке бет бұрмағандығын жоғарыда аталған аңыз, афсана, эпостық жырларда сайрап тұр.

«Халықтың ұзақ замандарда бастан кешіргендерінің «ауызша» таралған көркем тарихы – дастандар, толғаулар, термелер ғасырлар үнін жеткізген, бұрынғылардың бүгінгілерге қалдырған аманаты, ескірмейтін ескерткіші десек, сол қазынаны сұлу сазға бөлеп орындаушы ақын, жырау, жыршы, термешілер еңбегі қалай көтеріліп қастерлеуге де лайық» - [40, 162 б.].

Ұлы даланың сайын даласында бабаларымыз табиғаттан шабыт алып, әдемі өмір сүрді. Шерге толы сезімдерін көркем бейнелеп тебірене жырға қосты. Халық ауыз әдебиетінің озық үлгісі қалыптасып, өмір философиясымен ұштасты. Дүниенің кілтін іздеп, үнемі ізденісте, ат үстінде өмір сүрді. Ерлік пен елдікті ту етіп, өмірдің мәніне айналдырды. Халықтың тарихи жадысына сіңіп, бізге, ұрпақтан ұрпаққа жеткенін қастерлеу маңызды.

Тарихи санамызда өмір Алланың сыйы. Өмірде адамша өмір сүріп, артында жақсы сөз қалып, табиғатпен үйлесімде болу. Қазақ халқының жақсы бір қасиеті өмірді сезімге толтыра білгендігі. Хакім Абайша айтқанда «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сенде сүй, ол алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және хақ жолы осы әділетті» деген сөзі еске түседі.

Отандық философияда заман ұғымын жіктеп және тарихи сананы ұлттық ой тұрғысынан зерттеп сапалық мазмұн беріп жүрген дінтанушы, профессор Бақытжан Сатершиновты атар едім. Ғалым қазақ дүниетанымындағы замандарды тарихи санасы мен өмір сүрген кезеңдерге байланысты алғаш рет төмендегідей жіктеп көрсетеді:

1). Алтын заман – Алтын Орда тұсындағы қазақ пен ноғай бірлігі. Еуразиялық Ұлы Дала – көшпенді өркениетінің шарықтау шегі. Бұл дәуірдің тарихи санасы «Қырымның қырық батыры», «Ерқосай», «Еркөкше» т.б. эпостық жырлардан көрініс табады.

2). Қилы заман – қазақ пен ноғайдың айрылысып, қалауы ауыр кезеңде көшпенділікті таңдап қоныс аудару, дербес мемлекеттік құрып, оны сыртқы жаулардан қорғау. Бұл кезеңнің тарихи санасын XV-XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ жырауларының (Дайырқожа, Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей, Бұқар жырау және т.б.) авторлық поэзиясы арқылы сипаттауға болады.

3). Зар заман – еуразияшылдық көшпенділіктің жаппай дағдарысы, тіуелсіздіктен айырылып, көшпенділердің соңғы тұяғы – қазақтардың Ресей империясының боданына айналуы. Еркіндік пен бодандықтың, дәстүр мен еуропалық метрополиядан енген жаңа тәртіптердің шегіне жете шиеленісуі Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы және Мұрат Мөңкеұлы сияқты «зар заман» ағымы ақындарының шығармалары арқылы паймдалады.

4). Жаңа заман – XX ғасырдың басынан бастап бүкіл Шығыс елдерін қамтыған реформаторлық қозғалыс батыстық империализмге қарсы және өз

қоғамдарының мәдени-этностық және саяси жолын анықтаудағы күреске ұласып, ұлттық сана оянып, ұлтжандылық өз күшіне енді. Модернизм тарихи санада Ағартушылықтан (Шоқан, Абай, Ыбырай) басталып, Алаш қозғалысына ұласты, ұлттық идея ретінде «Түркістан», «Алаш», «Қазақ» идеялары көтерілді.

5). Қазіргі заман – Еуразиялық алып кеңестікте Ресей империясының орнына Кеңестер Одағы келді. Бұл кезеңде қазақтар, басқа да осы территориядағы түркі тектес халықтар сияқты тоталитаризмнің бұғауын бастан кешіріп, ұлттық дәстүрлі мәдениетінен айырылудың аз-ақ алдында қалды. Қазақ халқының кейінгі тарихи санасының дамуы индустриалдық және постиндустриалдық қоғамдарға енумен сипатталатын жаңарту (модерндеу) және жаһандану құбылыстарының салдарынан елеулі өзгерістерге ұшырады [41, 27-28 б.б.].

Тарихи сана үзілмейтін ұзақ үрдіс. Оны жеке-жеке қарастырып, бөлшектеуге мүлде болмайды. Тарихи сананы тұтас организм ретінде қараған жөн. Себебі бір жерден ақау шығып, басқа бағытқа кетсе, тарихи санамызда адаса бастайды. Тарихи сана мен заман бір-бірін толықтырушы. Тарихи санамыз қалыптаспай, заман туралы түсініктің болуы да екі талай.

Сондықтанда, заман туралы толғаныстар тек теориялық үлгілер ғана емес, таза-өмір мәнділік мәселелерді толғайтын, сол дәуірдің тарихи ащы шындығын бейнелейтін нақты өмір тәжірибесі, тарихи оқиғалар желісі.

«Ең алдымен экономикалық жағын емес, әлеуметтік жағдайларды, яғни әлеуметтік байланыстар формасын көрсету қажет. Себебі, қазақ қоғамында жеке адамның орны экономикалық емес, туыстық байланыстармен анықталады... Туыстық адамдардың қатар өмір сүруінің шынайы негізін құрайды және негізгі әлеуметтік құндылықтар болып табылады. Қазақстанның рухани өмірі: тарих және қазіргі заманды, сондықтан оның өмір сүру принципі байланыстың (аймақтық, ауылшаруашылық, саяси және т.б.) барлық желісіне әсер етеді» [42, 195 б.].

Заман ұғымын айтқанда ең алдымен тарихи кезеңмен байланыстылығын атап өткен жөн. Тарихи процестер, оқиғалар заманның шынайы келбетін аша түседі. XV ғасырдағы тарихи процестер, оқиғалардың шиеленісуі, саяси құрылым, әлеуметтік жағдайларға баса назар аударуды ескертуде. Яғни, Асан Қайғы шығармашылығын, жыр жолдарын сол заманның көзімен қарау қажеттілігі туындайды.

Сондықтан да, жоғарыда көрсетілгендей, заман түсінігін тек концептуалды тұрғыдан ғана зерделеп қоймай, оның қоғамдық өмірдегі тәжірибелік және өмір мәнділік қырларына баса назар аударып, рационалды рефлексия жасау қажеттілігіне мән берген жөн. Рефлексия - адамның өз білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау арқылы қорытынды жасау. Ой қорытынды шығару. Жаңа мақсаттарға қол жеткізудің келесі бір сатысы.

Жыраулар философиясындағы жердің құнары туралы ой толғамдар ұлттық рухты көтерудің мәселесіне де айналған. Жырау қазынасы – ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Адам баласының рухани қалыптасуының,

элеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен шығып халық алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі [43, 319-320 б. б.].

Жыраулар поэзиясында заман туралы толғанған алғашқы ойшылдардың бірі – Асан Қайғы идеясында ұлттық қауіпсіздік пен болашақ мәселесі жырға қосылып, күн тәртібіне шығады. Олай болуы да заңдылық. Себебі, халықтың, қазақ хандығының тағдыры қыл үстінде. Сондағы қолынан келетін міндеті сол замандағы ел баққан Жәнібек ханға келіп, былайша қаратпа жырын төгеді:

«Ай, хан, мен айтпасам білмейсің, Айтқаныма көнбейсің. Шабылып жатқан халқың бар, Аймағын көздеп көрмейсің. Қымыз ішіп қызарып, Мастанып, қызып терлейсің...Қатын алдың қарадан, Айрылдың хандық жорадан, Ел ұстайтын ұл таппас, Айрылар ата мұрадан! Мұны неге білмейсің!? Құладың құстың құлы еді, Тышқан жеп жүнін түледі, – Аққу құстың төресі. Ен жайлап көлде жүр еді. Аңдып жүрген көп дұспан, Елге жау боп келеді...Ай, Жәнібек ойласаң, Қилықилы заман болмай ма, Суда жүрген ақ шортан, Қарағай басын шалмай ма, Мұны неге білмейсің? Хош-аман бол Жәнібек, Енді мені көрмейсің!» [44, 24 б.б.].

Асан Қайғы бабамыздың ханға қарата айтылған сыни көзқарастары, халқы мен елінің болашағы туралы пайымдаулары, сайып келгенде, «Қилы заман» деген ұғымды туғызған. Қилы заман аласапыран, тайталас, күрделі қоғамдық ахуалдарды білдіретін ұғым. Болашақ қазақ қоғамының беталысын алдымен билеушінің парасатты болуынан іздейді. Асан Қайғы пайымдауындағы «хан» ел өміріндегі барлық оқиғаларды жүйелеп, бақылап отыратын тұлға болуы шарт. Дала ойшылы ескерткен осы жағдайлар қазіргі кезеңде өзектілігімен құнды. Суда жүрген шортан балықтың қарағай басына шығуы мүмкін емес сияқты болып көрінеді, дегенмен, бұл заманның адам сенбес оқиғаларға толы екендігін күнделікті өмірден көрудеміз.

Мифтік және авраамдық діндердегі катаклизм идеясы негізінен осы заманның ақырына негізделген. Бірақ, катаклизмнің өзі жалпы ұғым. Біріншіден, бүкіл әлемдік хаос пен бейберекетсіздік, екіншіден, жалпы адамзаттық катаклизм, үшіншіден, белгілі бір ұлт пен халықтың жойылуы туралы, одан соң, жеке адамдардың, тіпті жер бетіндегі тіршілік атаулының құрдымға кететіндігі туралы айтылады. Бұл жердегі Асан Қайғыдан бастау алған ұлтымыздың болашағы туралы пайымдаулары, табиғи эволюциядағы ақыр заманмен келіп үндеседі.

Адамның дүниедегі құбылыстарды қалай қабылдауына байланысты оптимист немесе пессимист болып бөлінетіндігі анық. Пессимистер зар заманынан кейін ақырзаман болатындығына сеніп өмір сүреді. Болашақта заманның түзелетіндігіне күмәнмен қарап, өмірден баз кешіп, қайғы-мұңға батады. Сондықтан, болар жыраулар философиясындағы дүниеге көзқарас болашаққа деген алаңдаушылықтан туған. Олар реалистік бағыттағы ойшылдар. Елдің, жердің тағдырына сарыуаймшылдыққа беріліп, болашаққа үмітпен қараған. Дүниені қатып қалған емес үнемі өзгерісте болатындығына иланған. Сол өзгерістерден жақсылық күткен. Бұндай астарлы ой антика, ортағасыр, қайта

өрлеу замандарында кездеседі. Айталық, аға буынның жастарға көңіл толмауы заңдылық. Көңіл күйде үнемі өзгермелі. Бірде көңіліп толып шаттанасың, бірде заманға өкпелеп мұңайасың.

Жаманнан туған жақсы бар,

Адам айтса нанғысыз.

Жақсыдан туған жаман бар,

Күндердің күні болғанда,

Бір аяқ асқа алғысыз – деп Асан Қайғы жырлағандай тектілікті сақтау басты мәселе. Тектілік рулық, генетикалық қатынастардың жоғарғы деңгейі. Оны сақтау үлкен азаматтық. Тектілік дәстүр жалғастығы. Үлкен әулиеттің ұрпақтар арасындағы тазалығы.

Тектілік – адамның болмысындағы ата-бабасынан берілетін жақсы қасиеттердің рухани сабақтастықпен берілуі, оның ұрпақтан ұрпаққа парасаттылықтың үлгісі ретінде жалғасуы, ділде сақталуы. Тектілік құбылысының өзіндік бітім-болмысы адамның жеке ғұмырында кездейсоқ қалыптаспайды. Ол үшін кісіге ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық бейімдіктері болуға тиіс [45, 270 б].

Асан Қайғы өзінің жыр жолдарында тектілік мәселесін көтереді. Тектіліктің жәй дүние емес, оның артында аса үлкен жауапкершілік тұрғанын айтып отыр. Тектілікті сақтау – өзіңді сақтау деген сөз. Текті хан, сұлтан қалыптасқан дәстүр бойынша қара халықтан әйел алмауы тиіс, оның себебі, ел тұтқасын ұстайтын ұлды қарадан шыққан қатын дүниеге алып келе алмайтындығында. Демек, бұқара халық пен ел басқарушы топтың арасында қан араласпауы тиіс. Бұл құбылысты ол, тек әлеуметтік жағдаймен емес, табиғи-эволюциялық жолмен дамудың бір көрінісі. Сәйкесінше, құладың – төменгі таптың өкілі іспеттес, ал аққу – жоғарғы тап. Яғни, тектілікті сақтау табиғи жол. Егер де ұрпақтар азса, онда ұлтында құлдырау басталады деген сөз. Бұл үрдіске аса сақтықпен қараған. Ұрпақтардың азуы – ұлттық болмыс пен мемлекеттілікке тікелей төнген қатер. Асан бабамыздың тектілік мәселесін көтеріп, жырына арқау қылып отырғанында үлкен мән бар.

Бұл жердегі философиялық, нақтырақ айтқанда, экзистенциалдық толғау, тұрмыс мәнділік этиканың таза туындысы іспеттес. Сондықтан да, Асан Қайғы өзінің ойтолғамдарын нақты өмір шындығымен тиянақтайды. Ұлы Дала ойшылы өмірдің мәнділігін осылайша сипаттайды.

«Ұлы ғалым Мұхтар Әуезов жан-жақты толғап, ғылыми тұжырым жасай келе: «Біз жоғарыда зар заман сарыны Абылай тұсындағы екі алуан ақыннан басталады дедік: Біреу – ақылшы би, қария, екіншісі – толғаушыл жырау. Енді осы жіктің адамдары кім, соларға келейік. Әзірше, бұл жіктің алғашқысына қосатынымыз – Асан қайғы, екіншісі – Бұқар жырау. Дей келе, Асан мен Абылайды, Бұқарды жақындастырып, тұрған өздерінің ішкі түйсіктерінің мықтылығы, болашақты болжай білетін көрегендігі, данышпан сәуегейлігі деп білеміз» [46, 90 б.].

Заман ұғымына терең бойлаған жыраудың бірегейі Бұқар жырау. Өз өмір сүрген замандағы келеңсіздіктер мен адами-рухани құндылықтардың құлдырауын былайша сипаттайды:

«Ай, заман-ай, заман-ай, Түсті мынау тұман-ай, Істің бәрі күмән-ай. Баспақ, тана жиылып, Пана болған заман-ай. Құл-құтандар жиылып, Құда болған заман-ай. Арғымағын жоғалтып, Тай жүгірткен заман-ай. Азаматың құлапты, Жұрт талық болған заман-ай. Арғымақтың жалы жоқ – Жабылар жалыменен теңелер, Жақсылардың малы жоқ – Жамандар малыменен теңелер. Арғымақ жалсыз, ер малсыз, Алланың аманат қойған жаны, Қай күні алары болжалсыз!» [47, 95 б.].

Асан Қайғы көп жағдайда келер заманды бейнелеп сипаттаса, Бұқар сол дәуірдегі қоғам келбетінің қайғылы қырларына талдау жасай келе, уақыт пен кеңістіктегі қазақ қоғамындағы сәтсіздіктерге алаңдаушылық білдіреді. Болашағы күмәнді, заманы тұманды болғандықтан, оны жырау «Ай, заман-ай, заман-ай» деп «заман-ай» сөзін екі рет қайталай отырып, зарлы үнмен жырлайды. Бұл жолдағы «ай» өкініш пен қайта келместікті, заманның өрлеп емес, құлдырап бара жатқандығын, «қап, әттеген-ай» деген сарындарды білдірсе керек. Әр замандарда қазақ халқы әттегенай деген ақтандақтарды жіберіп алды. Қазақтың өз мәселесін, өзгелер шешкен замандарда өтті. Өз аузына қолы жетпей, сырттағы өзге келімсектердің қолынан бергенін алып жеген тарихи оқиғалар әліде ұмытылмады.

Келесі бір кезекте, Бұқар жырау діни ахуалды қатаң сынайды. Ол ыдыраған ноғайлардың бірнеше жыл бойы қазақтарға қосылып, діни уағыздарын жүргізуімен байланысты. Ол заманда жоғары діни сауаты барлар қожалар мен татарлар еді. Дегенмен, жырау өзінің толғауларында заманның болашағына, сол күннің келбетіне үнемі күдікпен әрі, үмітпен қарағандығын көреміз.

Бұқар жырау да медреседе оқып, діни білім алған сауатты тұлға болғандықтан, ол сырттан келген діни миссионерлік тұрпатты ағымдарға да қарсы, діни ұстанымда бір бағыттылықты қолдайды.

«Он екі айда жаз келер,
Құс алдында қаз келер,
Айтып айтпай немене,
Заманыңыз аз келер.
Сол заманың келгенде,
Ата-бабаң қол берген
Қожаларды қас көрер.
Ноғайларды ғалым деп,
Әулиедей көресің.
Ноғайлардың бойлары болар сазандай,
Сәлдесі болар қазандай,
Ахіретке барғанда, Ақ сүйекті қор тұтқан,
Ноғайларды пір тұтқан,
Тартасың сонда жазанды-ай» [47, 98-99 б.б.].

Намысыңды қайрап, бойыңа рух беретін жыр жолдары жас ұрпақтың бойына елдік, ерлік сананы оятатындығы анық. Жырауларымыздың рухты

жырлары қаншама ғасыр бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп, бізге жетті. Үш жүздің басын біріктіріп, тарихи шешімдер қабылдаған Абылайханның бас кеңесшісі болған Бұқар жыраудың жырлары әр алуан. Ондағы идея, айтар ойдың салмағы ауыр. Осындай рухты жыраулардың өмір жолы ұрпақ үшін білімі мол, рухы шексіз дүние.

Ол замандарда Бұқар жыраудың айтқан сөзі бірден шартарапқа тарап кететін. Айтты. Болды. Қазақтың жазиралы дархан даласында еш кедергісіз жетіп жатты. Осы кең далада еркін жүріп, шығармашылықпен айналысты. Осындай абыройлы, атақ-даңқы жер жарған сал-серілер, жыраулар, әулиелер қазақтың ұлы даласында мыңдап кезеседі. Әрқайсысының өзіндік орны бар.

XIX ғасырдағы «зар заман ақындарының» қатарына негізінен, әдеби зерттеулерде Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Албан Асанды жатқызады. Жыраулар толғауларының мазмұнында сол дәуірдегі және болашақтағы заманның келбетінің жағымсыз, теріс, регрессивті, құлдыраушылық қалпы көптеп кездеседі. Біздіңше, зар заман ақындарын бұлармен ғана шектеуге болмайды, аталған мәселені толғаған ақын-жыршылардың барлығында жатқызамыз. Себебі, XVIII ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына дейін қазақ халқында жырламасқа болмайтын кер заман туды. Советтік үкімет тұсында да, тәуелсіздік алғанға дейін тар заманның кейпінің формасын көрдік. Кең дүниенің тарлығын көріп, қазақ халқы ауыр жағдайды басынан өткізді. Солардың бірі Дулат Бабатайұлы (1802-1871) заман туралы көзқарастарында рухани құлдырау кезеңін былайша жеткізеді:

«Қилы-қилы заманды,
Заманға сай адамды
Салғастырып қарасам
Су мүйіз болған танадай
Шыр көбелек айналам.
Кешегі бір заманда,
Қайран қазақ қайтейін,
Мынау азған заманда
Қарасы – антқор, ханы – арам,
Батыры көсербасы аман,
Бәйбіше – тантық, бай – сараң,
Бозбаласы – бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң.
Нары – жалқау, кер табан,
Құсы – күйшіл, ат – шабан,
Жырғалаң жоқ, жобалаң.
Ебі кеткен ел болды,
Енді қайда мен барам?» [47, 198-199 б.б.]

Ақынның түсінігі бойынша, «Заман қилы-қилы», адам да сондай, бірде шөл, бірде көл. Адам қилы заманды түзеуге тырыспайды, сондықтан да ол қилы болып қала береді. Немесе, керісінше, заманды адам түземейді, себебі, адамдар заманға бет бұрған соң, қоғам сол қалпында қалады. Бұрынғы мен өткенді салыстырып,

қоғамның әлеуметтік құрылымын және отбасылық болмыстың қандай екендігін сипаттайды. Заманның бетке ұстар тұлғаларының жағымсыз кейіпке енгенін бұқара халыққа қарсы жасаған әрекеттеріне көңілі толмайды. Енді әрі қарай не істеймін, қайда барамын деген ойға келеді.

Көңілге қонбайтын жағын қанша даттап, тура айтып-айтып тастағанмен тығырықтан, заманның қиыншылығынан шығатын тетіктерін көрсетпейтіндігі. Сырттай бақылаушы, оқиғаға баға беруші ретінде ғана шектеледі.

Қоғамдағы би, батыр, әйел болмысының құлдырауын өткен заманмен қайтадан салыстыра келе, өзінің толғауын бұрынғы заманның қайта оралмайтындығы туралы пессимистік көзқараспен тиянақтайды:

«Мынау азған заманда
Сөзіңнің кетіп байлауы,
Келелі биде кезек жоқ,
Қу тиын болыс сайлауы.
Басалқа жақсы кеткен соң,
Іс айналып батылға,
Ер қайраты қор болып,
Ақыл салды қатынға,
Түзелмес енді іс болып...» [47, 198-199 б.б.].

Қазақ философиясының қайнар көзінде поэзиялық мәтіндер жатқандығы тарихтан белгілі. Аңыз, мифологияда, мақал-мәтелдерде, поэзияда дүниетанымдық ойлар орын алған. Терең танымдық дүниелер сипатталып, көркем тілде айшықталды. Соның негізінде жыраулық философия кеңінен қанат жайды. Жыраулардың дүниетанымдық шығармаларының негізінде өмірдің мәнін түсіну (экзистенциализм) мен табиғатпен бірге болу үндесіп жатты [48, 40 б.].

Жыраулардың бір ерекшелігі турашылдығында. Дүниені, оқиғаны, заманды қалай көріп тұр, сол қалпында беретіндігі. Жаға жыртысып, дауласып жатпайды. Жырды төгіп-төгіп жөнімен жүре берген. Өмірдің мәнін іздеп, үнемі ізденісте. Оларда шекара деген болмаған. Халық ауыз әдебиетінің ерекше дамығандығын осындай көріністерден байқаймыз. Сондай жыраудың бірі Орынбай Бертағылұлы (1813–1891) заманның ізгі және игі қасиеттерінің кері кетуін, ауысуын былайша түсіндіреді:

«Бастан бұлт кетпейді күн жайланып,
Сақау озды шешеннен тіл байланып.
Тұлпардан есек озып бәйге алып жүр,
Бұл күнде заман кеткен теріс айналып»
Тұлпардан есек озып бәйге алып жүр,
Бұл күнде заман кеткен теріс айналып [47, 262 б.].

Бұл жердегі «бұлт» жаңбыр жаудыратын табиғаттың бір көрінісі емес, халықтың басындағы көңілсіз күйлер мен қайғылы сарындардың жиынтығынан тұратын үнемі күн көрінбейтін ұзаққа созылып бара жатқан қайғылы өмірдің жалпы жиынтығы.

«Сақау озды шешеннен тіл байланып» деген тіркес қазіргі таңда да өзінің өзектілігі мен мағынасын жоймай келеді. Ол тек қана сақау мен шешенге байланысты емес, нағыз кәсіби маманның орнын сауатсыздардың басатындығы. Шындығында да, қазіргі жемқорлық жайлаған заманда адам өмірінің тағдырын капитал шешетіндігі анық. Құндылықтар ауысып, жаманның жақсыға, жақсының жаманға айналғандығына налиды.

XIX ғасырдағы ақын-жыраулар мектебінің өзіндік сарындары сан алуан. Бір тобы хандар мен болыстарды мадақтайтын сарай ақындары болса, енді бір тобы жергілікті жетістіктерді насихаттайтын ұлттық рухтан нәр алып, намыс пен жігерді бастапқы жоспарға шығарды. Олар тек жырау немесе жыршы, ақын ғана емес, көріпкел, көне шамандық дәстүрден тамыр тартқан болашақты болжаған сәуегейлердің бірі Шортанбай Қанайұлының (1818–1881) мынадай ойтолғаныстарынан анық байқалады:

«Әмме отырған халайық: «Ендігі заманның адамдары қандай болар, біздерге бір жауап айтыңыз?» – дейді. Сонда айтқаны:

«Бір насихат айтайын, тыңда мұны балалар! Есіткендер ұмытпа, Қайсысында сана бар? Жақсың аттан жығылса, Жаманың тұрып табалар. Ендігі сорлы бейшара, Қорыққанға барып паналар... Қари қалды ақылдан, Қастық шықты жақыннан. Ендігі күнің кем болған, Тәубе қылмай қапы өттің, Әуелгі бұрын жасыңнан... Бай кедейді көрмейді, Кедей байға ермейді, Қызметін бір күн қылмаса, Майлы сорпа бермейді – Өне байдың қайыры! Бұрынғы өткен адамның, Міне келді тайыры. Жалғанда қылған ісіңнің, Алдыңнан шығар ғайыбы... Байды құдай атқаны – Жабағы жүнін сатқаны. Кедейің қайтып күн көрер, Жаз жатақта жатқаны. Жаздай арық қазады, Күздей пішен шабады, Оны-мұны жиғанын, Шығын деп тілмаш алады... Жалғыз сиыры бар болса, Соғымына сояды, Қағаздатып бұзауын, Ноғайына қояды. Кедейге салып шығынды, Негізі байдың тояды» [47, 286 б.].

Бұл тұстағы ақынның айтар ойы әлеуметтік қабаттар туралы болып қана отырған жоқ, ол жалпы бай мен кедейді қарсы қоймайды, бірақ сол заманның байы мен қазіргі заманның байының арасындағы айырмашылықты және жемқорлықтың пайда бола бастайтындығын айтады. Мүмкін қазіргі заманды толғап отырған шығар. Өйткені, оның келешек туралы сипаттамалары бүгінгі күнге дәл келеді. «Бай кедейді көрмейді, Байды құдай атқаны – Жабағы жүнін сатқаны. Кедейің қайтып күн көрер, Жаз жатақта жатқаны. Жаздай арық қазады, Күздей пішен шабады» деген жолдар қаншама еңбек етіп, ірі фирмалар мен өндіріс, сауда орындарының басшыларынан жалақыларын ала алмай жүргендер немесе тым мардымсыз еңбекақы алып отырғандар.

Жалпы қазақ қоғамында Совет үкіметі байларды жағымсыз кейіпкерге айналдырып жібергендігі өкінішті. Бүкіл бір ауыл, руды асырап жұмыс беріп отырған ауқатты азаматтардың мал, мүлкін тәркілеп қудалауға ұшыратты. Малы сайға сыймай дүркіреп жүрген жылқы, қой саны кеміп кетті. Ауыл бетке ұстар азаматынан айырылды. Содан бастап жұмыссыздық, ұрлық басталып ауылдан береке, бірлік кетті. Сол замандағы бай, ауқатты азаматтардың байлығы дәулетке айналып, тапқан-таянғаны елдің, жердің қамына жұмсалды. Байлық елге және

ондағы әлеуметтік жағдайы төмендерге жұмсалды. Байлар ел арасында жүрген ақын, сал-серілер, жыраулар мен батырлардың отбасын қамтамасыз етіп, қолдауды өздерінің азаматтық парызы деп түсінді.

Тәуелсіз ел болғаннан кейінгі байып, жағдайын түзегендер байлыққа оңай кенелді. Мандай терімен келмеген байлық көп жағдайда кері әсерін тигізіп, елге, мемлекетке қауіп төнгізді. Атадан балаға қалатын байлық дәстүрі үзілді. Оның орнына бір түнде байып шығатын байлар тобы қалыптасты. Оларды атам қазақ қарын бай деп дұрыс атаған. Ендігі біздің жоспар қазан төңкерісінен бастап қазақтың дархан даласында байлығымен аты шаққан дәулетті азаматтарды түгендеп, «Байлар» энциклопедиясын шығару жоспарда бар. Бұл өте үлкен ізденуді қажет ететін жұмыс. Әлі күнге дейін ондай асыл азаматтарымызды жоқтап, тізімін жасамаған екенбіз.

Бұл тұстағы Шортанбай ақынның талантты тізгіні ер мен әйелді қатар сынайтын, қазіргіше айтқанда, гендерлік ілімінде болып отыр. Осы орайда, жырау былайша сөйлейді: «Күннен күнге тартылып, Заманақыр кезінде, Ұл сыйламас атасын. Арам сідік болған соң, Атасы бермес батасын. Қазы болыс қойыпты, Некесіз туған шатасын. Өзі қылған өкінбес, Күнінде содан тартарсың, Абақтыға жатарсың. Қыз сыйламас енесін, Арттым деп егесін. Салыстырар денесін, Пысықсынған немесі, Көзіңді ойып барады, Күнде тесіп төбесін. Ақсақалдан әл кетті, Болмаса тәңірім демесін. Азаматтар, әлеумет, Мұның да несін сөгерсің?! Жас сыйламас ағасын, Алып жыртты-ау жағасын! Бір-біріне көпсініп, Қуат қылар баласын. Шыдай алмай ызаға, «Қой!» деп айтса тіл алмас, Ақсақалдан ұялмас» [47, 292 б.].

Бұл жерде отбасындағы дәстүрлі тәрбиелік құндылықтардың құлдырауы мен әке мен ұлдың, анасы мен қызының, ағасы мен інісінің арасындағы сыйластық, құрмет сезімдердің жоғалып бара жатқандығы туралы толғаулар, сол дәуір үшін заманның ақыры ретінде бағаланған. Олар әрине, бұнымен «әлеуметтік өмір аяқталады» деген тұжырым шығармайды, тек ол қазақ қоғамы үшін заманның, яғни, дәстүрлі көшпенді өркениет заманының ғана құлдырауы мен ақыры деп пайымдайды. Дәстүрді сақтау, шындығында, тек этикеттік ғана нормалар емес, кейбірі құқықтық-нормативтік шарттар да болған. Ақсақалдан әл кеткен жоқ, жастар мен кейінгілер оның сөзіне құлақ аспай, әлсіздендірді.

Адамдар арасындағы достық, сыйластық, мейірімділік сияқты қатынастардың да кері кететіндігі туралы пайымдаған ойшыл, оны қалай өрбитіндігін де нақ басып айтады:

«Жүгірісер қалаға.
Қаныққан соң жалаға,
Алып бір шығар далаға.
«Дұшпаның кім?» деп сұраса,
Алып бір келер аулына –
Өзінің туған бауырына.
Келген соң кімді аясын,
Жығып салар дүреге
Қызыққан соң параға.

Екі үлкен егесіп,
Қошқардай басын теңесіп,
Сол жерде заман оңалмас,
Оңалар заман дер едім,
Жауға алдырдың әуел бас,
Іс асқынды болмастан,
Мейір сөз кетті сырластан,
Ойын кетті құрдастан,
Жастар үміт үзіпті
Жұрт тосынған жолдастан» [47, 293-294 б. б.].

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы қуғын-сүргін заманында бірін-бірі «ұстап берген», жазықсыздан сотталып, атылған, айдауға жіберілген қазақ зиялылары көп. Совет үкіметтің қатаң саясаты қазақты қазаққа қарсы қойып қойғандығы. Билікке таласқан қазақтар бірін-бірі жамандап, соттап, бірінің үстінен бірі арыз жазумен айналысты. Ағайындар арасында сенімсіздік туындап, туысқандық байланыстар жойыла бастады.

Сондай көріністерді шынайы жырлаған жыраудың бірі Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835–1898) заман философиясына терең бойлай келе, өзіндік онтологиясын әлеуметтік болмыспен ұштастыра келіп, өзі өмір сүрген жылдардағы елдегі ашаршылықты суреттейді:

«Қоян жылы заманның тары болды,
Көктен қуған құдайдың кәрі болды.
Төрт аяқты айуан баудай түсіп,
Пір тұтқаны тұтам шөп зары болды [47, 32-33 б. б.].

Бұл тар заманда, елде қуаңшылық болып, мал қырылған, оны «төрт аяқты айуан баудай түсті» деп сипаттайды. Бұндай жағдайлар кейіннен, XX ғасыр басындағы қазақ даласында кең көлемде орын алды. Енді ол келесі кезекте, сол заманнан өз кегін алу үшін оған батылдау сөздер айтып, кері жауап қайтарады:

Уа, замана, дауылсың,
Қыдыра көшкен ауылсың,
Тоқым салмай жайдақтап
Әркім мінген жауырсың!
Уа, замана, бөрісің,
Кедейдің шықпас төрісің,
Ата-бала тартысқан
Қызықты көкпар терісің!
Уа, замана, қырланған,
Аунаған жерің сырланған.
Не төбелер бос қалып,
Не ерлер келіп құрланған.
Басы бүрлі бәйтерек –
Бұлтқа жетіп ырғалған,
Жеткен күні бір ажал –
Ара салып түбінен

Жермен жексен бір қылған! [47, 45-46 б.б.].

Заманды осылай құбылтып, заманға талдау жасайды. Біресе биіктетіп көтереді де, кенеттен құлдыратып жібереді. Асқақ сезімге беріліп келіп, үстіңнен суық су құйып жібергендей сезімге қалдырады. Яғни, жақсы мен жаманды, ізгілік пен надандықты ойнатып, салыстыра жырлайды. Мақтау сөзді де, қаралау сөздіде алма кезек ойнатып жіберетіндігін көреміз.

Әркімнің жүрген жолынан адасуы, сол дәуірдегі сан түрлі өмірлік бағыттардың туындауымен байланысты. Бірі болыстық пен билікті қуаттаса, енді бірі Ресейлік патшаға жағымпазданды, енді бірі қолына қару алып, отаршылдыққа қарсы күресті, енді бір ілім-білімге ұмтылды.

Жыр жолдарында құндылықтардың ауысуы баяндалады. Заманда жақсы мен жамандықтың ауысуы немесе ақылға сыйымсыз дүниелер жүзеге асып, ақылға сыйымды болып кетеді, сөйтіп, тіршілікте, табиғатта, қоғамда кері кетулер белең алып, ол өз мәніндегі құбылыс сияқты болып көрінеді. Сондықтан да бұл да кер заманның бір сипаты. Бұндай құндылықтардың ауысуы күтпеген оқыс жағдайлар және табиғи эволюциялық дамуға да қайшы болып көрінеді. Айталық, Асқар таулар төбеге айналып, төбе биік шыңға ауысуы бек мүмкін.

Адам кей замандарда құндылықтардың өзін ауыстырып алып жатады. Өмірдегі үшінші немесе төртінші тұрған сұрақ бірінші орынға көтеріліп кетеді. Яғни, өмірлік маңызды бірінші сұрақ кейінге шегеріліп, мәнін жойады. Керісінше дәл сол уақытта маңызды бола қоймаған мәселе адамның өмірлік мән-маңызды сұрағына айналады.

Зар заман ақындарының қатарында - Мұрат Мөңкеұлының алатын орны ерекше. Асан Қайғының жыр толғауларынан нәр алған жыраудың рухани мұрасы сан алуан. Арасында Асан Қайғыға қатысты жыр жолдарын жазған.

«Жалпы Асан Қайғы есімі зар заман ақындарының ішінен Мұрат Мөңкеұлының шығармаларында көп ұшырасады. Мұның өзіндік себебі бар. Мұрат ақын Асан толғауларынан басталатын «ауа көшу», «қоныс аудары» сарынына үн қосады. Қонысқа құт дарымауы – ақынның негізгі тұжырымдарының бірі. Ол көшкен елдің әйгілі адамдарын санамалап жырға қосқанда, Асан есімін ауық-ауық атап отырады: «Артынан қазақ жұрты кетем деген, Соңынан Асан бидің жетем деген», «Асан бидің жердің үстін барлап кетті», «Қонысқа таласасыз бұ заманда, Біз түгіл Асан Қайғы тентіреген», «Қазтуған, Асан Қайғы, Орақ Мамай, Біз түгіл осылардан қалған қоныс», т.б. Қазақтың басына бұлт үйірілгенде жайлы қоныс іздеу идеясын Асан бастаған тұлғалардың әрекеті арқылы негіздеген Мұрат ұлы ойшылдың болжал өлеңдерінің де табиғатын сезінеді. [49, 269 б.]

Мұрат Мөңкеұлының өмір сүрген дәуірі Ресей патшалығының отаршылдық саясатының басталып, қазақ даласына кең тарай бастағанын көзімен көрген. Ұлттық құндылықтардың құлдырап, оның орнына діні, ділі басқа орыс халқының әдет-ғұрпының таралуына қарсылық көрсетеді. Өлеңдеріне қосады. Заманның өсіп, толысқанына қарай, адамдардың әл-ауқаты жақсара түсуі керек еді ғой, алайда бәрі керісінше бағыт алып жатқанына қатты қайғырады.

Жоғарыда аты аталған жыраулардың жыр жолдарында тек Мұрат Мөңкеұлының жыр, өлең жолдарында Асан Қайғы есімі кездеседі. Бұл кездейсоқтық емес. Рухани сабақтастық деп осыны айтамыз. «Асан Қайғы» мектебінен басталған жыраулық институт бес ғасыр бойы жоғалмай өміршеңдігін көрсетті.

Қазақ хандарының басқару жүйесінде жыраулардың алатын орны зор. Жыраулардың отбасылық шығындарын, жүріс-тұрысындағы барлық іс-әрекеттерін қаржыландырып, материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуді өздерінің мойнына алған. Жырау, жыршылар Хан сарайына емін-еркін кіріп, шығу мандатына ие болып, ханның жарлықтарын таратып, насихаттауды өзінің қызметі санаған.

«Қазақтың би-шешендер мен ақын-жырауларының ой-толғаулары сияқты қасиетті қазақ топырағында қалыптасқан, ғақлиятты ой-кешу үрдістерінің қайталанбас ерекшеліктеріне арқау болған рухани құбылыстар. Сондықтан да, оларды түбегейлі зерттеп, бүгінгі күннің қажеттіліктерін өтейтін халық игілігіне айналдыру ісі – кезек күттірмейтін мәселе» [50, 43 б.].

Қазақ тарихындағы жыраулар дүниетанымындағы адами құндылықтардың болмысын ашып көрсету арқылы, олардың ойларындағы ұлттық ой-сананың мәні мен елді біріктірудегі рухани негіздерді танып біле аламыз. Қазақ тарихындағы би, шешен, жырау, ақындардың жыр, өлеңдері қайталанбас мұра. Сол замандардан қалған ескерткіш, таңба десек те болады. Егер, осындай жыр, өлең, толғаулар болмаса біз сол заманның тыныс, тіршілігін біле алмас едік. Сондықтанда, бізге жеткен рухани жәдігерлерді ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде қалдырып, байыта түсуіміз қажет деп санаймын. Заманның сөзін сөйлеп, жырын жырға қосатын ойшыл, тұлғаларымыздың болғаны үлкен олжа.

Әркімді заман сүйреме,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек, - дейді.

Абай үшін заман және адам егіз ұғым. Бірақ, заманның күші, ырқы жоғары. Заманды билеу деген бос әурешілдік. Керісінше, заман адамды билеп, өз ырқына көндіріп тұрған жоқ па?!

Заманды кім билейді, оны кім өз еркіне бағындыра алады? Егер заман азып, тозып бара жатса, оны кім түзейді, ондай күш халықта немесе адамзатта бар ма, әлде жоқ па? Бүгінгі заманды кім билеуі керектігіне мән береді. Шынын айтқанда, бүгінгі өмір сол заманды билейтін Мемлекет Басшыларының қолында. Мәселе, қалай билеуде.

Барлығымыз осы заманды күйлеудеміз. Әркім өз шамасына қарай қарекет жасауда. Заманның ыңғайына қарай жығылып өмір сүрушілерде баршылық. Заманға бағынбай, ағысқа қарсы күресіп жүргендерді көріп, біліп жүрміз. Олардың күш-жігері, білімі өте жоғары. Еліміздің өсіп-өнуін ойлап үнемі ізденісте жүреді.

Бұл тұста, Хакім Абайдың өлең жолдарынан заманның таза объективтілігін байқаймыз.

«Заманды адам (халық, көпшілік) жасай ма, әлде адамды заман билей ме?» деген сауалға орай, бұған сан түрлі көзқарастар да қалыптасқан. Заман өз ыңғайымен, өзінің ағымымен, бір қалыпты жүріп отыратын адамзаттың немесе белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмірі. Әсіресе, қоғамның экономикалық, рухани-мәдени саласы сол кезде ғұмыр кешкен адамдарға тікелей қатысты, тіпті оған тәуелді десек артық айтқандық емес. Заманды жасайтын сол дәуірдің адамдары емес пе?

Заман – біздің өмір сүріп отырған ортамыз. Айнала қоршаған табиғат. Біз табиғаттан бөлек өмір сүре алмаймыз. Демек, адам мен заман бір тұтас. Бір-бірінсіз өмір сүрмейтін ұғымдар. Кейде әркім өз заманының сыйы деп те айтамыз. Тағдырды жасайтында адамның өзі. Заманның ағысымен жүретіндер немесе ағысқа қарсы жүретіндерде кездеседі. Ағысқа қарсы тұра алмай, жолдан шығып қалғандары қаншама.

Абайдың әркімді заман сүйремеке дегені осыдан шыққан болуы мүмкін. Өйткені заманына қарай адамдар икемделіп қарекетін жасайды. «Заманың түлкі болса тазы боп шал» - деген түсінік осы сөзімізді қуаттап тұрған жоқ па. Заманға қарсы шығу өте қауіпті. Сондықтанда заманға сай ыңғайлану үлкен мәселе. Бұлда екі жақты, өткір сұрақ. Бәрімен келісіп, ыңғайына жығыла беруде жақсы емес. Дегенмен, өз ұстанымы бар азамат болып қалыптасу маңызды.

Егер, заман өзінің дегенімен сүйреп, сенің оған қарсы тұрар қауқарың болмаса не істемексің? Заман ағысымен ағып кете беруде өте қауіпті. Алайда, көпшілігіміз осы жолды тандаймыз. Заманға сай бейімделіп, қалыптасуда қалыпты жағдай. Бірақ, заманның ыңғайына бейімделе беруде азаматтыққа жатпайды. Мүмкін, құлдық сана деген осындайдан шығар.

Дегенмен, тәуелсіз елде тәуелсіз, еркін ой айтылып, ақылдың үстемдік құрғаны жақсы. Сол кезде алдыға жылжу, өзгеріс болатындығы анық.

Шынында да заманды билейтін қандай жан? Бұл өте өткір, жауапты сауал. Көп нәрсенің басын ашып, бағыт көрсетуші емес пе? Заманды билейтін жан болмаса заманның мазмұны қалайша анықталмақ. Заман мазмұны өздігінен болатын субстанция емес, ол анықталатын мәселе, сонда заманды анықтаушы кім? Осы проблема ертеден талас туғызып келе жатқан, шешімі, сірә да бола қоймайтын іс. Әрине, бұл адамзат баласы ойлап тапқан ілімдерге негізінде жауап бере салуға болар еді. Айталық, заманды билеушілер (императорлар, хандар, билер, патшалар, пайғамбарлар, әулиелер немесе Абай айтатын ойшыл-хакімдер) бірыңғай дін жолымен келсек жаратушы әмірі, құдіреті, атеист-материалисттер түсінігімен келсек тарихтың локомативі халық бұқарасы, объективтік заңдылықтар. Демек, заманды қай жан билемек дегенге жауап бермекші болғандар да көп, олар құрастырған ілімдер де көп. Бұл тақырып, бітпейтін мәңгілік сұрақ болып қала береді.

Хакім Абай 37 қарасөзінде заманға былай анықтама береді:

«Дүние - үлкен көл,
Заман - соққан жел,
Алдындағы толқын - ағалар,
Артқы толқын - інілер,

Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер...» [51, 123 б.].

Хакім Абай да заманның үнемі өзгерісте болатындығын, жаман мен жақсының өзгеріп, дүниенің алмасып тұратындығын айтқан. Адамның мінезінің өзі уақыт, өзгерістердің талабына сай өзгермелілігін байқаймыз. Бүгінгі ағаның ізін інілері басатындығы заңдылық. Тоталитаризм, коммунизм, социализм заманы, сол кездегі коммунистердің ұраны тарихқа айналды. Қазіргі заман, мүлдем басқа. Елбасы айтқандай дүбірлі, алмағайып заман.

Ең маңыздысы жоғарыда аталған өзгерістер, мүлдем басқа сананы дүниеге әкеледі. Ойлау мәдениеті, өмірлік ұстанымдар өзгеріп, құндылықтар ауысады. Жаңа идеялар шығады.

Заманның өзі тудырған философиялық терең мұңды ойларын, заманның қоғамдық-көркем бейнесі ретінде қабылдау маңызды. Заманның айнасы іспеттес. Турашылдық, қоғамды қалай көрсе, сол күйінде жырға қосып айту, сол заманның өзгешелігі еді. Алдап кету, өтірік мақтау айту, оларға тән дүние емес. Ханның алдында бұғып, сыртқа шығып жамандау олар үшін жат. Асан Қайғының шыншыл, турашылдығымен ханның да, халықтық алдында да абыройлы болған. Ойшыл, данышпан ретінде дүниетаным негіздері заманның бағыт-бағдарымен ұштасып, қабаттасып жатты. Тек ойға салынып қалған жоқ, қайраткерлік көрсетіп, азаттық үшін күресті, жанын берді. Болашақтан үміт үзбеді.

Бұдан көретіндігіміз, «заман» ұғымы - сан қырлы, жан-жақты ұғым. Тек әдеби тұрғыдан емес, тарихи, саяси, әлеуметтік, психологиялық, аксиологиялық, мәдени және философиялық жағынан қарастыруға болатын әмбебап категория екендігін жоғарыда атап өттік. Айталық, заман ұғымын саяси тұрғыдан қарайтын болсақ, заманның құндылықтарына қарап, ел басқарушы басшылардың қандай бағыт ұстағанын, кіммен қандай қарым-қатынас жасағандығын көреміз. Халықтың әл-ауқатын жақсартты ма немесе төмендетіп алды ма. Сөйтіп, заманның тұтас картинасын анықтап, кімнің кім екендігіне баға береміз. Ақын, жыраулардың сөз мәйегінің тақырыбы мен мазмұнын анықтайтында заман екендігін ұмытпаған жөн.

«Дүние – үлкен көл» - дегенге тоқталсақ. Дүние мен көлдің арасында қандай байланыс бар. Соған сәл шегініс жасап, тарихи салыстырмалы әдісті қолданып көрсек. Антика философиясының белді өкілі, жеті данышпанның бірі Милеттен шыққан Фалес өмірдің субстанциясын іздеп біраз әбігерге түскен. Содан ойланып, толғанып дүниенің алғашқы бастамасы – су деген түйін жасайды. Әлемдегі барлық нәрсе судан пайда болып, суға айналады дегенді біз жиі айтамыз. Шын мәнінде өмірдегі ең әділ, ақылды су. Су кез-келген қалыпқа енетін, адамзатқа қанша жақсылық жасап, нәр берсе де ақы сұрамайтын ғажайып дүние. Біз әліде су философиясын жете зерттеп, біле алмай келеміз. Бұл тақырыпта арнайы зерттеу жүргізілуі керек деп ойлаймыз. Түрік ағайындар қиналып, ашуланған сәтте теңізге қарап, жеңілдеп қайтатындығын теледидардан кейде көреміз. Қазақ халқында да суға қатысты нақыл сөздер көп кездеседі.

Хакім Абайда су философиясының қыр сырын біліп, дүниені теңізге балауы тегін емес шығар. Теңіз суы үнемі қозғалып, ағып жатады. Қазақ дүниетанымында өмірдің өзін кейде теңізге теңейміз.

Олай болса, өмір - қозғалыста, өзгерісте деген тұжырымға келген. Хакім Абай заманға қатысты, өзі ойын 37 қара сөзінде былай атап өтеді: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» [51, 123 б.].

Әр адам – өз заманның өнімі. Заманның адамға, адамның заманға тікелей қатысы бар. Заманды қалыптастыратын, ондағы адамның жақсы, жаман болуына ортасы жауапты деген тұжырым жасайды. Сондықтан да заманның жаман немесе жақсы болуына тікелей жауапты орта қалыптастыратын адамдардың жауапкершілігіне байланысты.

Заман туралы бәріміз көп сөз айтамыз. Барлығын кейде заман сондай деп заманға тіреп қоятынымызда бар. Әрине, көп нәрсе заманға қатысты екендігі белгілі. Бірақ, заманға ысыра салып отыра беруге де болмайды деп айтар едік. Егер, сіз жаман, бұзылған жастардың ортасына түссеңіз, онда сіздің де сондай жаман болуыңыз мүмкін. Ал, білімді, жаңалыққа құмар, үнемі ізденіс үстінде жүретін жастардың ортасына бола қалсаңыз сізде солардың бірі болатындығыңыз анық. Демек, адамның жаман немесе жақсы болуына тікелей әсер ететін табан тіреп жүрген жеріңіз, айнала қоршаған ортаңыз. Пікірлес, ниеттес әріптестердің де ықпалын ұмытпаған жөн.

«Заман» тақырыбын толғауды назардан тыс қалдырмаған қазақ ойшылдарының бірі – Ғұмар Қараш болатын. Өз заманында көптеген, іргелі әлеуметтік мәселелерді толғап, қоғамдық-саяси қызметтерде халқы үшін аянбай еңбек еткен қайраткердің бірі.

Ғұмар Қараш кім дегенге келсек. Ойшыл, ақын, дін саласының білгірі. Араб, парсы, татар, башқұрт тілдерін жетік меңгерген. Алаш зиялылары арасында діни сауаты жоғары болғандықтан «Алаш имамы» атағына ие болған.

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының Құрқұдық ауылында 1875 жылы дүниеге келген. Жастайынан зерек, білім құмар бала діни сауат ашып, дін, ислам дінінің маманына айналады. Сопылық жолға түскен деген сөздер тараған. Заманның бет бейнесін шынайы түрде суреттеп, ой толғатқан. Сол ойларының ішінде заманға қатысты шынайы пікірін қалдырған.

Жыраулық дәстүрді жалғап, Ғұмар Қараш зар заман ақындарының жыр, өлеңдерін жалғап, өткен шақты аңсап қана қоймай, болашақта болуы мүмкін қауіп-қатердің болатындығын және оның шешілу жолдарында айтқан. Енді соған тоқталайық: «Замана азған шағында, Түрлі де, түрлі күй болды, Құлдан туған би болды. Замана азған шағында, Мұндай да, мұндай хал болды. Ел ағасы паң болды. Адалдық, ақтық білмейді, Ары, діні мал болды. Елге намыс келтірді. Алым, пара аңы үшін, Халқын сатты құл етті, Жәбір жапа мол етті [52, 79 б.].

Ғұмар ақынның бұндай, ашынып жазғанына қарағанда сол заманның бет-бейнесін көреміз. Ойдан шығарған сөз еместігі анық. Адамшылық қасиеттердің төмендеп, құны құлдырап тұрғандығын қарасөзбен жеткізеді.

Ғұмар Қараштан кейін, заман туралы толғанған Шәкәрім Құдайберді болды.

Заманның қиыншылығын көп көріп, заманның құрбанына ұшыраған Шәкәрім қажы «заман» туралы ізденісте, ойдың жетегімен елден оңаша кетіп, өзінің саят қорасында философиялық ойға беріліп, көптеген еңбектер жазып қалдырды.

Тарихта Шәкірім қажы мен Мәшһүр Жүсіп замандас, пікірлес болған. Арасында екеу ара кездесуді әдетке айналдырып, бір-бірімен сұхбат жасағандығы туралы тарихи деректер кездеседі. Сондай бір кездесуде Шәкәрім ойшыл, ислам дінінің білгірі Мәшһүр Жүсіптен «мына жаңа заман қалай болады?» – деп сұрайды. Сонда, Мәшһүр Жүсіп: «Бұл – аласапыран заман. Бұл – социализм деген заман, мағынасы құдайсыздар қоғамы деген, дүние кезек деген бар емес пе, бір кезде құдай деген құстай ұшады дедік, енді құдай деген мұрттай ұшатын заман болады, көрешек алда» - деп жауап қайырған екен [53, 131 б.].

Заманының озық ойлы азаматтары заман туралы ойлап, сұхбат жасап отыруының астарында рухани сабақтастықтың үзілмегенін аңғарамыз. Заман тақырыбын өздерінің шығармашылығының өзегіне айналдырып, жырға қосқан.

Заманның бағыты қатты өзгеріп, қазақ халқына ауыр болатындығын дөп басып болжаған. Әулиелікке салынып, аласапыран заманнан шығудың жолын ұсынып, халыққа үндеу жариялап отырғандығын атап өткен жөн. Мәшһүр Жүсіп дүниеден озған соң, аз уақыт өтпей социализм заманы келіп, құдайсыз өмірді құруға кірісіп кеттік. Социализм заманы да қазақ халқына жеңіл тимеді. Дін, діл, тіл, мәдениет, әдебиет, философиясынан ажыратып, құдайсыз дінді құруды мақсат етті. Бір тәңірге сену үрдісін бұзып ғылыми тұрғыдан атеизмді насихаттап, дінді – апиын деп түсіндірді.

Қай заман болмасын заман туралы толғаныс үзілмеген. Рухани сабақтастықтың сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырғандығы таң қаларлық дүние. Осыған байланысты, заман туралы толғаныстың тарихи санадағы сабақтасуын Бақытжан Сатершинов былайша ашып көрсетеді: «Бұны «тұраншылдық», «түркішілдік», «оғызшылдық», «қыпшақшылдық», «шыңғысшылдық», «едігешілдік», ноғайшылдық» идеологияларынан, «Атамекен» (Жиделі-Байсын, Ергенекон, Өтікен, Еділ мен Жайық), «Жерұйық», «Қазақ», «Алты Алаш», «Үш Жүз», «Түркістан» идеяларынан, «Алтын заман – қилы заман – зар заман – жаңа заман» философиясынан, қазақ халқының эпостық жырлары мен фольклорынан оңай аңғаруға болады» [54, 102 б.].

Тарихи санамыздағы заман түсінігі бір қырынан терең философиялық мағынада қолданылса, екінші бір қырынан, қоғамдық санадағы түсінік ретінде қабылданады. Қазіргі таңда «заман» ұғымы ақындарымыз бен жазушылар, ғалымдарымыз бен өнер иелерінің туындыларында қолданылатын кең ұғым болып сақталып қалған. Бүгінгі заман келбетін заманауи деген түрленген сөзбен жеткізу де қоғамдық ғылыми-теориялық санада орныққан.

Қорыта айтқанда, бұл бөлімде, тарихи санадағы заман туралы толғаныстардың пессимистік сипатын және оптимистік қырын айттық.

Бұл бөлімде, тарихи оқиғалар мен халықтың дүниетанымы бірінен-бірі туындайтын феномен болғандықтан, қарастырылып отырған тарихи санадағы «заман» түсінігі ұлт дүниетанымындағы төлтума түсініктер мен ұғымдардың бірі екендігі айшықталды.

Заман дегеніміз – адамдардың өмір сүріп отырған уақыт кеңестігіндегі оқиғалары мен тұрмыс-тіршілігін тұтас бейнелейтін қазақ халқына тән концептуалды түсінік немесе әлеуметтік философияның категориясы.

Заман жай ғана шартты уақыт емес, ол белгілі бір феноменалды кезеңінің өзіне тән ерекшеліктерін де сипаттайтын тарихи-әлеуметтік ұғым екендігі анықталды. «Заман» ұғымында халықтың көңіл-күйі, эмоциясы, қайғылы және қуанышты оқиғалары, сол кезеңнің тұтас тарихи келбеті де көрсетіледі.

Келер заман түгіл, бүгінгі қоғамды түсіне алмай жүргендер үшін болашақ заман туралы сөз қозғау бос әуре болуы мүмкін. Әр заманның өз тауқыметі, әр адамның Тәңірі берген тағдыры бар. Заман бұлыңғыр, алдын ала болжау мүмкін емес. Футурологиялық болжам жасаудың өзі қиын. Күнделікті өмірдің күйбең тіршілігі ертеңгі күннің өзін ойлауға мұрша бермей жатады. Абай осы қалді сезіп, бүгінгі күннің мәнін ертеңгі келер күн арқылы ашпақ болған. Абайға келер заман сол кез үшін емес, бүгінгі әңгімеге қажет. Бүгінгі тіршілік алдында өз кеңістігін аңғарғысы келеді. Келешегі болмаса бүгіннің мәні мен сәні неде? Хакім Абай осындай ой иірімдеріне түсе келе алдағы келер заманды «Көк тұман» дейді [55].

Демек, сағаттап, секундтап өзгеріп жатқан дүниеде бүгінгі күнмен өмір сүріп, болашақ ұрпақтың жағдайын ойлап, мемлекеттің мүмкіндігі мен адами капиталға қарап тон пішкен дұрыс. Ертеңгі күн – сол күннің несібесі.

Қанша зарлап, көз жасымыз көл болғанымен заман жақсарып кетпейді. Үмітін үзбей, мамыржай, шуақты күн болатындығын дана қазақ халқы білген. Себебі түптің түбінде «нағыз сақтың» ұрпағы «қазақ» ұлтының арман-мұраты орындалып, басын тік ұстайтын заманның болатындығы анық.

Қазақ халқының өркендеу жолына келер заман, болашақ заман, заманауи сияқты идеологиялық ұғымдар олардың қоғамдық санасына сіңірілген. Солардың қатарында Асан Қайғының «Жерұйығы» заманауи және болашақтан үміт күттіретін идеалды заман ретіндегі маңызы негізделді.

«Заман» сөзі XV ғасырдағы жыраулар поэзиясында жиі кездесіп, өзіндік бір өмір мәнділік, поэтикалық, тіптен, әлеуметтік философиялық категория деп атауға болатындай деңгейге көтерілді де, кейінен жалғасын тауып, бүгінгі күнге дейін қолданылатын ұлттық дүниетанымның маңызды категориялық аппараты болып қабылданғандығы байыпталды.

1.3 Асан Қайғы шығармашылығындағы қоғам және адамшылдық мәселелері

Күнделікті өмірде қоғам ұғымын жиі қолданамыз. Социология ғылымында қоғамның 200 астам анықтамасы кездеседі. Бұл ұғым социологиядағы ең маңызды ұғымдардың бірі болып табылатындығына қарамастан, оны қолдану әсіресе, оның екінші өзіндік отбасылық, экономикалық және саяси институттары мен анық шекаралары бар әйгілі ұлттық мемлекеттерге қолданыла алатын

мағынасында пайдалану бірқатар қиындықтар мен кикілжіндер туғызады деген анықтама берілген.

Түсінікті әрі жеңіл тілмен жеткізетін болсақ, қоғам - адамдардың саяси-әлеуметтік, экономикалық және рухани іс-әрекеттерін жүзеге асыратын ортасы. Қоғамның пайда болуы тікелей адаммен байланысты. Адамзат өзінің тіршілігін жасап, отбасын құрудан басталады. Сондықтан да, адамзат қоғамда өмір сүріп қана қоймай, онда қызмет жасайды, мақсатын іске асырып қоғамның ажырамас бөлшегіне айналады.

Философиялық ізденістер бойынша қарапайым халық қоғамның бірден-бір қозғаушы күші. Осы тұрғыдан алғанда халық өзінің ойлау қабілетімен және еңбек ету арқылы қоғамның өзгеріске түсуіне үлес қосады. Қоғамдағы ғылыми жаңалықтар, экономикалық даму жолдары, мәдениет, спорт, қолөнер мен саудасаттық жетістіктері, руханияттағы жетістіктердің барлығы адамның қолымен жасалады. Яғни, материалдық пен рухани дүниенің негізін жасайды. Сонымен қатар қоғамның бірден-бір қозғаушы күші рухани қажеттіліктер. Рухани қажеттіліктер қоғамның этикалық, мәдени, діни өмірдің қалыптасып, адам баласының жетістікке жетуіне жол ашады. Сондықтан да материалдық, экономикалық, рухани қажеттіліктер қоғамның қозғаушы күші. Бұны ғылыми тілмен экзистенциализм деп атаймыз.

Озық ойлы адамдар да, қарапайым халық та әркім шама-шарқы жеткенше қоғам дамуына өз үлестерін қосады. Хандық кезеңдегі тұлғалар, хандар мен би-шешендер, жыраулар мен ақындар қоғамға пайдасын тигізсе, қарапайым халық та бірі аз, бірі көп көлемде өз үлестерін алады. Қоғам үздіксіз өзгеріс үстіндегі әлеуметтік тірі дене іспеттес. Оның өмірлік іс-әрекеті адамдардың рухани өзгерісін анықтайтын өндіріс тәсілдерінің дамуымен белгіленеді. Адам өмір үшін еңбек етіп, сол өмір үшін күреседі, егер осыны ұғына білсе қоғамға деген сенімі әлеуметтік ортаны, ұжымдық өмірді, адамның тек жеке басының қамын ғана емес, басқа адамдардың да өмірлік болмысын түсіндіреді. Адам – қоғамдық өзгерістің жемісі, сондықтан қоғам жетілуіне өз үлесін қосуы маңызды. Жеке адамның өмірі өмір сүріп отырған саяси-әлеуметтік жүйеге тікелей қатысы бар.

Қазақ өркениеті материалдық және рухани тұрғыдағы жеке адам мен топтардың жалпы байланысына негізделген уақыт пен кеңістікте үлкен тұрақтылыққа ие болған әлеуметтік өмір ұйымының ірі көлемді нысаны ретінде көрінеді. Жалпыға ортақ мәні бар және қажетті құрылымдық компонентте жүзеге асатын қоғамдық өзара байланыстың рухани нысандары ерекше мәнге ие болады. Бұл өркениеттің әлеуметтік таратушылары арқылы рухани құндылықтардың, идеялардың, білімнің, бағдарлардың, нышанның бірлігі ретінде көрініп, оның біртұтастығы қамтамасыз етіледі. Өркениет қоғам өзгерісіндегі сабақтастықты, оның болашақпен байланысын қамтамасыз етеді, қоғамды түрлі өсу, тоқырау секілді қалыптасу кезеңдеріне бағындырады. Қазақ қоғамы тұлға аралық қатынастар тірегі, құндылықтар тұрақтылығы мен рухани реттеуге негізделген. Бұл қоғамда халық үшін үлкен мәні бар жалпы құндылықтар бар. Ол ерекше табиғи рухани өзара байланыстар арқылы көрініс табады. Табиғат қазақтар үшін абсолютті және мәңгі бастау, өзіндік іс атқаратын,

тіршілік себептері мен факторлары, белсенділік пен даму негіздері бар жалғыз орта. Адамдарға алғашында табиғат заңдылықтарына бағынуына, табиғат апаттарынан қашып, оның себептерін ұғынып, өз болмысын құруына тура келді. Бұл жерде табиғат жеке адамдарға олардың болмысының формасы мен себептерін көрсететін, өз тіршілігінің таусылмас терең логикасы бар әлем ретінде көрінеді.

Қоғам - өмір сүрудің басты алаңы. Қоғамның ең кіші бөлігі – отбасы. Екінші сатысы - ұжым. Ұжымдардан қоғам құралады. Үшінші сатысы - қоғам өзгеріске түсе келе әлеуметтік топтарды жүйеге келтіріп, одан мемлекет пайда болады. Мемлекет ішінде әлеуметтік топтар, этностар, ұлттар, әр деңгейдегі институттар болуы заңды құбылыс. Олардың экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, діни өмірдегі сан қырлы байланыстары мен іс-әрекеттері қоғамдық қатынасты құрайды. Мемлекет осындай жүйелер мен институттарды реттеп, бақылауға алады. Ең жақсысы біртекті, туыстық, дүниетаным, материалдық тұрғыдан өзара жақын, бір дінді ұжымдардан тұратын қоғам. Өкінішке орай, Қазақ Республикасы әртүрлі этностар, диаспорадан тұрғандықтан бірегейлік мәселесі қиындау. Ұлтаралық қақтығыстардың орын алуы соңғы жылдары жиілеп кеткендігін көрдік. Мұндай қоғамда «бір ұлт» идеясын жүзеге асыру оңай емес. Адамзаттың әлемдік рухани-мәдени ой-пікірлері арғы заманнан басталып, әлі күнге өз шешімін таба алмай, адамзат баласына қолайлы, жайлы заманды тудыра алмай келеді. Өйткені, бұл ой-пікірлердің зерттеу және талдау объектісі – билік, нақты айтқанда адам бойындағы және қоғамдағы билік. Өйткені, биліктің табиғаты, негізі, қайнар көздері, мәні, мақсаты, қоғамды өз еркіне көндіру. Негізгі мәселе, осы дәстүрді бұзып, қоғам бірлігін сақтау, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғап, адам өміріне кепілдік беретін шынайы азаматтық қоғам құру. Әр адамның еркін өмір сүруі мен қабілетіне қарай жағдай жасау. Бұндай қоғамды адам өмір бойы аңсап келеді. Платоннан басталған жетілген мемлекет құру идеясы әлі де адамзатқа маза бермей тұрған ой. Дегенмен, адамның адамша өмір сүруіне жағдайды жасау әр мемлекеттің мұраты. Бізде осындай талаптардан туындаған қоғамды құруды Конституцияда анықтап алдық: «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілікті сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз» [56] – деп басталғаны тектен тек емес.

Дәстүрлі қазақ қоғамында мемлекеттік билікке көзқарас өзінің дүниетанымдық ашықтығымен, адамшылық қасиеттерімен ерекшеленеді. Бұл көзқарастың негізгі мәні билік те, байлық та өткінші нәрсе. Билік халыққа қызмет етуі тиіс, ал байлық - көпке шашылатын ырыс, ал адамдық қасиет, ар - намыс, имандылық, бәрінен де жоғары дегенге саяды. Билік қазақ қоғамында ешқашан да басты құндылық, асыл мұрат деп есептелінбеген. Ал, билікке келгендер «ұлық болсаң, кішік бол» деп, оның қадірін біліп, халық игілігіне қызмет жасайды.

Өйткені, халық - биліктің негізі, тірегі, қайнар көзі. Міне, осы көзқарастар көшпелі қазақ қоғамында басты тұтқа. Халықтың билікке деген көзқарасы мемлекеттік билік саласындағы құбылыстарда өз көріністерін таба білді. «Қоғам дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, рухани, әсіресе саяси қауымдасауының формасы. Мұндай қауымдастықты әманда ұйымдастырушы көсемдер, қолбасшылар, патшалар, хандар, президенттер т. б. болған» [57].

Сократ, Платон, Аристотель, Цицерон, Гераклит, Дидро, Конфуций, одан бері түркі халықтарына ортақ ойшылдарымыз Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, одан бергі Төле би, Қазбек би, Әйтеке би, Жиреншелердің дүниетанымдық ізденіс, толғаныстарының өзегі - адам. Адамның жеке тұлға болып қалыптасуына арналған құндылықтар туралы мәселе көтерген. Бұларды мәңгілік тақырыптар деп айтар едік. Тәуелсіздік, еркіндік, бостандық таңының атуын армандаған халықтардың болуы заңдылық.

Біздің де ата-бабаларымызды ғасырлар бойы осы ой, қиял, ақарман, жетелеп келеді. Себебі, тәуелсіздік дегеніміздің өзі - этностың ұлттық мемлекет құру туралы қиялынан, арманынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындайтын дүниетаным.

Қоғам, мемлекет, қала қандай болу керек жөнінде «фәлсафаның» негізін салушы әл-Фараби бабамыз жүйелі түрде зерттеу жүргізіп, қорытындысын шығарған. Әл-Фараби бабамыз «жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелдік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Міне, сондықтан да бір-біріне көмектесіп, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады» – деп, «алтын ғасыр» орнатушы «Ізгі қала» екенін айтқан. Әл-Фарабидің «Ізгі қала» деп отырғаны қазіргі «азаматтық қоғам» деп түсіну қажет. Ол «қайырымды қала кемелденген, сырқатсыз денеге ұқсайды, ал оның барлық мүшелері тірі жанның өмірін сақтау үшін, оны барынша қызғылықты ету үшін бір-біріне көмектесіп отырады. Дене мүшелері бір-бірінен өзгеше, өздерінің жаратылысымен асып түсіп отырады» [58, 26 б.] – деп, азаматтық қоғам мүшелерін адамның он екі мүшесіне теңестіреді. «Азаматтық қоғам» және «азамат» деген ұғымдар әл-Фарабидің «Ізгі қала» туралы түсінігіне сай келеді. Адам құқығы табиғи құқықтан туындайды және ол барлық адамзат баласына туа біткен қасиет. Оның түрі де көп. Мысалы, адамша өмір сүру, ой еркіндігі, қажетті білім алу, еңбек ету, бақытты болуға ұмтылу. Бұл қасиеттер бүкіл адамзат баласына қажетті құндылықтар.

Қазақ дүниетанымында ер балаға бата бергенде «Азамат» болсын деген. Яғни, азамат болу екінің қолынан келе бермейтін, үлкен дәреже, абырой болып саналған. Ғалым Шоқанның еңбектерінде «Азамат» деген ұғым еркін, өз ойы, ұстанымы бар жан-жақты адамды айтқан. Сондықтанда, азаматтық қоғамды

құрудың астарында білімді, өз құқығын жақсы білетін адамдардың тобын, ұжымын, мемлекетін құрудан шықса керек.

Қазақ мемлекеттілігі құрыла бастаған заманда хандар мен сұлтандар өздерінің жанына абыройлы жыршы, ақындарды ақылшы ретінде ұстаған. Оның өзіндік сыры мен мәні бар. Іріктеп алған сарай жыраулары – хан мен қараның арасындағы дәнекершісі. Олар ханның ел басқару жетістігін мадақтап қана қоймай, сондай-ақ қалың жұрттың мұң-мұқтажын және тілегін жеткізетін өрен ақындар болған. Жыраулардың ақындардан ерекшелегі, олар халық рухына, ел бірлігіне, хандардың билік өнерін жетілдіруге белсене араласты.

Солардың бірегейі – дала ойшылы атанған Асан Қайғы Сәбитұлы халық есінде абыз, ойшыл, ақын болып, мәңгі жатталып қалған. Оның бар ғұмыры халықпен біте қайнасып өткен. Ауыз бірлігі жетіспеген ортада елінің ертеңін, қамын ойлап, үнемі мұңға батып жүретіндіктен замандастары оны «Асан Қайғы» атап кеткен. Кейбір дерек көздері мен жыр жолдарында Асанның туған кезінде «қайғы» деген тіркес бірге берілген. Аңыз-әңгімелерде Асан Қайғы жүзден асып көп жасаған, үнемі ел кезіп сыншыл көзқарасты қалыптастырған. Елді ауызына қаратқан, көшпенділердің мінез-құлқын жетік білген, дәстүрлерін құрметтеген ақылды, дана, сәуегей баба атанған. Ол Алтын Орданың ыдырауын, сондай-ақ Солтүстік Кавказға, Азауға (Азовқа), Қырымға дейінгі өлкелерді қамтыған Ноғайлы империясының да әлсіреп, «он сан ноғай бүлініп, ел айырыла», тоз-тоз бола бастауын қайғыра бастан кешті. Олардың орнында пайда болған хандықтар арасындағы бір-бірін әлсіреткен, бітіспейтін соғыстар күшейіп келе жатқан орыс патшасының Солтүстік Кавказ бен Қазанды, Сібірді жаулап алу құлқын ұлғайтқанын көрді. Сарайда, Қазанда Ұлық-Мұхаммедтің пәрменді билерінің бірі бола жүріп, Дешті Қыпшақ жұртының біртұтастығын сақтап қалуға күш салды.

Қазақ халқының басынан өткен тарихын зерттеуде, дүниетанымын, арман-тілегін тануда Асан туралы аңыздардың мәні зор. Асан Қайғыға қатысты аңыздарға өз кезінде Шоқан Уәлиханов, Григорий Потанин сынды зерттеуші ғалымдар назар аударған. Ғалым, этнолог Шоқан Уәлиханов Асан есімін жазбалары мен зерттеу еңбектерінде бірнеше рет атайды. Ғалым қарт жырауды қазақ ханы Жәнібектің билік құрған тұсымен байланыстыра отырып, «ноғайлы ойшылы» Асан қайғы туралы аңыздар мен оның адамшылық туралы өсиеттерін аузынан тастамайтынын атап өтеді [59, 148 б.]. Григорий Потанин Асан туралы аңыздарға көңіл бөліп, көшпелілер философы туралы екі аңыз нұсқасын жазып алған. Бұл аңыздар XIX ғасырдың аяғында қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға өзіндік үлес қосқан «Дала уәлаятының газетінде» жарияланды. XX ғасырдың басында Асан Қайғы есіміне қатысты деректерге назар аударылып, зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Құрбанғали Халид деректері өте шынайы, көп мағлұмат береді. «Тауарих хамса» еңбегінде «Асан Қайғы Шыңғыс хан замандасы Майқы бидің алтыншы немересі деседі. Ұлы жүзде де бір Майқы би бар, бұл ол емес дейді. Асан Атаның мақал-мәтелдері қазақ арасында мәшһүр. Ол кісі халық қамқоршысы, елі үшін жер-жаһанды кезіп, саяхатшылығымен де танымал болған. Заманындағы хандардың ісі де көңілін тыншытпай, уайымына

уайым қосқан. ... Олай болса, әдепкіде кіші Мухамед хан алдында Сарайда болып, соңынан Ұлуғ Мухамед ханға барған болып шығады. Қалай болған күнде де Асан Ата ұзақ өмір сүріп, көп хандармен болғанын, ол кісінің қай уақытта өмір сүргенін анықтаудағы таластың себебі де осы болса керек. Өйткені хандар оған үнемі «ата» деп сөйлейді» [60, 87 б.]. Құрбанғали Халид 1843-1913 жылдары өмір сүрген белгілі тарихшы. Қазақ тарихына қатысты көп, тың дерек қалдырған, араб, парсы, қытай жазбаларына сүйеніп қазақ тарихын жазушылардың бірі.

Дала данышпаны ретінде танылған Асан Қайғының мақал-мәтелдері, жыр жолдары халық санасында сақталған. Мұхтар Әуезов Асан Қайғы туралы аңыздардың төркінін зерттей отырып, оның Әз-Жәнібектің тұсында өмір сүруі тарихи шындыққа сай келмейтінін айтады. «Әдебиет тарихы еңбегінде» Асанның Абылайдың тұстасы болмаса да, соған жақын кезеңде өмір сүргенге ұқсайды деген пікір айтады [61, 199 б].

«Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде Асан туралы ойды толғай отырып, ол туралы аңыздарды халық аңсаған арман-тілек бейнеленген кейіпкер екенін аңғартады. Дала ойшылы туралы аңыздардың негізгі сарынын айқындауға ұмтылған ғалым, әдебиет зерттеуші, филология ғылымының докторы Есмағамбет Исмаилов «Ақындар» атты монографиясында Асан туралы аңыздардағы негізгі сарын халыққа бақыт іздеу идеясы екенін атап өтеді. Ол жайындағы аңыздар халықтың басынан кешкен азабын, қорлығын елестетсе, сонымен бірге бақытты аңсаған талап, күресін көрсететіндігін тұжырымдайды [62]. Асан қайғының саяси іс-әрекеттеріне қалам тартқан академик, әдебиеттанушы, шығыстанушы Әлкей Марғұлан: «Асан ата XV ғасырда қазақ ұлысын біріктіру мәселесін қолына алған даланың ойшыл данасы» [63]- деп бағалады. Жоғарыда айтылған тұжырымдарды ескере отырып, мынадай қорытындыға келеміз.

Асан Қайғы XV ғасырда Алтын Орда тарихының соңғы кезеңіне үстемдігін жүргізіп 1438 жылы Қазан хандығының негізін қалаған Ұлық Мұхаммед ханның кеңесшісі қызметін атқарған. Қазан хандығынан Дешті Қыпшақ жеріне қайтып оралған Асан Қайғы Алтын Орданың мұрагері болған Қазақ хандығының негізін қалаушы Керей мен Жәнібек сұлтандарға кеңесші болып қызметін жалғастырады. Қазақ хандығының ғұмыры ұзақ, Мәңгілік Ел болуына барынша үлес қосқан тарихи тұлға.

XV ғасырда жыраулық институттың негізін Асан Қайғы қалады. Содан басталған жыраулық феномен елімізде өте жақсы қарқын алды. Жыраулар өте дарынды, елінің, жерінің беделді тұлғасы. Оларға халықтың мүддесі ең бірінші орында. Өз жырларында елдің, жердің мәселесін көтерді. Жыраудың жырлары халық арасында ауыздан ауызға, елден елге тарап, шартарапқа мәлім болды. Әр өңірде жыраулардың өкілі, шәкірттері болғаны белгілі. Осындай рухани сабақтастық үзілмей, ұзақ жылдар бойы сақталғаны таңқаларлық оқиға.

Асан Қайғы Керей, әз-Жәнібек сұлтандар бастаған қазақ руларының Әбілхайыр хандарынан бөлінуін жақтайды. Бірақ сұлтандардың қазақтарды Жайық пен Жем бойына қоныстандырмақ ниеттерін құптамайды. Асан Қайғы өз халқының «Жерұйығын» Шу, Сарысу бойынан, Ұлытау төңірегінен іздеуге

тікелей араласады. Сондағы арманы ежелгі сақ, қыпшақ даласынан алыстамау, ел іргесінің берік, ағайындардың күшті болуы, ел бірлігін нығайтып, халық ауызбірлекте болса, хандық билік те берік орнығып, ондай ел ешкімге есе беріп, жеңілмейді деген тоқтамға келеді. Асан Қайғының Жәнібек сұлтанды жақтауының бірден бір себебі, оның халық ортасында беделі, әділдігі. Қазақта «әз» деген әділ, мықты, көркем деген мағыналарды береді.

Асан Ата дүниетанымында адам, қоғам, табиғат мызғымас үйлесімде. Адамның қоғамға, табиғатқа қатынасы Асан болмысында ерекше айқындалады. Дүниенің жаратылысын Асан Қайғы ақыл күшімен пайымдайды. Сондықтан ол табиғаттың адамға қатысты фактор екендігіне ерекше мән берген. Асан Қайғы табиғатты, қоғамды, дүниені, адамның ара-қатынастарын астастыра айшықтап, қоғамның өзгеру заңдылықтарына философиялық тұжырым жасайды. Асан Қайғы қоғамды, қоршаған табиғатты, жалпы дүниені тануда, олардың қастерлі қасиеттерін білуде, адам игілігіне жаратуды ұсынады. Яғни, философия тілімен айтатын болсақ, Асан Қайғы қазақ философиясының алғашқы «натурфилософы». Табиғатпен үндестікте өмір сүруді жақтаған ойшыл.

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, билер мен серілер – бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын жариялап, көркем тілмен жеткізген. Бұлардың барлығы өз өмір сүрген дәуірдің белгілерін анықтап, қағазға түсірді, жырына қосты. Егерде бұл белгілер болмаса біз сол кезеңді танымайтын, білмейтін болар едік. Өткен күннен қалған белгі бар деп осындайда айтамыз.

Жоғарыда аталған тұлғалар Қазақ халқының қоғамдық саяси, мәдени, сайып келгенде, философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады. Олар шынайы реалист, еркін ойшылдар. Зорлық-зомбылыққа қарсы күресіп, ізгі қоғамды жақтаушылар.

Сол замандағы ру-тайпалардан шыққан ойшылдардың әлеуметтік идеялары қоғамның даму үрдісін біршама дұрыс бейнеледі. Осыдан келіп олардың дүниетанымы мен қоғамның тарихи дамуының мүддесіне сай келгендіктен, қоғамдық пікір ретінде қалыптасты. Мәселен, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің шешкен даулары, әділдікті жақтаған ой-тұжырымдар осыған дәлел. Сол заманның өзінде Билер институты өз оң нәтижесін берді. Әділ шешім қабылдап, әр істің мән-жайын терең білген. Тек қана төрелік жасаған жоқ, өзіне бөлінген шекаралық аумаққа өз билігін жүргізді. Ал, қазіргі Сот жүйесінде әліде әділетсіздік өріп жүр. Қаншама аппарат қызмет етсе де сот шешімімен келіспей әділ шешім іздеп жүргендер қаншама.

Тарих беттерінен көріп жүргендей қоғам өзгеруінің көп сатыларында экономикалық мүдделер, саяси жүйеге қарағанда ойшылдық, адамшылдық, діни және тағы басқа мәселелер алдыңғы орынға шығады. Азаттық пен адам еркіндігі, діни сенім және ақыл-ой, лайықты өмір сүру, адамшылық құндылықтардың салтанат құрмайынша қоғамда наразылық көңіл күй жойылмайды. Қазақ ойшылдары «қоғам-адам» қарым-қатынасының идеялық, әлеуметтік және дүниетанымдық мазмұнына маңызды үлес қосты. Солардың ішінде жыраулық институттың орны ерекше. «От ауызды, орақ тілді» жыршы, жыраулар заманның

шынайы бейнесін суреттеп, жырға қосқан. Ұлы даланың кең байтақ даласында ізгіліктің дәнін сеуіп, білім, ғылым игеруді, «толық адам» болуын насихаттады.

«Жырау - ақпа-төкпе, суырып салма өлең сөзі қару еткен өнер адамы, халықтың қамын ойлай білетін парасаты мол ел ағасы, қысылғанда жол табар ақылшысы, уақыт, оқиға сарын, замана бағыт-бағдарын ақыл таразысына салып сынай, салмақтай білетін, болжағаны болып, айтқаны келетін, тапқыр да көреген дана абызы, қисық кеткенді қылышпен емес, сөзбен сілейтін, бұйрық берер әміршісі, бетің бар, жүзің бар демей тура айтар өткір де әділ биі, жөні келгенде жыр мен қаруды бірдей жұмсап жауға аттанар жауынгер қолбасы болған. Жырау ел тағдырын шешер ірі оқиғалар, ас мәнді көкейкесті мәселелер тұсында толғанған. Халық өзгелерден гөрі қайғырғанда демеп, қуанғанда қанат бітіріп, ақыл қосатын асыл сөз иесі жырауларды қатты қадірлеген» [64, 182 б.]. Бұл жерде жыраудың қоғам өміріндегі рөлін айқындап бергендігін көреміз. Жырау ел ішінде жәй жүрген адам емес, үлкен миссиямен жүргендігін ұмытпаған жөн.

Шығармашылық ойлау қабілеті мен терең білімді дарынды тұлғаларымыз халық арасында абыройлы азаматтар. Жеке бастың емес, халықтың мүддесін жоғары қойған. Ханның алдында өз ойын бүкпесіз айтқан, кез-келген дауды әділ шеше білген, елінің болашағы үшін, зар қақсап, халықтың құрметіне бөленген жыраулардың қазақ тарихында алатын орны ерекше.

Жыраулар шығармаларында билеушіге, әміршіге деген ашық ой-пікірлер де жиі болған. Хан мен сұлтанға, олардың кей шешімдеріне наразылық білдіріп, келіспеушілігін ашық көрсеткен, кейде оларды сынға да алған. «Біріншіден, жыраулардың көбісі қай жағынан болса да хан-сұлтандармен терезесі тең ақсүйектер тұқымынан шыққандығы; екіншіден, олардың әміршіге, мемлекетке деген адалдығы; үшіншіден, жыраулардың ел алдындағы орасан биік беделдігі; төртіншіден, көшпелі хандық мемлекетіндегі «өзіндік демократияның» болғандығы; бесіншіден, қазақ қауымында «өнер алды – қызыл тіл» деп бағаланып, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағида-шарттардың мықтылығы еді», – дейді академик Сейіт Қасқабасов [65, 7 б.].

Жыраулар поэзиясындағы басты тақырып – қазақ хандығын құрған ру мен тайпаның татулығы мен бірлігі, мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру. Жыраулар поэзиясында елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді көтермелеп, мадақтау дәстүрін қалыптастырды. Жыраулар идеалды ел билеушінің бейнесін жасай отырып, адамдар жоқшылық көрмей, бақытқа кенелетін ізгі қоғамды да суреттейді.

Асан Қайғы тарихи дәуірдің ғұламасы ретінде қазақ халқының бірігуіне, жас мемлекеттің өмір салтын, аймағын зерттеп білуге үлес қосқан тұлға. Асан Қайғының атын білмейтін қазақ тайпасы мен руы болған емес, өйткені қазақтар өмір сүрген әрбір өңірдің сипаты Асан туралы аңыздарда кездеседі. Асан Сәбитұлының Асан Қайғы аталуының әр түрлі нұсқалары бар, дегенмен шындыққа жақыны Әлкей Марғұланның айтқаны, онда былай сипатталады: «Халық шежіресі бойынша Асан Ата Майқы бидің алтыншы әулеті деседі. Ол өзі Қорқыт сияқты жұрт қамын жеп өткен дана, батагөй, кемеңгер кісі. Өзінің

ұзақ жасында халықтың қамын ойлап, уайым жеп өткендіктен Асан Қайғы атанған» [63, 65 б.]. Халық қамын ойлап күңіренген бабамыздың қайғысы жеке бастың уайымы емес, халық үшін туған ердің үлкен жүрегінен шыққан ұмтылыстар екенін байқаймыз.

Қазақ даласында өзінің құрылымына сәйкес басқару жүйесі болған және хан мен хан кеңесшілері – сұлтандар, би-шешендер, батырлар, ру басы ақсақалдар болған. Олар қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелерінің негізін шешетін кеңес мүшелері. Бұл жайында Үмбетей жырау былай деген:

Аруағыңа болысқан
Әділ билік қылысқан
Қашпаған қандай ұрыстан
Керейде батыр Қазыбек
Қаз дауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай –
Абылай, сенің тұсында
Сол бесеуі болыпты-ай!
Кейі батыр, кейі би,
Тәңірім берген сондайсый!
Ұмыттың ба соны, Абылай! [47, 87 б.]

Өз Жәнібек, Керей сұлтандар, Тәуке хан, Қасым хан, Есім хан, Абылай хандар қазақ хандығының абыройын, артынан ерген елдің елдігін, ерлігін асыра білсе, олардың қасында Төле, Әйтеке, Қазыбек би сияқты билер мен Асан, Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар сияқты жыраулар қолдау көрсеткен. Жыраулар хан мен халықтың арасындағы тұлға. Хандарға қарсы пікір айту тек жырау, билердің ғана қолынан келген. Екінің бірі хан болуға лайықты емес. Хан болудың өз талаптарымен бірге, үлкен жауапкершілігі мол лауазым. Сол замандарда хандық институт жақсы дамып, өз нәтижесін берді. Елдің еңсесі көтеріліп, арқа сүйер Хандарды қолдады. Қазақ халқында «ханда қырық адамның ақылы бар» - деген нақыл сөз бекер айтылмаған. Қазақ хандары өз сарайларына елге танымал, абыройлы сал сері, абыз, ойшыл, хакім, батыр, жырауларды ұстап, барлық жағдайын жасап отырғандығын көреміз. Олар мал бағып далада жүрмеді. Қара жұмыс істеп, малай болмады. Ханға және халыққа бірдей қызмет жасады. Халықтың сөзін сөйлеп, хан алдында кез-келген алаңдатқан мән-жайды мәселе қылып көтерген.

«Жыраулар – қазақ ауыз әдебиетінің ақылгөй даналары. Заманның зарын, мұңын, қуанышын жырға қосып айтуды дәстүрге айналдырған. Әр жыраудың өзіндік стилі, ырғағы, мотиві өзгеше. Жыраулар – хан сарайының белді мүшесі, ханның ақпараттық саясатын жасаушылар» [66, 72 б].

Асан Қайғы жыр жолдарындағы көптеген толғаулары Өз Жәнібек ханға арналған. Ол ең әуелі ханның айналасына көз салмай, шабылып жатқан халқының жағдайын ойламай отыруына наразылық көрсеткен.

Ертеңгі халық болашағын Жәнібек ханның ақыл-айла, көрегендігімен тығыз байланыста алып қарайды. Осы арнауында жырау күншығысқа көз алмай қарайтын көрші патшалықтан сақтанудың қажеттігін арнайы ескертеді:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар - тұжырым жасайды.

Бір үйдің екі түрлі таным, екі түрлі сеніммен өмір сүрген заман, біздің заманға дәл келді. Судағы шортан қарағай басын шалмайтындығы белгілі, алайда кейбір жағдайда адамдардың төменнен, бірден жоғары көтеріліп, құздан құлағандай болып жатқанын айтқан шығар. Оны да көріп, естіп жүрміз. Биліктегі оқиғалар жетерлік.

Асан Қайғы «ақ шортан» мен «қарағай» бейнесін келесі бір толғауында кеңірек ашып, орыс патшасы отарлауының мән-жайын алдын ала айтып, көрегенділік танытады. Халық басына төнген бұл қауіптің зардабын, оның немен тынатынында дәл болжайды. Ел арасының азып-тозып, бір-біріне жақындығы, достығы, береке-бірлігінің болмайтындығын толғаған.

Құтты қоныс пен заманның тыныштығын мұрат еткен Асан Қайғының жыр-толғаулары біз үшін өте құнды белгі. Бұл кезең өз тізгінін қолына алып, іргесін нығайтып, еркін тірлікке бетбұрыс жасаған елдің өз ішіндегі қарым-қатынастары, өзіндік өмір салтты сипаттаған. Басқаша айтқанда, бұл кезеңдегі Асан Қайғы туындылары жаңа мемлекеттегі қоғамдық сананы қалыптастыруға қызмет етеді. Ойшыл жыраудың бұл кезеңге тән шығармаларын «Есті көрсең кем деме...», «Көлде жүрген қоңыр қаз...», «Еділ бол да, Жайық бол...» деп басталатын толғаулары құрайды.

Асан Қайғының «Бұл заманда не ғаріп» толғауына зейін қойсақ, «Ақ қалалы боз ғаріп», «Ел жағалай қонбаса, бетегелі бел ғаріп», «Қаз-үйрегі болмаса, айдын шалқар көл ғаріп» мазмұнында ұсынылған жауаптардан бары мен базары игілікке айналмаған жердің қай-қайсы да қадірінен айырылатынын байқаймыз. Ал қалған жауаптардың бәрі адам баласының қадір-қасиетіне байланысты. Осы «ғаріптердің» қатарында мына дүниедегі ең ауыр «ғаріп» ретінде жігіттің ата жұртынан қол үзуін ерекше айтқан. Мұның сыры, бірінші кезекте, дәл осы ауыртпалықтың толғау туған кезеңде ел көңіліндегі аса маңызды мәселелермен байланысып жатқаны анық. Дана жыраудың толғауды:

Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,

Қайратты туған ер ғаріп, – деп қайыруының өзі Асан Қайғы үшін ата қоныстың қаншалықты маңызды болғанын танытады. Жырау өз дәуірінің перзенті ғана емес, сол заманның сөзін жырға қосқан. Бұл жырдың қазіргі біз үшінде өзектілігі жоғары. Егерде биліктің халықтың көңілінен шықпай, ер азаматтарды бағаламай, екі қолына бір күрек тауып бермесе, ондай биліктен қандай ғаріп? Не пайда?

Адамның қоғамға қатынасы, адамдардың қоршаған ортаны, қоғамды тануы, оны адамның өз игілігіне жаратуы, қасиетін қастерлей білуі Асан жырларында анық көрінеді. Мысалы:

Көлде жүзген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін,
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін!
Ауылдағы жамандар
Ел қадірін не білсін!
Көшіп-қонып көрмеген

Жер қадірін не білсін! [47, 28 б.],—деп, өзі өмір сүріп отырған қоғамның тіршілігіне қанағаттанбайды. «Көлде жүрген қоңыр қаз...» толғауы ой ұсыну үлгісі жағынан «Бұл заманда не ғаріп?» толғауымен ұқсас болғанымен, айтар идеясы тұрғысынан басқаша мәнге ие. Себебі – «Бұл заманда не ғаріп?» толғауында ата жұртты қоныс ету идеясы алға тартылса, бұл толғауда атамекеннің әр пұшпағын қасиет тұта қадірлеу қажеттігі, ел ішіндегі берекелі тірлікті сақтай білу қажеттігі ой қазығына айналған. Бұл жағдай толғау айтылған кезде елдің ата қонысқа оралып, орнығып үлгергенін сездіреді. Сол себепті ендігі елдік мақсат – елдің құтын, жердің берекесін қашырмау. Өз кезегінде бұл мақсат жырау туындысынан көрініс тапқан. Толғауда табиғат дүниесі мен адам тіршілігі бірімен-бірі ұштаса суреттеліп, жаратылыста қадірсіз ештеңе жоқтығы, тек әр нәрсенің қадір-қасиетіне жете білу қажеттігі айтылады. Жыраудың ниеті – адам баласы үшін атамекеннен қасиетті қоныс болмайтынын санаға сіңіру.

Ел, жер, ондағы ер азаматтардың қадірін білу өте маңызды. Абыройын арттырған кезде ғана құт дариды. Құндылығы артады.

«Асан табиғаттағы заттардың қасиеттерін үйлестіруге машық. Табиғаттың бергенін зерделеп, адамның тәні мен жанына медеу болып, демеу беретін тұстарын кәдесіне жаратып отырады» [67, 193 б.].

Бар дүниенің қадірін білу, оған құрметпен қарау өзекті мәселе. Себебі барымызға қанағатшылдық танытпасақ, ертең оданда айырылып қалуы әбден мүмкін. Жерінен, тілінен мүлдем айырылған халықтарды тарихтан білеміз. Сондықтанда елдің құтын қашырмай, жердің құндылығын білу әр халық үшін қыл үстіндегі өткір сұрақ.

Асан Қайғы саяси тұрақтылық пен бейбіт өмірді жақтаушы. Ол геостратегиялық тұрғыдан Қазақ хандары үшін ең маңызды орын алуы керек жәйт – Батыс пен Шығысты жалғастырып, Шыңғыс хан дәуіріндегі мәдени, рухани орталық болып табылған Еділ мен Жайықты иеленуді ұсынады. Бұл жырау тілімен айтқанда Жерұйық түсінігіне саяды. Асан Қайғы – хандық биліктің жақтаушысы, әрі жыршысы. Жырау үшін халықтың жағдайын жақсартудың көзі – хан. Кез келген жағдайда Асан Қайғы реформаның жоғарыдан жасалуын қалайды, яғни эволюциялық дамуды қолдайды [68, 152 б.].

Қоғамдағы шешімін таба алмаған мәселелерді Асан Қайғы адамның адами қасиеттерінің жетілуімен байланыстыру қажеттілігін меңзейді. Әрине, адамның әлеуметтік ортадағы орны және оның табиғатпен арадағы қарым-қатынасын

үйлесімді қылу мәселесі қоғамдық сананың жаңа бір деңгейге көтерілуіне ықпал етіп қана қоймай, ежелгі ділдік астарларды сөз арқылы жеткізе білген.

Асанның танымдық қабілеті табиғаттағы заттардың қасиеттерін анықтауға, олардың адамға деген қатынасын мөлшерлеуге бағытталады. Қоршаған табиғаттағы заттық мәндерден олардың адамға, өмірге тигізетін әсерін, пайдалы-зиянды салдарларын пайымдай білген Асан көшпелі қоғамның әлеуметтік қайшылықтарын өзіндік «әрекеттік» пайыммен шешіп отырады. Деректер бойынша Асан Жерұйықты іздеуді Ақ Ордадан бастап, жеті өзенге дейін сапар шегеді, дүниенің төрт бұрышын аралайды. Түркі халықтарының көшпелі қоғам өркениетінің өкілдері арасында тарихта Асан Қайғыға тең келетін тарихи тұлға жоқ. Асанның Жерұйықты іздеуін мифтік құбылыс деп қарастырып, аңыз әңгімелер қа тарына жатқызуға мүлдем болмайды. Жерұйықты іздеу барысында жүрген жеріндегі қоныстарға сипаттама берген. Сол арқылы көшпелі өркениетті құтқару үшін Асан бабамыз адамдарды табиғатқа, дүние құбылыстарына зер салуды, жердің қадірін біліп, әсем табиғатты насихаттайды.

XIX ғасыр қазақ тарихында Ресей отаршылдығы түбегейлі орнап, жаңа саяси және экономикалық реформалар жүрді. Бұл өзгерістердің салдарынан қазақтың көшпелі тіршілігіне аса қажетті көшіп-қонар қоныстарының тарылуы халықтың саяси және рухани өмірі үлкен өзгерістерге ұшырады. Ол өзгерістер халық аңыздарында, өлең-жырларда, жекелеген ақындар шығармаларынан көрініс алды. Заман бейнесін өз шығармаларының негізгі арқауына өзек етіп алған ақын-жыршылардың толқыны шықты. Мұхтар Әуезов мұндай ақындар қатарын «зар заман ақындары» деп атап, сол күйді енгізген ақындардың алғы шебі Асан Қайғыдан басталады деп көрсетеді: «Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің ең шаншулы мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғаш рет қалың елдің қамын ойлап, күңіренген - қария Асан. Алғаш рет келешек заманның құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп, болжал айтқан Асан Қайғы. Сол заманның өзінде басқа жерге ауайық десе де, өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол. Кейінгіге ел қамын жоқтаған мұң зар сарынын тастап кеткен де сол. Зар заман ақындарының барлығындағы сары уайым - Асан бастаған сарын. Сондықтан зар заман ақындарының алғашқы белгісі Асан қайғыдан басталады дейміз» [61, 201 б.].

Ия, Асан Атадан басталған жыраулық институт төрт ғасыр бойы үзілмеді. Өзінің өміршеңдігін көрсетіп, әлеуметтің әлеуетін көтеруде өз үлестерін қосып, адал еңбек етті. Хан мен сұлтандардың алдына өте өткір, өзекті мәселелерді қойды.

Асан Қайғы өз дәуіріндегі қилы заман туралы жырласа, 400 жыл салып кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезовте «Қилы заман» атты повесть жазды. Жазушы, ойшыл, ғалым Асан Қайғының шығармашылығымен таныс. Себебі Мұхтар да Асан Қайғыға ұқсап өз заманының ауыртпашылығын, Ресей Патшаларының соқыр саясатына қарсылығын осындай формада білдірген.

«Қилы заман» повесті 1928 жылы Қызылорда қаласында жариялана салысымен қуғын көріп, Орыс Үкіметінің солақай саясаттың соққысын жеп, біраз тергеуге алынды. Қудалауға ұшырады. Ресей және орыс халқына қарсы

жазылған ұлт арасындағы өшпенділікті қоздыратын ұлтшыл-арандатушы шығарма деген айып тағылды. Кейін ғана, заман тынышталған соң 1970 жылдары қайтадан кітап болып жариялана бастады.

Шығарма 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде құрбан болған барлық асыл азаматтардың ешқандай жазығы жоқтығын, көркем образдар арқылы бейнелеп кетті [69, 20 б].

Кеменгер Мұхтар Әуезов пен Асан Қайғы бабамыз арасында рухани ұқсастықты көреміз. Екі ғұламада қилы заманның зарынан азап шегіп, қуғынға ұшырағандығын байқаймыз. Тағдырлары қайталанатын осындай тұлғаларымыз қазақ тарихында жиі кездеседі. Қилы заманның ең басты көрсеткіші – заманның мүлдем ойға келмеген жағдайға ауысып кетуінде. Қилы заман - алмас қылыштай кесіп түсетін өткір.

Қайғы, уайым кешкен зар заман ақындарының қозғаған мәселелері мен Асан Қайғы туралы халық аңыздарындағы «уайымы» бір-бірімен сабақтас. Мұны Асан қайғының Жәнібек ханға айтқан сөзінен көреміз:

Ай, хан мен айтпасам білмейсің,

Айтқаным көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің - деп хан әрекеттеріне әділетті баға береді және олардың адамшылық қасиеттерін басшылыққа ала білген ол әділеттілікті хан саясатынан іздейді. Ханға әділетсіздікті әкелетін оның саяси өмірден хабарсыздығы, жайбарақаттығы деп білген Асан Қайғы соғыс, қақтығыстарды болдырмау мақсатында өз ойын ханға бүкпесіз жеткізеді. Хан халықтың жанын түсініп, рухын көтере білді. Сол үшін де халық оларды қадірлеп, қастерледі, қолдады.

Асан Атаны қайғыға салып, түн ұйқысын төрт бөлген өзекті мәселелерді жіктеп көрсек:

1. Билік жүргізуші ханның қарадан қатын алған ісіне қайғыру;

2. Құладыңға қу ілгізіп, тектіні тексізге жығып берген хан ісін уайымдауы;

3. Орыс отаршылдығының шеңгеліне түсіп, көшіп-қонуға тар бола бастаған қайырсыз қонысты тастап көшу;

4. Ел, жұрттың қоныстануына жайлы құтты мекенді іздеуі;

5. Адамдардың өзгеріп, адамшылық қасиетінің төмендеп кетуі.

Бұлардың барлығы өмірден туған алаңдаушылық. Өмір философиясының негізгі құндылықтары. Аталған құндылықтардың жойылып, беделі төмендеп бара жатқандығынан туындаған ойлар.

Тағы бір, үлкен мәселе Асан Қайғының Әз-Жәнібекке артатын басты «өкпесінің» бірі – ханның қарадан әйел алуы.

Қатын алдың қарадан,

Айрылдың хандық жорадан,

Ел ұстайтын ұл таппас,

Айрылар ата мұрадан!

Мұны неге білмейсің?!

Асанның пайымдауынша, бұл жөнсіз істің салдары елдің болашағына зиянын тигізеді. Алдағы күнде ел билейтін текті тұқым жойылып, оның ақыры жақсылыққа әкелмейтіндігін ескертеді. Басшысы тексіз елдің ісі де берекесіз, болашағы да бұлыңғыр. Мұндай реніштің туындауы - қазақ даласындағы хандық жүйенің күйреуі салдарынан болғаны анық. ХІХ ғасырда қазақ даласында хандық жүйе Ресей тарапынан жасалған саяси реформаның нәтижесінде өмір сүруін тоқтатқаны тарихтан белгілі.

Ханның қарадан қатын алуы деген сөз, хандық жүйені тоқырауға әкелу деген сөз. Халық даналығында «Тең теңімен, тезек қабымен» - деген тұжырымды еске түсіреді. Яғни, әр жұптың өз теңі, деңгейін сақтауды ұсынады.

Асанның екінші реніші, Өз-Жәнібек ханның құладыңға құс патшасы аққуды ілдіруі.

Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі,
Аққу – құстың төресі
Ен жайлап көлді жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұспан
Елге жау боп келеді.
Құладың аққуды өлтірсе
Өз басыңа келеді!
Құлың көп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі,

Мұны неге білмейсің? [47, 26 б.].

Бұл жерде аққу – төре тұқымының, құладың – тексіз билеушінің, сондай-ақ сыртқы жаудың бейнесі. Аққуды құладыңға ілдірген хан ісінен елді тексіз кісі билейді, жұрт бодандыққа түседі, ханға қара кісі қару көтеретін заман туады деп қайғырады. Қазақ халқының өзге жұрт қарауына көшуі, билікке төре жете алмай қара тұқымы келуі, ханға қара кісінің қарсы шығып, қару көтеруі оқиғалары қазақ тарихында да болған. Елдің азып-тозуы тексіз кісілердің билікке келуі деп түсінеді халық. Заман түзелуі үшін текті тұқымнан шыққан ғана ел басқаруы шарт.

Ал, мына жыр жолында Асан Қайғы Жәнібек сұлтанның жаңа қала салдыруына наразылық білдіруі.

Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
Оны неге білмейсің?!

Жәнібектің орыс шеберлерін алдырып, кәпірге қала салдырғаны Асан Атаға ұнамайды. «Қорған салған бейнетің» бос әурешілік болды, - деп, ханды бұндай іске бармауға шақырады.

Бұл сарын Асанның қазаққа жайлы қоныс іздеудегі аңыздарының мазмұнында үнемі орын алып отырады. Асан барған жеріне оның мал мен егінге жайлылығы мен жайсыздығына сын айтумен қатар, оған маңайдағы жаулардан келер қауіп-қатерді де айтқан. Мысалы, Тарбағатай тауының түстік жағын Қытай, солтүстік жағын орыс алар десе, Керекуді, Еділ мен Жайықты,

Сарыарқаны да орыс алады деп қауіптеніп, орыс бармайтын жер деп Жиделі-Байсынды таңдауы бекер емес. Аңыздар мазмұнынан Асанның не себептен қазақ жұртына жаңа қоныс іздеп жүргенін айқын көреміз. Асан Қайғыны қатты ойлантқан негізгі себеп – қазақ жерінің орыстың қолына түсіп, бекініс, қала салатындығы.

Аталған мәселелер XIX ғасырдағы зар заман ақындары Мұрат, Дулат, Шортанбай шығармаларынан орын алған. Сондықтан фольклортанушы ғалым, түркітанушы Әуелбек Қоңыратбаев Асан Қайғы шығармаларына: «Ол – ел басындағы ауыртпалықты жырлап, заман жайлы сыншыл ой тудырған философ, замана сыншысы. Оның сарындарын XIX ғасырда «зар заман» ақындары қайталаған» [70, 95 б.],- деп баға береді.

Жыраулар поэзиясының әлеуметтік құндылығы - қазақ халқының жеке дербес ел болуы идеясынан шыққан. Олардың бір ғана арманы болды, ол қазақ хандығы, халқының тұрақты, айбарлы болуы. Жыраулар жырларымен ел келешегін болжаумен қатар, өз арман, қиялдарына қосты. Елдің тағдыры талқыға түсіп, сыналар кезде жыраулардың арманшыл жырлары қажыған халықтың деміне демеу болып, сенімін арттырғаны сөзсіз.

Қазақтың көркем жазушысы Мұхтар Мағауин: «Қазақ атымен аталатын дербес әдебиеттің алғашқы өкілдері – өз кезінде бүкіл Дешті Қыпшаққа даңқы кеткен Асан Қайғы, Қодан-тайшы, Қазтуған жыраулар мұрасын біз жаңаның басы ғана емес, көненің жалғасы деп қарауға тиіспіз. Бұлардың біздің заманымызға жеткен шығармаларынан Көк Орда ұлысындағы бүліншілік, қазақтар көтеріле көшіп, тәуелсіз ту көтерген қилы кезең көрініс тапқан. Сонымен қатар халықтың өз кезіндегі елеулі тарихи оқиғаларға берген бағасы да танылғандай. Елге ұйытқы, ер азаматқа ақылгөй болған жыраулар қазақ поэзиясының болашақта ұмтылар бағыт-бағдарын, идеялық тұғыры мен көркемдік биігін де айқындап кетті» [71, 56 б.], – дейді. Шын мәнісінде, Қазақ хандығы заманында жыраулар елдің бірлігін сақтап, әділетті ел болу, құтты қонысқа орнығу мәселесін көтерді. Сонымен қатар, хандық дәуірдегі жыраулар кейінгі ұрпақтарына болашаққа жол сілтейтін тағылымды, айбатты жыр жолдарын қалдырды.

Асан Қайғы жыр-толғауларында хандық билікті нығайту, елдің бірлігін, қорғаныс қабілетін арттыру қажеттілігін насихаттайды, ханға жағымпазданбай бетің бар, жүзің бар демеген, қаймықпай тура сөйлеген. Асан Қайғының толғауларынан алғашқы қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи оқиғалар мен дүниетаным негіздерін көреміз.

Асан Қайғы жер мәселесін шешудің жаңа формасын ұсынады. Елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып, адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін, мамыражай еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерұйық» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл бойына жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел аралап шығады. Әр қоныс, мекенге байланысты сипаттамасын беріп, одан әрі жүре берген. Бұл сипаттамалар әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді. Жыраудың «Жерұйықты» іздеуі Томас Мордың «Утопиясы» (1516) және Томмазо Кампанелланың «Күн қаласы» шығармасындағы (1602) қиял-армандарымен салыстыруға мүлдем болмайды.

Идея жағынан әрине, салыстырып, ұқсастықты іздеуге болады. Асан Ата мал иеге емес, жерге бітетіндігін өте жақсы білген. Жердің киесі бар екендігін біліп, жерге ерекше қараған. Сол себептен жерді анаға теңеп «Жер-Ана» деп қадірлеген.

Асан Ата жер мен адам өмірін бір-бірімен байланыстыра қарайды. Адам өзі өмір сүріп отырған жердің бағасын, құнын білуі керек, өмірдің өткінші екендігін, өлген соң да жерге қайтып келетінін сезінуі, бірақ оған дейін әркім өз арман-мүддесін орындауы маңызды. Асан Қайғы Ойыл мен Жем бойынан қоныс аударуды жөн көрмейді:

Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласаң

Бірін қысқа қыстасаң

Ал, қолыңды маларсың

Алтын менен күміске!... [47, 25 б.], –деп өкіне жырлағанмен, үмітін үзбейді, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды іздеп, шартарапты шарлауға кетеді.

Адам қоғамда ғана, қоғам мүшелерімен жан-жақты қарым-қатынаста ғана өз елінің игілігіне өзінің аздап та болса үлесін қосу үшін пайдалы істер атқара жүріп жетіле алады. Әл-Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактатында» әрбір адам өз тіршілігін де ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осының негізінде адам қоғамы пайда болады дейді. «Адамдар берлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – ізгі қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ» [58, 324 б.].

Адам мен қоғам арақатынасын еркіндік, теңдік, бірлік, әділеттілік, парыз, достық, отбасы, билік, азамат ұғымдары арқылы білеміз. Қазақ халқы үшін өмір сүрудің маңыздылығы ең басты рухани құндылықтар қатарына жатады. Халық өмірді, жарық дүниені жоғары бағалайды. Ақын-жыраулар өмірді қадірлеп, оны мәнді өткізуге шақырды. Адамның өмірлік мұраты қандай екендігімен оның дүниетанымдық жүйесі астасып жатады. Өмірдің әртүрлі қиын жағдайларында мойымай, рухани өзгеріс жолында болу керектігін жыраулар пайымдап отырған және осы рухани дәстүр қазақ қоғамында қазіргі заманауи кезеңге дейін сабақтастығын сақтады.

Асан Қайғы – ұлттық тұлға. Бренд. Өз халқына бақыт тіледі, болашағын ойлап қайғыға батты. Сол себептен Асан Қайғы атанды. «Қайғы» ұғымының өзі сан қырлы. Әртүрлі аспектіде қарауға болатындығын ескерген жөн. Бабамыз қазақтың жер көлемін шолды, баға берді, небір асыл ойларды қалдырды. Тереңдей үңілгенде Асан Қайғы бабамыз, бүгінгі қазақ мемлекеттігінің дипломатиялық мектебін қалыптастырды. Ел мен елді жауластырмай, достастыру, татуластыру, бейбіт өмір сүру қағидасын ұсынды. Керей мен

Жәнібектің атынан Моғолстан ханы Есенбұғамен келіссөздер жүргізді. Соның арқасында болашақ өсіп-өнетін мемлекеттің алтын тұғырын жасады. Ата жұрт, Атамекен тақырыбы, ел тағдыры, әлеумет өміріне байланысты ой-идеялар Асан қайғы толғауларының өзегі. Тарихта болған Асан Сәбитұлының ел жадында «Жерұйық» іздеген Асан Қайғы болып жатталып, ұрпақтан ұрпаққа аңыздық тұлғаға айнала жетуінің бір себебі де оның толғау-жырларында ел мен жер тағдырының аса маңызды орын алуында жатқаны анық. Аңызға айналмаса бізге осындай ой, жырлар жетпес еді.

Асан Қайғының өзіндік азаматтық ұстанымын жүзеге асыруға тырысып, Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы үшін қызмет етуі және сөйтіп өзінің интеллигенция, элита өкілі ретіндегі міндеті оның жеке бас мүддесін ойламай, басты орынға халықты қоюынан анық көрініс тапқан. Ханның кеңесшісі болған Асан Ата ен даланы елсіз қалдырмау үшін, көшпелі елден мемлекет, біртұтас хандық құру үшін, хан мен халық арасындағы мәмілегер, саясаткер ретінде жаңа мемлекетті өз қолымен құруға атсалысты. Орнықты ел болуға, жерге ұюға кеңес береді. Сол үшін Желмаясымен жер шарлап, қазақ елінің мемлекеттік шекарасын айқындап, даланың әрбір түкпіріне жер, су аттарының семантикасын жасағандығын біле бермейміз. Оның «Жерұйық» идеясы – тұтас бір стратегиялық бағдарлама, әлеуметтік саясат, үйлесімді, тұрақты дамудың баламасы, әділетті заң үстемдік құрған кемел елдің бейнесі.

Асан Қайғы бабамыз жерге шолу арқылы география ғылымын қалыптастырды. Қазақ елінің дүниетанымын кеңейтті. Тіпті, экологиялық мақсатта жақсы ойлар айтты. Ол сөз әлеміне де өз өрнегін салды, тұшымды толғаулар қалдырды. Сондықтан да қазақ халқы ғасырлар бойы тарихи сатыларында Асан Қайғы есімін үстемдікке, озбырлыққа, әділетсіздікке қарсы ұстанған ізгілік символына балайды.

Ел басқарған Жәнібек хан, Тәуекел хан, Би Темір, Есім хан, Абылай хандармен қатар жүрген, оларға ақыл-кеңес беріп, жауға қарсы қол бастаған жыраулар өз мүддесін қарапайым халықтың тағдырынан жоғары қояды. Сөз болып отырған замандағы жыраулар тек хандардың жанында ақылшы болып қана қоймай, қоғамдағы оқиғаларды сырттай бақылап отырмай, оқиғалардың ортасында жүрді. Елінің, жерінің амандығы үшін қауіп төнген сәттерде ұрыстарға қатысқан, сол жорықтарда батырлық көрсетіп, жауынгерде бола білді.

Көне түркі шығармаларында елдің жеке мемлекет болу үшін жүргізген әр алуан шайқастары, батырлардың көзсіз ерліктері жырланып келген. Орта ғасыр дәуіріндегі шығармаларда адамшылық, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынастары ақындардың басты тақырыбына айналған. Жыраулар поэзиясында өзіне дейінгі шығармалардың дидактикалық мазмұн-сипаттары сақталып, сонымен қатар заман шындығы мен дәуір сырында жыр жолдарына қосады. Қазақ хандығы тұсындағы туындыларда жаңа құрылған мемлекеттің іргесін мықтап, оны сыртқы жаулардан қорғау, халықты біріктіру идеясы дәріптеледі. Себебі, сол кездегі жағдайлар заманның шындығын бейнелеуді талап еткен.

Жыраулар поэзиясындағы елдің бүтіндігін сақтау, мемлекет болып қалыптасу идеясы – ерекше тақырып ретінде көрінді. Алтын Орда ыдырап, түркі халықтарының өз алдына жеке ұлт ретінде қалыптасу тұсына дәл келетін жыраулар шығармашылығында ел мен жерді қорғау, біртұтас мемлекеттің іргесін қалау, ешкімге тәуелді болмай, жеке, дербес болу мәселелері тереңнен баяндалады. Сонымен қатар жаңадан ел болып қалыптасу кезеңінде сыртқы жаулардың тұтқиылдан шабуыл жасауы ел билеушілері мен оның жанында жүргендерге, қарапайым халыққа қатты соққы. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін елді біріктіріп, күш жинау арқылы сыртқы жауға тойтарыс беру қоғамның алдында тұрған өмірлік мәні зор күрделі мәселе. Осындай мәселелер жыраулар шығармашылығындағы елдік, мемлекеттік мәселелерді жырлауды басты орынға қойылуына әсер еткен. Заман талабына сай үнемі хан қасынан табылып, жыраулығымен қоса көрегендігін де мойындата білген жыр сүлейлері Сыпыра, Асан Қайғы, Жәнібек, Шалкиіз, Жиёмбет, Үмбетей, Бұқарлардың жырлары өте құнды. Сонымен бірге, тарихи салмағы зор тұлғалар Тоқтамыс, Әз-Жәнібек, Би Темір, Есім хан, Абылай хандардың ұлттық философиядағы шынайы бейнесін әліде зерттеуіміз қажет.

Заманның тыныс-тіршілігін жырға қосып жырлап өткен жыршы-ақындарды ұлттық философияның алғашқы өкілдері, ойшылдары деп атау заңдылық. Бұл жөнінде елімізге белгілі этнолог, мәдениеттанушы, философия ғылымының докторы Сәбетқазы Ақатай «Жыраулық философия – халық мәдениетінің төлбасы ғана емес, іргетасы. Халқымыздың дәстүрлі мәдени өрбуінің басты ерекшелігі – рухани мәдениеттің кейбір салаларының материалдық мәдениетке қарағанда біршама озық түсуі. Бұл айтылып жүрген белгілі жай. Ал ілкі қазақ өнерінің тәжі – сөз өнері, поэзия. Алайда поэзия – тек әдеби дәулет қана емес, философия тарихы, қазақы ой тарихының бастамасы. Ол – әлеуметтік, философиялық, тарихи, эстетикалық, адамгершілік ақыл-ойдың тоғысқан жері... Бүгінгі тәуелсіздігіміздің кемелденуіне поэзиямыздың кешегі нұсқалары әлі де үлгі тұтарлық мұра болуында осындай сыр жатыр» [72, 25 б.]

Қазақ философиясының адамшылдық идеялары қазіргі қазақ елі үшін маңызды әрі құнды. Қазақ этикасы – халықтың ұлттық әдеп жүйесін, адамшылықты, кісілікті зерттейді. «Этика» термині ежелгі грек тілінде «бірлесе өмір сүруші адамдар тобының мекен-жайы» деген ұғымды білдіріп, кейіннен әдеп мағынасына ие болған. Бұл термин түрік халықтарының тіліне орта ғасырлардағы араб-мұсылман мәдениетінің ықпалымен енген. Қазақ этикасы «әдеп», «ақылақ», «адамшылық» сияқты ұғымдар арқылы қолданылады. Этиканың басты ұғымы жақсылық ұғымы болып табылады және оның мақсаты - адам өміріндегі ізгілік пен зұлымдықтың қайнар көзі мен табиғатын, себептері мен тетіктерін анықтау.

Қазақ этикасы халықтың рухани өмірінде ерекше орын алады. Қазақ этикасының ежелгі бастау қайнар көздері үш мың жылдай Еуразияның Ұлы даласында өркендеген сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мен түрік бірлестіктерінің мол мәдениетінен нәр алады. Осыдан 2600 жыл бұрын өмір сүрген сақ ойшылы, «Жеті ғұламаның бірі» Анахарсис (Анарыс) өзінің әдеп және адамшылық туралы

терең пікірлерін айтқан. Әр сөзінді салмақтап, әдепті болуға шақырады. Адам өміріндегі барлық мәселе тілден деген тұжырым жасайды. Орта Азиядан табылған түріктердің атақты Күлтегін, Тоныкөк жазуларында татулық, бақыт, дәулет секілді әдеп ұғымдары жиі кездеседі. Қазақ этикасының қалыптасуына Қорқыт атада үлкен үлес қосты. Оның үлгі-өнеге, өсиет-нақыл сөздері қазақтармен қатар барша түрік халықтарында кең таралған. Өлмейтін өмірдің кілті өнерде дейді. Өнерді өмірге айналдырып, бақытты болудың кілтін ұсынған.

Қазақ топырағында этиканы арнаулы ілім ретінде қарастырған ғұлама-философияшы, әмбебап ғалым – Әбу Насыр әл-Фараби. Ол этиканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін практикалық ғылым деп қарастырды. Оның түсінігінше, адам жаратылыстағы ең қасиетті жан. Сондықтан оған үлкен құрметпен қарау керек. «Бақытқа жол сілтеу» трактатында ойшыл баянды тіршіліктегі адами бақыт туралы сөз қозғайды [58, 5-6 б.б.].

Осыдан 1150 жыл бұрын, қазіргі Қазақ жерінде Әбу Насыр әл-Фараби деген нәресте дүниеге келіп, ғаламдық тұлғаға айналатындығын кім білген. Ол заманда бүгінгідей білім, ғылым қол жетімді емес. Соған қарамастан бала Фарабидің дарындылығы, білімге құштарлығы, еңбекқорлығы биік деңгейге жеткізді. Фараби бабамыздың кіндік қаны тамған жер бүгінгі Түркістан облысы. VIII ғасырда Түркістан, Отырар өңірінде өркениеттің, білім, ғылым, мәдениет, сауда саттықтың орталығы болып, қалалық мәдениетінің, азаматтық қоғамның жетілген үлгісін көрсетті. Шығыстанушы Әбсаттар Дербісәлі ағамыз Отырардан отыздан астам Фараби шыққан деп айтып еді бір сұхбатында. Сол айтылған сөз, айтылған жерінде қалғаны өкінішті. Бұны зерттеп, анықтауымыз қажет деп ойлаймын. Тың дүниелер әліде шығатындығы анық. Біз, Қазақ халқы, ғылымы әліде Фарабидің еңбектерін, рухани мұрасын толықтай түсініп, зерттеп болғанымыз жоқ. Ғұлама әбу Насыр әл-Фарабидің биылғы 1150 жылдығы үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып, әр ғылым саласының мамандары, профессорлар өздеріне қатысты дәнді алып, ұрықтандырып кеңінен насихаттау қажет деп санаймын. Фараби энциклопедист ғалым ретінде көптеген ғылым саларына қатысты еңбектер жазған. Ғылым салаларын жіктеп, анықтамасын берген. Соның ішінде біз білетін, тіл білімі, математика, арифметика, физика, алхимия, педагогика, эстетика, этика, саясаттану, музыка өнері деп жалғастыра беруге болады. Айталық, Фарабидің математика, физикаға қатысты еңбектерін математиктер, физиктер түпнұсқадан аударып, түсіндірмесін жасауы міндетті. Яғни, әр сала өзіне қажеттісін алып, зерттеу жұмыстарын жүргізсе тамаша болар еді. Қазіргі кітапханаларда тұрған еңбектер Совет заманында жазылып, шыққан кітаптар. Көбісі, орыс тілінен аударылған. Олардың қандай сапада жазылғандығын білмедім, бірақ түсіну, ұғыну қиындығын көпшілік айтып жүр.

Сонда Фараби бабамыз не деп айтқан, айтқан сөзінің құндылығы не дегенге келсек. Әл-Фараби дейміз. «Әл» дегеніміз не, қандай мағына береді? «Әл» сөзі ең алдымен қай жерден шыққандығын білдіретін артикул екендігі. Яғни, Фараб деген жерден шыққандығы. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз өз заманының өте

беделді, данагөй, би, шешен болғандығын көрсетеді. Ел ішінде абыройы зор, құрметке лайық адам екендігі анық. Соған сәйкес, Фарабидің аузынан шыққан сөз, ойдың құны биік. Фараби бабамыз өзінің еңбектерін Алланың атымен бастайды. Демек, жаратушы барын мойындап, жартушы жаратқан дүниелерді зерттеп, біліп қана Жаратушыға жақындай алатындығын білген. Ол ғылымды метафизика деп атаған. Ақылдың құдіретіне сенген (рационалист), танымның шексіздігіне шек келтірмеген. Фараби еңбектерінің өзгешелігі, ол адам мәселесін бірінші қойған. Адамның бір өзі бақытты өмір сүре алмайды. Сол үшін бірлесіп, өзара ынтымақтастықта өмір сүру үшін қоғам, мемлекеттің қажеттілігін айтқан.

«Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері» еңбегінде былай жазады: «тәнді емдейтін – дәрігер, ал жанды емдейтін – елді басқаратын мемлекеттік қайраткер. Мемлекеттік қайраткер мемлекеттік «басқару өнері» арқылы және билеуші «билеу өнері» арқылы қай жерде және кімге қолдану керек немесе қолданбау керектігін біледі. Адамдардың денсаулығын, жаны мен тәнінің саулығын қамтамасыз ете алатындығына аса мән беру керектігін ескерткен. Мемлекет қайраткерінің адам өмірінде алатын рөлі мен маңыздылығына өте үлкен сенім артқанын көреміз.

Негізінде, мемлекеттік қайраткер, қызметші кім? Ол халықтың сенімін арқалаған жалдамалы адам. Демек, мемлекеттік қызметкер қоғамдағы, қаладағы адамдардың жаны мен тәніне, қауіпсіздігіне жауап беретін, лайықты өмір сүру жағдайын жасайтын лауазым иесі. Көп дүниеге тәуекел етіп, шектелген адам. Мемлекеттік қызметкер болу өте қиын шаруа. Оны шығармашылық ізденіс пен өнер деп қабылдаған жөн. Мемлекеттік қызметкер халыққа адал қызмет етемін деп ант береді. Бірақ, өкінішке орай, антқа қиянат жасап, негізгі міндетін ұмытып жатады. Күнделікті өмірде ондай құбылыстарды көріп, естіп жүрміз.

«Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде адамдар қоғам болып өмір сүре бастайды. Сол қоғамдарды үшке бөледі Фараби бабамыз: «үлкен, орташа және шағын қоғамдар. Үлкен қоғам – жерде тіршілік жасайтын барлық адамдар қоғамының жиынтығы; орташа қоғам – адамдардың жердің бір бөлігінде ғана бірігуі, ал, кіші қоғам – бұл кішкентай қала, ауыл тұрғындарының бірігіп, ұйымдасуы. Қоғамның ең кемелденген формасын «қала» деп санайды. Ойшылдың айтуынша «Биік игілік пен жоғары кемелдікке бірінші кезекте кемелденудің соңғы сатысында тұрған қоғам емес, қала қол жеткізеді». Ал, қала әр түрлі болады, ол көбінесе, қандай адам басқаратындығына байланысты. Себебі, адамдар қоғамға өз еркілерімен, еркін біріккендер. Сәйкесінше, адамдар жаман істерді тындыру үшін, зұлымдық жасау үшін де бірігуі мүмкін. Ұйымдасқан топ құрып, мемлекетті, халықты алдайтындарды айтса керек. Қала жасанды орта. Қалада ойыңа келгенді істеу мүмкін емес, бір адамның оғаш қылығы, әрекеті басқа біреудің құқығына, тағдырына, өміріне қауіп төндірсе не болғаны?!

Осыған байланысты, Фараби атамыз адамдардың ниетіне қарай, адасқандар қаласы, надан қала, қажеттілік қаласы, айырбас қаласы, мансап құмар қаласы деп бірнеше түрге бөледі.

Солардың ішіндегі неғұрлым кемелденген қала – бұл ізгі қала. Бұл жерде адамдар бір-біріне өзара көмектесу үшін, өздері кемелдену үшін, ортақ бақытқа қол жеткізу үшін бастарын қосады. Ғұламаның пікірінше, салауатты, ізгі қала барлық дене мүшелері үйлесімді қызмет ететін сау адамның денесіне балайды.

Ізгі қала тұрғындарының екі тобы бар. Біріншісі - ізгі адамдар. Олардың барлық ойы - ізгілік, мейірімділік, әділет. Өз еріктерін басқа тұрғындармен байланыстырып, дос, бауырмашылық ұстаныммен өмір сүретіндер. Бекітілген тәртіпке бағынып, бір-бірін сыйлайды. Қиыс қыстау кезеңде бір-біріне қол ұшын беріп, жәрдемдеседі. Ондай адамдар ізгі қаланың тұрғындары.

Бәріміз бір мемлекетте, бір қалада тұрып, бір ауаны жұтып жатқандықтан барлығымызды бір мақсат, бір мүдде ғана алаңдатуы тиіс. Ол Қазақ мемлекеті, қазақ халқының болашағы. Ертеңгі күніміз қандай болады деген ой.

Фарабидің түсінігіне қарағанда, ғылым мен философия адамы болуы үшін қойылатын талап өте жоғары. Ең алдымен ондай адам бірнеше шартқа сәйкес келуі маңызды. Олар: адамның жан тазалығы, ар тазалығы, барша адамзатқа махаббаты, адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі ең соңында, ғылым мен білімге деген риясыз берілгендігін атап өтеді. Бұл шарттар орындалмаған жағдайда, адам философияны меңгере де, біреуге үйретеді алмайды. Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөлген. Теориялық философия – өзгермейтін құбылыстарды, заттарды зерттейді, ал практикалық философия – өзгеріске, адамның қолымен жасауға болатын заттарды зерттейді.

Этика ғылымы туралы. Этика ең алдымен жақсы мен жаманның ара жігін ажыратып, дұрыс таңдау жасауға үйрететін практикалық ғылым. Бұдан шығатын қорытынды, Фарабидің негізгі ұстанымы, ойы үш принципке негізделгенін көреміз. Ізгілік, адамды құрметтеу, дұрыс тәрбие. Адамның тұла бойынан табылуы тиіс құндылықтар осы емес пе?

Әл-Фараби жоғарыда аталған «Бақытқа жол» трактатында адамның бақытты өмір сүруі, оған талпынуы табиғи үрдіс. Көбінесе, адамның көңіл күй, жайма шуақ өмірі осы дүниеде бағаланатындығын айтқан. О дүниедегі мәңгілік бақыттан гөрі, тірі кезіндегі бақытқа кенелуіне аса мән берген. Бақытты сезіну үшін ең алдымен кез-келген адам өзін үнемі жетілдіріп, білімін толықтыруы қажет.

Фарабидің еңбектерінің түпкі мақсаты адам, адамшылық мәселесі. Адамның білім, ғылым игеріп, тәрбиелі, толыққанды азамат болуын құптаған. Әр адамға құрметпен қарау, өмірді құндылық ретінде қарауды үйретеді. Білім алу, ғылымды игеру, ізгілікті насихаттау, сұлулықты дәріптеу әл-Фараби дүниетанымындағы негізгі құндылықтар.

Жалпы Түркі халықтарының адамшылық құндылықтарды дәріптеп, ғылымның өсіп жетілуіне мол үлес қосқан ғұламалар қатарына, қазақ топырағынан шыққан Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғаниды атаймыз. Қазақ хандығы қалыптасқан заманнан бастап қазақ этикасы негізінен ақын-жыраулардың даналық насихат жырлары арқылы көрініс тапты. Олардың ауызекі мәдени мұралары - ұлттық қадір-қасиет пен өнегелі әдепті ғасырлар бойы жоғалтпай сақтап қалуға үлкен

қызмет етіп келеді. Айталық қазақ жерінде туып, өскен, тумасынан зағип Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сый» еңбегі тұнып тұрған философия. Өмір философиясы.

Одан бергі, атақты қазақ ақын-жыраулары Асан қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Дулат, Шортанбайлар ұлттық этиканы заман талаптарына сәйкес жоғары тұғырға көтере білді. Олардың әлеуметтік-адамшылық ойлары қазақ халқының әдептік сана-сезімінің қалыптасуына, кейінгі ұрпақты адамшылық және ұлтжандылық рухта тәрбиелеуге үлкен әсерін тигізуде. Дүниетанымдық контексте этикалық қарым-қатынастар адам мен адамзат қоғамы үшін ең зор құндылыққа ие қарым-қатынастар ретінде қарастырылады.

Жыраулық поэзияның өкілдері Асан қайғы мен Қазтуғанның, Доспамбет пен Шалкиіздің, Ақтамберді мен Бұқар жыраудың елдік пен ерлікті, азаматтық пен адамшылықты жырлаған өршіл өлең-жырлары, туған жер, ата-қоныс, ел тағдыры, өмір өткелдері мен әлеумет жайлы философиялық толғау-тұжырымдары, өткір ойшылдық пен шешендік өнер өнегелері адамзат атаулыға тән асқақ кісілік идеяны паш етеді. Жалпы кісілік құндылық болып табылатын: ізгілік, ар-ұятты болу, ата-анаға құрмет, елге қызмет ету, ұлтын, халқын сүйу, имандылық, адамшылық қасиеттерді жоғары қою жыраулар поэзиясының өзегі.

Философия ғылымының негізгі бағыттарының бірі аксиология саласына өлшеусіз үлес қосты. Адам өміріндегі құндылықтың құндылығын әрқашанда жоғары бағалаған. Осы мақсатта жанын да, қанын да аямаған.

Қазақ философиясының тарихында ойшыл Асан Қайғының рухани мұрасының құндылығы өте жоғары. Асан бабамыздың адамшылдық ойларының негізі – жамандықты жойып, табиғатпен үйлесімдікте болу. Дархан даланы кезіп, саяхаттау Асан Қайғының сүйікті ісі. Табиғат, жер, су, өзен, тау өте қастерлі ұғымдар. Адамдар арасындағы түсіністіктің жоқ немесе аз болуы адамдар мен табиғат арасындағы қатынастардың бұзылуына әкеліп соғады. Сондықтанда, қоғамдағы түсініспеушілік болмауы үшін табиғат пен адам өзара үйлесімде болған кезде ғана жүзеге асады. Кешірімді, ізгі ой ойлау адамның адамшылығын білдіретін қасиет. Адамның бойындағы қасиеттерді бағалау, құрметтеу басты тақырып, жырдың мәйегі. Өмірде мағыналы өмір сүру қажеттілігіне баса мән берген.

Асан туралы аңыздарға баса назар аударып, Асан ғұмырнамасы мен аңыздардағы Жәнібектің кім екенін анықтауға ұмтылған ғалым Әуелбек Қоңыратбаев болды [70]. Тарихта Жәнібек есімді үш хан болғандығына тоқталып, Асан өмірін ХҮІ ғасырдағы тарихи оқиғалармен байланыстырып қарастырады. Асан Қайғы туралы аңыздарға арнайы тоқталған ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиет зерттеушісі, фольклоршы Балтабай Адамбаев «Тарихи аңыз-әңгімелер» атты еңбегінде Асанның жерге берген сындары арқылы оның жүрген жолын, бағытын бағдарлауға болады деген болжам түйеді [73].

Асан туралы аңыздардың жанрлық ерекшелігіне тоқталған әдебиеттану, фольклоршы ғалым Сейіт Қасқабасов «Миф пен әфсананың тарихилығы» атты зерттеу еңбегінде Асан туралы әңгімелерді халық

прозасының әфсана жанрына жатқызады. Сонымен қатар халық пікірінде әлеуметтік утопияның үш сатысы болатынын, Асан туралы әфсаналардағы «Жер ұйық» іздеу сарынын осы әлеуметтік утопияның алғашқы екі сатысына, халықтың орнаған қоғамға немесе әміршіге деген наразылық (протест) пен қарсылық (оппозиция) білдірген утопиялық ойлары түскенін жазады, «Жерұйық» мотивінің түп-тамыры көк, жер, жер асты әлемі туралы шамандық ұғыммен байланысты екеніне назар аудартады [65, 89 б.].

Асан Қайғы сөздің нарқы мен парқын біліп, қадірін түсінген шешен. Өмір сүрудің негізгі мәні туралы айта келіп, Асан Қайғы жақсылардан үлгі алып, надандардан бойды аулақ салудың қажеттілігін, жас ұрпақтың ата-анасын, үлкендерді сыйлап қастерлеуін, олардың ақылын тындап үнемі басшылыққа алуын, ізгі ниетті жайсаң жан болып өсу қажеттігін еске салады. Осыған орай жыраудың:

Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа,
Артық үшін айтысып,

Достарыңмен сынаспа немесе «Қарындасыңды жамандап, өзіңе туған табылмас» деген сөздерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор. Оның толғауларында адамға деген мейірімділік, ізгілік, сүйіспеншілік қай жағынан болса да, бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып көңіл қалдырмайтын татулық сезімі айқын білінеді.

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,

Жалған айтып суыспа [47, 29 б.] - деген өсиеті бүгінгі заманда да өзекті. Мінезі жаман адаммен ұрысып абырой таппайтындығын айтып отыр. Биік адами қасиеттерімен Асан Қайғы өзін үнемі жоғары ұстаған. Ұсақ-түйек пенделік әрекеттерге бармай абыз қалпын сақтағандығын көреміз.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі әдептіліктің басты белгілеріне туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намыс, ар-ождан, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар әруағы мен ақсақалдарды сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық парыз, әділдік, қанағатшылдықты жатқызамыз. Бұлардың барлығы адами құндылықтардың тізбегі.

«Бірақ, қазақ дәстүрлі мәдениетінде айшықталған әдеп ұстанымдары батыстық этика ұғымдарынан басқаша, өзіндік бітімі бойынша тұжырымдалады. Біріншіден, кісілік қасиеттер ауызекі поэтикалық арнада көркем суреттемелер арқылы берілген. Екіншіден, әдеп нормалары (кісілік белгілер) қазақы руханиятта құқықтық, діни, көркем өнерлік нормалармен синкретті әрекет еткен. Үшіншіден, әдеп нормалары ақын-жырауларда ауызекі мәдениеттің көне үлгілерін қамти отыра жырланған» [75, 272 б.]. Әрине, қазақи дүниетанымдағы этика көбінесе адамшылық құндылықтарды қарасөз, жыр жолдарында қолданған. Батыстық дүниетанымда, бұл құндылықтар мүлдем басқа формада кездеседі.

Жырау «Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама» - дейді. Яғни, болдым, толдым деп халық алдында тоқмейілсуге болмайды. «Халық» деген Алланың бір атау десек, халықтан биік болу мақсат емес. Керсінше, дана қазақ «көппен көрген ұлы той» - деп дөп басып айтқан. Ертең қиын, қилы заман келеді, сол кезде бір-бірімізге демеу болайық деп халықты бірлікке шақырады. Заман өтер, кетер. Ең бастысы адами қалпыңды сақтау қалуды жоғары абырой санаған.

Бұл заманда не ғаріп?

Ақ қалалы боз ғаріп,

Жақсыларға айтпаған

Асыл, шығын сөз ғаріп;

Замандасы болмаса,

Қариялар болар тез ғаріп [47, 27 б.].

Бұл жерде Асан Қайғы ел, жердің қадірін білуді, асыл қазынамыз қариялардың терең ойларына құлақ түруді меңзеуде. Өкінішке орай, бүгінгі күнде қолда бар білімді жастарымыздың қадірін бағаламаймыз. Көбісі шетелге кетуде. Мемлекетіміз зиялы, білімді азаматтардың интеллектуалдық әлеуетін толықтай пайдалана алмай жатқандығы тағы бар. Қазақ қыздары да шетел азаматтарына тұрмысқа шығып, оларда тау асуда. Қаншама ірі кампаниялар шетел азаматтарының иелігінде. Бұның барлығы қолда бар дүние мен азаматтарымыздың қадірін білмегендіктен.

Адамның ішкі дерті асқынған уақытта, заманда ішінен шіри бастауы бек мүмкін. Әр заманның өз тауқыметі, әр адамның Тәңірі берген тағдыры бар. Ертеңгі күн тұрмақ, бүгінгі күннің өзін болжау қиынның қиыны. Заманның жүрісі жылдам. Технология сағаттап өзгеруде. Кешегі үлкен теледидар, телефон келмеске кетті. Кеше ғана мұнайдың 1 бареллі 150 \$ асса, қазіргі күні 30 \$ шамасында. Демек, сағаттап, секундтап өзгеріп жатқан заманда бүгінгі күнмен өмір сүріп, болашақ ұрпақтың жағдайын ойлап, мемлекеттің мүмкіндігі мен адами капиталға қарап тон пішкен дұрыс. Ертеңгі күн – сол күннің несібесі деген философтардың ұранын ұмытпаған жөн.

Біздің пікірімізше, қазіргі қоғамға ешқандай идеологияның қажеттілігі шамалы. Ең маңызды мәселе халыққа қолайлы өмір сүру формуласын ұсыну, кәсіпкерлерге жеңілдетілген жағдай жасау, білім, ғылым, мәдениет саласындағы мамандардың жағдайын көтеру маңыздырақ. Қазақ елінің болашағына жанашырлық, үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет, қарапайым адами құндылықтарды насихаттау қажет деп ойлаймыз. Жастарды еңбекқорлыққа, іскер, бай болуға ынталандырудың тетіктерін ойлап тапса сол – идеология болмақ.

Инновациялық ойлау арқылы, сапаға жұмыс істеуге үйрету қажетті мәселе. Жаңаша ойлап, санасы таза, ешкімге жалтақтамайтын мүлдем басқа Қазақ ұлтын қалыптастыруымыз заман талабы.

Сонда ғана Қазақ елінің әрбір азаматы бай, дәулетті, білімі жоғары болғанда ғана «Мәңгілік Ел» бола аламыз.

Көк тұман басқан, өзгермелі заманда, заманның талабына сай бізде өзгеруіміз қажет. Ондай үрдіс болмаған жағдайда, бұрынғы білім, тәжірибемен

алысқа бара алмайтындығымыз анық. Рухани жаңғыру бағдарламасы мен Мәңгілік ел болу идеясы аясында атқарылып жатқан іс-шаралардың барлығы бекер болмақ. Әлемде жер көлемінен 9 орында болсақ та, жердің қадірін білмей жатқандығымыз өкінішті.

Жер тек қана байлықтың көзі ғана емес, жердің идеялық мән, маңызы арта түсті. Жерден жаңа ілім шығарып, ұлттық идеологияға айналдыра білген Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы қай заманда болмасын өзектілігі күн тәртібінен түспейтіндігі анық.

Өз атамекенінде орнығып, ата-бабасының салт-дәстүрін сақтап қалған қазақ халқы, кемеңгер ұлт. Адами қасиеттерді жоғары бағалап, еркін ойлайтын, іскер екендігін барша әлемге танытты. Хакім Абай «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп ...» айтқан қағидасын бойына сіңірген қазақ халқының жаман болуға хақы жоқ.

«Қазақстан» деген құтты мекенде қазығын қаққан азаматтар, басқа ұлт өкілдері қазақ елінің шаңырағын бірге көтеріп, айрандай ұйып отырған елде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауы маңызды. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы қазақ елінің азаттығы үшін күрескен ұлт қайраткерлерінің аққан қаны мен төккен терін ұмытпай, қазақ елін «Мәңгілік елге» айналдыру жолында аянбай қызмет жасауы тиіс. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай «Қайтсем Қазақ елін мәңгілік мемлекетке айналдырамын?!» деген түсінік, әр азаматтың көкейінде сайрап тұрса деген ой бар» [76, 539 б.].

Асан Қайғының дүниенің төрт бұрышын аралап, әр жерге берген мінездемесі ел аузында сақталған. Соның ішінде әсем ару қаламыз Алматының орны ерекше. Алматы дегенде бірден Алматының алмасы, апорты еске түседі.

Алайда, алманың отаны болғанымызбен әлі күнге дейін нарықты алмамен қамтамасыз ете алмай отырғанымыз көңілге кірбің ұялатады. Одан қалса, Қазақ елінен бүкіл әлемге тараған алманы сырттан келген келімсектердің атымен атап, өзімізді екінші планға шығарып, өзгенің алдында кішірейгенді қашан қояр екенбіз. Айталық, «Сиверс», «Александра» алмасы деп төл өніміміздің атауын бере салдық.

Алматының алмасы қай заманда болмасын, мыңдаған алма сорттары ішіндегі бірегей иісі, балдай тәттілігі және көлемімен өзгешеленіп тұрады. Көне көз қариялардың сөзіне сенсек, Алматының кез-келген көшелерінде алма ағаштары жайқалып тұрған.

«Бізге бүгінде бұл ертегі сияқты көрінеді... Тіпті бар ғой, әсіресе, алма ағашы гүлдейтін және пісетін кездері көшелерден алманың иісі аңқып тұрады екен. Әсіресе, кешкісін қаладағы азғантай ғана көлік қозғалысы тоқтаған шақта үйдің терезесін ашса, сырттан келген қоңыр салқын жел алманың әсерлі иісін алып келетін көрінеді. Таңғы уақытта терезе ашық тұрса, ұйқыдан да оятатын сол алмалардың иісі болыпты. Сол қарттар бұрындары алманы сатып алып жеу дегенді мүлде білмегендерін айтады. Алма қажет болса, есік алдына шықсаңыз болды, аулалар мен көшелерде алма ағаштары самсап, иіліп тұрады екен. Бойын бір жазуға шамасы келмегендей, алма ағаштары үнемі майысып тұратын көрінеді. Ал, айнала төңіректе үзіліп түскен алмалар шашылып жататын болған.

Бала болсын, қарт болсын, жегісі келсе, қолын созса болғаны. Апа-әжелеріміз теріп алып, қысқа арнап алманың қайнатпасын дайындайды екен. Жерге түсіп ұрылған, шіріген, әбден пісіп, жарылған жерлерін кесіп алып тастап, әйтеуір бір пайдасына жаратқан. Алыстан туыстары келсе де, қайтарында сөмкесіне «Ауылға Алматының алмасынан ала бар» деп, сый ретінде салып беретін болған. Ал, бүгінде сол алма ағаштары мен иісі мұрын жаратын, дәмі тіл үйіретін алмалар қайда кетті? Алматының көшесін кезіп жүретін алманың иісі қайда? – деп еске алады (<http://almaty-akshamy.kz/almaty-ny-almasy-a-satty-bir-kezderi>) автор.

Алматы қаласының сан-мыңдаған жылдар бұрынға табиғи ландшафты қазіргіден әлде қайда сұлу, керемет болғанын ойша елестетудің өзі көп нәрсені білдіреді. Ертеректе «Алматы» атауы «Алмалы» болғаны да бекер емес. Әлемде «Алма» деген атаудың генезисі әліде толық зерттелмеді. Бірде бір мемлекетте «Алма» атауымен жер аталмаған. Содан болар, мұрнынды жаратын қош иісі, тіл үйірер дәмінің алдында жеме деген жемісті жеп қойып Хауа анамыз, күнә жасайды.

Қазірдің өзінде алматының апорт алмасын көргенде бірден танысын, тәбетің ашылып жегің келеді. Алматыға барған, шет елге баратын адамдар ең алдымен «алманы» сыйлық ретінде бірге алып жүреді. Ресей патшаларының сілекейін шұбыртып таңдай қаққызған тарихи оқиғалар, деректер жетерлік. Қаншама патша, хандарды, жалпы қарапайым азаматтарды таңдай қаққызып, тамсандырған алмамыздың қадірін алғашқы қалпына келтіру маңызды. Әрине, алма бақтары қалпына келтіріліп, мемлекет тарапынан қолдау жүргізіп жатқаны белгілі. Дегенменде, Алматы Апортына деген сағынышты, хош иісті қалпына келтіргенмен арғы замандағы, бергі замандардағы алманы қазақ елінің бренд ретінде қалыптастыру арқылы бүкіл әлемді қамтамасыз етуді қолға алған жөн.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бұр жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды» деп атап өтеді.

Дегенменде, XV ғасырларда өмір сүрген қазақтың жыршы, ойшыл Асан Қайғы өз заманында қазіргі қазақ елінің барлық жерін аралап, өз мінездемесін бергенін айттық. Сонда қазіргі Алматы қаласына, тау бөктеріне барып, табиғатына тамсанып, алманы көріп, дәм татса керек. Біраз уақыт демалып, табиғатына бас иген. Кетер кезде Алматы тауы мен Алма туралы былай дейді:

«Сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректей, алмасы бар жүректей, сол жерді қимадым».

XV ғасырдың өзінде Асан Қайғы жырынан көріп отырғандай Алматы алмасының қандай болғанын жырға қосып, осындай мінездеме бергендігі өте маңызды тарихи дерек.

Сонымен қатар, жаңа қалыптасқан қазақ хандығы үшін басты мұрат – жер мен ел бірлігі. Бұл мұратты іске асырған Асан Қайғы, Керей мен Жәнібек сұлтандардың ерен еңбегі өлшеусіз. Көшіп-қонып жүрген халықты орнықты жерге орналастыру идеясы жүзеге асты. Көшпенділік салттың қиындығы мен салдары өте ауыр. Міне, соны ұғынған Асан Қайғы қазақ хандығының отырықшы елге айналып, оң өзгерістердің бой алуына еңбек жасады. Ел мен жерді аралап халықтың көңіл-күйін, тұрмысын білді. Отырықшылық мәдениетті құптап, қала салу керектігіне үлкен мән берген. Сол ойының нәтижесі ретінде өзен мен көлдің жағасына қала салу қажеттігін Жәнібек пен Керей сұлтандардың алдына мәселе ретінде қоя білген. Ежелгі өркениеттерде ірі өзендердің жиегінде өркендеген. Асан Қайғы бұл сөзімізді мына жыр жолдарымен дәйектейді:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған.
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің [47, 25 б.]

Елдік пен батырлық мұрат деңгейінде тұтастануы ақын-жыраулар шығармашылығында ерекше көрініс табады. Қазақтың өнегелі бата сөзінде ең бірінші үміт жерге, сосын сол жердегі ерге және осы ерді өсірген елге айтылады. Қазақ ақын-жыраулары мұраттарының бедерлі қырына кісілік мұраттарды отансүйгіштік сезіммен үйлесімді ұштастыру дәстүрге айналған. Ел мұраты мен ер мұраты бір-бірімен тұтас әр екет етеді. Хандық дәуірдегі толассыз жаугершілік елдік мұраттарды алдыңғы қатарға шығарып отырғаны соның айғағы.

Асан Қайғы дүниетанымындағы тағы бір үлкен тақырып ол - адамшылық мәселесі. Асан Қайғы адамның өзін-өзі танып білуін, түсінуін, өмірдегі орны мен деңгейін дұрыс бағалайтын, әрекет-қимылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамшылыққа балайды. Өмірге деген парасатты көзқарасы, еліне деген бекем сүйіспеншілігі, адамдықты құрметтей білген қабілеті қазақ халқының сана-сезімін жаңа сатыға көтеруге зор ықпал етті деп айтуға толық негіз бар.

Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып
Достарыңмен санаспа,
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама [47, 28 б.]

Асан Қайғы үшін кең пейіл, достық, білімділік жоғары адамзаттық қасиет. Ал, өтірік, өзімшілдік пен бәрін білемін деушілік ұзаққа апармайтын жол. Кісілік қасиеттер – адамшылдық пен құт. Асан Қайғының ұғымында адамды бай немесе кедей деп бөлу жат құбылыс. Ел-жұрт үшін адамның мінез-құлқының жарасымды, өзара үйлесімді болуы маңызды. Көп жағдайда Асан Қайғыны әдебиеттану ғылымының зерттеу объектісі деу басым. Алайда, әдебиеттегі мәтіндердің философиялық идеясынада мән берген жөн. Әдебиет пен философияны бөле жаруға мүлдем болмайды. Әдебиеттің бір тармағы поэзия - қазақтың жаны. Философияға рух беріп тұрған – поэзия. Қазақтың бір туар, жазушы, кемеңгер Мұхтар Әуезов «Философия дегеніміз – ой тәрбиесі. Философия – адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ» деген анықтама берген. Сондықтанда, әдебиет пен философияның арасында рухани байланыспен қатар, бірін-бірі толықтырып тұратын сипаты бар. Бізде, Асан Қайғының поэтикалық жанрда жазылған жыр жолдарынан ұғым, идея шығарып отыруымыздың мәні осында. Әр жыр жолдарын талдап, негізгі ой мәйегіне ой жүгіртеміз. Демек, бізде «философия – ой тәрбиелейтін білім саласы» деген анықтама бердік.

Асан Қайғы сөздің салмағын білген ойшыл. Оқырманға ой салатын дүние қалдырды. Былай дейді жырау: «Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтысып, достарыңмен сынаспа» немесе «Қарындасынды жамандап, өзіңе туған табылмас» деген сөздерінің астарында адамшылық пейілді көруге болады. Қанша мықты болсаңда ұстамды, эмоцияға берілмеуді, қандай жағдай болса да халықпен бірге болуды дәріптейді. Кейде біздегі азаматтардың атқа қонып, қолына билік тиісімен өзгеріп шығатындығын көріп жүрміз. Асанның жырларында адамға деген мейірімділік, ізгілік, сүйіспеншілік қай жағынан болса да, бірін-бірі толықтырып, туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспай, бет жыртыспауға шақырады.

Ұлы Дала Елінің жырауларының дүниетанымдық ерекшеліктерінің астарында әлемді түсіну, рухани кемелдену негізіндегі философиялық ұстанымдарды көреміз. Қазақ халқының философиялық ойлау жүйесінің нағыз жарқын көріністерін айшықтай түсетін Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Марқасқа, Жиёмбет, Бұхар сияқты жыраулардың елді ерлікке, бірлікке шақырған мазмұнды жырлары, отты толғаулары бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне, ұлтты рухани қалыптастыру ісіне ықпал ететіндігі анық. Жыраулар шығармашылығындағы жақсыны жаманнан, досты қастан ажырата білу, ар, ұят, адамшылық, әділеттілік сияқты руханияттың іргелі категорияларына талдау жасалады. Олардың сөз өнері бағасы жоқ қазына, өлмес мұра екендігі белгілі, сондықтан осы мұрамызға рухани, философиялық мән беріледі.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде «адам-жер-дүние» қатынасы арқылы адам мен табиғат, адам мен дүние, адам мен өмір арасындағы қатынас деңгейі тұтастай алынады. Бұлардың барлығы рухани өмірдің негізі. Қазақ халқының жерге деген қатынасы өмірлік маңызды мәселе. Ел мен жер егіз ұғымдар. Осы ұғымдар үшін жанында берген. Жер тағдыры адам өмірімен, оның мәнімен тығыз байланыста қарастырылады.

Асан Қайғы – экологиялық тәрбие төңірегінде сөз қозғаған қазақтың тұңғыш ойшылдарының бірегейі. Оның толғауларында қазақ даласының сұлулығы, жер байлығы, аң-құстардың тыныс-тіршілігі, жер, су, тау аттарының географиялық орналасқан жері сөз болады. «Аққу құстың төресі, ен жайлап көлде жүреді» деген шумақтан, сұлулықтың белгісін көреміз. Көркем мінездің жан семіртетінін, сүйкімділіктің тән тазалығына еритінін «Бұл заманда не ғаріп» деген өлеңінен аңғарамыз. Жыраудың:

Иіс майын жамандап, жұпар қайдан табасың?

Көлдің суын жамандап, Еділ қайдан табасың? – деген сөздері атамекенді ардақтай білуге үйретеді. Жердің қадірін білуге шақырады.

«Асан Қайғының пайымында, «Жерұйық» адамдарды тегіс бақытқа бөлейтін жер болғанын қалаған. Өмір жағдайына қарамастан, кез-келген адам түбінде шынайы, әрі әділетті. Зерттеушілер атап өткендей, оның дүниетанымының трагизмі – өмірде толып жатқан қайғы атаулыны, соның ішінде адам қасіретін айрықша терең сезінуінде. Махаббат пен қайғыға ортақтастық идеясы да осыдан келіп туындайды. Сондықтан Шоқан Уәлихановтың оны «көшпенді философ» деп атауы әбден орынды» [77].

Асан Қайғының жыр, толғаулары негізінен үлгі-өсиет, мақал-мәтел іспеттес болып құрылған. Жырау ру-тайпалық одақтардың генеалогиясын, халықтық әдет-ғұрып, дәстүрлерді дәріптеп, өмір сүрудің мәні туралы, жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық, үлкенді сыйлап-қастерлеу, бір-бірімен босқа қырқыспау, бейбіт өмір кешуге, ізгі ниетті, қарапайым, адал, шыншыл, иманды болуға шақырады:

Өлетұғын тай үшін,
Қөшетұғын сай үшін.
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа
Ашу – дұшпан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа [47, 29 б.].

Түсіністікпен үйлесімді өмір сүру үшін әр адам өзін-өзі жетілдіруі қажет. Қазіргі заманда адамның қосымша білім алуына толық мүмкіндік жасалған. Семинар, тренингтердің түрлері де сан алуан. Тіл білген адамға әлем ашық. Тек қана алдына биік мақсат қойып, соған ұмтылатын ерік, жігер болса болғаны.

Жырау адамзатты тату болуға шақырып, ашуға бой алдырудан тыйады. Ол «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, Ақылыңа ақыл қос» деген мақалға сай келеді. Халқымыздың әрбір нақыл сөзі, мәйекті мақалы шарифатпен, қасиетті дінімізбен астасқан. Кей кездері болмайтын нәрселерді бірінші орынға қойып, өмірлік маңызды сұрақтарды екінші немесе үшінші орынға ысырып қоятындығымыз бар. Міне, осы жерде ойланып, өмірдегі ұстанымдардың басымдықтарын анықтап отыруымыз қажет деп ойлаймыз.

Асан Қайғы есімі тек қазақ халқына ғана емес, басқа да түркі тектес халықтарда (қырғыз, қарақалпақ, ноғай тағы басқа) кеңінен тараған. Бұндай танымал болуы да заңдылық. Себебі, сол заманда шекара деген ашық, ханның

жарлығы бірден шартарапқа тараған, Асан Қайғының жырлары да ауыздан ауызға тарап кеткен. Екінші жағынан, Асан тұлғасы өте танымал, абыройлы болғандығын көрсетеді.

Асан Қайғының философиялық дүниетанымында - этикалық дүниетаным ерекше орында. Адам, адамшылықтың басты қасиеттері, олардың мәні мен сипаты жоғары деңгейде. Поэзиялық формамен берілген этикалық ұғымдар, түсініктер, қағидалар Шығыс өркениетіне тән ерекшеліктермен сабақтастық тауып, адамшылықтың алуан қырлы болмысын айқындайды. Поэзиялық зерде мен философияның қазақ дүниетанымында егіз ұғым екенін Асан Қайғы өз толғаулары мен жырларында баяндады. Адам өмірінің мәні, мақсаты, өлімнің растығы, қоршаған табиғатты тану мәселелері Асан Қайғы философиясының басты бағыттары.

Ал, Асан Қайғы гуманизмі - адамға деген сүйіспеншілігі тарихи сана арқылы түркі халықтарының жадында сақталған. Ноғай, өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ халықтары арасында Асан Қайғы есімі ілтипатпен аталып, құрмет тұтылады. Оның ақындық ойы мен жыраулық философиясы өзінің танымдық құдіреттілігімен ерекшеленеді. Қазақ халқы ғасырлар бойы тарихи сатыларында Асан Қайғы есімін үстемдікке, озбырлыққа, әділетсіздікке қарсы ұстанған ізгілік символына айналдырды.

Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының адамшылдық-этикалық тәрбиесі туған жерге, отбасына, үлкен-кішілерге, қоғамға тікелей байланысты. Үлкендерге деген сыйластықты орнату мақсатында қалыптасқан нормалар мінез-құлықтың қалыптасуына зор ықпалы бар. Мәселен, үлкеннің жолын кесіп өтпе, сөзін бөлме, үлкендерге сәлем бер, үлкендердің көңілін қалдыратындай қылық жасама. Ата-ана алдындағы парызыңды өтеу деген түсінікте балаға ой салады. Қазақи дүниетанымда ананың орны ерекше. «Ана сүтін Меккеге үш рет арқалап апарсаң да өтей алмайсың» деп халық бекер айтпаған. Дәстүрлі қазақи отбасында әкенің рөлі де ерекше. Жұмақ анаңның табанын астында десе, әкенің қас қабағының астында жұмақтан кем емес дүние жатқандығын ұмыт қалдырдық. Сондықтанда, әкенің қас қабағына да қарап отыруды ұмытпағанымыз жөн.

Қазақ жырауларының дүниетанымында әлем, ғарыш эзотериялық субстанцияның арқасында толыққан бүтіндікке, жоғарғы, орта және төменгі әлемдердің арасындағы байланысқа ие. Қазақ ойшылдарының поэтикалық мұрасында этикалық қарым-қатынастардың жаңа аспектісі, әлем мен адамның, олардың бірлігін және өзгешелігін түсінудің тарихи алғышарттарының бірі зерттелген. Сонымен бірге, әлемнің мұншалықты аса зор, синтетикалық үлгісі қазіргі заман ғылымынан логикалық танымның құралдарының бірі ретінде рационалдық ойлаудың да, интуицияның да басын қоса алатын айрықша әдістемелік, терең философиялық көзқарасты талап етеді.

Қазақ жыраулары хан ордасында жүріп, мемлекет басқару ісіне араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа өсиет айтқан, болашақты болжап, істің жөнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгөй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп, жыр айтқан.

Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы — туған елі, жері, елдің бірлігі, еркіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан Қайғының:

Желмая мініп жер шалсам,

Тапқан жерге ел көшір - деген тұжырыммен Жәнібек ханның алдына мәселе көтерген. Көтерген мәселесінің шешімін де өзі айтқан.

Асан қайғы «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің» - деген Жәнібек ханға айтқан толғауында:

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің

Қымыз ішіп қызарып,

Мастанып, қызып терлейсің,

Өзіңнен басқа хан жоқтай

Елеуреп неге сөйлейсің

Қорған салдың бейнет қып,

Қызметшің жатыр ішіп-жеп.

Оны неге білмейсің?!

Қатын алдың қарадан,

Айрылдың хандық жорадан,

Ел ұстайтын ұл таппас,

Айрылар ата мұрадан!

Мұны неге білмейсің!? [47, 26 б.] – деп күйзелген халқының қамын ойлау орнына қымыз ішіп қызарып, масаттанып жүргеніне қатты ашуланады. Жырау бұл жерде ханның мақтаншақ, парықсыз, ұшқалақ мінезін тамаша бейнелеген. Елінің қамын, ертеңін ойламаған ханға жырау дұрыс жолға түсіп, халқыңа қарайласуды есіне салады.

Асан Қайғы ел, халық тағдырына, болашағына терең көз жібереді, қабырғасы қайыса жыр төгеді, болжам жасайды.

Жыраудың саяси-құқықтық тұжырымдамасының негізі – халықтың әлеуеті жоғары болуы мен әдет-ғұрып нормаларының сақталуына ықпал ету. Қазақ хандарының негізгі мақсаты ел бірлігін сақтау екендігін, ол үшін халқымен тату тұруы керектігіне мән береді. Халықты құл деп тану халық тарапынан наразылық тудыруы мүмкін. Еркін адамды құл деп білуде ішкі саясаттағы үлкен қателік. Себебі, кең даланы иемденіп отырған халыққа жеке бас бостандығынан қымбат ештеңе жоқ. Мемлекет өз халқына құл деп қараса, ол мемлекеттің кемелденуіне бұғау.

Асан Қайғы ел тыныштығын армандаған. Мал баққан көшпелі елге керегі – бейбіт тіршілік. Бірақ, ол кезде жаугершілік, басқыншылық, соғыс, құнарлы жер үшін ұрыс-қақтығыс жиі болып тұрған. Ел берекесін кетіріп, күйзеліске ұшыратқан. Жырау халық басына төнген осы ауыртпалықты көре білген. Өкініштің арты үлкен зауалға әкелетіндігін де ескертеді. Асан Қайғы ел, халық тағдырына, болашағына алаңдаушылық білдіреді, қабырғасы қайыса жыр төгеді, болжам жасайды. Қилы-қилы заманның сипаты мүмкін осы шығар.

Жырау ханға:

Тіл алсаң іздеп, қоныс көр,

Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір, деп ақыл-кеңес береді. Онан әрі ханға:
Андып жүрген көп дұшпан,
Өз басына келеді.

Елге жау боп келеді.

Құлың кеп сені өлтірер.

Құладан қуды өлтірсе,

Осыны Асан біледі, - [47, 26 б.] - деп, жырау халық көтерілсе, хан басына ауыр күн туарына күмән келтірмейді. Ақылгөй жырау халықтың күшін жоғары бағалайды. «Еділ бол да, Жайық бол, ешкімменен ұрыспа» – деп, елді бірлік-ынтымаққа шақырады. Жырда ғибрат, өнеге аларлық парасатты ой түйіндері мол. Ол өз тұсында, келешек ұрпаққа да биік адамшылықты насихаттаған. Теріс, жағымсыз мінездерден аулақ болуды айтады.

Асан Қайғының түпкі мақсаты – ағайындар арасында татулық, хан мен халық арасындағы түсіністік, береке. Жайлы өмір. Малға шүйгін, шұрайлы жер.

Жыраулар жай толғау айтып, ханның саясатын сынап, оған ақыл айтып, кеңес беріп қана қойған жоқ. Қазақ хандығының жай-күйін, көрші халықтармен қарым-қатынасын, болашағын, елдің еркіндігін ойлап, болашақта не күтіп тұрғанын болжай да білді. Мысалы, Асан Қайғы келешекте қазақ хандығының қиыншылықты көп көретінін, күшті бір патшалықтардың біріне бағынатынын түсінген.

Бірақ, Асан Қайғы үмітін үзбейді, халқына тыныш, тату, еркін, бақытты өмір сыйлайтын жері де бай, елі де бай «Жерұйық» деген жерді іздейді.

Қазақы дүниетанымда жақсылық пен жамандық ұғымдары ақын-жыраулар шығармашылығында жан-жақты әрі көркем суреттелген. Бұл түсініктер таза поэзия аумағынан шығып, халық даналығы деңгейіне көтерілген. Қазақ дүниетанымында жақсылық пен жамандық синкретті: әрі әдептік, әрі тәлімдік, әрі өнегелік категориялар ретінде баяндалады. Бұл өмірлік философияда жақсылықтың өлшемі адамның өз атына сай тіршілік етуі болса, онда жамандық тіршілікті шектеу деп түсіндіріледі. Яғни, жақсылық - адам мен дүние арасындағы үйлесімдік. Тек нағыз адамның қолынан ғана жақсылық, қайырымдылық жасай білу келеді.

Қазақтың бір туар азаматы Нұртас Оңдасынов «Біріншіден, қанша жыл қолымда билік болса да, біреуден бір тиын да пара алмадым – қолым таза! Екіншіден, үштіктің бірі болып, біреудің сыртынан қол қойған емеспін, яғни, ешкімнің қаны мойнымда жоқ – Арым таза! Үшіншіден, адамдарды атаға, руға, жүзге бөлген де, тіптен ешкімнің ешқашан жүзін сұрағанда емеспін – жүзім таза! дейді [78, 193 б.] - деген сөздерін үнемі естен шығармаған жөн. Ат үстінде жүрсе де қарапайымдылық қасиетін жоғалтпай, ұлттық мүдде тұрғысынан еңбек етудің үлгісін көрсеткен. Біреудің ала жібін аттамай, тек кәсібилікті мойындаған. Осындай адамшылық қасиеттерді жоғары бағалаған ағамыздан үйренер дүние көп. Асан Қайғы жырларынан да осындай ар тазалығын көруге болады.

Ауылдағы жамандар

Ер қадірін не білсін!

Көшіп-қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін!
Көшсе, қона білмеген,
Ақылына көнбеген
Жұрт қадірін не білсін [47, 28 б.].

Жақсылықтың бағдары – адамды көтермелеу. Керісінше жасалған әрекет жамандыққа әкеледі. Хандық дәуіріндегі ақын-жыраулардың этикалық түсініктері жоғарыда аталған фольклор үлгілерімен үндес. Өйткені олар бір этномәдени кеңістікте қалыптасқан.

Асан Қайғының жыр жолдарындағы өмір тәжірибесінен түйген парасатты толғам-танымы, философиялық терең ойлары бүгінгі жырауларға, ойшылдарға, біздерге де үлгі-өнеге.

Тарихи процестің бірлігін қамтамасыз ететін, рухани сабақтастыққа, ынтымақтастыққа негіз болатын рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылықтың, қайырымдылық пен ізгіліктің арқасында қалыптасады және өсіп өркендейді. Адамның әлемге қатынасын айқындаушы факторлар ақиқаттың заңдылығымен, оның үйлесімділікке толы ұстанымдарымен астасып жатады. Ал, енді бір кезеңдердің өткен көшпелі мәдениетке сай құндылықтар жүйесі, өзінің ділінде адамның табиғатпен үйлесімділігін дәріптеумен ерекшеленеді. Дәстүрлі қоғамның рухани құндылықтары көбінесе адамды тұрақтылыққа, әсемдікке жетелейді, оның бойындағы бояулар нәзік лирикамен көмкерілген, техногендік прагматизмнен, утилитаризмнен алыстау болып келеді. Сондықтан қазіргі заманның өркениетті бағдарлары, нанотехнологияға бет бұрған индустриалды дәуір дәстүрлі қоғамның рухани байлығын тұтастай жоққа шығармауы тиіс, оны тиісті жерінде пайдалана білгені жөн. Жаһандану заманында Қазақстандағы қазіргі философияның алдында жаңа әлеуметтік және саяси шындықтың күрделі мағынасын ашу, өтпелі кезеңнің қайшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау, тәуелсіз Қазақстанның өркениетті отыз ел қатарына кіруінің мәдени-тарихи алғышарттарын байыптау сияқты қиын да күрделі міндеттер тұр. Жаңа философиялық білім беру, ғылыми-техникалық, ұлттық және мәдени саясатты қалыптастыру мәселелері сананың азаматтық қоғам мен нарықтық экономиканың құндылықтарына бағдар ұстануын қажет етеді [79].

Заман өзгерді. Инновациялық-технологияның қарыштап дамыған заманы. Саяси жүйемізде, экономикамызда басқа. Құндылықтарда соған қарай ауыса бастады. Ендігі кезекте гуманитарлық салада өзгерісті талап етуде. Халқымызда нарықтық экономикаға төселіп қалды.

Әркім өзінің қадір, қабілетіне қарай тіршілігін жасауда. Бәріміз жар жағалап өмір сүріп жатырмыз. Қай кезде құздан құлап кететіндігіміз бір Аллаға аян. Өмір құндылықтары, адамдар арасындағы қарым-қатынас өзгеруде. Ақпараттық заманнан, виртуалды өмірге қадам бастық.

Бақыты оянған ерлердің,
Әрбір ісі оң болар.
Дәулеті күнде артылып,

Не қылса да мол болар, - [47, 27 б.б] - дегендей қазіргі күнде жастар бай-дәулетті болуды қалайды. Асан Ата «бақыт» дегенде адамның жиған байлығын айтпайды, адамның бақыттылығы оның ақылдылығында, елге қайырымдылығында, сол қасиеттерімен жұртқа танылғанда ғана бақытқа жету мүмкіндігі болатынын айтады. Негізінен «бақыт» ұғымы тек қыз балаларға айтылатын түсінік. Ер балаға бақытты бол деп айтпайды, оған «азамат» бол деп бата береді.

Бақыт негізінен құтпен байланыстырылады, құт – өмір, тіршілік, құнарлылық көзі, игіліктің, табыс пен бақыттың басы. «Бақыт – өз басың үшін көксейтін игілік, – дейді Әл-Фараби, – өйткені [бақыттың] ар жағында адамның қолы жете алмайтын бұдан артық нәрсе жоқ. Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет – тамаша әрекет. Мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық. Қайырымдылық дегеніміз оның өзі белгілеген, бірақ бақытқа жету мақсатынан туған жақсылық. Бақытқа жетуге бөгет жасайтын әрекет жаман немесе сұмпайы әрекет болмақ. Бұл әрекетті туғызатын әдет-ғұрып – кемшілік, кесапат, пасықтық» [58, 308 б.].

Қазақтар дүниетанымында «Құт» ұғымының мағынасы терең, – дейді профессор Тілеуғали Бурбаев, – Мәселен, «Құт-береке», «құтты қоныс», «құтты іс», «құтты қадам» немесе «құты қашқан ел» деген сөз тіркестерін кездестіруге болады. Немесе, қазақ «қонақ келсе құт келер» дейді. Мұндағы «Құт» ұғымының басты ерекшелігі оның әмбебаптығы және адам болмысының белгілі бір қасиетін көрсетуі» [80, 46 б.]. «Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының семантикалық дінгеі – «құт» ұғымы, - дейді академик Әбдімәлік Нысанбаев. – Оны «өмірлік күш», «өркендеу басы», «өмір потенциясы», сонымен қатар байлықпен байланысты «бақыт», «игілік», «үлес», «тағдыр» деген ұғымдармен сәйкестендіруге болады. Бұл ұғым онтологияны, антропологияны және әлеуметтік философияны біртұтас етіп біріктіреді» [81, 4-5 б.б.].

Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеуі де осы жайлы өмір, халықты бақытқа апаратын жолды іздеуден шығады. Әділетті болу адамның өзіне байланысты екендігін әсерлі жеткізе білді. Әділеттілік орнатудың негізі әлеуметтік келелі тіршілік мүдделеріне қарай иландыру, икемдеу, оның өрісін кеңейту, кеңістікті пайдалану, уақытты бос өткізбеу болып саналады. Асан Қайғы хан мен халықты бірігіп әрекеттенуге шақырды. Халық талабын ханға жеткізуші ғана емес, оның орындалуына жол ашқан саяси қайраткер.

«Яғни, халық өзінің арман-мүддесін қиялына қанат бітіре ойлап шығарып, табиғаттың құпия құбылысына қарсы тұрып, оның сырын ұғуға, білуге тырысқан. Өзінің тұрмыс-тіршілігіндегі қисынсыз қиындықтарды жеңуде өзінің қайрат-жігерін шыңдап отырған. Осының негізінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған тәтті өмірді іздеген. Бұны бұлдыр елес емес, шын мәнінде аңсау, армандау, іздену, ойлану, ұмтылу деп түсінгеніміз жөн. Қазір де осындай армандарымыз жоқ деп айта алмаймыз. Яғни халықтың бақытты, сән салтанатты өмірді аңсауы заман талабы, ұрпақ қамы екені белгілі» [82, 24 б.]. Жыраулар адамның өмір туралы, өмірдегі оның орны туралы ойлануға, рухани жетілуге шақырады, өз өмірін анықтау, мәнді өмірге жету әр адамның өз

қолында деп түсіндіреді. Өмірге адам болып келдің бе, адам болып өмір сүр, адамшылық қасиеттерді бойыңа жина, сонда мәнді өмірге жетесің деп бізді үйретеді.

Мемлекет басқаруда ең маңыздысы іс - ел бірлігін сақтау, ал жыраулар сол жолда ханға, батыр қолбасшыға рух беріп, жігерлендірді. Олар тек елдің қамын ойлап, шығармаларында халықтың бірлігі, тұтастығы, басқа елдермен қарым-қатынасын жырлады. Сондықтан бүгінгі қоғам қажеттіліктерін білу үшін қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазыналарын терең зерттеп, халықтың бай мәдениетін, фольклорын, философиясын көпшілікке түсіндіріп, насихаттауды ұмытпаған жөн.

2 «ЖЕРҰЙЫҚ» ИДЕЯСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНО-МӘДЕНИ СИПАТТАМАСЫ

2.1 «Жерұйық» идеясының этногенезі және әлемдік тәжірибе

Қай халықта болмасын, өздерінің үкілеген ұлттық идеясы, асыл арманы бар. Сол арманды болашақ бағдар ретінде қабылдап, өркендеудің кілті ретінде санайды. Арман, идея – жақсылыққа, ізгілікке жетелейтін бағыт. Халыққа қосымша күш беретін драйф. Айталық, бүкіл еврей халқы, жалпы адамзат үшін «Иерусалим - қасиетті мекен» - деп жар салып, санада орнықтырды. Соған сенгендер қасиетті қаланы көруге бүкіл әлемнен туристер жиналды. Иса пайғамбардың табаны тиген киелі жер деп түсініп, зиярат етеді. Немесе, «Рим – киелі қала, ашық қала» деген түсінік қалыптасты. Одан бері, «Мәскеу – үшінші Рим» деген түсінікті орнықтырғысы келуде. Яғни, әр ұлт, халық өздерінің қастерлі жерлерін халықтың тәуба ететін қасиетті мекенге айналдыруды мұрат еткен. Бұл - табиғи үрдіс.

Ғалым, философия ғылымдарының докторы Күльшат Медеуова <http://anthropology.ru> сайтында жариялаған мақаласында Фернандо Аинстың «Реконструкция утопии» деген эссесінен мынадай үзінді келтіреді: «Миф о земле обетованной присутствует и в иных цивилизациях. Земля обетованная, спроецированная в будущее благодаря своему мессианскому измерению, реализует во времени свой конкретный пространственный топос: Ханаан для иудеев, странствующих по пустыни, Итака для Одиссея, Чистая Земля для Платона, для японцев — земля чистая (Йодо) и земля награды (Ходо), Земля “без зла” для южноамериканских тупи-гуарани, земля отцов, “родная деревня”, к которой многие традиционные общества возвращаются в циклическом движении, чтобы воскреснуть среди духов предков» [83].

Бұдан көретіндігіміз, жанға жайлы «Жерұйық» табу идеясы байырғы замандағы Ғұндар мемлекетінен бастау алып, Түрік Қағанаты құрыла бастаған заманда «Ергенекон» идеясымен жалғасады.

Бұл дастанның мазмұны бойынша Көк Түріктердің елін Иль деген хан билепті. Сол дәуірлерде Көк түріктер елі өте мықты, беделді, қуатты мемлекетке айналған. Оны көре алмаған көрші елдің хандары жаман ниеттерін жүзеге асыруды ойлайды. Сөйтіп көрші жатқан Көк түріктерге ойламаған жерден қатты соққы беріп, неше түрлі соғыс айлаларын іске асырып, көп шығын жасайды. Иль ханның ұлдары, ұрпақтарының барлығы тұтқынға түсіп кенже ұлы Қаян мен жиен бауыры Тоғуз жұбайларымен қашып шығады.

«Қаян мен Тоғуздың ендігі арманы – артынан келген жау іздеп таба алмайтын, шөбі шүйгін жайылымы бар, жанға жайлы жерұйық мекен табу еді. Бұлар талай күндер, айлар, жылдар бойы сарылып жер кезеді. Ешбір жер ұнамайды. «Бірі – шөпсіз, бірі – сусыз, бірі – күнсіз» болып шыға береді. Түркілер ақыры айналасын аса биік көгілдір таулар қоршаған, сарқырап ағып жатқан асау өзендері бар жерге тап болды. Сол үлкен дарияның бір жағы – жеміс ағаштары жайқалып тұрған бау-бақша, екінші жағы шүйгін шөбінен түйе

көрінбейтін кең жазира жайлау екен. Бұл жұмақ тектес жерді «Ергенекон» деп атапты [84, 56 б.].

Бұдан шығатын қорытынды, әр қаланың, идеяның абыройын асқақтатып, танымал еткен құндылықтар жүйесінің өміршеңдігі. Бақытты іздеп, жақсы өмірді аңсау ешқашан үзілмей, адамға маза бермеген. Бірақ, ол әр халықта әртүрлі формада көрініс тауып, халықтың көкейінен шығуына байланысты. Егерде, сол идея, ой ата-бабасының тарихымен, дәстүрімен ұштаспаса, сол идея қолдау тауып, ғасырдан ғасырға жетпес еді. Негізінде киелі жерлердің қалыптасып, ел ішінде орнығуы екі жолмен жүзеге асады.

1. Табиғи жол - адамның өзі ойлап, мына жер киелі, қасиетті деген түсініктен пайда болған. Оған Нұр Сұлтан қаласындағы Пантеонды жатқызар едім.
2. Тарихи жол – өзінің тарихи жолымен пайда болған киелі жер. Оған Түркістандағы Қажа Ахмет Яссауи кесенесін жатқызамыз.

Көріп отырғанымыздай, киелі жерлер өзінің пайда болуының өзіндік тарихи, табиғи жолмен халықтың санасында орнығады. Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы да халықтың санасында берік орнығып, қастерлі сөзге айналды. Тарихи жолдан өткен – идея деп айтар едік.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш-Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлттық бірегейлік туралы» баяндамасында «халықтың рухының жерұйығы» туралы ой айтады. Жалпы «Жерұйық» категориясының этимологиясын, мифологиялық негізі қайдан шықты, соны анықтау маңызды мәселе.

«Жерұйық» дегенде біріншіден, құтты мекен ойға оралып, қазақ халқының тарихында Асан Қайғының философиясымен санада жаңғырады. Себебі, Асан Қайғы Желмаяға мініп, халқына «Жерұйық» іздейді. Сонда «Жерұйық» дегеніміз қандай жер және бүгінгі заманда қазақ халқы өз жерұйығын тапты ма деген сауалдарға жауап іздеп көрсек.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш-Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Бұдан 1,5 мың жыл бұрынғы ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған жүнді тайпаларының ежелгі ақсүйек әулетінен тараған ұрпақтар. Осынау жаңа рухани толқынның тоғысында тұңғыш Түркі қағанаты – Мәңгілік Ел бой көтереді. Бұл үшінші империя жергілікті сақ тайпаларын бұдан арғы мыңжылдықта ғұндардың арынды асау рухының ықпалымен таратып жіберіп, Байкалдан Каспийге дейінгі байтақ өлкені жайлап келген Түркі тайпаларымен біріктіріп, барлығын өз қанатының астына жинаған» [85, 92 б.].

Бұл жерден біздің ата-тегіміз түркілердің мәңгілік ел болуды аңсап, тасқа қашап жазған жырларынан да көреміз.

Тарих сахнасында түркілердің алатын орны орасан. Түркі қағанатынан бастап, Осман империясына дейінгі аралықта алып территорияға әмірін жүргізіп, әлемге тұрақсыздықты әкелді. Сол замандардағы атаулар әлі күнге дейін сол қалпында бүгінгі күнге жетіп отыр. Айталық «Манкент» сөзі қазіргі күнге дейін айтылуда. Қала, орталық деген мағынаға келеді. Ортағасырлық қалалардың

қалдығын, әшекей бұйымдарын, қару-жарақтарын енді ғана танып, зерттей бастадық. Сол кезеңде салынған қалалар мен қорғандарға ие болып, бүгінгі күнге жеткіздік. Түркі халықтарының ата қонысы, тікелей мұрагері ретінде бізді таниды.

Қазақ философиясын терең зерттеген, профессор Мұханмадияр Орынбеков «фольклор философиясы мен жыраулар (Аталық, Сыпыра жырау, Кодан-тайша, Асан Қайғы, Қазтуған) шығармашылығы қарқынды дамыды, оның үлгілері қыпшақ тілінің сөздігі «Кодекс Куманикусте» сақталған» деген тұжырым жасаған [86, 16 б.].

Байырғы замандағы Түріктердің философиялық дүниетанымын зерттеген ғалымның айтуы бойынша наным-сенімдер, жоралғы, анимизм, фетишизм философияның алғы шарты. Фольклор философиясына да тереңірек мән беруді, зерттеуді қажет етеді.

Белгілі мәдениеттанушы ғалым, профессор Ақтолқын Құлсариева «Қазақ ұлтынан қазақ еліне» атты жинақтағы «Тәуелсіз Қазақстан идеясы – Жерұйық Қазақстан» атты мақаласында: «Біздің ұлттық идеямыз да, ұлттық идеологиямыз да биік азаматтық құндылықтарға негізделген ұлттық келісім рухы негізінде құралып, тәуелсіздік құндылығын ұлықтауы тиіс. Ал сол айтылғандардың барлығын өз бойына сыйдыратын, қысқа да нұсқалығымен бағалы идея «Жерұйық Қазақстан» болмақ», - дей келе, «Жерұйықты желмаямен іздеген арманшыл Асан Қайғыдай өз еліне малға шүйгін жері бар, жанға жайлы елі бар болашақ тілейтіні мәлім. «Құтты қоныс» іздеу – әлем халықтарының дүниетанымында жақсы өмірді күткен арман-аңсардан туған рухани интенция» [87, 178-179 б.б.], - деген қорытынды жасайды.

Адамның табиғаты үнемі өзіне қолайлы, көңілінен шығатын орын, мекенді іздеуі шартты құбылыс. Сондықтан болар, қазақ халқы табиғатты екінші ана көріп, аялап отырған. Жердің құтын қашырмай, абыройын көтеруді ұмытпаған.

«Тарих сахнасына шыққан хандар хандық басқару жүйесін оңтайландырып, мүмкіндігінше көбірек жер иемденіп қалуды ойлады. Себебі, сол заманның қалыптасқан түсінігінше жер ең басты байлық, капитал» [88, 321 б.].

Арғы, бергі замандарда жер әрқашанда құнды капитал болып есептелген. Сол жер үшін жанын беруге дайын. Сондықтан болар, ел басқарушы хан, сұлтандар жерінің кең болуы үшін соғыстарын тоқтатпаған. Әлсіз, көрші ру, тайпа, хандықтардың жерін тартып алуды мақсат еткен. Яғни, кез-келген хандықтың, мемлекеттің ең осалда, күрделі дүниесі ол – жер. Жер үшін талас, тартыс әлі күнге дейін толастамай тұр. Оған мысалдар жетерлік.

Демек, «Жерұйық» идеясы – халықтың жайлы мекен іздеген құтты қонысы. Себебі, түркі халықтарының рухани әлемінде өзіндік жинақтаушы күшке ие болған ұғымның қатарына «құт» феноменімен қоса тәуелсіздік те жатқызылады. Барлық елдердегідей түркі тілдес тайпалар да бір-біріне жақсы лебізін, игіліктің көбеюін білдіруге тырысқан [89, 129 б.]. Осы ойды белгілі түркітанушы ғалым, Ахмет Ташағыл көне түркілер үшін тәуелсіздіктің маңызын Орхон-Енисей жазбаларының мән-мәтінімен түсіндіреді. «Жерұйық» – түркілер дүниетанымындағы тәуелсіздікпен байланысы бар құтты мекен. «Себебі,

түркілердің тәуелсіздікке қол жеткізуі және оны жоғалтуы жайында Орхон жазба ескерткіштерінде барынша тәптіштеліп түсіндірілген. Онда тәуелсіздікті жоғалтудың халық үшін өліммен тең екені, тәуелсіздікті алудың қайта тірілумен, жанданумен бірдей болатындығы және халықтың осындай оқиғалардан сабақ алу керектігі баса айтылған» [90, 311 б.], - деп атап көрсетеді.

Қаншама шартарапты шарлап келіп, қазақ халқын орнықтырған мекен, Қазақ жері - Жерұйық. Қазақстан ландшафты, жер бедері, табиғаты сан алуан. Қазақ елінің қай бұрышына барсаң қасиетті жерлерге тұнып тұр. Әр жердің өз өзгешелігі мен қайталанбайтын фаунасы мен флорасы бар. Жер көлемімен тоғызыншы орында тұрған Қазақ мемлекеті Асан Қайғының алдында қарыздар. Осындай кең байтақ байлыққа толы жерді тауып, халықты орнықтырып, бірлікке, елдікке шақырған Асан Қайғы идеясы жүзеге асты. Мәңгілік Ел болдық.

«Сонымен, қорыта айтқанда, тәуелсіздікпен сипатталатын ұлттық идеяның астарлары ұлттық болмыстың кескінін бейнелейтін ұлттық тарихи өзіндік сананың қойнауында жасырынған және дәстүрлі қазақ қоғамындағы осындай ұлтты ұйыстырушы идеялардың ізін халқымыздың философиялық және әлеуметтік-саяси ойының тарихынан табуға болады. Сонау ерте түркі және түркі дәуірлерінен бергі қазақ мемлекеттілігі кезеңдерін қамтыған ел мен жердің бірлігін білдіретін «Атамекен», «Өтікен», «Ергенекон», «Жиделі-Байсын», «Қайырымды қала», «Еділ мен Жайық», «Жерұйық» идеялары мен «еділшілдік», «тұраншылдық», «түркішілдік», «оғызшылдық», «шынғысшылдық», «ноғайшылдық», «түркістаншылдық», «Алаш», «Қазақ» идеологияларынан қазақ даласындағы тарихи сананың эволюциясын байқауға болады. Ал кейінгі отаршылдық пен тоталитаризм дәуірінде алдыңғы қатарға азаттық, еркіндік, тәуелсіздік мәселелерінің тікелей өзі шығады» [91, 198 б].

Жоғарыда аты аталған авторлар тұжырымының астарында шындық бар. Себебі қандайда болсын идея, ұғым сол халықтың ішкі рухани дүниесінен шықпаса, оның өмірі ұзаққа бармайды. Біздің алып отырған тақырыбымыз, зерттеу объектіміздің өзектілігі де осында. Сондықтан болар, Асан Қайғы мен «Жерұйық» ұғымдары егіз. Оларды бір-бірінен ажыратуға болмайды. Керісінше, бірін-бірі толықтырып тұратын атаулар. Соның ішінде Асан Қайғы төңірегіндегі аңыздар ішіндегі ең таңдаулысы – Асан Қайғының Жерұйықты іздеуі.

Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеп шығуына Жәнібек пен Керей сұлтандардың тапсырмасы болуы әбден мүмкін, себебі жаңа құрылған Қазақ хандығының орналасуы үшін, қоныс керек. Сұлтандардың қоныс, жер аралауға уақыттары жоқ. Асан Қайғының халық арасында абырой, беделі мол. Сол себептен барлық жағдайын жасап, азық-түлік, ат, түйемен қамтамасыз етіп, сапарға аттандырғаны шындыққа сай келеді.

Қазақ хандығы және ондағы халықтың құтты қонысқа орналасып, одан әрі нығайуына орнығатын жердің шұрайлы, нулы, сулы болуы маңызды.

«Қазақ хандығының ресми түрде жария болғанын Мырза Хайдар Дулат «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде: «Қазақ сұлтандарының өкімет құруының басы

870 (1466) жылы болған. 940-жылына дейін (1534) созылды. Бұл кезеңде қазақ толықтай үстемдік құрды» деп жазады» [92, 100 б.].

Асан Қайғы туралы аңыздарды «Қазақ фольклорында, - деп жазады фольклортанушы, - халық әлеуметтік утопиясының алғашқы екі түрі (сатысы) байқалады. Бірақ олар ашық, жіктеліп бөлінбейді. Соған қарамастан, орнаған қоғамға, өмірге немесе әміршіге деген наразылық (протест) пен қарсылық (оппозиция) қазақтардың қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман мен құтты мекен – Жерұйықты іздеу туралы әпсаналарында айқын сезіледі» [72, 82-129 б.б.].

Ғалым, филология ғылымының докторы Амантай Шәріп Асан туралы аңыздардағы утопиялық сарындарды, өмір сүрген дәуіріне қарап, оны Томас Кампанелла мен Томас Мор шығармаларында орын алған «Құтты қоныс немесе қайырымды қоғам» туралы утопияның алғашқы бастауы деп санайды [93].

Асан Қайғы философиясын Томас Мордың «Утопия» еңбегіндегі утопиялық идеялармен салыстыратын болсақ, онда қиялдан шыққан мемлекеттің, ондағы әлеуметтік теңдік сұрақтары, шын мағынасында өмірде болмайтын, бос арманға толы. Ал, Асан Қайғының іздегені бос қиял емес, өмірде бар жерді аралап, көзімен көріп, суреттеп берген жерлер. Ол жерлердің қазіргі күнде нағыз нулы, жайлы орын екендігіне көз жеткіземіз.

Утопия – адамның өзі ойлап тапқан жер. Ондай жер жоқ. Негізінен утопияның көрінісіне байланысты көптеген түрлері бар. Жалпы кез-келген утопияның мақсаты қоғамды жетілдіруден шыққан қиял. Өмірде жоқ - мемлекет. Батыстық философиядан утопия әділетті қоғам, мемлекет құрудан туындаған. Батыстық утопияда жеке меншік жоқ, әр адам өз қабілетіне сай өмір сүріп, мемлекеттің рөлі артқан. Ал, қазақи дүниетанымдағы утопия - аңыз, ертегілерден басталады. Аңыз, ертегілердегі қиял, арманның жүйріктігіне шектеу жоқ. Осындай ізденістер толастаған емес, үнемі жетілдіріліп, басқа формада көрініс тапқан. Шығармашылық ізденістің түбін табу қиын. Қазірде әр қайсымыз қиялымыз дағы мемлекет, қоғамды елестетіп, соны іздеп тапқымыз келіп тұрады.

Әдебиет тарихындағы зар заман ақындарының шығармашылығын арнайы зерттеп жүрген профессор Бауыржан Омарұлы Асан Қайғыны «Халықтың ой-арманымен өзектес «Жерұйықты» іздеген, бірақ таппаған, ал зар заманды болжаған, бірақ көрмеген дәуірі» [94, 60 б.] - деген пікір айта отырып, Жерұйықты іздеу «зар заманның» белгі нышаны деп тұжырым жасайды.

Бұл жерде «Жерұйықты» іздеу немесе табу негізгі мәселе болмау керек. Қазақтың әр жері, көлі, тауы, өзінің туған жері, Атамекені – Жерұйық. Өйткені, қазақ халқы үшін кіндік тамған жері өзіне жұмақ. Айталық, Асан бабамыз айтып кеткен қазіргі Алматы қаласы «Жерұйық» емес пе?

Нұр-Сұлтан қаласының орналасқан жері де Асан Қайғы жырлап, сипаттама беріп кеткен жерлердің бірі. Нұра өзенінің жағасында жайқала бой түзеп келе жатқан Елордамыз күннен күнге сұлу, көркейіп келеді. Туристтер көріп тамсанатын жерге айналды. Бұл жөнінде Асан ата былай дейді:

Жер екен ат семіртер алты күнде,
Тоқтатты онан кейін мүлде сөзді.

Тіс жарып енді айтпады басқа сөзді,
Артық сөз қоса алмадық бізде.

Төрт шумақ жыр жолдары «Нұра» өзені туралы. Дүниенің төрт бұрышын шарлап келіп, Нұра өзені туралы өлең жолдары шын мәнісінде аталған жерде болғандығын айғақтайды. Себебі, отырықшылыққа бет бұрған қазақ халқы арналы өзендердің бойына үлкен қалаларды салуды дәстүрге айналдырған. Сол дәстүрді жалғастырып, бізде астананы Нұра өзенінің жағасына орнықтырдық. Қазіргі күнде де Нұра өзені балығы мол, шұрайлы, көпшіліктің демалатын орнына айналған [95, 117 б.].

Қалай десек те, XV ғасырда Асан ата жырлаған жыр жолдарынан қазіргі Қазақ елінің жерін көреміз. Жер, тау, өзен, көлді көргендегі алған әсерін көркем тілмен жеткізген.

XV ғасырда ғұмыр кешкен ойшыл Асан Қайғының XXI ғасырда Қазақ халқы үшін қандай қажеттілігі бар дегенге келсек. Қазіргі қилы заманда адамзат адасып жүр. Бақыт іздеп, дүние кезіп жүргеніміз шындық. Басымызды тауға да, тасқа да соғып келеміз. Жерұйықты іздеп тыным таппаймыз. Адамзат дағдарысқа түсті. Осындай дағдарыстан Асан Қайғының жыр жолдары алып шығатындығы анық. Әр адам Асан Қайғының жыр жолдарынан сабақ алып, өзіне қажетті ой, идея алады деп сенеміз.

Философ, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, абайтанушы Ғарифолла Есім «Асанның Қайғысы – адамзат туралы терең ойының шындығы. Бұл мәнде онтологияда барлықты аталуы. Надандар болса қайғыны бұл мәнде түсіне алмай, оны әлдеқайдағы бір сары ұйым деп түсініп, Асан Қайғының шын мәнінде кім екенін тани алмауда. Тегі осындай түсінік негізінде болса керек, Асан Қайғыға Қазақстанда әліде бірде-бір ескерткіш қойылмаған. Мәселенің шындығына келсек, тәуелсіз Қазақстан жағдайында ең алғашқы ескерткіштің бірі Асан Қайғыға арналуы керек еді. Оның Жерұйық туралы идеясы қазақ хандарының бірінің іс, қарекеттерде басшылыққа арналған идеясы болды, себебі Жерұйық дегеніміз Томас Мордың утопия аралындағы өмірде болмаған қиял шындығы емес, Жерұйық дегеніміз, негізінен қазіргі Қазақстан Республикасының жері. Сондықтан «Жерұйық – Қазақстан» деп нақтылы айтуымызға құқымыз бар» - [96, 186 б.].

Сондықтан да, Асан Қайғы бабамыздың «Қазақ елі – Жерұйық» атты елді біріктіруші концепциясын кеңінен халық арасында түсіндіріп, насихаттау маңызды. Себебі «Жерұйық» тұжырымдамасында қазақ халқының рухы мен салт-дәстүрі тұнып тұр. Тек оны заман талабына сай жандандырып, құлпыртып жіберу. Бұл идея - Қазақ елін одан әрі өркендетіп, жетекші 30 елдің қатарына кіру үдерісін жеделдететіндігі анық.

Асан Қайғы өз уақыты мен өз халқының көрнекті адамы болды. Ол беделді шешен би, бірнеше хандардың мемлекеттік кеңесшісі, белгілі жырау, данышпан болған. Оның «Жерұйық» идеясының мағынасы терең, мазмұны кең. Ол – өз халқының және адамзаттың тағдыры туралы идея. Алтын Орда мен Ақ Орданың ыдырауынан кейін әр түрлі рулар мен тайпалар жеке-жеке бөлініп кетті, ал Асан Қайғы барлық қазақ рулары мен тайпаларын бір мемлекетке біріктіру үшін өз іс-

әрекеттерімен және өзінің жырларымен жан-жақты қолдап, демеу берді. Өз халқының нашар тұрмыс-тіршілігін, мұң-назын, қиыншылықтарын көріп, қиялындағы тамаша жерді аңсап, онда барлық адамдар бақытты болатындай қоғам құруды армандады. Оны «Жерұйық» деп атады, сондай құт дарыған өлкені іздеп, табуды мақсат етті.

Асан Қайғы өмір сүрген уақыт өте күрделі заман. XV ғасырдың ортасында Алтын Орда мен Ақ Орда ыдырады. Бұл кезеңде азаматтық шиеленістер мен басқа да ішкі жанжалдар өршіп тұрды. Заманда туыстық және этникалық қауымдастықтар саяси оқшаулануға, өздерінің мемлекеттік құрылымдарын құруға деген ұмтылыстарын көрсете бастады. Шығыс Дешті-Қыпшақтан Батыс Жетісуға дейінгі қазақ рулары мен тайпаларын жаппай басып алу басталды. Заң ғылымдарының кандидаты, профессор Айдарат Таукелев былай деп жазады: «XV ғасырдың елуінші жылдарының аяғы мен алпысыншы жылдарының басында малшылардың басқа облыстарға жаппай көшуі басталды - бұл қарапайым халықтың феодалдық езгіге, салықтар мен баждардың өсуіне, соғыстардың қиыншылығына қарсы наразылығы болды. Сұлтандар Жәнібек пен Керей өздерінің әулеттік және таптық мақсаттарын көздеп, бұқараның наразылығын қолдап, қазақтардың саяси бірігуіне және Қазақ хандығының құрылуына объективті үлес қосты» Осы кезден бастап Әбілхайыр хандығы ыдырай бастады. Жәнібек пен Керей одан бөлініп, Қазақ хандығын құрды. Қазақ ауыз әдебиетінде қазақтардың тәуелсіз хандыққа, яғни саяси бөлек ұлтқа бөлінуі Асан қайғаның (Асан қайғы) дана тәлімгері Би Орманбетпен, Хан Жәнібектің, XIV ғ. жыршы Сыпыра және басқалардың есімімен байланысты» [97, 43 б.].

Адамзат тарихында утопияшыл ойшылар аз болған жоқ. Бірақ олар көшпелі қоғамда емес, қалаларда өмір сүрді, екіншіден, олар өздерінің утопияларында бейнелеген идеалды мемлекетін нақты іс-әрекетпен іздеген жоқ, олар тек шығармаларында бейнеледі. Мысалы, Қытай философы Конфуций ондай мемлекет ертеде болған деп есептеді, ал Платон мен әл-Фараби оларды болашақта болады деп сенді. Асан Қайғының олардан тағы бір айырмашылығы - өзінің утопиясын құра отырып, ең алдымен өзінің замандастарына қамқорлық жасамақ ниетпен «Жер ұйық» іздеді, ал басқа ойшылдар өздерінің идеологияларын барлық адамдар үшін қолайлы етіп құрды. Жоғарыда аталған ойшылдардың тұжырымдарын Асан Қайғының жыр жолдарындағы идеялармен салыстырып зерттеп көрдік. Көп болмасада аздаған утопиялық элементтерді салыстыруға мүмкіндік алдық [98. 131 б.]

Салыстырмалы зерттеулер әрдайым басқа, неғұрлым маңызды теориялық мәселелерді шешудің құралы болып табылады. Мұндай зерттеулердің ерекшелігі, көбінесе, белгілі бір ілімді, идеяны, өз бетінше зерттегенге қарағанда, үлкен нәтиже береді. Салыстырмалы зерттеулер кезінде оларды бөлек зерттеген кезде ашылмайтын қыры ашылады, толығырақ жаңа нәтижелер алуға, түсінуге мүмкіндік береді. Белгілі бір ілімнің тереңдігі тек басқа іліммен салыстырған кезде ашылады.

Осыған орай, қазақ даласының ойшылы Асан Қайғының көзқарастарын, идеяларын басқа көрнекті ойшылдардың көзқарастарымен салыстыру арқылы

зерттеу өте маңызды. Асан Қайғының шығармашылығында шынайы идеялармен бірге утопиялық сарындағы идеялар да аздап кездеседі.

Асан Қайғының реалист екендігі оның жырларында нақты жағдайларға, оқиғаларға сүйене отырып, билеушілерге халықты қалай дұрыс басқаруға болатындығы туралы кеңестер, ал адамдарға белгілі бір жағдайда өзін қалай ұстау керектігі туралы нұсқаулар берген.

Асан Қайғы өз жырларында қоғамда және табиғатта болып жатқан өзгерістердің мәнін түсіндіруге тырысты. Осылайша ол Қазақ халқының ой-өрісі мен дүниетанымының дамуына айтарлықтай әсер етті. «Жер мен адам өмірі, олардың өзара байланысы, - дейді Ораз Сегізбаев, Асан Қайғы үшін орталық тақырып болды»[99, 124 б.].

Асан Қайғы өзінің отандастарын оң, дұрысты теріс, бұрыс қылықтардан ажырата білуге шақырды. Асан Қайғы жалпы Жәнібек ханның саясатын қолдады. Бірақ оның артынан көз жұмып ере берген жоқ, объективті түрде қарады. Ерте ме, кеш пе, кез келген әрекет үшін жауап беретіндігін ескерткен.

Тағы бір ескертуінде Асан Қайғы Жәнібекті мағынасыз қоныс ауыстырғаны үшін сөгеді.

Нақты тарихи тұлға болғандықтан Асан Қайғы халықтың аузындағы аңыз-әңгімелердің кейіпкері ретінде жиі кездеседі. Оның себебі Асан Қайғының жер жәннатын нақты Қазақстан жерінен іздеп, шарлап, өз ойындағы қоғамды құрғысы келгендігімен де байланысты. «Ол жер жәннатын ол «Жерұйық» деп, «Жиделі Байсын» деп атаған» [100, 322 б.]. Осы ойды одан әрі былай жалғастырады: «басқа әлемді, жер жәннатын, күндері қайғы-мұңсыз, жері бай, дұшпандық пен зұлымдық жоқ, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» жерді табуды мақсат еткен. Ол өзінің жүйрік түйесі Желмаясымен бүкіл қазақ даласын, тау-қыратын, шатқалдарын аралап шыққан. Қазіргі күнге дейін әрбір өзеннің жағасында, таудың шатқалдарында орналасқан жұрт Асан қайғының қысқа өлеңдерінде берген бағасын есте сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді» [101, 100 – 101 б. б.].

Әрине, Асан Қайғы өз жыр-толғауларын ауызша орындағандықтан кейінгі жыраулар өздері тарапынан толықтырулар енгізгені белгілі, сөйтіп жырлар өзгеріске ұшырап отырғаны заңдылық. Осылайша, өткен ғасырлар ішінде Асан Қайғының айтқанынан айтпағанын ажырату мүмкін болмады. Бірақ, аңыздар жайдан жай шықпайды. Егер, Асан Қайғы шынымен өзінің «Жерұйығын» іздемесе, онда аңыздарда шықпас еді. Ол не іздеді? Ол, біріншіден, көшпенділердің өмірі үшін ең қолайлы жерді іздеді (ол идеалды өмірді толығымен көшпенді болмаса да, ең болмағанда жартылай көшпелілікке қолайлы жерден іздегені белгілі). Яғни, біріншіден, адамдардың өмір сүруіне қолайлы, малға шүйгін, ауа райы жылы болуын, екіншіден, қазақ халқы үшін бейбіт өмір, адамдар арасында түсініспеушіліктің орын алмайтын, хандықтар арасындағы қақтығыстардың болмайтын, махаббат пен достық орнаған құтты қоныс болуын аңсады.

Ол қанша жерді аралады? Мұны біз білмейміз. Аңыз бойынша ол Ресейге, Бұхараға, Қытайға, Иранға, Ауғанстан жерлеріне дейін барғандығы аян, бірақ

біздің ойымызша, ол сол кездегі Қазақстан аумағымен шектелмегендігі. Асан Қайғы қайда барса да, сол жер туралы өзінің идеалына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы айтқан. Мысалы, Шу өзенінің жағасына жеткен кезде «Мына шіркіннің екі басы борбас екен, өне бойы қамыс, іші тола жолбарыс екен. Баласының іші қуырылмайтын, өмірінде пышағы қыннан суырылмайтын, еркегі ат болатын, ұрғашысы еріне жат болатын жер екен» - деген сипаттама береді.

Шыңғыстау, Семейтау туралы былай дейді «Мына шіркіннің топырағы «құтырады» екен, оған шыққан шөп құтырады екен, оны жеген мал құтырады екен, оның етін жеп, суын ішкен адам «құтырады» екен, қаны үзілмейтін, кісі өлтіру, ұрыс-төбелес көп болатын жер екен».

Сырдария турлы «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен. Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен».

Сөйтіп, Асан Қайғы Жиделі-Байсынға барып қайтқан кезде өз жерлестеріне былай депті: «Мен атқа тоқымсыз мініп жүруге болатын, мал ұрланбайтын, қасқырға жем болмайтын, адамдар үй салмай, қамсыз тіршілік ететін жерді таптым. Сол жаққа аттанайық. Ол жерге жету үшін үш жыл бойы қошқарды қойға, атанды түйеге, бұқаны сиырға жолатпандар. Ол жылы өңір. Ол жерде біз бөлінбей өмір сүреміз» [102, 24 б.]. Бұл Асан Қайғының Жерұйықты іздеу туралы бір аңыздың нұсқасы. Екінші аңыз бойынша, ол «жер жаннатын тапқан жоқ, сөйтіп, өз арманына жете алмай, қайтыс болған» [102, 370 б.]. Үшінші бір нұсқа да бар. Оны Мұхтар Әуезов «Еш жерден бақытты елді таппай, ол халыққа аяқ баспаған жерге бастап барамын деп хабарлаған, бірақ ол өлім жетіп, арманын орындай алмаған, сөйтіп өзінің халқының бақытын ойлап, қайғы-мұңға батқан назын өзімен бірге алып кеткен», - дейді олар [101, 100 б.].

Асан Қайғының утопиясы осындай мазмұнда. Егер де оны әлемдік философтардың утопиясымен салыстыратын болсақ, ең алдымен Конфуцийдің идеалды қоғамымен, Платонның идеалды мемлекетімен және әл-Фарабидің ізгі қаласымен салыстырамыз.

Бұл ойшылдардың философиясы тек Асан Қайғының идеяларымен ұқсастығы, әрі айырмашылығының болуымен қатар, бір-бірімен де ұқсастығы да бар. Олар әр кезеңде, әр түрлі мәдениет ауқымында өмір сүргенімен идеялық сарындары бір бағытта.

Конфуций (латынша аты, шынайы аты - Кун Фу-цзы) арғы заманның 551-479 жылдар аралығында өмір сүрген. Конфуций өзі өмір сүрге заманға көңілі толмайды. Шәкірттерімен сұхбаттарында қоғамдағы келеңсіз жағдайларды сынайды. Ұстаздың айтуы бойынша адамдар дао жолынан бас тартып, теріс жолға түскен деген тоқтамға келеді. Адам дао өзінің адамдық мәніне сай өмір сүрмеуі басты себеп. Адамның мәні, Конфуций ұстаздың ойынша, оны құрайтын элементтердің жиынтығы. Ол жүйенің ядросы «бес тұрақтылықтан» (у чан) құралады. Олар: 1. *жэнь* (адамшылық), 2. *и* (әділеттілік, немесе парыз), 3. *ли* (әдептілік, ритуал немесе этикет), 4. *чжи* (ақылдылық), 5. *синь* (сенім). Бұл категорияларға қосымша басқа да категориялар қосылып, толығына түседі: *сяо* (ұлдың құрметі, немесе ата-анаға деген құрмет), *ти* (үлкен ағаны сыйлау, кіші інінің борышы), *чжун* (берілгендік), *хэ* (үйлесімділік, келісім), *юн* (батырлық,

ержүректілік), *чай* (дарын) және тағы басқалар. Осы бес тұрақтылықтың ішінде ең бастысы, ең қажетті құндылық адамшылық (*жэнь*) болып табылады.

Адамшылықтың ең қарапайым анықтамасын Конфуций өзінің Фан Чи атты шәкіртіне берген жауабында көрсетеді. «Фан Чи адамдық деген не деп сұрайды. Сонда ұстаз «Ол адамдарға деген махаббат» [104, 118 б.] – деген екен.

Конфуций бойынша, адамшылық адамның басты қасиеті. Адамшылдық адамға көрік беріп тұратын, басқалардан өзгеше қылып тұратын құндылық ретінде көреді. Өзіңе қаламағанды өзгеге қалама деген ұстанымның төркіні осыдан шықса керек. Барша адамзатқа таратуға тұрарлық, адамдар арасында ізгілікті сақтайтын рухани тірек. Бір-біріне залымдық жасайтындар азайып, бір-біріне қамқор болуға шақыратын ғибратты ұстаным.

Конфуций адамның екі идеалдың үлгісін көрсетеді: *цзюнь цзы* (текті ер) және *сяо жэнь* (тексіз адам). Осы екеуі бір-біріне қарама-қарсы Аспан мен Жер тәріздес. Яғни, тексіз адамнан гөрі, текті адам жөнінде көп пікір айтқан. Тектілік әділеттілікпен бірге. Ал, тексіз, қарапайым адам көбінесе өз пайдасын ойлап, кіші шеңберден шыға алмай қалады. Бұл қоғам үшін өте қауіпті дегенге келтіреді. Конфуцийдің ұстанымына сүйенсек тектілік аспаннан шығады. Аспан ең биік құндылық. Дүниедегі көп жағдай осы айтып отырған аспанның тілігінен шығады.

«Текті ер адамның бойындағы жақсының бәрі жеңіске жетсін дейді, жамандық болмасын дейді. Ал кішкене адам керісінше жасайды» [104, 117 б.].

Қытайдың ойшылы Конфуцийға қосарымыз қазақ дүниетанымында тектілік қазақтың қанына сіңген қасиет. Асан Қайғыда тектілікті жырға қосып, тектілікті сақтау, өзінді, мемлекетті сақтаудың бірден-бір тетігі деген қорытынды жасаған. Тектілік жолдан қосылатын дүние емес. Ол қанмен берілетін қасиет.

Ұстаз «Әңгімелер мен пікірлер» еңбегінде шәкірттерімен қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты сұхбат жасап, үнемі жауап қайырып отырғандығын көреміз. Идеалды қоғам, мемлекет құрылымы, адамшылық, отбасы, әке мен бала арасындағы қарым-қатынас қалай өрбуі қажет және көптеген тақырыптарға жауап іздеген.

Демек, Асан Қайғы «Жерұйықты» өз заманынан іздесе, Конфуций өзінің идеалды әлеуметтік қоғамды өткен өмірден, мифтік образдардан іздеумен өзгешеленеді. Яғни, ретро-утопиялық сарынға келеді деген сөз.

Антика дәуірінің атақты философтарының бірі Платон (шын есімі Аристокл) арғы заманның 347-429 жылдар аралығында өмір сүрген. Платон грек жерінде полис-мемлекеттердің кең қанат жайып, афиналық демократия жағдайында шығармашылықпен айналысып, шәкірт тәрбиелеп, даналықпен шұғылданған. Идеалды қоғам, мемлекет туралы ізденіп, өзіндік ұстанымын жасаған. Мемлекеттік құрылымның бес формасын айтып, қайсы дұрыс, қайсы бұрыс екендігін өзінше ажыратқан. Олар: тимократия, олигархия, демократия, тирания және аристократия. Бір қызығы, осы мемлекеттік құрылымның арасындағы ең нашар түріне демократияны жатқызады.

Платонның идеалды мемлекет теориясы «Мемлекет» және «Заңдар» еңбегінде кездеседі.

Нағыз саяси өнер – бұл адам жанын сақтау, тәрбиелеу өнері. Саясаткер философ болған кезде ғана идеалды мемлекет құру мүмкіндігі зор. Мемлекеттің басты тірегі адам. Мемлекетте халықтың еңбек бөлінісіне қарай үш топқа бөлінеді. Олар: жоғары топқа – философтарды кіргізеді, себебі олар табиғатынан әділ, ақиқатқа жақын, ақыл-есі дұрыс; қорғаушылар – олар билеушілердің айтқанын жүзеге асырушылар. Қала-мемлекетті қорғаушылар; төменгі топқа – өнім шығарушылар. Олар материалдық құндылықтарды жасаушылар. Әр топтың өзіне тән қызметі бар. Мемлекет идеалды болуы үшін жеке меншік пен отбасының болуы қауіпті дегенге келтіреді. Жеке меншікке бөлу адамдар арасындағы алауыздықты туғызып, әр адам бай болуға ұмтылады. Сондықтанда, бәріне ортақ игіліктің болуын айтқан.

«Идеалды емес мемлекеттер осы идеалдан біртіндеп шыға бастайды. Мемлекеттік құрылымының бес түрі бар. Бірінші және ең жақсы түрі монархия немесе аристократия деп аталады: егер даналық басқарса, онда ол бір немесе көп басқарушыда іске аса ма, аспай ма, маңызды емес. Бұдан басқа мемлекеттіліктің нашар төрт түрі бар – тимократия, олигархия, демократия және деспотизм. Осы түрлердің әрқайсысы мінсіз қалыптың бір құндылығынан төмендей отырып, келесісіне жетеді. Егер басқарушыға данышпандар сай келмесе, онда аристократия, шын мәнінде, әскери хунтаны басқаратын тимократияға орнын береді. Олигархия тимократиядан басқарушыларға әскери күш пен төзімділіктің жетіспейтінімен ерекшеленеді. Негізінде, олигархтарда ұстамдылық аз және үстемдік жоғалған кезде олигархия демократияға орнын босатады. Платон үшін мінсіз мемлекет аристократиясының кез келген қадамы – әділдік қадамы, алайда ол – әділетсіздіктің орнауын іске асыратын демократиядан деспотизмге дейінгі қадам. Осылайша, аристократиялық мемлекетті – барлық рақымшылдықтың болуы, тимократиялық мемлекетті – даналықтың болмауы, олигархтық мемлекетті – қайсарлықтың құлауы, демократиялық мемлекетті – ұстамдылыққа қарсылық, ал деспоттық мемлекетті – әділдіктің жойылуы сипаттады.

Платон «Мемлекетте» жазылған мінсіз конституциядан гөрі, нақты өмірде нашар мемлекеттің әртүрлі формалары жиі кездесетінін мойындайды» [105, 92 б.].

Демократия - дәл бүгінгі күн үшін ең үлгілі, жетілген биліктің түрі, одан асқан билікті ешкім ойлап таппағанын айтуымыз керек. Платон тәжірибе жүзінде өзі сипаттаған идеалды мемлекеттің жоқ екендігін, тіпті қазіргі заманда ғана емес, бұрындары да болмағанын жақсы түсінді. Идеалды мемлекет Платон бойынша идеалды мемлекеттің идеясына сәйкес келетін, қазіргі мемлекеттің құндылығына, оның барлық бұрмаланған формасына қарама-қайшы болып табылатын мемлекет.

Қазақ жерінен шыққан, түркі дүниесіне ортақ ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби 870 мен 872-ші жылдар аралығында Фараб (қазіргі Қазақстанның аймағы) қаласында дүниеге келіп, 950 мен 951-ші жылдарда Дамаск (қазіргі Сирия) қаласында қайтыс болған.

Сонда Фараби бабамыз не деп айтқан, айтқан сөзінің құндылығы не дегенге келсек. Фараби бабамыз өз заманының өте беделді, ақылды, би, шешен болған.

Ел ішінде абыройы зор, құрметке лайық адам екендігі анық. Соған сәйкес, Фарабидің аузынан шыққан сөз, ойдың құны биік. Фараби бабамыз өзінің еңбектерін Алланың атымен бастайды. Демек, Жаратушы барын мойындап, жаратушы жаратқан дүниелерді зерттеп, біліп қана Жаратушыға жақындай алатындығын білген. Ол ғылымды «метафизика» деп атаған. Ақылдың құдіретіне сенген (рационалист), танымның шексіздігіне шек келтірмеген. Фараби еңбектерінің өзгешелігі, ол адам мәселесін бірінші қойған. Адамның бір өзі бақытты өмір сүре алмайды. Сол үшін бірлесіп, өзара ынтымақтастықта өмір сүру үшін қоғам, мемлекеттің қажеттілігін айтқан.

Ол түрлі білім саласы бойынша көптеген еңбектердің авторы болып табылады. Оның бірыңғай реализм тұрғысынан жазылған әлеуметтік-саяси шығармалары бар. Олар, мысалға, «Азаматтық саясат» және «Мемлекеттік қайраткердің афоризмдері». Екіншісіне ол көбіне былай деп жазады: «тәнді емдейтін – дәрігер, ал жанды емдейтін – билеуші болып табылатын мемлекеттік қайраткер. Мемлекеттік қайраткер мемлекеттік басқару өнері арқылы және билеуші билеу өнері арқылы «аталмыш өнерді» қай жерде және кімге қолдану керек немесе қолданбау керек, тәnnің екі түрін де қандай денсаулықпен қамтамасыз ету керектігін анықтайды [106, 172 б.].

Сонымен қатар Әл-Фарабидің әлеуметтік утопия мазмұнындағы шығармалары да бар. Бұл - «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегі. Аталмыш трактат толығымен утопияға емес, адамның шынайы өмірдегі мұратын іздеуге арналған. Адам табиғатында кемелдікке қол жеткізуге деген құлшынысы бар. Адам басқа адаммен бірлесіп өмір сүріп, тіршілік жасау негізінде ғана бақытқа кенеле алады.

Адамдардың денсаулығын, жаны мен тәнінің саулығын қамтамасыз ете алатындығына аса мән беру керектігін ескерткен. Мемлекет қайраткерінің адам өмірінде алатын рөлі мен маңыздылығына өте үлкен сенім артқанын көреміз.

Негізінде, мемлекеттік қайраткер, қызметші кім? Ол халықтың сенімін арқалаған жалдамалы адам. Демек, мемлекеттік қызметкер қоғамдағы, қаладағы адамдардың жаны мен тәніне, қауіпсіздігіне жауап беретін, лайықты өмір сүру жағдайын жасайтын лауазым иесі. Көп дүниеге тәуекел етіп, шектелген адам. Мемлекеттік қызметкер болу өте қиын шаруа. Оны шығармашылық ізденіс пен өнер деп қабылдаған жөн. Мемлекеттік қызметкер халыққа адал қызмет етемін деп ант береді. Бірақ, өкінішке орай, антқа қиянат жасап, негізгі міндетін ұмытып жатады. Күнделікті өмірде ондай құбылыстарды көріп, естіп жүрміз.

«Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде адамдар қоғам болып өмір сүре бастайды. Сол қоғамдарды үшке бөледі Фараби бабамыз: «үлкен, орташа және шағын қоғамдар. Үлкен қоғам – жерде тіршілік жасайтын барлық адамдар қоғамының жиынтығы; орташа қоғам – адамдардың жердің бір бөлігінде ғана бірігуі, ал, кіші қоғам – бұл кішкентай қала, ауыл тұрғындарының бірігіп, ұйымдасуы. Қоғамның ең кемелденген формасын «қала» деп санайды. Ойшылдың айтуынша «Биік игілік пен жоғары кемелдікке бірінші кезекте кемелденудің соңғы сатысында тұрған қоғам емес, қала қол жеткізеді». Ал, қала әр түрлі болады, ол көбінесе, қандай адам басқаратындығына байланысты.

Себебі, адамдар қоғамға өз еркілерімен, еркін біріккендер. Сәйкесінше, адамдар жаман істерді тындыру үшін, зұлымдық жасау үшін де бірігуі мүмкін. Ұйымдасқан топ құрып, мемлекетті, халықты алдайтындарды айтса керек. Қала жасанды орта. Қалада ойыңа келгенді істеу мүмкін емес, бір адамның оғаш қылығы, әрекеті басқа біреудің құқығына, тағдырына, өміріне қауіп төндірсе не болғаны?!

Осыған байланысты, Фараби атамыз адамдардың ниетіне қарай, адасқандар қаласы, надан қала, қажеттілік қаласы, айырбас қаласы, мансап құмар қаласы деп бірнеше түрге бөледі.

Солардың ішіндегі неғұрлым кемелденген қала – бұл ізгі қала. Бұл жерде адамдар бір-біріне өзара көмектесу үшін, өздері кемелдену үшін, ортақ бақытқа қол жеткізу үшін бастарын қосады. Ғұламаның пікірінше, салауатты, ізгі қала барлық дене мүшелері үйлесімді қызмет ететін сау адамның денесіне балайды.

Ізгі қала тұрғындарының екі тобы бар. Біріншісі - ізгі адамдар. Олардың барлық ойы - ізгілік, мейірімділік, әділеттілік. Өз еріктерін басқа тұрғындармен байланыстырып, дос, бауырмашылық принциппен өмір сүретіндер. Бекітілген тәртіпке бағынып, бір-бірін сыйлайды. Қиыс қыстау кезінде бір-біріне қол ұшын беріп, жәрдемдеседі. Ондай адамдар ізгі қаланың тұрғындары. Сізде сондай ізгі адамсыз ба?

Екіншісі надан адамдар. Олар өздерінің пасық, өзімшілдік, менмендік ойларымен өмір сүреді. Олар қаланың өсіп өркендеуіне, тазалығына бас ауыртып жатпайды. Тек өзінің күнделікті өміріне қажетті шаруамен ғана айналысады. Елімізде, жерімізде не болып жатқандығы, еренгі күніміз қалай болады деген ойлар мүлде алаңдатпайды. Бір күндігімен өмір сүретіндер. Оларда айналамызда көп. Басымыздан өткеріп жатқан карантин кезінде кейбір адамдарымыз тиісті шараларды қабылдамай, вирусты бірнеше адамға жұқтырып жіберген жоқ па? Немесе, карантинді елеп, ескермей құмар ойын ұйымдастырып халықты алдап келгендерде кездеседі. Полиция, дәрігерлермен ұрысып, керісіп аты шығып жатқандарды да әлеуметтік желіден күнде көріп жүрміз. Ал, жауапкершілігі мол, мемлекеттің қабылдап жатқан шараларын қолдап, тәртіпке бағынып жатқандарда баршылық. Ойланатын сәт. Біз кіміз? Қандай адамбыз. Сіз, Фараби айтқан қандай қаланың тұрғынына жатасыз?!

Бәріміз бір мемлекетте, қалада тұрып, бір ауаны жұтып жатқандықтан барлығымызды бір мақсат, бір мүдде ғана алаңдатуы тиіс. Ол Қазақ мемлекеті, қазақ халқының болашағы. Ертеңгі күніміз қандай болады деген ой.

Құдайға шүкір, парасатты, мейірімді, жүрегі ізгілікке толы Президентіміз бар. Дана халқымыз «Әкім бол, халқыңа жақын бол» - деген ұстанымды берік ұстаған қала әкімі де бар. Біздің сенімді абыроймен арқалаған мемлекет қайраткерлері бар. Бұлардың барлығы мемлекет, қала тұрғындарының лайықты өмір сүруі үшін еңбектерін жасауда. Мемлекет қайраткерлері мен қала тұрғындары арасындағы үміт, сенімнің үзілмеуі өте қажет.

Адамзат баласы ықылым заманнан бері - бір ғана арманды мұрат етіп келеді. Ол - адамша өмір сүру. Соған сәйкес қолайлы өмір сүруге қажетті стандарттарды ойлап табу. Яғни, адамзатқа барынша тиімді, күнделікті өмірін жеңілдететін,

пайдасы мол, уақытын үнемдейтін орта қалыптастыру. Оны біз - Ізгі қала дейміз. Ізгілік - адамға деген адамшылық, сүйіспеншілік қарым-қатынас. Өзге адамға жақсылық жасау, сый-құрмет, өз бақытыңды қоғаммен байланыстыру. Осы айтылғандардың негізінде қоғамда екі түрлі адамдардың тобы шығады.

Ізгілікті іс - игілікке жеткізеді. Адамның мейірімді, ықыласты болуы, елін, жерін сүюі, тұрып жатқан қаласына жанашырлығынан көрінеді. Ежелгі грек философы Сократ «әрбір адамның бойында күннің нұры бар, тек сол нұрдың жарқырауына мүмкіндік беріңіз» деген екен.

Олай болса, әкім ең алдымен халық ортасына ізгілік дәнін сеуіп, ең алдымен рухани қажеттіліктерін қанағаттандырып, олардың бай-қуатты өмір сүруі үшін бірлескен жобаларды жүзеге асыру қажет деп ойлаймын. Әр адамның ішіндегі нұрдың қоршаған ортаға сәуле шашуына қызмет жасап, рухани тоқ болуына жағдай жасауы маңызды болмақ. Олай болса, өзара көмекке зәру ізгі қала тұрғындары мен әкімінің арасындағы сұхбат үзілмесін деп тілейік. Сонғы уақыттарда көп айтып жүрген «Смарт қала» ең алдымен ізгі қаладан басталады деп санаймыз.

Асан Қайғы бабамыздың еңбегі жай ғана ойдан шыққан қиял емес, өмірде болған, өзі жүріп өткен жол. Сол заманда берілген тау, көл, жер атауларына қатысты мінездежелер қазіргі күнмен сәйкес келуімен құнды. Дархан даланың төрт бұрышын аралап келіп, Жәнібек пен Керей сұлтандарға тапсырманың орындалғанын баяндайды. Қазақ хандығының да мұраты - ізгі қоғам құру болатын.

Конфуций, Платон, әл-Фараби, Асан Қайғы бұлардың барлығы бақытты мекенді іздеді. Адамның өмір сүруіне қолайлы жерді аңсады. Бұл ізденіс. Ойларындағы идеалды жерді тапқандығы немесе таппағандығы маңызды емес, бізге, артында қалған ұрпағы үшін ізденістен туындаған идея құнды болмақ.

2.2 «Жерұйық» идеясы мен Мәңгілік Ел идеясының Тәуелсіздік рухымен үндесуі: тарихи-танымдық сабақтастық пен перспективасы

Адамзат тарихында кез-келген мемлекет, ұлт, халық, этникалық топ, ұлыс, тайпалық одақтар, барлығы әрқашанда өздерінің болашақтағы тыныс-тіршілігі туралы толғанып, үнемі ізденісте болған. Сондықтан да, оларға арман-мұраттар мен идеалдар құру стихиялы немесе ресми-саяси түрде болсын үнемі халықтың келешегін ойлау қажеттілікке айналған. Бұл идеяларын әр түрлі парадигмалар бойынша ұсынды. Кейбірі адамзат болашағының жарқын да, игілікті қоғам құрудың үлгілерін ұсынса, кейбірі өз халқының болашақ тағдырына алаңдаулы.

Мәңгілік Ел идеясы халқымыздың терең тарихынан тамыр тартатын, рухани саладағы өзіндік мұраттарын сақтайтын, үздіксіз сабақтасқан жүйелі армандардың әр замандағы өзгеше көріністерінің жиынтығы деп айта аламыз.

Ұлы даланың Мәңгілік Ел идеясының сабақтастығын кейбір зерттеушілер былайша пайымдайды: «Мәңгілік Ел» идеясы ежелгі Түркілердің өз заманында туған үш тұғырдан, яғни, үш негізден тұрады. 1) Көне түркі жазба ескерткіштерінде (Күлтегін, Білге қаған және Тұйұқық бітіктастарында) түркі

қағанаты мемлекетінің тәуелсіздік актісі – «Мәңгілік Ел» идеясының саяси манифест түрінде жария етілуі: 2) әл-Фарабидің философиялық шығармаларында (әсіресе, «Қайырымды қала» шығармасында) идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі: 3) Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекет теориясының негізделуі. Бұл үш негіз бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік идеяларымен сабақтасады. Бұлардың бәрінің бастауында орта ғасыр дәуіріндегі түркілердің өркениеті тұр» [107, 199 б.].

Түркі халықтарының көне мұрасы, жазу мәдениетінің озық үлгісі Орхон өзендерінің жағасынан табылған Күлтегін жазуларының біздің өмірімізде алатын орны орасан зор. Тасқа қашалып жазылған таңбаларда байырғы замандағы сақ, ғұн тайпаларының өмірінен сыр шертеді. Қолбасшы, ел басқарған қағандардың өмірі мен оқиғалар желісі тасқа қашалып, хатталған. Әсіресе, қарсыластарын тізе бүктіріп жеңіске жеткендігі өте әсерлі. Көркем тілмен суреттеліп, делебенді қоздыратын сөздерді қалдырған. Мәңгілік Ел боламыз деген идея Еуразия даласына тұрақсыздық әкелді. Әлемдегі ең мықты, ең күшті елміз деген империялық мәлімдеме жасап, өздерінің орнын тарихта орнықтырды.

Орхон мұраларын зерттеуші, ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы Күлтегін жазбаларын оқып, онда «төрт тараптағы қарсы жауларды бағындырып, иеленген. Оларды бағындырып бейбіт қылған. Басы барды бағындырып, тізесі барды бүктіргендігі туралы» - айтқанын оқыған. Яғни, өз заманында төрт құбыланы тегіс билегендігін және бейбіт түрде өмір сүргендігін көреміз.

Одан кейінгі, әл-Фараби бабамыздың «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы» трактатында қала-мемлекеттің әр тұрғыны бақытты өмір сүріп, мәңгі жасауы үшін биік талаптарды қояды. Бақытты өмірге қол жеткізу деген ең басты құндылық. Соған жету жолында адамның кемелденіп, өсіп-өркендеуіне көп мән берген. Бақытқа кенелу бір адамның ісі емес. Қоғам, жұрт, ел болып қана биік шыңдарды бағындыра алатындығына сенген. Қоғамдағы адамдардың жүрегі ізгі болған жағдайда ортақ жетістікке жетудің оңай болатындығын атап өткен.

Жүсіп Баласағұнда «Құтты білік» еңбегінде қоғамдағы әділеттілік туралы тебіреніске түскен. Әділетті, ізгі мемлекет құру ең алдымен елді басқарушы қолбасшының ұстанымына, ақыл-парасатына тікелей байланысты. Қоғамдағы әр тұрғын, азамат өз ісінің маманы болғанда ғана әділетті, шынайы мемлекет құра алатындығына сенген.

Осындай, пікірлер, идеялар орын алып ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде жалғасын тауып отырғандығы таң қаларлық дүние.

Саясаттанушы Жанар Сәрсенбаева Мәңгілік Ел идеясын сараптай келе, өзіндік ойларын былайша ұсынған болатын: «Мәңгілік Ел идеясының концептуалды негіздерін саралауда, біз, алдымен оның тарихи көріністеріне тоқталып өтуіміз керек. «Мәңгілік Ел» семантикалық-логикалық жағынан екі ұғымнан тұрады: «Мәңгілік» және «Ел». «Мәңгілік» негізінен алғанда, жалпылама кең ұғым, ол ғылыми айналымда және тұрмыстық-өмір мәнділік

белестерде қолданыс тауып жүрген түсінік. Ол сонымен қатар, философиялық ұғым, жалпылама категория, концепт болып табылады. Сондықтан, алдымен, сөздіктерге жүгінейік.

Ал концепт ретінде, мәңгілік бастауы болғанмен, ешқашан аяқталмайтын үдеріс, шексіздік пен шетсіздік, тұңғық және үнемі-үздіксіз бар болу, таза абсолюттілік, өміршеңдік т.б. мағыналарды білдіреді. Мәселен, кеңістік пен уақыт – мәңгі: басталмаған, аяқталмайтын, шексіз, шетсіз, абсолютті т.б. Қарама-қарсы ұғымы – өткіншілік, яғни, уақытша ғана бар болу, кейіннен, әлемнен мүлде, із-түссіз жоғалу. Дегенмен, кейбір құбылыстардың мәңгілігі үздікті болуы да ықтимал. Яғни, уақытша жоғалып, реті келгенде қайтадан бар болып, өзінің болмысын әрі қарай жалғастыра береді» [108, 176 б.].

Мәңгілік ұғымын концепт ретінде зерделейтін болсақ, тарихи, психологиялық, аксиологиялық, дүниетанымдық қырларынан талдауға болады. Мәңгі – сөзі табиғи феномен. Адамның өзі бұл өмірде барынша мәңгі ғұмыр кешіп, бақытқа кенелгісі келеді. Соған сәйкес ел болып, жан-жағыңды таныған соң мемлекеттің де өмірінің ұзақ болғанын қалайтындығы заңды құбылыс.

Демек, Мәңгілік Ел идеясы халқымыздың тарихынан нәр алған, рухани саладағы өзіндік биік мұраттарын сақтайтын, үздіксіз сабақтасқан жүйелі ой-көзқарастардың әр бір кезеңдегі көріністері деп айта аламыз.

Мәселен, Мәңгілік Ел идеясын зерттеушілер айтқандай, бұл идеяның тарихи тамырлары тереңнен толғанылады: «Сонымен, Тәңірі сенімі деп аталатын түркілердің дәстүрлі дүниетаным жүйесі мынадай негізгі діни ұғымдарды біріктіреді:

1) Тәңірі - түркілердегі жаратушы, жарылқаушы, бақылаушы және жауап алушы Құдай;

2) Жер-Су - Түркілердің Тәңірі берген отаны, өмір сүру кеңістігі, мекені;

3) Ұмай - әлемнің әйел бастауы, балалар мен әйелдердің жебеушісі, қолдаушы;

4) Құт -Тәңірінің түркілермен бірге оларға арнаған несібесі, үлесі, өмірлік күш-қуаты немесе қолдаушысы;

5) Ата-баба аруағы - Тәңірінің қолдауына ие болған, өмірден өткен ата-баба, тұлғалар рухы, желеп-жебеуші;

6) Апат - көрсеткен жолдан адасқандығы үшін Тәңірінің жіберетін жазасы, құтты алушы» [107, 23 б.].

Сонымен қатар, Мәңгілік идеясы бір жағынан Ежелгі Түркілердің діни дүниетанымымен біте қайнасқан. Көбінесе, Көк Тәңірінің алдында бас иіп, оған тағзым етуінің астарында үлкен философия жатқандығы белгілі.

Мәңгілік Ел идеясының көне түркі дәуірінен тамыр тартқандығын, оның тарихи астары бар екендігін Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында былайша сипаттап береді: «Бұдан 1,5 мың жыл бұрынғы ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған үнді тайпаларының ежелгі ақсүйек әулетінен тараған ұрпақтар. Осынау жаңа рухани толқынның тоғысында тұңғыш Түркі қағанаты – «Мәңгілік Ел» бой көтереді. Бұл үшінші империя жергілікті сақ тайпаларын бұдан арғы мыңжылдықта ғұндардың

арынды асау рухының ықпалымен таратып жіберіп, Байкалдан Каспийге дейінгі байтақ өлкені жайлап келген Түркі тайпаларымен біріктіріп, барлығын өз қанатының астына жинаған» [85, 44 б.].

Аспан мен жердің ортасында еркін жүрген түркілер көптеген ру-тайпаларға, мемлекеттерге, хандықтарға күш көрсетіп, өздеріне бағындырды. Бір артықшылығы бағындырған ел, жұртты бейбіт түрде өз наным-сенімдерін сақтауына мүмкіндік берді. Сонымен бірге, бүкіл түркі халықтарын бір шаңырақ астына біріктіруге күш салды. «Бөрі азығы жолда» дегендей көк бөрілер үнемі жол үстінде, жаңа белестерді бағындыруды абырой санаған.

Мәңгілік рухын тотемдік белестермен ұсынған және көрсете білген түркілік келбет келесі кезекте, өздерінің жалпы рухтануын бөріге апарып тасымалдайды. Бұны да мәңгіліктің рухы деп түйсінеді. Бөрі дала аңы болғанмен, өзінің өміршеңдігі мен қуаттылығын паш ете алатын хайуан, сондықтан да, түркі халықтары тотемдердің бірі және негізгісі осы – қасқыр болатын. Өлкей Марғұлан да түркі халықтарының бөрі тотемінің көне дәуірдегі сақ-скиф заманынан сабақтасып келе жатқандығын деректер бойынша дәйектейді [109, 12 б.].

Жоғарыда айтылған тұжырымдарымызды Сүйінбай ақын былайша жырлап, сөзімізді орнықтыра түседі:

«Бөрілі басым – ұраным,
Бөрілі менің байрағым,
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым..» [110, 13 б.].

Тәңірдің сүйікті құлына айналған көк түріктер мен ғұндардан секем алған Қытайларда Ұлы Қытай қорғанын салғанын білеміз. Көк тәңірдің астындағы алып даланы толық игеріп, толыққанды мемлекетке айналды. Материалдық байлығымен қатар, рухани жағынан толысып ақыл-ойы жетік, ақын, жырауларды қолдап отырғандығы керемет дәстүр. Ақын, жыраулар хандықтың идеялық, мәдени, діни саласына жауап бергендігі сәтті шыққан.

Көк түріктерден басталған Мәңгілік Ел идеясы үзілмей, ұрпақтан ұрпаққа жетті. Бұл өте үлкен қуаныш. Ғасырлар бойы сабақтасып, ұмытылмаған.

«Сабақтастық, танымда, қоғамда, табиғат дамуында жананың ескіні ауыстыруына байланысты оның кейбір элементтерін сақтап қалатын құбылыстар мен үдерістер арасындағы байланыс. Қоғамда ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлеуметтік және мәдени құндылықтарды игеру және тасымалдау деген ұғымды білдіреді. Сондай-ақ, дәстүрлер әрекетінің жиынтығы деген ұғымды да береді», – деген кең түсіндірме беріледі [111, 1390 б.].

Философиялық сөздікте: «Сабақтастық жаңа сапаға өту жағдайында тұтастай немесе кейбір элементтерін сақтай отырып, әр түрлі даму деңгейлері мен әр түрлі кезеңдердің өзара байланысы делінген.

Сабақтастықтың қоғам дамуына қарай өзіндік ерекшелігі бойынша түбегейлі мағынасы бар. Бұл жердегі туындайтын маңызды мәселе қоғамдық өмірдің әрбір саласындағы сабақтастықтың өзара байланысы. Егерде, осындай

рухани сабақтастық болмағанда тарихи санамыз өшіп, жойылып кетуіміз әбден мүмкін еді.

Біз қарастырып отырған мәселе бойынша аталған сөздікте сабақтастықтың рухани мәдени қыры да көрсетіледі: «Мәдени дәстүр өз кезегінде маңызы бар мәдени мұра болып табылады, бұл келесі ұрпақ қажетсінетін және үнемі дамиды, байитын және жетілдіріле беретін мұра болып есептеледі. Басқаша айтқанда, біз мәдени мұра туралы айтқанымызда тарихтың барлық кезеңдеріндегі жинақталған байлық атаулының бәрін назарға алып отырмыз, сонда мәдени дәстүр өмір сүріп жүрген адамдардың пайдаланылатын, олар үшін құндылық ретінде қызмет ететін мәдени мұраның сол бөлігі болады, ол іс жүзінде маңызға ие және адамдардың кәдесіне жаратылады. Міне, осы тұрғыдан алғанда, мәдени мұра тарихи жадының мазмұнын құрайды, сонда мәдени дәстүр іс жүзінде сабақтастықты еншілейді» [112]. Шындығында да, мәдени-рухани сабақтастық сақталмайтын болса, онда ұлттық бірегейлік те жойылады. Мәдени игіліктер толығып, кемелденіп, жетіліп отыратын динамикалы үдеріс болғандықтан, тұтасымен алғанда, ұлттың дамуы мен өркендеуіндегі басты сабақтастық негізі осы – жалпы идея сабақтастығы болып табылады деп тұжырымдаймыз.

Адамзат тарихында тарихи сабақтастықты үзу мақсатында қаншама теріс саясат жүргізілді. Сабақтастықты жойып, санасына қауіп төндірген замандар өтті. Айталық, Орыс патшасы, Ресей үкіметі тарапынан қазақ халқына қатысты сондай геноцид бес рет жүргізілген. Бұлардың барлығы кездейсоқ емес, саналы, жоспарлы түрде жүріп отырған.

Михаил Завьялов сабақтастықты философияның маңызды категориялары (даму, терістеу, қайталанушылық) ретінде санаса, бір қырынан мұраға қалдыру болып табылады - деп түйіндейді [113, 109 б.].

Мераб Мамардашвили болса «Жақын мен алыстың барлық мәселелерін өзгертетін алдын ала болатын байланыстар, ізбасарлық ұғымдарын енгіздім», – деп сабақтастықтың тарихи негіздерін атап өтеді [114, 93 б.].

Неміс философы Иммануил Кант «Аға ұрпақ тек келер жас ұрпақтар үшін, үздіксіз жалғастықтың ұзақ қатарын құру үшін, оларға жаңа баспалдақтар дайындап беру үшін ғана өмір сүретін сияқты болады – деп тұжырымдаған [115, 10 б.]. Кант идеяларына сәйкес, қазақ халқында сабақтастық көне мәдени дәстүрлер арқылы ұштасып, келер ұрпаққа жалғасып берілгендігі анық. Ежелгі грек философы Пифагор өз заманында «Жақсы жасалған заңнан жақсы салт-дәстүр артық» деген ой түйген. Анығын айтқанда, күнде бекітіліп жатқан заң актілерінен көрі ел арасында қалыптасып, халықпен біте қайнасып кеткен дәстүрдің рөлі айрықша. Кейде азаматтарымыз заңмен емес, дәстүрмен өмір сүреді. Дәстүр сабақтастығын жалғастырып, қазақи болмысымызды сақтаған дұрыс деген ой келеді. Өйткені, жаһандану, вестренизацияның мәдениетімізге кері тигізетін әсері орасан. Осындай кездерде ұлттық иммунитетімізді сақтауда ең алдымен дәстүрлерге мән беруді қажет етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда философия кафедрасында «дәстүр философиясы» деген элективті пән енгізіліп, оқытыла бастады.

«Асан Қайғының дүниетанымы қазақтың дәстүрлі мәдениеті арқылы ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр жалғастығы арқылы жаңғырып, тарихи сабақтастық арқылы бүгінгі біздің заманымызға жеткен тарихи сана көрінісі. Қазақ хандығы тұсында «тар жол тайғақ кешкен» қиын заманда ел тәуелсіздігі күн тәртібіне қойылған сын сәттерде көрегендік пен ел мен жер тағдыры шешілер сәттерде, ел мен жерді сақтау, қорғау секілді мәселелерді шешуге араласқан, хандар кеңесшісі болып, саяси-идеологиялық рөл атқарған. Асан биге Қазақ хандарының өзі үлкен құрметпен қараған» [116, 177 б.].

Мәңгілік Ел мен Жерұйық идеясының арасында өзара сабақтастық пен дәстүрдің сақталғандығы қуантады. Бұл кешенді, жүйеленген жұмыстың өзіндік қырлары мен деңгейлерін анықтаймыз.

1. Әдіснамалық-теориялық деңгей. Тарихилық пен логикалық және тарихи сабақтастық өлшемдер бұл тұста, біздің зерттеу тақырыбымыздың негізге мағынасын саралауда бағдар беретін компас тәріздес. Тарихи жадының бірегейленуінің бір атрибуты, ол – сабақтастық.

2. Тәжірибелік деңгей. Мәңгілік Ел идеясы тек арман-мұраттардың жиынтығы ғана емес, еліміздің өмір сүруі мен халықтың әл-ауқатының өзіндік жетілген үлгісін паш ететін, бірте-бірте өркениетті дамыған мемлекеттер қатарына қарай ұмтылатын нақты өмір мәнділік ұстаным. Сондай-ақ, Асан Қайғының «Жерұйық» мұраты да, шындығында, утопия сияқты болғанмен, ол да құр схоластикалық пайымдаулар емес, өмір тәжірибесімен байланысатын стратегиялық жоспар. Бұл жерде Асан Қайғы қазақ халқының болашағын саяси-тұрғыдан бейбітшілік пен келісімділік деп ұйғарса, әлеуметтік тұрғыдан тыныштық пен әділеттілік орнайтын мемлекет деп түсіндіреді, ал экономикалық негізде мал шаруашылығына жайлы қонысты іздеу.

3. Перспективтік деңгей. «Жерұйық» пен «Мәңгілік Ел» идеясында тек бүгінгі күн ғана емес, болашақ туралы пайымдаулар мен келешектегі ұлт пен мемлекеттіліктің өркендеу стратегиясы қамтылған. «Арман – адамға қанат» демекші Мәңгілік Ел мен «Жерұйық» идеясы орындалуы тиіс игі мақсаттар мен батыл қадам жасаудың айқын көріністері.

Жазира Ошақбаева айтқандай: «Асан Қайғы саяси-тұрақтылық пен бейбіт өмірді жақтаушы. Ол геостратегиялық тұрғыдан Қазақ хандары үшін ең маңызды орын алуы керек жәйт – Батыс пен Шығысты жалғастырып, Шыңғыс хан дәуіріндегі мәдени, рухани орталық болып табылған Еділ мен Жайықты иеленуді ұсынады» [117, 103 б.].

Асан Қайғы «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды» аңсайды. Бұл тікелей мағынасындағы заман келбеті емес, жайма-шуақ өмір мен береке, бірліктің табиғи эволюциялық жолы. Асан ата болашаққа негізделген перспективті идеяларын және оның тәжірибелік қырларын Кенжалы Толысбай былайша тарқатып береді:

«Асан Қайғы өзінің Жерұйық мекенін іздеуі туралы шығармасын ауызша көркем-жыраулық түрде қалдырып кеткен. Батыстың утопист-ойшылдарынан айырмашылығы Асан Қайғы Жерұйықты өзі іздейді. Әйгілі философ Платон Атлантида аралын мың жыл бұрын болған әділетті қоғам деп айқындаса, Асан

Қайғының мекені тез арада табылатын реалдығымен сипатталып, келешек қоғамның жаңа моделімен байланыстырылған. Бұл қоғамға жетуде Асан ақылдың күшіне иланып, тікелей әрекетке көшеді. Ол бір жағынан әрекетшіл философ» [67, 266 б.].

Асан Қайғы негізінен алғанда әрі аңыз кейіпкері болса, әрі тарихи тұлға. Сондықтан да, бүгінгі Мәңгілік Ел мұраттары сияқты, ол да ел мен жер, халқы үшін жасалған нақты әрекеттер. Ол жай ғана ел шарлаушы, саяхатшы, тіптен дәруіш емес, нақты өмір шындығымен астасып жатқан ірі тарихи тұлға. Оның шығармашылығы мен өмірін зерттеуші Асан Қайғының Жерұйықты іздеуін, елі мен жері үшін құрылған мұң-зарын нақты тарихи оқиғалармен, сол дәуірдегі қоғамдық құбылыстармен байланыстыра отыра, былайша өз ойын топшылайды: «Асанның Жерұйықты іздеуіне тағы бір себеп болған құбылыс – үшінші Жәнібектің тастан сарай салдыруы немесе Астрахань қаласының іргесін қалауы. Асан Қайғы оған да өкпелі, ренжулі, себебі, ол жерді ертеңгі күні жау алса, ел бүлінеді. Асан жаңа қоныс іздеп, жеті жыл жер кезеді. Ақыры ол Жиделібайсын немесе Жерұйық деп аталатын мекенді табады» [67, 164 б.].

Бұл жерде Асан Қайғының көрегендігін кейде байқамаймыз. Ең алдымен қазақ халқы көшпенділіктен арылып, тұрақтауы үшін малға, елге шұрайлы құтты қоныс іздеуінен шығады. Яғни, ең алғаш болып көшіп қонып жүрген қазақ хандығын отырықшы халыққа айналдыру. Отырықшылықтың артында өзгеріс, өркениет тұрғанын Асан Қайғы сезген.

Екінші тағы бір көп елей бермейтін дүние Асан Қайғының Жәнібек сұлтанның Астрахань қаласының салынуына қарсылығы. Тектен тек шыққан қарсылық емес. Егерде ордалы мемлекеттің елордасы орталық емес, шекаралас жерге жақын орналасса бұл өте үлкен қауіп. Шекараға жақын елордасын қарсыластар басып алуы оңай. Сондықтан да, Асан Қайғы бабамыз қазақ хандығының ордасын орталық жерге тігу қажеттілігін ойлаған.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көрегендік жасап, бабамыздың идеясының негізінде Елорданы Алматыдан Нұр-Сұлтанға көшіруінің себебі тереңде жатқанын түсінеміз.

Бүгінгі таңда да Мәңгілік Ел идеясының нақты концептуалдық негіздері дамуының стратегиялық параметрлері, тұжырымдамасы жасалмаса да, оның жалпы шарттарын жоғарыда атап өткен тарихи руханиятымыздағы идеялардан анығырақ байқаймыз.

Халқымыздың ата-бабадан мұраға қалып, тарихи сабақтастықта жетілген және қазақтың дәстүрлі дүниетанымынан нәр алған қазіргі «Мәңгілік ел» идеясы. Бұл идеяның түпкі мақсаты – қазіргі әлемді дағдарысқа түсірген рационалды идеяларға балама ретінде қазақ халқының тарих сынынан өткен ұлттық дүниетанымын ұлттық, қала берді, барынша гуманистік идея ретінде әлемдік идеяға айналдырып, нәтижесінде тек Қазақстан мемлекетінің ғана емес, әлемдік қауымдастықтың, барша адамзаттың да бағдары болатын рухани темірқазығына айналдыру [117, 298 б.]. Сондықтан да, ата-бабаларымыз халқының мәңгі тыныш, бейбіт, өркендеген, халықтың әл-ауқаты жақсарған қоғамды аңсайды. Осы мақсатқа жету жолында қауіп-қатерлерді көре біліп, болашақтағы туындауы

ықтимал қатерлерді ескерткендей болады да, аңыздарда ол көріпкел және болашақты болжаушы ретінде де танылады.

Қауіпсіздіктерді сақтаудың бір тармағы сыртқы және ішкі саясаттағы қатерлердің алдын-алу. Әрине, сыртқы қауіпсіздіктерді ескермесек, елдігіміз бен тәуелсіздігімізге сырттан немесе іштен қауіп төнетін болса, онда Мәңгілік Ел бола алмасымыз анық. Бүгінгі таңда да саяси болжамдаулар арқылы елімізге сырттан келетін қатерлер қоғамдық санада да, ресми болжау институттарында да қозғалып жүрген іргелі мәселелердің бірі. Мәселен, қоғамдық санада кейбір идеялар және қоғамдағы кейбір зиялылар сыртқы басты қатерлердің бірі ретінде Қытайдың жүргізіп отырған саясатын атайды.

Асан Қайғының Жерұйықты іздеу идеясында да сырттан келетін және ішкі саясаттан болатын қатерлерден сақтану туралы айтылады. Ол жоғарыда атап өткендей, Астрахан қаласын салдыру сыртқы жаулардан келетін қатер екендігін болжаса да, ішкі алауыздықтан туындайтын қатерлерден де сақтану қажеттігін зерттеушілеріміз былайша сабақтайды: «Асан Қайғыны Жерұйықты іздеуге итермелеген қандай күш?! Осы сауалдың мәнісіне үңілсек, оған ең алдымен, сол кездегі қоғамдағы саяси ахуалдың тұрақсыздығы әсер еткендігін көреміз. Сондай-ақ аралары әбден ушыққан Әбілхайыр мен Жәнібектің алақөздігі де себеп болды. Ел басшыларының бүлінуінен зардап шеккен халық тұрмысы күйзеліске ұшырады, міне, осы жағдайлар Асан Қайғының Жерұйықты іздеуіне себепші болғандығы хақ» [67, 164-165 б.б.].

Мәңгілік Ел идеясының маңызды буындарының бірі – өркениетке ұмтылу, экономикалық өрлеу және халықтың әл-ауқатының жақсара түсуі. Егер ел мәңгілік болса да, ел-жұрттың хал-ахуалы мен әлеуметтік жағдайы төмен болса, оның мәңгілігі де тұрақсыз болмақ. Сондықтан да, бүгінгі еліміздің саясаты келесі кезекте халықтың әл-ауқатын көтеру мен әлеуметтік қорғауды күшейте түсу.

Ал, Асан Қайғының «Жерұйық» мекеніндегі бұндай қоныс шөбі шүйгін, суы мол, малға да, адамға да жайлы жер. Өйткені, сол кездегі қазақ қоғамы мал шаруашылығымен айналысқандықтан, оларға отты қоныс керек. Малға жайлы болу, оның саны көбейіп, халықтың әл-ауқатының арта түсуі деген сөз.

Сондықтан да ол елді аралап, әрбір жерге баға берген кезде де көбінесе, суы мен шөбі мол, ауа райы қолайлы, мал шаруашылығына тиімді жақтарына баса назар аударады. Қаратауға айтқаны: «Қаратау еншіңе алған құсың көкек, Бауырың қара от, ойпаң, шөбі көкпек»; Торғай өзеніне келгенде айтқаны: «Өзен екен аққан суы бал татыған, Еті барак, шабағы май татыған» т.б. Ол сонымен қатар, халықтың әл-ауқаты туралы да толғанады. Әлеуметтік әділеттілік пен қазіргіше, айтқанда, қоғамдағы әлеуметтік қабаттар, кедейшілік пен тоқшылық жөнінде алаңдайтындығын мына жолдардан анық көруімізге болады: «Өзен екен қыры бірдей суыменен, Жарлысы болар бірдей байымен тең» [67, 165 б.].

Қазіргі таңдағы ұлттық қауіпсіздік пен Мәңгілік Ел болудың шарттарының бірі – елдің ішкі тұрақтылығы, рухани-мәдени өрлеу мен тұлғалардың кемелденуі, әділеттілік пен ел басқару ісіндегі демократиялық ізгілік. Яғни, қоғамның рухани, мәдени, саяси салаларындағы өзекті заманауи мәселелер

болып табылады. Ендеше, Мәңгілік Ел идеясында тек қана экономикалық өрлеу мен халықтың әл-ауқаты ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық салалары да белгілі бір деңгейде жетілген және барынша мүлтіксіз болуы тиіс. Асан Қайғының Жерұйығының «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп аталуы да сондықтан. Бұл тыныштық пен әділеттілікті, уайымсыз-мұңсыз ғұмыр кешуді білдіретін кең түсінік.

Мәселен, Асан Ата ел басқару ісіне де айрықша көңіл аударады, оның әділетті болуы, басшылардың ел қамын ойлауын негізгі ұстанымдардың бірі етіп алады. Асан Қайғыны зерттеушілер оның ойларын саралай келе, «Әділетті хан» идеясын туындатады: «Жырау ел, қоғам, хандықтар қатынастарының үйлесімділігін қарастырып қоймай, ертеңгі келешекті болжайтын, ел тағдырын ойлайтын қамқоршы, ойшыл-тұлға болған. Хандарға бұлайша қарсы пікір айту жыраудың ғана қолынан келген. Олай айтуға олардың құқығы болған. Ол хан мен халықтың арасындағы тұлға. Ол – ханның сыншысы деп жазды, философ-ғалымдар. Осы орайда, ғалымдар Қазақ философиясының өзекті мәселелерін талдай отырып, оның елеулі ерекшеліктеріне тоқталды» [67, 207 б.].

Асан Қайғы келесі бір толғауында Жәнібек ханға деген сыни көзқарастарын былайша жариялайды: «Қорған салдың бейнет қып, Қызметшің жатыр ішіп жеп... Мұны неге білмейсің? Аңдып жүрген көп дұшпан елге жау боп келеді» [118, 16 б.]. Яғни, «көшпенділер ойшылы» атанған бабамыздың бұл идеялары қазіргі біздің қоғам үшін де өзекті мәселе. «Қызметшің жатыр ішіп жеп...» деген жолдар еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа да тікелей қатысты десек те болады. Ол да сол кездегі елдегі әділетсіздік пен жемқорлықтың белең алуын осылайша түсіндіріп береді және сыртқы жаулардан келер қатерлерді де атап көрсетеді.

Бұндай идеялардың тарихи сабақтастығы тым әрі ден бастау алады. Ғұндардағы ел басшысының қасиеттері кейіннен орта ғасыр ойшылдарымен келіп жалғасын тапқан. Мәселен, Жүсіп Баласағұн ел басшысының адамшылық сапаларын былайша көрсетіп береді:

«Бұйырды ел басқару ісі де.

Оңтайлы адам керек бұған, ойлы адам,

Айдай ашық, шырағдандай жайнаған.

Патшаларда қалың халық қақы бар...

Мәңгілік бек болсам десең тегінде,

Занды құр да, зұлымды құрт елінде..» [118, 56 б.]. Мәңгілік Ел идеясының тағы бір іргелі мәселесі – адам капиталы мен кемелденген тұлға қалыптастыру. Толысбай Кенжалы Асан Атаның тұлға қалыптастыру мәселесіне байланысты идеяларын саралай келе, оған «Адам туралы көзқарас» деген атау беріп, негізгі толғауларын мысалға алады: «Ұрысқақ болса ұлың жау, Керіскек болса, келінің жау. Қашаған болса, атың жау...Алып кетсе жиен жау. Ұл он беске келгенше, Қолға ұстаған қобызың. Айтқан тілді алмаса, Байлаулы тұрған доңызың» [67, 227 б.].

Бұл тұста Асан Қайғы әсіресе, тұлғаның бойындағы адамшылық сапаларға айрықша көңіл бөліп, жастардың бойында сақталуы тиіс игі қасиеттерге назар аударады. Қазіргі таңда да бұл мәселе өзекті. Шындығында да, адам бойында

руханилық сапалар болмаса, онда Мәңгілік Ел туралы идеялардың өзі құр аңсаулар ғана болып қалады. Рухани-моральдік тоқыраулар елді игілікті даму жолынан адастырады. Өйткені, әрбір халықтың өзіндік ділі мен дүниетанымына байланысты тарихи-рухани құндылықтары бар. Қазіргі қоғамдағы еуропаландыру, америкаландыру сияқты идеологиялардың кері әсер ететін жағымсыз ықпалдары жастардың адамшылық қасиеттерін құлдыратуға қарай алып бара жатқандығы да жасырын емес.

Осыған орай, «Мәңгілік Ел» идеясының негізгі мақсаттарын отандық зерттеушілер саралай келе, төрт пункті ұсынып, оны былайша түсіндіріп өтеді: «Ел халқының жағымды моральдік бейнесін жасап, оларды рухани тұрғыда тәрбиелеп, дамыған, алдыңғы қатарлы, білімді, дені сау және рухы мен ақыл-парасаты биік Қазақстан азаматының қалпын жасауда мұрындық болуы шарт» [107, 257 б.].

Асан Ата бабамыз өзінің «Жерұйық» идеясында халқымыздың игілікті мұраттарын паш етеді. Ол Мәңгілік Ел деген түсінікті қолданбаса да, ел мен жерінің, халқының болашағы туралы толғанады. Бұндай пайымдаулар тұңғыш Президентіміздің жолдауында көрініс табады және тарихи-танымдық сабақтастықпен келіп жалғасады. Бұл жолдауда Мәңгілік Ел идеясының негізгі ұстанымдары былайша сипатталады: «Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – мәңгіліктің қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ Елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!

Мен мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» стратегиясының түп қазығы етіп алдым.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын...

«Қазақстан -2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әр ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, жасай берсін елдігіміз мәңгілік!» [119, 1-2 б. б.].

«Әрбір күніміз мерекелі, әр ісіміз берекелі болсын!», – деген қуатты сөздер халқымыздың психологиялық көңіл күйі мен жарқын өмірге деген құлшынысын әйгілеп тұрғандай. Асан Қайғының «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды» аңсауында да осындай оптимистік көңіл күй мен шат-шадыман өмірдің лебі есіп тұр.

Қазақ эстетикасында, өмірдің әсем көрінісін бейнелеулер жиі көрініс тауып отырады. Мәселен, Ақтамберді жырау көшпенді халықтың бақытты ғұмыр кешуінің сәттерін былайша толғайды:

«Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз!
Күдеріден бау тағып,

Қамқапты киер ме екенбіз!

Шығыршығы торғай көз

Сауыт киер ме екеміз!»

Міне, біз осыдан Асан Ата мен Мәңгілік Ел идеясының ара байланысын анық көреміз. Бұл тек біздің ғана пікіріміз емес, отандық ғалымдар бұл сабақтастықтың шынайы көрінісін былайша атап көрсетеді: «Ойшыл Абыз әулие атанған Асан бидің «Алтын заман» идеясы бүгінгі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың дамыған 30 елдің қатарына ену туралы заманауи талаптарға сәйкес елдің жағдайын көркейтуге қатысты айтқан көптеген ой-пікірлерімен астасып жатқанын байқауға болады. Асан бидің «Алтын заман» идеясында Қазақ мемлекетінің ішкі, сыртқы жағдайын жақсартып, халықтың өмір сүруіне жайлы қоныс іздеп, Асан би Қазақ елінің саяси өмірінде тәуелсіздік мәңгілікке орнап, жаңа Қазақ мемлекетін құру идеясы, елді құтты қонысқа көшіріп, «Алтын заманға» кенелту, ел өміріне түбегейлі өзгеріс әкелу, «Мәңгі Ел» болу идеясы шығады. Ішкі саясатта жер-су, қоныс үшін қақтығыстарды реттеу мақсатында Асан Қайғы хан алдына өзінің «Ымыраға келу» теориясын ұсынады. Ал, сыртқы саясатта халықтың өркендеуіне жол ашып, ұйытқы болатын жаңа қазақ қоғамы дамуының стратегиялық үлгісін жасады. Асан Қайғының пайымдауындағы «Алтын заман» идеясы, бұл қазақ елінің мемлекеттік саяси стратегиялық жоспарының үлгісі «Жерұйық» қазақтардың шұрайлы қонысы ғана емес, елін сыртқы жаудан қорғайтын қазақ халқының тәуелсіздігін сақтап қалу бағдарламасы болып табылады» [116, 179 б.].

Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы мен Мәңгілік Ел бағдарламасы арасында өзара ұқсастық пен рухани байланыс барын пайымдап көрсек:

Біріншіден, Асан Қайғының жырларында романтизм ғана емес, ел мен жердің болашағы туралы толғаулар көрініс тапқан. Сондықтан да Асан Ата ел билігіне, қоғамдық өмірге сыни көзқараспен қарап, халықтың мұң-мұқтажын ханға жеткізуші;

Екіншіден, Асан Қайғының жыр-толғауларында ел қауіпсіздігі туралы ойлар жиі көрініс тапқан. Соның негізінде, ішкі және сыртқы саясаттағы қатерлердің алдын алу керектігі туралы жырлайды. Жаңа құрылып жатқан Қазақ хандығы үшін ең бірінші басты қауіп-қатер – елдің елдігін сақтау, халықтың ауыз біршілігі, ел басқарудағы әділеттілік, заман туралы толғаныстар;

Үшіншіден, Асан Қайғының жыр жолдарында заманның ақыры туралы идея орын алады. Дегенмен, заманның ақыры туралы идея діни апокалипсис туралы емес, заманның құбылмалы, өткінші екендігінде. Заман пессимистік бағытта ғана емес, оптимистік толғаулармен аяқталады;

Төртіншіден, Асан Атаның философиясы барынша шынайы және сол дәуірдің негізгі ахуалына сүйенгендіктен, көшпенді қоғамның өмір салтына сай келеді. Сонымен қатар, жоғарыда атап өткен Жүсіп Баласағұн, әл-Фараби идеяларынан шығады. Яғни, тарихи-танымдық сабақтастық сақталған.

Бесіншіден, Асан Ата бабамыз тек теоретик қана емес, әрі сол «Жерұйық» мекенін өзі іздеуші, өзі сарапшы, өзі барлаушы қызметін атқарғанын көреміз. Мәңгілік Ел идеясы негізінен теориялық-әдіснамалық негізде құрылса, Жерұйық

нақты белгілі бір кеңістікке бағдарланған. Қорқыт Ата Мәңгілік өмірді өнерден іздесе, Асан Ата оны геофизикалық кеңістік арқылы табуды көздеген.

Алтыншыдан, Жерұйықтың концептуалды негіздері еуроцентристік парадигмадағы өлшемдер бойынша емес, өзіндік ділдік таным түсінік бойынша құрылды. Бұнда да толыққанды кемелденген қоғам идеясы бар, бірақ, логоцентристік тұрғыда емес. Сонымен қатар, бұл идеяда негізінен алғанда, мал шаруашылығына лайықталған «Шөбі шүйгін, суы мол» мекен іздеумен байланысты. Себебі, көшіп-қонып жүрген халыққа малға жайлы жерді табу аса маңызды дүние.

Жетіншіден, Асан Қайғы қазіргі заман тілімен айтқанда, саяси оппозиционер емес, ханға тікелей сын айтушы ірі, беделді тұлға болғандықтан, Мәңгілік құтты қоныс үшін ханға ақыл кеңес беретін данышпан ретінде де бейнеленеді.

Асан ата туралы зерттеуші ғалымдардың бірі Қуаныш Әлжан өз пікірін былайша тиянақтаған болатын: «Асан Қайғы сол тарихи дәуірдің ғұламасы ретінде қазақ халқының бірігуіне, жас мемлекеттің өмір салтын, аймағын зерттеп білуге үлес қосқан тұлға» [121, 255 б.].

Мәселен, атақты қазақ ақыны, діни қайраткері, халық ағартушысы Ақыт Үлімжұлы Асан Сәбитұлы туралы өз пікірін өлең шумақтарымен былай келтіреді:

«Асан ата кезінде,
Ақылдың дана кені еді.
Асылын елдің аялап,
Айыбын талай шенеді» [122,].

Шындығында, бұндай дала демократиясының негізі, біздіңше, осы Асан атамыздан бастау алып, кейіннен, халқымыздың рухани тұлғалары – жыраулардан келіп жалғасын тапқан тәрізді. «Қазақ хандығы құрылғаннан кейін хандардың жанындағы жыраулар ел басқару ісіне араласып, кеңесшілік атқарып жүр, хандарға әділетті ел басқару принциптерін үйретіп, халыққа тең қарамаған хандарды тезге салып, халыққа жақсы мен жаманды айыра білуді, имандылық ақыл-ой мен адамшылық, адал еңбекті жырлап, жыраулар қазақ мемлекетінің құрылуына өз идеяларымен рухани дем беріп, елінің көркеюіне үлкен үлес қосты» [116, 179 б.].

Серікбол Қондыбай: «Киелі жерді іздеген Асан» және көк түркілік «халқын киелі жерден, атамекеннен шығарған Асянь-шадты» бір трафаретке енгізілген образ деп көрсетеді [123, 44 б.].

Асан Қайғының Жерұйық идеясы мен Мәңгілік Ел бағдарламасының арақатынасы халқымыздағы рухани тарихи-танымдық сабақтастықты құрайды. Бұл жай ғана кездейсоқтық емес, ұлт дамуындағы қажеттілік пен заңдылық деп айтар едік. Неліктен, біз қазіргі таңда Мәңгілік Ел идеясын туындатып, оны қолдап, елімізге жариялап, паш етіп отырмыз?» деген сауал туындайды. Бұл көне замандардағы түркі халықтарының саяси идеологиясының бірнеше мың жылдықтар бойы сабақтасуының айқын көрінісі. Көне Тұран даласынан бастау алған, одан соң ғұн-сақ дәуірімен келіп сабақтасып, кейіннен Қыпшақ даласы,

одан соң Алтын Орда мен Қазақ Хандығы және бүгінгі Тәуелсіз Қазақ елімен орныққан мемлекетіміздің рухани-мәдени саласы тұтас бір идеялық бірлік пен сабақтастықтың озық үлгісін көрсетті.

Олай болса, біз қарастырып отырған мәселе бойынша, Қазақ философиясын зерттеушілердің бірі Берік Аташ Асан Қайғы идеяларына сараптама жасай келе, оның қазіргі заманғы ұлттық идеямен Мәңгілік Ел мұраттарымен байланысын былайша тиянақтап көрсетеді: «Сонымен қатар Асан Қайғының «Жерұйық» идеясының құндылықтық бағдарларын да былайша жинақтап көрсетуімізге болады:

1. Ол жоғарыда айтылған түркі-қазақ діліндегі ұлттық құндылық, көптеген идеялардан жоғары тұратын мета деңгейге көтерілген болғандықтан, әрі мыңдаған жылдар бойы баршаның құрметтеуіне алып келген игілік, бірақ теориялық, априорлық қана емес, таза тәжірибелік құбылыс. Бүгінгі Елбасымыздың да «нақты қадам», «нақты тапсырма» деп атап жүрген сөз оралымдары да мемлекеттік стратегиямыздағы тәжірибелік пен нақтылықты қалайды.

2. Витальдік құндылық. Ол таза өмір мәнділік, әрі рух пен шабыт сыйлайтын сол ұлттың негізгі шабыты мен идеалы, өміршеңдіктің, шексіздіктің ұлтқа көшірілген мәні.

3. Эстетикалық құндылық. Ол арман-мұраттарды, қайғылы ел басын күн туған сәтте, қайғырумен қатар, қайта жандануды, жаңғыруды мақсат ететін эстетикалық мағына жамайды.

«Жерұйық» пен «Мәңгілік Ел» идеясы Қазақ билігін игілікті және онды бағытта жүргізудің идеологиясы болып табылады. Оның тарихи тамырлары мен эволюциясы қашанда, ұлттың өміршеңдігінің негізгі идеологиясына айналғанғандығына көз жеткіздік. Ол әрбір дәуірде, әр түрлі формада болғанмен, түпкі мазмұны бір болған. Ендеше, бүгінгі таңдағы бұл идеяның қайтадан жаңғыртылуы халыққа рух берді, оптимистік көзқарас пен өмірге деген белсенділікті арттырды. Олай болса, осы беталыс болашақта да жалғаса береді деп айта аламыз. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» идеясы «Өткеніміздің – Қазіргіміздің – Болашағымыздың» өн бойына сіңірілген тұтас идея деп айта аламыз» [124, 198-203 б.б.].

Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді.

Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық.

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым [120].

«Жерұйықты» іздеу, Мәңгілік Ел мұратын ұсыну, Ұлы Дала елі атауы тәуелсіздігімізді нығайта түсетін стратегиялық жоспарлар. 1991 жылы жарияланған тәуелсіздік халқымыздың арман мұратының нақты жүзеге асқан ақиқаты. Тәуелсіздігіміз және оны сақтау, біз үшін, өзінің тарихи, психологиялық, философиялық, мәдени астарлары бар терең мәнді құбылыс.

Тәуелсіз Ел идеясы еліміз аңсаған мәңгілік Ел мұратының негізгі платформасы. Қандайда ел, халық, мемлекет болмасын өзінің тәуелсіздік тұғырынан және ұлттық бірегейлігінен айнығысы келмейді. Бірақ ол тарих тегеуріне байланысты әр кезде, әр қилы сипат алады. Кейбір халықтар тәуелсіздігінен мәңгілікке айрылып, ұлттық болмысын жоғалтатын болса, кейбір халықтар өздерінің ұлттық рухынан ажырағандай болып, өзге халықтарға уақытша бодан болып та қалады. Мәселен, Үнді, Африка халықтары бірнеше жылдар бойы ағылшындар, испандықтардың отары болып келді де, XX ғасыр ортасы мен соңында өздерінің тәуелсіздіктерін жариялады.

Біздің қазақ халқының тарихи тағдыры да осындай. Көне түркілік дәуірден бастау алған тәуелсіз ел болу идеясы сан ғасырлар бойғы тарихи жадымызда сақталған негізгі ұстанымдар. Сондықтан да, түркі рухында тәуелсіздікті нығайта түсу үшін, мығым, іргесі берік мемлекет құру идеологиясы сақталған.

«Көне түркілік – түркілік – қазақтық» болып сабақтасқан ұлттық рух қашанда еркіндік пен азаттықты аңсады. Тарихқа көз жүгіртсек, түркі халықтары әлемдік өркениет дамуына ерекше үлес қосып, бірнеше рет алып мемлекеттер құрған. Көне ғұн заманынан бастау алған тәуелсіздік рухы қашанда биік болған. Ғұндардың патшасы Модэ хан туралы аңыздардың бірінде, қытай елшілерінің оның мініс атын сұрап келгенде, хан өз сәйгүлігін беріп жіберіп, келесіде әйеліне қолқа салғанда, оны да тарту етіп, құнарсыз жерді сұрап келгенде, уәзірлері мен кеңесшілері «тұлпарыңызды бердіңіз, әйеліңізді бердіңіз, құр жерді не істейсіз, оны да беріңіз» деген сәтте Модэ хан ашуға мініп, жер үшін соғысып, жеңіске жеткен екен деп айтылады [125].

Ұлы дала Еліндегі – Ұлы Дала тарихы сәйкесінше, «Ұлы Даланың жеті қырымен» тығыз байланысты. Тәуелсіздікті сақтап тұруда, шындығында да, біріншіден, атты қолға үйрету және оған мығым отыру, екіншіден, үзеңгі мен ауыздықты ойлап табу, үшіншіден, жылқының санын тым арттыра түсу маңызды рол атқарды. Атты әскер жасақтарына ешбір елдің жаяу әскерлері қарсы тұра алмайтындығы белгілі жайт. Бүгінгі күнге дейін әсіресе, біздің халқымызда дүниеге қыз бала келгеннен гөрі ер бала келсе, қуанышты хабар болып

есептелген. Бұның себебі, жаугершілік замандарда әрбір нәресте болашақ әскер ретінде түсінілген. Осыдан жауынгерлік дәстүр қалыптасқан.

Сондай-ақ, Ұлы даладағы металлургия да қару-жарақ жасау ісінде таптырмас материал. Ағаштан немесе басқа да материалдан жасалған қаруларға карағанда металлдардың мықтылығы шүбәсіз.

Кейінгі Қазақ хандығын басқарған Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан тұсында де еліміздің айбары Еуразиялық кеңістікте өз мәнінде сақталған болатын. Дегенмен, XVIII ғасырда қазақ хандығы әлсіреп, Ресейге қосылуға мәжбүр болып, XIX ғасырларда патшалық Ресейдің отарлауына алып келді. Ол 1917 жылы Совет үкіметі орнағаннан кейін де басқаша формада көрініс тапты. Тарихымызда 300 жылға жуық уақыт ішінде тәуелсіздікті жеңіп алуға деген бірнеше бас көтерулер болғанмен, олардың барлығы да сәтсіз аяқталды.

Енді осыдан заңды сауал туындайды: «Неліктен әлемді бірнеше ғасырлар бойы дүр сілкіндірген түркі халқы (мәселен, қазақтар) отаршылдық күйге түсті?». Әрине, XVII-XVIII ғасырлардағы Еуропадағы ғылыми-техникалық төңкеріс жетістіктерін ресейліктер қабылдап, отты қаруларын ойлап тауып, оны қолдана бастады. Ал қазақтар оны қабылдаған жоқ немесе мүмкіндіктері болмады.

Осыдан шығатын қорытынды: әлемдік өркениеттен тыс қалмай, дамыған 30 елдің қатарына ену стратегиясына сәйкес, жасыл экономика, цифрлы Қазақстан бағдарламаларын жүзеге асыру – қауіп-қатерлердің алдын алатын тәуелсіздігіміздің тұғыры болмақ.

Екіншіден, ел ішіндегі алауыздықтың болуы. Бұл мәселен, Алтын Орданың ыдырап, бірнеше ұсақ мемлекеттерге бөлініп кетуін туғызды да, кейіннен, одан тараған түркі мемлекеттері түгелге дерлік жойылып кетті: Моғолстан, Қырым, Қазан, Астрахань, Сібір хандықтар. Демек, қазіргі тәуелсіздіктің баянды болуы үшін, қашанда, ел бірлігі мен татулығы және сыртқы саясатта аса көрегендік қажет.

Психологиялық астарлары осы бірнеше жылдардан бергі аңсаған тәуелсіздіктің жүзеге асуымен байланысты. Ресей отаршылдығы, алдымен, халықтың жігері мен рухын жасытуды мақсат етті де, әр түрлі психологиялық амалдарды қолданды. Дегенмен, халықтың рухы жасымады. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі Советтік саясат үшін күтпеген оқиға болды. Қазақ халқының рухы мен жігері біржола сөнді деп ойлаған саяси биліктегілер тәуелсіздікті аңсаушыларды аяусыз жазалады. Тағы да рухты жасыту, жігерсіздендіру, қудалау, қорқыту, мәжбүрлеу сияқты әдіс-тәсілдерін қолданды.

Мәселен, Ресей жағы XIX ғасырда қазақ даласына татар мен башқұрт молдаларын қазақ даласына жіберіп, миссионерлік саясатты күшейте түсті. Дінге берілген халық билікке сөзсіз бағынады деген қағиданы басшылыққа алды. Себебі, бастапқыда оларды шоқындыруды ойластырған отарлаушылар, кейіннен, қазақтардың мұсылманшылдық жолында екендігін түйсінді де, исламды қолайлы тәсіл деп санаған тәрізді.

XIX ғасырдағы зар заман ақындарының толғауларының мазмұнына үңілсек, қазақ енді ел бола алмайды, тарих сахнасынан біржола кетеді деген сияқты

пікірлерді байқай аламыз, бұндай түңілушілік 1932-1937 жылдар аралығындағы қуғын-сүргін мен ашаршылық кезінде де қоғамдық психологияда кездеседі.

Бірақ халқымыздағы намысшылдық пен жауынгерлік рух қорғаныш тетік ретінде мүлде жойылып кетті деп айта алмаймыз, қоғамдық санадағы үміт түбегейлі өшкен жоқ. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін!» атты ұранды өлең жолдары жастарға күш, рух берді.

Жеке адамдардың тағдыры сияқты кейде тұтас бір ұлттың да тағдырына сынақ жасалады. Жұбан Молдағалиевтің «Мың өліп, мың тірілген» деп толғауының астарында да осындай тағдыр тәлкегі жатса керек. Тәуелсіздік үшін болған көтерілістерде қаншама батырлар мен азаматтар шейіт болды. Яғни, қазақ халқына тәуелсіздік жеңіл жолмен емес, ұзақ жылғы арман-мұраттар жолында үздіксіз еңбектің нәтижесі.

Қазір тәуелсіздігімізді баянды ете түсу үшін, біз, тұтастай құлдық психологиядан, отаршылдық санадан арылуымыз керек. Оның 300 жылдық зардаптары бірден-ақ жойылып кетпейді, дегенмен, саналы түрде қадам басып, оның тетіктерін одан әрі жетілдіру де заман талабы және Мәңгілік Ел мұраттарын жүзеге асырудың басты қадамдары болмақ. Мәселен, шынайы тарихымызды қайта жазу, жер мен елі үшін болған күрескерлік рух пен батыр тұлғалардың тарихи жадымыздағы образдарын қайтадан сомдау сияқты игі істер де атқарылып келеді. Рухани Жаңғыру бағдарламасы да өз кезегінде сана-сезімді өзгеріске ұшыратып, жаңа белестерге әкеледі.

Сонымен қатар, «қазақ халқы надан болған, артта қалған, еуропалық этикалық-адамшылық құндылықтардың бәрі керемет» деген сияқты адасулардан да саналы түрде құтылуға тиіспіз. Түптеп келгенде, бұл санаға және қоғамдық бейсанаға ықпал ететін зиянды идеологиялардан сақтану қажет деген сөз.

Әрине, ХХІ ғасырда жаулап алушылық бола қоймас, дегенмен, экономикалық қысымшылықтар, ақпараттық идеологиялық, психологиялық шабуылдар болуы әбден мүмкін. Бұдан сақтану үреймен, құр дабыл қағумен емес, зерделі саяси-стратегиялық зерттеулер арқылы жүзеге асуы тиіс. Жеке адам психикасы сияқты белгілі бір этностың, халықтың, ұлттың қорғаныш тетіктері болады. Ұлттық мүддеге нұқсан келу қаупі туғанда ұлттық сана оянады. Мәселен, жер сату, қазақ тілі мәселесі күн тәртібіне қойылғанда халықтың психикасындағы қорғаныш тетіктері оянады. Ұлттық рух мықты болған сайын, бұл тетіктер де мүдделі қызметтер атқарады.

Халқымыздың үнемі-үздіксіз бірегейленуге деген ұмтылысынан тәуелсіздік идеясының философиялық астарлары туындайды. Халқымыз қашанда өзінің мәдениеті мен ұлттық болмысын сақтап қалуға ұмтылды. Бірегейлену, әрине, тарихилық пен логикалықтың, жанашылдық пен дәстүршілдіктің бірлігі арқылы жүзеге асып отыруы тиіс. Жаңашылдық ескіні мүлде алып тастау емес және дәстүршілдік консерваторлық ұстанымды қуаттау да емес.

Мәселен, бүгінгі барыс, мүйізді жылқы, қыран бүркіт сияқты ұлттық рәміздер мен көк түсті туымыз барлығы жай ғана қолданылған бейнелер мен ескіні аңсау емес, түпкі тарихи сананы қайта түлететін, жігерлендіретін, ата-баба рухын қастерлеуге шақыратын, дем беруші мифологиялық көріністер.

Тәуелсіздік пен елдегі оң өзгерістер мемлекет пен халықтың ең басты құндылығы болуы тиіс. Осыған орай, мемлекетті құрайтын, шекарасы (жері), саяси жүйесі, этникалық бірлігі мен тұтастығы, ұлттық болмысы т.б. бірегейлігі – Мәңгілік Ел ұстанымының негізі. Жер бетінде ұлттардың табиғи эволюциялық жолмен жойылуы, өз еркімен тәуелді болуы аса қасірет емес, революциялық-геноцидтің немесе идеологиялық-ақпараттық шабуылдың кесірінен бірегейліктің бұзылуы немесе тәуелсіздіктен еріксіз айрылу – нағыз қасірет.

Әрине, тарих сахнасында жойылып кеткен империялардың, мемлекеттердің, ұлыстардың қайтадан басқаша атаумен оралуы да кездесіп қалады.

Әрбір халықтың, әрбір ұлт пен этностың өзіндік мәдениеті бар. Сондықтан да, оны жалпы адамзаттан бөліп алып, ұлттық мәдениет деп те атайды. Өзінің діні мен ділін, өнері мен дәстүрін сақтаған ұлт ешқашанда жойылмайды. Неліктен, белгілі бір этнос қаншама қуатты болғанмен, екінші бір халыққа сіңіп кетеді? Мәселен, тарихшылардың пайымдауы бойынша, ғұн империясы ыдырағаннан кейін, шығыстық ғұндардың біраз бөлігі өздері оларды жаулап алса да, Қытайға сіңісіп кеткен, рухани мәдениетін ұмытқан. Сондықтан да ұлтты сақтаушы, тәуелсіздіктің мәңгілігін баянды етуші факторлардың бірі – олардың өздерінің төлтума мәдениеті.

Қорыта айтқанда, Мәңгілік Ел немесе Жерұйық идеясының түп бастаулары философия тарихындағы игілікті қалалар туралы пайымдаулармен байланысты болып келеді. Олар да өздерінің арман-мұраттарын осы қалалар арқылы бере білді. Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі ұсынылып жүрген Мәңгілік Ел идеясының арғы негіздері көне түркілердің руханиятында және ол Асан Қайғы идеясымен де үндеседі. Бұндай сабақтастық, түркі-қазақ халқының руханиятының тұтастығын әйгілейді.

Қорытынды

Асан қайғы – XV ғасырдағы қазақтың ойын жинақтап, бізге жеткізуші.

Аталған диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша мынадай қортындыларға келдік.

1. Заман ұғымын концепт ретінде қарастыру барысында оған жуықтайтын ұғымдарға шолу жасадық. Заманға қоғамдық-экономикалық формациялар сәйкес келетіндігін негізде ала отырып, оның заманауи прогресс түрлеріне тоқталып, Льюис Генри Морган, Даниель Белл, Карл Ясперс сынды ойшылдардың еңбектеріне де сүйендік. Заман ұғымын – лингвоанализдік-семантикалық, формальды логикалық, онтологиялық-гносеологиялық, тарихи, психологиялық, әлеуметтік-саяси, философиялық, аксиологиялық тұрғыдан жан-жақты талдай келе, оған өз анықтамамызды бердік. Заманның объективті және субъективті сипаты туралы тұжырым жасап, «Заманды адам (халық, көпшілік) жасай ма, әлде адамды заман билей ме?» деген сауал қоя отырып, өз шешімімізді ұсындық. Заманға деген халықтың және жеке адамдардың қатынасы

мен көзқарастарының құбылып отыратындығы туралы идеяларымызды бекіттік. Атап айтқанда, заман тағдыр ретінде де мойындалады. Адамға заман ағысы ұнамаса оған наразылық білдіреді, заман біздің халыққа перспективті болашақ сыйлайды.

2. Тарихи сананың табиғи-биологиялық тұрғысынан және Карл Юнг сынды ғалымдардың идеяларына сүйене отырып, дәйектедік. Тарихи сананың вертикальді және горизонтальді векторлары болатындығы туралы тұжырым жасап, ондағы заман түсінігінің көріністерін жинақтап көрсетіп, талдаулар жасадық. Мифтік сананы бейнелеудегі – Есте жоқ ескі заман, Баяғы өткен заманда, заман сөзі, әсіресе, ХҮ ғасырдағы жыраулар мен ХІХ ғасырдағы зар заман ақындарынан толғаулар түрінде көрініс табатындығына сүйендік. Асан Қайғының қилы заман идеясының өмір мәнділік қырларын, Бұқар жыраудың қиын заманының мағынасын, Дулат Бабатайұлынның азған заманының келбетін, Орынбай Бертағұлұлының теріс айналған замандағы ұлттық өмір салты мен құндылықтарының өзгеруін, Шортанбай ақынның болашақтағы заман туралы толғанысының қайғылы жақтарын, Мұрат Мөңкеұлының орыстардың отаршылдық саясатын айыптауындағы күйінішін, Абайдың заман ақыр жастарына берген сипаттамасының шындыққа жанасатындығын талдай келе, олардың арасындағы сабақтастық пен қозғалған мәселелердің бір арнада тоғысатындығы туралы қортындығы келдік. Сондықтан да, заман халқымыздың тарихи санасындағы көріністің тұтастығы туралы дәйекті тұжырымдар жасалды және оның тұрақты көріністерінің сақталатындығын бағамдадық.

3. Қазақ қоғамында адам мен қоғамдық қарым-қатынастар жүйесі тікелей өмір сүру тәжірибесінен туындайды. Адамдар арасындағы қарым қатынас, рухани құндылықтар ақын-жыраулар шығармаларынан орын алған, ол кезде адамдар арасындағы өзара сыйластық қатынастар бәрінен де жоғары тұрған. Әлеуметтік болмыстағы қарым-қатынастар ұрпақтан ұрпаққа дәстүр арқылы беріліп отырған. Адам өз елінің ортасында тіршілік ете отырып, өз қабілетіне сай әрекет етеді, халқының салт-сана, әдет-ғұрпын белгілі бір дәрежеде сапалық өзгеріске әкеледі. Адамның қоғамға қатынасы, адамдардың қоршаған ортаны, қоғамды тануы, оны адамның өз игілігіне жаратуы, қастерлей білуі Асан Қайғы жырларында анық көрінеді. Асан Қайғы қозғаған әлеуметтік мәселелер – Ел билеген хан тұқымының қарадан қатын алған ісіне қайғыру; Құладыңға қу ілгізіп, тектіні тексізге жығып берген хан ісін уайымдау; Орыс отаршылдығының шеңгеліне түсіп, көшіп-қонуға тар бола бастаған қайырсыз қонысты тастап көшу туралы ой-толғамдарына сараптамалар жасалды.

4. Асан Қайғы мұрасының этикалық мәні анықталып, оның дүниетанымдық ерекшеліктерінің астарында әлемді түсіну, рухани тұрғыдан игеру ауқымындағы философиялық ұстанымдар жатқандығы ашып көрсетіледі. Мұнда ел, жер, халық тағдыры, болашағы сөз болды. Жырау шығармалары нақыл, қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар түрінде келіп, қиыншылық кезде ақыл, кеңес беретін әрі тәрбиеші, әрі ұстаз, әрі сәуегей озық ойдың иесі екендігі баяндалды. Қоғамдық мәні бар ірі мәселелермен қатар адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынастар туралы, адамшылық, ізеттілік, білімділік, әділдік, достық, татулық,

бақыт сияқты руханилыққа негізделген ойларын ақыл-насихат, өсиет үлгісінде беретіндігі кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде көрсетіліп, насихатталады. Сондай-ақ, өзімшілдік, адамдық ұстанымды бұзу, қанағатсыздық, нәпсіге алданушылық, өтірік сөзбен қостау, мінезі жаман адамға жақындау, жамандау, ғайбат сөз, бірімен-бірі ұрысу, өткен іске өкіну, жауға қарсы тұрмау, ашуға берілу, мастану, елеуреп сөйлеу арқылы адамға жат мінез-бейнелерін көрсету туралы жырлары түсіндіріледі. Саяси-құқықтық тұжырымдамасының негізі – халық қамының қарастырылуы мен әдет-ғұрып нормаларының сақталуына ықпал ету болғандығы туралы тұжырымдар жасалды.

5. Заман - уақыт, кеңістік, қоғам, адам мәселелерімен тығыз байланысты қарастыруды қажет етеді. Заманның, кезеңнің, дәуірдің құндылықтары мен өмір сүрген тұлғалардың дүниетанымы, дүниеге көзқарастары, пікір, ойлары мен идеялары арқылы заманның заңдылықтарын, ойдың, сананың өзгеруін анықтауға болады.

Заман объективті категория, адам мен адамзаттан тыс өмір сүреді. Бұл ұғымды философиялық-тарихи тұрғыдан зерттеу жаратылыстану ғылымдары, қоғамдық ғылымдар зерттейтін уақыт, кезең, сәт, кез ұғымдарын зерттеуден ерекшелігі көп. Ол ғылымдардың әрқайсысы әртүрлі қырынан қарастырып зерттейді.

Тарих философиясы қоғамды белгілі бір уақыт аралығында қамтып, зерделейді. Сонымен қатар, тарих субъектілерінің іс-әрекеттері, қоғамдық, әлеуметтік оқиғалар мен процестер, феномендер, олардың арасындағы байланыстар, сапалық өзгерістермен өзгешеленеді.

Адамдар уақытты, тіршілік етіп жатқан заманды ерте кезден бастап түсінуге тырысқан, сондықтан да философияның пайда болып, дамуында бұл категория ерекше орынға ие. Адам үшін, белгілі бір ойшыл үшін тарихи кезеңді түсіну маңызды, және де әр кезеңде, әр заманда ол ұғымға деген көзқарас та ерекше болған. Философия тарихына көз жүгіртер болсақ, тарихи уақыт, заманға деген көзқарастың алуан түрлілігін көреміз. Уақыт өтпелі, қайтып келмейтін сәттерден тұрады, ал сол замандағы құнды нәрсе, мәңгілік сақталатын бейне адамның адамшылығы және рухани байлығымен байланысты. Аса көрнекті оқиғалар мен іс-әрекет өткен заманның бет-бейнесін анықтайды, мәңгілік адамзаттың есінде қалуы оның бағасына, жақсы немесе жаман жағымен, пайдасы мен зияны арқылы өлшенеді. Қоғамдағы құндылықтар арқылы бағаланады. Жалпы адамзаттық құндылықтар өзгермегендіктен, оларға деген баға да өзгермеуі қажет, оң немесе теріс баға объективті болу керек. Дегенмен, адамның көзқарасы субъективті, кез-келген процесті, құбылысты қалыптасқан құндылықтар жүйесі арқылы, дүниеге көзқарас аясында түсініп бағалау бұл мәселенің күрделілігін көрсетеді. Өткен тарихты, тарихи кезеңді, заманды бағалау өте қиын, ол тек қана сол кездегі өмір сүрген ойшыл, қайраткерлердің, шығармашыл адамдардың (ақын, жырау, жазушы, тарихшы, ойшыл, ғалым) мұрасы, шығармашылығы арқылы мүмкін болады. Ал объективті тарихқа қандай баға беру қазіргі адамның көзқарастарына тәуелді.

6. Жерұйық пен Мәңгілік Ел идеясының халқымыздың діліндегі тарихи негіздерін көрсете келе, Мәңгілік Елді концепт ретінде қарастыру барысында, алдымен, философиялық мәнді категория «мәңгілік» түсінігіне тоқталдық. Мәңгілік Елді зерттеушілердің еңбектерін негізге алып, Мәңгілік Ел мен Жерұйық идеясының ара байланысын, сәйкестенетін деңгейлерін көрсеттік. Әдіснамалық-теориялық деңгей; тәжірибелік деңгей; перспективтік деңгейлерін ашуға тырыстық. Сонымен қатар, екеуінің ұқсас жақтарын былайша ашып бердік: қауіпсіздікті сақтау, өркениетке ұмтылу, экономикалық өркендеу және халықтың әл-ауқатының жақсара түсуі, елдің ішкі тұрақтылығы, рухани-мәдени өрлеу мен тұлғалардың кемелдену, әділеттілік пен ел басқару ісіндегі демократиялық ізгілік Асан Қайғы толғауларының заманауи Мәңгілік Ел идеясынан өзіндік айырмашылықтары бар екендігін де зерттеу нысанымыздан тыс қалдырған жоқпыз. Атап айтқанда, Асан Қайғы идеяларында бабамыз ел билігіне, қоғамдық өмірге сыни көзқарастармен қарайды, халықтың қобалжуларын ханға жеткізеді. Асан ата тек теоретик қана емес, әрі сол жерұйық мекенін өзі іздеуші, өзі сарапшы, өзі барлаушы ретінде сипатталады. Жерұйықтың концептуалды негіздері еуроцентристік парадигмадағы өлшемдер бойынша емес, өзіндік ділдік таным түсінік бойынша құрылды. Мәңгілік құтты қоныс үшін ханға ақыл кеңес беретін данышпан ретінде де бейнеленеді. Сонымен қатар Асан Қайғының «Жерұйық» идеясының құндылықтық бағдарларын да жинақтап көрсеттік.

Ел болу - мағынасы өте терең сөз және оның негізгі іргетасы мемлекет. Егеменді ел атанып, оның жемісін көру - ата-бабаларымыздың көптеген жылдар бойы армандаған тілегі.

Тәуелсіздіктің арқасында, бұрын жоғалтқан, белгілі себептермен айтылмай келген асыл қазыналарымызды қайта таптық. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанды. Қоғамның саяси жүйесі ғана емес, тұтастай ойлау жүйесі өзгеруде. Себебі еркіндік, тәуелсіз ел болу қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да жете алмай кеткен осынау қастерлі мақсатқа біздің ұрпақ XX ғасырдың аяғында ғана қол жеткізді. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақ Елін бүкіл әлем білді, таныды.

Асан Қайғы қазақтың дархан даласын аралап, ол жерлерге өзінің сипаттамасын беріп, сол заманның саяси, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне белсене араласты. Жерұйық ілімін қалыптастырып, жаңа идея туғызды. Өзіне дейінгі ойшылдардың озық ойларын санасына сіңдірді. Өзінен кейінгі ойшылдарға ой салды. Жол көрсетті. Заман философиясының негізін жасап, футурологиялық болжамдар жасады.

Одан кейінгі ойшылдар, Асан Қайғыға ұқсап еңбектерін жазды. Жырларын төкті. Оған дәлел Зар заман, Жыраулар, Ағартушылар заманындағы ойшылдардың еңбектерінде көрініс тапты.

Қазақ елі үшін ең маңызды қадам интеллектуалды ұлт қалыптастыру. Мәдени, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, өзінің ғылым, мәдениет, білімімен кәсіби тұрғыдан кез-келген мәселеге терең сараптама жасай алатын болуы керек.

Тәуелсіздіктің жырын, қоғамдағы татулық пен жасампаздықтың мысалдарын келтіре бермей, одан әрі заманның ағымына қарай, алдыға жылжудың тетіктерін ойластырған жөн.

Инновациялық ойлау арқылы, сапаға жұмыс істеуге үйрету қажетті мәселе. Жаңаша ойлап, санасы таза, ешкімге жалтақтамайтын мүлдем басқа Қазақ ұлтын қалыптастыруымыз заман талабы.

Сонда ғана Қазақ елінің әрбір азаматы бай, дәулетті, білімі жоғары болғанда ғана Мәңгілік Ел бола аламыз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ғабит Мүсрепов. Тұтқын қыз. Алматы, Балауса, 1993, - 512 бет.
- 2 Морган Л.Г. Древнее общество, или исследование линий человеческого прогресса от дикости через варварства к цивилизаций. - Л.: Издательство Института народов Севера ЦИК СССР, 1935. – 368 с.
- 3 Белл Д. Грядущее индустриальное общества. Опыт социального прогнозирования. - М.: Academia, 1999. – 786 с.
- 4 Ясперс К. Осевое время // <https://ru.wikipedia.org/wiki> (Қаралған уақыты 20.06.2018) [Электрондық ресурс].
- 5 Концепт // <https://ru.wikipedia.org/wiki/> (Қаралған уақыты 19.06.2018) [Электрондық ресурс].
- 6 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. Пер. с англ., отв. ред. М. А. Кронгауз, вступ. ст. Е. В. Падучевой.– М.: Русские словари,1996. – 416с.
- 7 Телия В.Н. Когнативный аспект семантики номинативных единиц. - М. Наука, 1986. - 173 с.
- 8 Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж: Изд-во ВГУ, 1996. – 281 с.
- 9 Колесов В.В. Концепт культуры: образ – понятие – символ //Вестник СПбГУ. - Сер.2. - Вып. 3 (№16). - 1992. - С. 6-25.
- 10 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7 Том / Құраст.: Б. Момынова, Б. Сүйеркұлова, А. Фазылжанова және т.б. - Алматы: Арыс, 2007. - 7 Т. -752 б.
- 11 Ерғалиев І.Е, Телібаев. Ғ. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары // ҚР Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. - 1993. - №3 (189) май-июнь // Қоғамдық пәндер сериясы. - 35-36 бб.
- 12 Сапарғалиева С.Ж. Дала өркениеті: әлеуметтік-философиялық пайымдау. Ақтөбе: А-Полиграфия, 2007 – 192б.
- 13 Телеуова Э. Тарихтағы саяси тәжірибелердің мемлекеттік саясатқа ықпалы болса «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журнал. 14.11.2013 жыл.
- 14 Қыдырәлі Д. Атымды адам қойған соң ... Алматы, Таймас, 2008.-216 бет.
- 15 Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011. – 291 б.
- 16 Қазақтардың рухани әлемі: әл-Фарабиден Абайға дейін. Ұжымдық монография / З.К. Шаукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. – 460 б.
- 17 Нұрышева Г.Ж., Аташ Б. М. Ғылыми таным философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 320 б.
- 18 Юнг К.Г. Архетип и символ. – Москва: Ренессанс, 1991. – 300 с.
- 19 Краткая философская энциклопедия. - М.: Прогресс - Энциклопедия, 1994. – 576 с.

- 20 Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті: Монография (генезис, типология, поэтика). – Астана: Елорда, 2005. – 372 б.
- 21 Шопенгауэр А. Избранные произведения // Сост., авт. вступ. ст. и примеч. И.С. Нарский. - М.: Просвещение, 1992. - 479 с.
- 22 Абай (Ибраһим). Екі томдық шығ. жин. - 1 Т. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.
- 23 Сартр Ж.П. Экзистенциализм – это гуманизм // Сумерки богов.-М.: Политиздат, 1990.- 398 б.
- 24 Зар заман: жыр толғаулар // Мұрат ақын. - Алматы: Жалын, 1993.- 176 б.
- 25 Есім Ғ. Ғұлама-наме. Ғылыми трилогия. Нұр-Сұлтан: Хас-Сақ, 2019, – 640 б.
- 26 Монтескье Ш.Л. О духе законов // Избранные произведения. - М.: Госполитиздат, 1955. – 803 с.
- 27 Шелер М. Формализм в этике и материальная этика ценностей //Шелер М. Избранные произведения. – М.: Гнозис, 1994. – 301 б.
- 28 Лосский Н.О. Ценность и бытие. Бог и Царство Божие как основа ценностей // Лосский Н. О. Бог и мировое зло. – М.: Республика, 1994. — 314 с.
- 29 Сейдімбек А., Әбжанов Х, Сарғараұлы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
- 30 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір/ З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014.
- 31 Маслоу А. Новые рубежи человеческой природы. – М.: Смысл. – 1999. – 425 с.
- 32 Нұрышева Г.Ж. Адам өмірі мәні мәселесінің қазақ философиясында көрінісі. Автореф. филос. док - Алматы, 2002. - 28 с.
- 33 <https://martebe.kz/omir-khymbatsyn-magan/27.11.2019> қаралды.
- 34 Есім Ғарифолла. Адамзат. Астана: Ақарман, 2008. – 382 бет.
- 35 Өмірбекова Ә. А.Х.Қасымжановтың философиялық шығармашылығындағы ұлттық өзіндік сана мәселесі. Алматы, Қазақ университеті, 2014. – 170 б.
- 36 <https://egemen.kz/article/152928-ulttyq-tanyminynh-ozegi%E2%80%93C2%A0-tarikhi-sana/> (27.11.2019 қаралды)
- 37 Сәрсембин Үмбетхан. Қазақ мәдениетіндегі тарихи сана феномені //https://abai.kz/post/83152) (Қаралған уақыты 20.06.2018) [Электрондық ресурс].
- 38 Кенжехан Ісләмжанұлы. (Матыжанов). Қазақтың отбасы фольклоры. Алматы, Арыс, 2007. -332 бет.
- 39 Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография// З.К.Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.
- 40 Бердібай Р. Түбі бір түрікпіз. Астана: Фалиант, 2002. -344 б.
- 41 Сатершинов Б.М. Тарихи сананың қалыптасуы мен дамуының

элеуметтік-философиялық талдау: филос.ғыл.док., авторефераты. 09.00.11. – Алматы: 2010

42 Артыкбаев Ж.О. Кочевники Евразии (в калейдоскопе веков и тысячелетий). – СПб.: Мажор, 2005. – 320 с.

43 Шалкиіз жырау – ұлттық рухтың жаршысы. Ошақбаева Жазира Бейбітқызы. Духовная жизнь Казахстана: история и современность = Қазақстанның рухани өмірі: тарих және қазіргі заман. Сборник межд. науч.-теорет. конф. / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, – 2015. – 448 с.

44 Асан Қайғы //Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық (Құрастырушы М. Мағауин, М. Байділдаев). – Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ. 1991. – Т. 1. – 384 б.

45 Қазақстан руханияты мен мәдени ескерткіштерінің энциклопедиясы. Құраст.: Тұрсын Ғабитов, Әлия Алимжанова. Алматы: Қазақ университеті, 2018, 298 б.

46 Қалқаманұлы Бұқар. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. Алматы: Жалын, 1993.-96 бет.

47 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық (Құраструшы М. Мағауин, М. Байділдаев). – Алматы, Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ. 1991. – Т. 1. – 384 б.

48 Кемербаев Р. Қилы заман философиясы. Хабаршы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №1, (63). 2018 39-47 беттер.

49 Мөңкеұлы М. Шығармалары: өлеңдер, жырлар, толғаулар, айтыстар, зерттеулер. Құраст: Бауыржан Омаров. Алматы, Ана тілі, 2013,-288 бет.

50 Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері: филос. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 1994.

51 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармалары. Екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, Т 2. - 2002. – 336 б.

52 Аташ Б.М.,. Әлжан Қ.Ұ. Ғұмар Қараш. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 375 б.

53 Шағырбаев А.Д. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы: Жеке монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 223 б.

54 Сатершинов Б. Көшпенділік әлемі және болмысты эстетикалық игеру. Қазақ эстетикасының құндылықтық-мағыналық негіздері. Ұжымдық монография / Жалпы ред. басқ. З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 234 б.

55 Есім Ғ. «Көк тұман – алдындағы келер заман». Астана ақшамы. 2015 жылы 20 тамыз.

56 Қазақстан Республикасының Конституциясы
http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution (Қаралған уақыты 22.06.2018) [Электрондық ресурс].

- 57 Есім Ғ. Доспамбет жырау // Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы: Ғылым, 1996. – 208 б.
- 58 әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.
- 59 Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие//Соб. соч. 5-ти т. Т.2. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985.-416 с.
- 60 Құрбанғали Халид.Тауарих Хамса (бес тарих). Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. - Алматы: Prose print, 2014, - 286 б.
- 61 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
- 62 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. - 340 б.
- 63 Марғұлан Ә.О. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 367 б.
- 64 Классикалық зертеулер. Қазақтың жыраулық мұрасы.25 том. Көп томдық. Алматы: Әдебиет Әлемі, 2014.- 400 б.
- 65 Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихилығы. Қазақ фольклорының тарихилығы А., 1994. - 312 б.
- 66 Кемербай Р. Қайғы – қасірет емес, ол ең алдымен ойшылдық. //Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2 (68). 2019
- 67 Толысбай К. Асан Қайғы. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. - 284 б.
- 68 Ошақбаева Ж.Б. Дүниетанымдық әмбебаптар: тарих пен тағылым / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 242 б.
- 69 Кемербаев Р. Қилы заман философиясы. // Адам әлемі. №4, (74) 2017
- 70 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы (Құрастырып, алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев). – Алматы: Ана тілі, 1991. - 288 б.
- 71 Мағауин М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1999 ж. – 432 б.
- 72 Ақатай С.Н. Жыраулық философиядағы тарихи-әлеуметтік болмыс. Қазақ даласының ойшылдары. XVI-XVIII ғ.ғ. 3-кітап. Алматы Философия және саясаттану институты компьютерлік-баспа орталығы, 2001, 7-25 бб.
- 73 Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. – Алматы: Ғылым, 1994. – 136 б.
- 74 Қасқабасов С. Қазақтың халық утопиясы // Жұлдыз. - 1990. - № 6. - 184–202 б.
- 75 Қазақ этикасы және эстетикасы. Жиырма томдық. 12-том. Астана: Аударма, 2007. – 455 б.
- 76 Кемербаев Р. Қазақ елі – Жерұйық. Л.Г.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Хабаршы. №5 (120), 2017. 536-540 беттер.
- 77 Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Соб. соч. 5-ти т. Т.2. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 416 с.
- 78 Еңсегенов Қ.А. Нұртас Оңдасынов. Монография. Шымкент, «Азиат», 2017-408 б.

- 79 Әлжан Қ., Нұрмұратов С. Индуриалды-инновациялық дамудың рухани негіздері. //http://nlib.library.kz/elib/library.kz/journal/Aljan.Nurmuratov.pdf
- 80 Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана: Елорда, 2001. – 243 б.
- 81 Нысанбаев Ә.Н. Қазақ философиясының бүгінгі мен ертеңі // Қазақ әдебиеті. - №5. 01.02.2002 ж.
- 82 Әмірқұлова Ж.А. Этнофольклордағы философиялық ойдың табиғаты. КазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. № 4 (58). 2016
- 83 <http://anthropology.ru/ru/text/medeuova-ka/pochemu-asan-kaugy-ne-nashel-zher-uyuk>. 27.11.2019
- 84 Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. Зерттеу. Алматы: Ана тілі, 1998. - 256 б.
- 85 Назарбаев Н. Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра, 2003.-288 б.
- 86 Орынбеков М. Предфилософия протоказахов. Алматы, Өлке: 1994. - 214
- 87 Құлсариева А.Т. Тәуелсіз Қазақстан идеясы – жерұйық Қазақстан // Қазақ ұлтынан қазақ еліне.– Алматы.: Қазақ университеті, 2010. – 350 б.
- 88 Кемербай Р. Асан қайғы заманы // «Дүниежүзілік тарихтың өзекті мәселелері» атты VII халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Түркістан. 2018. – 377 с.
- 89 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (элеуметтік-философиялық талдау). Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2000. – 310 б.
- 90 Ташағыл А. Түрік қағанатындағы адами құндылықтар // Тарих – Адамзат ақыл-ойының қазынасы. - Астана.: Фолиант, 2006. - Т.10: Түркі халықтарының тарихи ойы. – 369 б.
- 91 Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФЖСИ КБО, 2011. – 291 б.
- 92 Жеменей И. Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы-қаламгер. Алматы: Зерде, 2007. - 360 б.
- 93 Амантай Шәріп. Қазақ поэзиясы: утопия мен антиутопия // «Жұлдыз» журналы. - №9. - 1998.
- 94 Омарұлы Б. Тарихпен тамырлас толғамдар (Асан Қайғы мен Бұқар жыраудың ұлт келешегін болжаған өлеңдері хақында) // «Ұлт тағылымы» журналы. - №1. - 2000.
- 95 Кемербай Р. Мәңгілік ел идеясы – Жерұйық // Қоғам мен Дәуір. – 2017. - №2 (54).- 117 б.
- 96 Есім Ғ. Тұлғалар-қаламгерлер. – Астана: Фолианта, 2012.- 424.
- 97 Таукелев А. Н. Образование казахской народности и первых казахских ханств. История государства и права Казахской ССР. Ч. I. - Алма-Ата: Мектеп, 1982. сс. 39 – 45.
- 98 Rauan Kemberbay. Elements of utopianism in the views of Asan Qaigy, Confucius, Plato and al-Farabi comparative analysis. European Journal of Science and Theology, February 2020, Vol.16, No.1, 131-139

99 Сегизбаев О. А. Казахская философия XV – начала XX века. Алматы: Гылым, 1996. - 471 с.

100 Ауэзов М. О. Сказки. Мысли разных лет. По литературным тропам. - Алма-Ата: Казахское гос. изд-во художественной литературы, 1961. - 283 – 350.

101 Ауэзов М. О., Соболев Л. С. Эпос и фольклор казахского народа. Ауэзов, М. О. Мысли разных лет. По литературным тропам. - Алма-Ата: Казахское гос. изд-во художественной литературы, 1961. - С. 76 – 123.

102 Смирнова Н. С. Казахская поэзия XV – XVIII вв. Дореволюционная казахская литература. - Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1979. - сс. 14 – 51.

103 Магауин М. М. Устное народное творчество и письменная литература. История Казахской ССР, в 5-ти т. - Т. II. - Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1979. - сс. 364 – 382.

104 Конфуций. Изречения // Я верю в древность. - М.: Республика, 1995. - 55 – 172.

105 Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 216 бет.

106 Аль-Фараби. Афоризмы государственного деятеля. Социально-этические трактаты. - Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1978. - 169 – 274.

107 Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. Мәңгілік Ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. - Астана: Фолиант, 2013. - 320 б.

108 Сәрсенбаева Ж. Жаһандану құбылысы: теориясы мен тәжірибесі. - Алматы: 2019. – 201 б.

109 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 2 Том. – 326 б.

110 Марғұлан Ә. Шығармалары. - 14 томдық. 3 Т. - Сарыарқа петроглифтері. Бөрі тотемі бейнеленген жартастар гравюралар. – 4 Т. - Ислам дінінің келуіне дейінгі Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер. Құрастырған Д.А. Марғұлан. - Алматы: Дайк-Пресс, 2003. – 246 б.

111 Современный Энциклопедический словарь. М.: Изд. «Большая Российская Энциклопедия», 1997. OCR Палек, 1998. – 2051 б.

112 Сабақтастық - тарихи кеңістік-уақыттың болмыс мәні. [Электронный ресурс] <http://www.iref.kz/saba-tastyi-tarihi-ke-istik-ua-yittyi-bolmyis-m-ni/> (қаралған күні: 17.04.2018)

113 Завьялов М.П., Расторгуев В.Н. Единство и преемственность сознания. – Томск: ТГУ, 1988. – 208 с.

114 Мамардашвили М.К. Идея преемственности и философская традиция // Как я понимаю философию. – М.: Группа Прогресс, Культура, 1992. – 415 с.

115 Кант И. Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане. Соч. в 6 т. – М.: Мысль, 1966. – Т. 6. – 412 с.

116 Омарова Г. Асан Қайғының «Алтын заман» идеясының бүгінгі «Мәңгілік Ел» идеясымен астасуы // Әл-Фараби. Қазақ және әлем философиясы, мәдениеті мен өркениетінде: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 20 сәуір, 2018 ж. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 364 б.

117 Ошақбаева Ж. Жыраулар даналығы. Философиялық пайымдаулар.

Алматы, 2011. - 166 б.

118 Қалдыбай Қ. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы ұлттық қауіпсіздіктің философиялық негіздері. Философия докторы (Ph.D.) ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 2014. – 171 б.

119 Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. - Алматы: Білім, 1995.-144б.

120 http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar.

121 Әлжанов Қ.У. XV-XIX ғғ. Қазақ философиясының негізгі інжу маржандары. Асан Қайғының дүниетанымдық бағдарлары // Ұлттық және Қазақ философиясы. - Алматы, 2011. – 255 б.

122 Үлімжұлы А. Екі томдық шығармаларының толық жинағы. – 1 Том. Karatay KONYA\ TURKIYE: «Bahcibanlar basim san. A.S.». - 2011. – 653 б.

123 Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. - Алматы.: Арыс, 2008. – 207 б.

124 Аташ Б.М. Асан қайғы тебіренісінің философиялық мәні // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдығына және философия ғылымдарының докторы, профессор Молдабеков Жақан Жамболұлының 70 жылдық мерейтойына арналған «Қазақтану және ұлттық инновация» атты конференция материалдары. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 473 б.

125 Сағындықов М. Модэ хан туралы аңыз// <https://everything.kz/article/6422653-mode-aan-turaly-ayz>), (Қаралған уақыты 20.06.2018) [Электрондық ресурс].